



**ЖЫЛДЫҚ**  
**ЕСЕП** 2018

«ҚазМұнайГаз» АҚ

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТИҢ ШЕКАРАЛАРЫ

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы АҚ-тың (ҚМГ, Компания, Қоғам) 2018 жылға арналған есебі түсіндірмелері, сілтемелерде (ескертпелерде) берілген жекеленген жағдайларды қоспағанда, «ҚазМұнайГаз» Компаниялар тобы (Топ) деп аталатын ҚМГ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдары қызметінің нәтижелерін қамтиды. ҚМГ Топтың бас компаниясы болып табылады және осы Жылдық есеп (ЖЕ) үшін Топтың негізгі активтерінің операциялық және қаржылық қызметі туралы шоғырландырылған ақпарат ұсынады. ЖЕ контурына енгізілген еншілес компаниялардың тізімі және ҚМГ-нің капиталдағы қатысу үлесі «Компания туралы қысқаша» бөлімінде және 2018 жылға арналған қаржылық есепке ескертпелерде жазылған.

ЖЕ операциялық деректерді, ХҚЕС бойынша шоғырландырылған қаржылық көрсеткіштерді талдау және тұрақты даму саласындағы қаржылық нәтижелер мен

жетістіктерді ұсыну бойынша, халықаралық GRI стандарттарының бірқатар ұсыныстары негізінде әзірленді.

ҚМГ ЖЕ-де бәсекелестік орта, Компания Стратегиясы, бизнес үлгісі, операциялық үлгісі, тәуекелдерді басқару жүйесі мен корпоративтік басқарудың нақты құрылымы арасындағы қолданыста бар өзара байланысы көрсетілген.

ЖЕ Компанияның Директорлар кеңесі тарапынан бекітілген.

ЖЕ мәтінінде есептік көрсеткіштерді жуықтау кезінде үлестерді, проценттерді, соммаларды есептеуде қателіктер кетуі мүмкін. ЖЕ-де келтірілген мәліметтер әдіснамалық есептер мен ақпаратты ашудағы тәсілдемелердің әртүрлі болуына байланысты бұған дейін жарияланған мағлұматтардан шамалы өзгеше болуы мүмкін.

## МАЗМҰНЫ

<b>01 КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ</b> .....	3
ҚМГ туралы қысқаша .....	4
Активтер географиясы .....	6
ҚМГ цифрлармен .....	12
Нарық үрдістері мен сын-тегеуіріндері .....	14
<b>02 СТРАТЕГИЯҒА ШОЛУ</b> .....	19
Директорлар кеңесі төрағасының жолдауы .....	20
Стратегия .....	22
Тиімділік көрсеткіштерінің жүйесі .....	26
ҚМГ бизнес үлгісі .....	28
Трансформация және жекешелендіру .....	30
Цифрландыру .....	34
<b>03 ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ</b> .....	37
Басқарма төрағасының жолдауы .....	38
ҚМГ операциялық үлгісі .....	40
Қорлар және геологиялық барлау .....	42
Мұнай және газ өндіру .....	46
Тасымалдау .....	62
Өңдеу және маркетинг .....	76
Сервистік жобалар .....	92
<b>04 КОРПОРАТИВТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК</b> .....	97
Климаттың өзгеруі .....	98
ҚМГ-нің тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асырудағы қызметі .....	102
Экологиялық жауапкершілік .....	104
Әлеуметтік жауапкершілік .....	118
<b>05 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ</b> .....	129
Тәуекелдерді басқару .....	130
Корпоративтік басқару .....	138
Акционерлер мен инвесторларға арналған ақпарат .....	182
<b>06 ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП</b> .....	191
Терминдер, аббревиатурлар мен қысқартылған сөздер .....	206
Байланыс көздері .....	207



# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## ҚМГ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) – бұл Қазақстанның мұнай-газ саласында мемлекет мүддесін білдіретін, көмір-сутектерді барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау жөніндегі қазақстандық оператор.

ҚМГ акционерлері «Самұрық-Қазына» АҚ (90,42%) және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (9,58%) болып табылады.

ҚМГ-нің геологиялық барлау жобаларының портфелінде 14-і құрлықта, 9-ы теңізде жүзеге асырылатын 23 бірлескен және жеке жобалары бар. Ұлттық компания ретінде, ҚМГ стратегиялық жер қойнауы учаскелері бойынша ҚР-да жер қойнауын пайдалану құқығын алуда басымдыққа ие. Заңға сәйкес Қазақстандағы қайрандық кен орындарын игеруге арналған барлық жаңа келісімшарттарды рәсімдеу барысында компанияның қатысу үлесі 50% -ті құрауы тиіс.

ҚМГ-нің операциялық активтерінің басым бөлігі – бұл «кемеліне жеткен» кен орындар. Операциялық емес активтері өсу сатысындағы Теңіз (20%), Қашаған (8,44%), Қарашығанақ (10%) сияқты аса ірі мұнай-газ жобаларында 10-20% меншік үлесімен ұсынылған.

ҚМГ-нің Компаниялар тобында мұнай сервистік бөлімшелері бар. Олар жеке заңды тұлғалар түрінде де, өндіруші компаниялар құрамындағы мұнай сервистік құрылымдық бөлімшелері түрінде де болып келеді.

Мұнай тасымалдау – мұнай сату нарығына қол жетімділікті қамтамасыз ету тұрғысынан алғанда, ҚМГ-нің стратегиялық маңызы бар бағыты болып табылады. Транзиттік және экспорттық әлеуеті жоғары мұнай тасымалдаудың әртараптандырылған жүйесі құрылды. Экспорттық мұнайдың негізгі бөлігі өткізу қа-

білеттілігі 67 млн тонна болатын Теңіз-Новороссийск (Каспий құбыр желісі консорциумы), өткізу қабілеттілігі 17,5 млн тонна болатын Атырау-Самара, өткізу қабілеттілігі 20 млн тонна болатын Атасу-Алашанькоу құбыр желілері арқылы тасымалданады.

ҚМГ мұнай көлемінің бір бөлігі ҚМГ еншілес компаниясы болып табылатын KMG International N.V. (KMG I) шетелдік активі арқылы экспортталады. KMG I мұнай сатып алу-сатуды, мұнай өңдеуді және мұнай өнімдерін Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінде сатуды жүзеге асырады.


Газ – Қазақстанның ішкі нарығы мен экспортқа, компанияның газ тасымалдау жүйесі бойынша жеткізіледі. 2018 жылы Қытайға экспортталатын қазақстандық газдың көлемін жылына 5 млрд шаршы метрден 10 млрд шаршы метрге дейін ұлғайту туралы келісімге қол жеткізілді. Сонымен қатар, Ресей бағытында ресейлік газдың және Қытай мен Ресей бағытында ортаазиялық газдың транзиті жүзеге асырылады және 2018 жылдан бастап өзбек газын Қазақстан аумағы арқылы Өзбекстанға транзиттік жеткізу басталды.

«ҚазМұнайГаз» мұнай өңдеу нарығында монополист болып табылады. Компания ҚР аумағында үш мұнай өңдеу зауытының жаңғырту жұмыстарын аяқтады. Өз кезегінде бұл Еуро-4 және Еуро-5 стандарттарына сай келетін мұнай өнімдерін шамамен 16 млн тонна көлемінде өндіруге және ҚР-ның ішкі нарығының қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға мүмкіндік берді.

Компанияның миссиясы – ұлттық мұнай-газ саласын дамытуға қатысудан стейкхолдерлер үшін барынша көп пайда әкелуді қамтамасыз ету.

ҚМГ- қауіпсіздік пен корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына сәйкес келетін, жоғары тиімді ұлттық тігінен біріктірілген операциялық компания болуға ұмтылады.

## ҚМГ -НІҢ ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ҮЛЕСІ



**26,5** МЫҢ КМ

Мұнай және газ құбырларының жалпы ұзындығы


**23,6** МЫҢ ТОННА

Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі

\* мұнай мен конденсатты өңдеу көлемі 82%, АМӨЗ -100%, ПМХЗ -50%, ПКӨП -100%, Caspi Bitum -50%.

# АКТИВТЕР ГЕОГРАФИЯСЫ

- ① «МұнайТас» СБҚК» ЖШС
- ② «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС
- ③ Каспий Құбыр желісі Консорциумы
- ④ «ҚазТрансОйл» АҚ
- ① «Интергаз Орталық Азия» АҚ
- ② «Бейнеу - Шымкент газ құбыры» ЖШС
- ③ «Азия газ құбыры» ЖШС
- ④ Проект магистрального газопровода «Сарыарка»



## ШЕТЕЛДІК АКТИВТЕР




Өз қызметін халықаралық нарықтарда, мұнай өңдеу, мұнай химиясы, мұнай мен мұнай өнімдерін өткізу саласында жүзеге асыратын ықпалдастырылған, әртарапандырылған, бәсекеге қабілетті мұнай компаниясы.



Біздің Петромидия және Вега мұнай өңдеу зауыттарымыз негізгі өткізу нарықтарына жақын Қара теңіз жағалауында және Румынияның Плоешти қаласында орналасқан.

### БАТУМИ МҰНАЙ ТЕРМИНАЛЫ

«Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу, соның ішінде оларды ағызу, құю және сақтау бойынша қызмет көрсетеді.



## 2018 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

- **2018 ЖЫЛҒЫ 10 МАМЫР** айынан бастап ЖДҚ мен «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» барлау өндіру» АҚ жай акциялары Лондон және Қазақстандық қор биржаларының тізімінен алынып тасталды.
- **2018 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАН** айында «ҚАЗТРАНГАЗ» АҚ мен PETROCHINA INTERNATIONAL ALASHANKOU COMPANY LIMITED Қытайға Қазақстандық газ экспортын жылына 5 млрд шаршы метрден 10 млрд шаршы метрге дейін ұлғайту туралы бес жылдық келісімшартқа қол қойды (**ТОЛЫҒЫРАҚ 71 БЕТТЕРДЕ**).
- **2018 ЖЫЛҒЫ МАМЫР** айында \$ ҚМГ 3,25 млрд сомасына еурооблигациялар шығарумен қаржыландырылған жиынтық номиналды көлемі 3,1 млрд АҚШ доллары сомасына шығарылған еурооблигацияларды мерзімінен бұрын толығымен өтеп алды;
- **2018 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАН** айында ҚМГ Қазақстанның Астанасын, Еліміздің орталық және солтүстік өңірлерін газбен қамту үшін «САРЫАРҚА» магистралды газ құбырының құрылысы бойынша жобаны басқару мақсатында «АСТАНАГАЗ ҚМГ» АҚ-тағы «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰАҚ АҚ жай акцияларының 50%-ін сенімгерлік басқаруға алды (**ТОЛЫҒЫРАҚ 73 БЕТТЕРДЕ**).
- **ҮШ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТТАРЫНЫҢ** жаңғыртылуы аяқталды (**ТОЛЫҒЫРАҚ 89 БЕТТЕРДЕ**).
- **2018 ЖЫЛҒЫ ҚАРАША** айында ҚМГ басқарма төрағасы болып Әлік Айдарбаев тағайындалды (**ТОЛЫҒЫРАҚ 167 БЕТТЕРДЕ**).

## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

**2002**  
ҚМГ-нің құрылуы

**2005**  
Атасу-Алашанькоу мұнай құбыры іске қосылды

ҚМГ Қашаған жобасындағы белсенді қатысушылардың 8,33% акциясын сатып алды



**2006**  
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ акциялары Лондон қор биржасында (LSE) және Қазақстан қор биржасында (KASE) бастапқы жария орналастырылды (IPO)

«Қазгермұнай» компаниясының 50% үлесі сатып алынды  
«Петроқазақстан» компаниясының 33% үлесі сатып алынды

**2007**  
The Rompetrol Group N. V компаниясының 75% үлесі сатып алынды

Шымкент мұнай өңдеу зауытының 50% үлесі сатып алынды

«CITIC Group»-тың (Қаражанбас кен орны) 50% үлесі сатып алынды

**2008**  
Батуми мұнай терминалы сатып алынды

ҚМГ-нің Қашаған жобасындағы қатысу үлесі өнімді бөлу туралы келісімді қайта қарау нәтижесінде 16,81%-ке дейін өсті

**2009**  
50% ММГ үлесі сатып алынды

Павлодар мұнай өңдеу зауыты сатып алынды

Азия газ құбыры іске қосылды

«The Rompetrol Group N.V.» компаниясының 25% үлесі сатып алынды

**2011**  
ҚПО-ның 10% үлесі сатып алынды

**2013**  
ҚМГ Қашаған жобасындағы 8,33% мөлшеріндегі үлесін «СНПС»-ке сатып және «Коноко Филипс» компаниясының 8,4% үлесін сатып алды. ҚМГ-нің жобадағы жалпы үлесі 16,88%-ті құрады

Бейнеу-Шымкент газ құбыры іске қосылды



**2014**  
«Қазақтүрікмұнай» компаниясындағы 50% қатысу үлесі сатып алынды («ҚМГ» өз үлесін 100%-ке дейін ұлғайтты)

**2015**  
ҚМГ «Қашаған Б.В.»-дағы 50% үлесін «Самұрық-Қазына» АҚ-қа сатты

«Caspri Bitum» ЖШС-ның 50% үлесін сатып алынды

**2016**  
Қашаған кен орнында өндіріс жаңартылды

ТШО серіктестері Болашақ кеңейту жобасы - Сағалық қысымды басқару жобасы бойынша Түпкілікті инвестициялық шешім қабылдайтындығы туралы жариялады

**2017**  
«ҚазМұнайГаз -өңдеу және маркетинг» АҚ ҚМГ-мен біріктірілді

КҚК жобалық қуаттылығы жылына 67 млн тоннаға артты


**2018**  
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ LSE және KASE тізімінен шығарылды

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ ҚМГ-мен біріктірілді


# ҚМГ ЦИФРЛАРМЕН

## МАКРО


### BRENT, Орташа бағасы (АҚШ ДОЛЛ./BBL)



### Орташа курс (АҚШ ДОЛЛ./ТЕҢГЕ)




### ИНФЛЯЦИЯ (%)




## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ


### Мұнай және конденсат қоры (ABC1) (МЛН ТОННА)




### Табиғи газ қоры (ABC1) (МЛН М³)




### Қорлардың орнын толтыру коэффициенті (%)




### Мұнай және конденсат өндіру (Мың тонна)




### Табиғи және илеспе газ өндіру (МЛН М³)




### Мұнай тасымалдау (Мың тонна)



### Газ тасымалдау (МЛН М³)



### Мұнайды операциялық үлестің ескерілуімен өңдеу (Мың тонна)



**19 715** Мың тонна


Мұнай өңделді, 2018 жылғы операциялық үлестің есептеп отырып

**23 606** Мың тонна

2018 жылы мұнай және конденсат өндірілді

## Қызметкерлер

### Қызметкерлердің саны \*\*




\* 2014 жылы ұңғымаларды зерттеу және геологиялық-геофизикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша Қарашығанақ кен орнының негізгі кен қорлары қайта есептелді және бұл сұйық көмірсутектердің геологиялық қорларының ұлғаюына әкелді.


\*\* "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ компаниялар Тобы бойынша 2018 жылдың аяғының жағдайына қарай.

## ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ (МЛРД ТЕҢГЕ)


### ТҮСІМ




### БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДА- СТЫРЫЛҒАН КОМПАНИЯЛАР КІРСІНДІГІ ҮЛЕСІ, NETTO




### ЕБИТДА\*




### ТАЗА КІРІС




### КҮРДЕЛІ САЛЫМДАР




### АКЦИОНЕРГЕ ТӨЛЕНГЕН ДИВИДЕНДТЕР




### ЕРКІН АҚША АҒЫНЫ\*\*



### ТҮЗЕТИЛГЕН ЕРКІН АҚША АҒЫНЫ\*\*\*



### ТАЗА ҚАРЫЗ



## ДЕНСАУЛЫҚ, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА

	Өлшем бірлік	2014	2015	2016	2017	2018
Жұмыс уақытын жоғалтумен болған жазатайым жағдайлар коэффициенті (LTIR)	1 млн адам / сағатқа шаққанда	0,57	0,56	0,49	0,42	0,32
Өлім жағдайларының коэффициенті (FAR)	100 млн адам / сағатқа шаққанда	3,26	2,17	4,5	3,25	0,65
Өндірілген КСШ бірлігіне шаққанда өрттелген газдың мөлшері	тн / 1000 тонна КСШ	9,51	11,98	12,00	11,00	6,00

\* EBITDA көрсеткіштердің есебі осы формула арқылы өткізіледі: Түсім+Қаржылық лайда+Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны+Жалпы және әкімшілік шығыстар+Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар+негізгі қаржылар мен материалды емес активтердің құнсыздануы+ойша байланысқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың табыстар үлесі, нетто.

\*\* бос ақшалай ағынның есебі осы формула арқылы өткізіледі: Операциялық қызметтер бойынша ақшалай ағын+күрделі шығыстар (кассалық әдісі бойынша) + ойша байланысқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардан алынған дивидендтер(кассалық әдісі бойынша).  
\*\*\* кезіндегі түзелген ақшалай ағынның есебі осы формула бойынша өткізіледі: бос ақшалай ағын+алдын ала төлемдер бойынша нәтижесі, нетто.



# НАРЫҚ ҮРДІСТЕРІ МЕН СЫН-ТЕГЕУІРІНДЕРІ

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ МЕН МҰНАЙ САЛАСЫ

### ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ

**58,79** ТРЛН ТЕНГЕ


2018 жылы өндірістік әдіспен өндірілген ЖІӨ көлемі

**+3,8%**    
АЛДЫҒЫ ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА

Рост ВВП Казахстана на душу населения в 2018 году составил 9 331 долл. США. Ожидается, что в 2019 году рост ВВП достигнет 3,8 %<sup>2</sup> при условии более высоких мировых цен на нефть, увеличении добычи нефти, продолжении финансового стимулирования, а также улучшении экономических показателей с ключевыми торговыми партнерами.

### ИНФЛЯЦИЯ

Инфляция 2018 жылы 5,3%-ті құрады. Ал 2017 жылы бұл көрсеткіш 7,1%<sup>1</sup> көлемінде болды. ҚР Ұлттық Банкінің алдын-ала болжамы бойынша мұнай мен дәнді дақылдардың тұрақты бағасы, ішкі сұраныс жағынан әлсіз дезинфляциялық қысым жағдайында инфляциялық болжамдардың төмендеуі инфляцияның 2018 жылы 4–6% мақсатты дәлізіне кіруіне алып келеді.



<sup>1</sup> ҚР Ұлттық Экономика министрлігінің Статистика комитеті  
<sup>2</sup> Thompson Reuters

### МҰНАЙ БАҒАСЫ

**71,31** АҚШ ДОЛЛ./БАРР.

2018 жылғы Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы<sup>2</sup>

**+31,1%**    
2017 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА БАҒАНЫҢ ӨСУІ

2019 жылғы ҚМГ бюджетін есептеуге арналған баға болжамы 55 АҚШ долл./барр құрады. Бұл орайда World Bank 2019 жылы мұнайға деген баға 67 АҚШ долл./барр мөлшерінде болады деп болжауда.

### ВАЛЮТА БАҒАМЫ USD-KZT

**344,71**

ТЕҢГЕ/АҚШ ДОЛЛ.

2018 жылғы орташа бағам

**+18,61 Т./5,7%**    
2017 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА АҚШ ДОЛЛ. БАҒА-  
МЫНЫҢ ТЕҢГЕГЕ ҚАТЫСТЫ ЖОҒАРЛАУЫ

**90,3** МЛН ТОННА

2018 жылғы ҚР-дағы мұнай өндіру көлемі

### Мұнай-газ саласындағы дүниежүзілік трендтер

Мұнайға дүниежүзілік сұранысты қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі дүниежүзілік экономиканың өсуі болып табылады. ЕІА болжамына сәйкес, ЖІӨ өсу қарқыны 2021 жылға дейін оң көрсеткіштерге ие болады. Дүниежүзілік экономиканың және адам санының өсуі энергия тұтынуды арттырады. Орташа мерзімді кезеңде мұнай ең маңызды энергия көзі болып қала береді, демек мұнайға сұраныстың азаюы күтілмейді. Мұнайға сұраныстың өсуімен қатар, негізінен ОПЕК-ке кірмейтін елдер есебінен ұсыныстың артқаны байқалады.

Орташа мерзімді келешекте аталған шығындардың дүниежүзілік мұнай-газ саласында барлау мен өндіруге бөлінетін күрделі шығындардың ыңсапты ұлғаюы болжамданады. 2021 жылға қарай барлау мен өндіруге күрделі қаржы жұмсалымының көлемі номиналды түрде 2014 жылғы деңгейден 19%-ке төмен болады (\$571,86 млрд)<sup>3</sup>. Қорлардың өсіміне күрделі қаржы жұмсалымын азайту бойынша қалыптасқан тренд орташа мерзімді келешекте мұнай өндірісі көлемінің қысқаруына ықпал етеді.

### Қазақстанның мұнай-газ саласындағы орны

Қазақстан 1911 жылдан бері мұнай өндіріп келеді және көмірсутек қорлары мен мұнай өндіру көлемі бойынша бұрынғы кеңестік республикалар арасында Ресейден кейінгі екінші орында. 2018 жылы ҚР-да мұнай өндіру көлемі 90,3 млн тонна, 2017 жылдың деңгейімен салыстырғандағы өсім 4,7% (86 млн тонна) құраған. Ең үлкен өндіру көлемі Атырау және Маңғыстау облыстарында қамтамасыз етілген.

2018 жылғы өндірудің негізгі өсімі Қашаған кен орнындағы тұрақты өсумен (13,2 млн

тонна), сондай-ақ Теңіз (28,6 млн тонна) және Қарашығанақ кен орнындағы өсумен (11 млн тонна) байланысты.

2019 жылы ҚР-да мұнай өндіру жоспары 88 млн тоннаны құрайды. 2019 жылы көлемдердің төмендеуі Қашаған, Теңіз бен Қарашығанақта жүргізілетін күрделі жөндеу жұмыстарына байланысты болмақ. Сонымен қатар әзірлеу кезеңінің кеш өткізілуімен және кен орындарының табиғи таусылуымен байланысты Қызылорда және Ақтөбе топтарындағы кен орындарында өндіру көлемдерінің азаюы күтіледі.

2018 жылы газ өндіру көлемі 55,5 млрд м<sup>3</sup> құрады, бұл 2017 жылмен салыстырғандағы өсім – 4%. 2019 жылға жоспар – 55 млрд м<sup>3</sup>.

### «Самұрық-Қазына» АҚ

«Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы — жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын Қор. Қор 2008 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылды және ол коммерциялық құрылым — инвестициялық холдинг болып табылады.

ҚМГ Қордың негізгі активі бола отырып, Акционерлер үшін ұлттық мұнай-газ саласын дамытуға қатысудан барынша пайда әкелуге ниетті.

2018-2022 жылдары Қор ҚМГ-ден қызметтің стратегиялық негізгі көрсеткіштерін жинау көмегімен өлшенетін активтердің тиімділігі мен құнын арттыру бойынша стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуін күтеді (толығырақ хх бетте).

### ҚМГ рейтингтері

Moody's : Baa3 (2017 ж. тамызы)  
S&P: BB (2018 ж. қарашасы)  
Fitch: BBB- (2019 ж. наурызы)

<sup>3</sup> Дереккөз: IHS Markit, «Дүниежүзіндегі барлау және өндіру шығындары: нарық талдауы», 2017 ж. 15 ақпан [Global Upstream Spending: Market Analysis, 15 February 2017.]

**Қазақстан Республикасы заңнамасындағы негізгі өзгерістерге шолу: «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексі и және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексі (ҚР Салық кодексі)**

**«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексі (көмірсутектерге қатысты)**

2017 жылғы 27 желтоқсанда «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және оған ілеспелі «Жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойылды. Кодекс ресми жарияланғаннан кейін 6 ай өткен соң қолданысқа енгізіледі (оның жекелеген тұстарынан басқа).

Кодекс геологиялық барлауға инвестицияларды тартуға бағытталған. Мұнай-газ секторымен қатар, қатты пайдалы қазбалар саласында да жер қойнауын пайдалануға қолжетімділік оңтайландырылған.

**Жекеменшік инвестицияларды геологиялық барлауға ынталандыру**

Жаңа Кодексте инвесторлар үшін геологиялық ақпаратқа (оның қайтарымысыздығын қоса алғанда) қолжетімділік біршама жеңілдетілген.

Кодексте лицензиялық жүйемен салыстырғанда, инвестордың мүддесін әлдеқайда көбірек қорғайтын конкурс (аукцион) негізіндегі келісімшарттық жүйе сақталған. Сонымен қатар конкурс (аукцион) өткізу рәсімдері жеңілдетілген – келісімшарт жобаларының қолда бар барлық сараптама-лары жойылған, келісімшарттарға құзыретті орган мен конкурстың жеңімпаздары қысқа мерзім ішінде қол қояды (үлгілік келісімшарттар негізінде). Жер қойнауын және онымен байланысты нысандарды пайдалану құқығының ауысуын реттеу жеңілдетілді.

Барлау және өндіру бойынша біріктірілген келісімшарттарға толық ауысу қарастырылған, бұл барлау барысында жаңа кен орындарын тапқан инвесторларға өндіру барысында салынған инвестициялардың өтелімділігіне кепілдік береді.

Келісімшарттарға жобалық құжаттардың құбылмалы болжалдық көрсеткіштерін тасымалдайтын қолда бар «жұмыс бағдарламалары» институтының жойылуы қосымша артықшылыққа айналды. Жұмыс бағдарламаларының орнына олардың ағымдағы түсінігінде – аукцион өткізу туралы құзырлы органның хабарламасында белгіленген ең төмен талаптарға сәйкес барлау жұмыстарын жүргізу барысында жер қойнауы учаскесіндегі жұмыс көлемдері мен түрлерін белгілейтін (келісімшарттық міндеттеме ретінде) жұмыс бағдарламалары қарастырылған.

Сонымен қатар, жаңа Кодексте «Еуразия» жобасы бойынша аса терең қабаттарда геологиялық зерттеу өткізу ерекшелігі: геологиялық зерттеу учаскесіне айрықша құқықты иелену мүмкіндігі, параметриялық ұңғымаларды бұрғылау мүмкіндігі ескерілген.

Жаңа келісімшарттар бойынша Кодекс 2010 жылғы Заңға сәйкес қолданыстағы барлық «салықтық емес» төлемдерді барлау сатысында жояды (жер қойнауын пайдаланушылардың жұмысшылар мен қазақстандық азаматтарды қаржылық оқыту, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру бойынша міндеттемелері). Бұл ретте қолданыстағы барлау келісімшарттары бойынша жер қойнауын пайдаланушылар үшін Кодекстің ауыспалы ережелерінде жер қойнауын пайдаланушылардың Кодекс бойынша жер қойнауын пайдаланудың жаңа талаптарына ауысу мүмкіндіктері мен нақты талаптары қарастырылған.

Инвестицияларды геологиялық барлауға ынталандыру бойынша Кодекспен қарастырылған арнайы нормалар сондай-ақ Салық кодексіне енгізілген жаңа енгізілімдер пакетімен сүйемелденеді (толығырақ ақпарат төменде келтірілген).

**Жер қойнауын пайдаланушылар мен мемлекет мүдделерінің теңгерімін сақтау**

Барлау кезеңінің аса ұзақ мерзімдерін белгілеу мақсатында, «көмірсутекті барлау бойынша күрделі жобалар» деген жаңа түсінік қалыптастырылған.

Кодексте сатып алу бойынша бұзушылықтар үшін келісімшарттық ай-

ыппұлдар және ірі жобалар бойынша (өнімді бөлу туралы келісімшарттар) сатып алу тәртібіне қойылатын талаптар қарастырылған. Өнім бөлімдері бойынша мәмілелерді қоса алғанда, бұрын жасалған келісімшарттар бойынша жер қойнауын пайдаланушылармен қатар оның мердігерлерінің сатып алу ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке қатысты бірқатар мәселелер ретке келтірілген.

Заңнамалық деңгейде жер қойнауын пайдаланушылармен өндірілген жеңіл көмірсутектердің кең фракцияларын иеліктен шығару немесе процессингке табыстау аясында ішкі нарықты қамтамасыз ету бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың жаңа міндеті қарастырылған. Сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың уәкілетті орган белгілеген кестелерді орындауы арқылы ішкі нарықты қамтамасыз ету ретке келтірілген.

Мемлекеттің жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалану салдарын жою бойынша міндеттерді орындауын қамтамасыз ету мәселелеріндегі позициялары қосымша күшейтілген. Кодекспен әлеуетті жер қойнауын пайдаланушыларға базалық талаптар белгіленді (төлем қабілеттілігі мен теңіздегі тәжірибесі бойынша).

**Салық кодексі (жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу бөлігіндегі негізгі жаңалықтар)**

2018 жылдан бастап геологиялық барлау жұмыстарын белсенді ынталандыру мақсатында Салық кодексіне өзгертулер енгізілді, оған сәйкес 2018 жылдың 1 қаңтар айынан бастап жер қойнауын пайдаланушы барлау шығындарын өндіру келісімшарттарынан түсетін табыс есебінен қалыптасатын, бірақ 25%-тен аспайтын мөлшерде амортизацияланатын активтер тобын шегеруге жатқызу арқылы өтеу құқығына ие. Норма барлау мен өндіруге келісімшарты болған жағдайда ғана жарамды болып табылады. Бұл норма барлау кезеңінде кемітілген және өндіруге ауысу кезінде артылған салық жүктемесін қайта үлестіруге мүмкіндік береді.

Жаңа келісімшарттар бойынша 2010 жылғы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Заңына сәйкес қолданылатын барлық «салықтық емес» төлемдер

(жер қойнауын пайдаланушылардың қызметкерлерді және қазақстандық азаматтарды оқытуды қаржыландыру, өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамытуды қаржыландыру, ҒЗТҚЖ қаржыландыру бойынша міндеттемелер) барлау сатысында жойылған.

Бұған қоса, 2019 жылдан бастап коммерциялық табылым бонусы жойылды. Аталған өзгеріс жер қойнауын пайдаланушыны геологиялық барлау нәтижесі үшін жазаламауға бағытталған.

Кодекспен теңіз жобалары немесе аса терең кен орындары бойынша келісімшарттарды іске асыратын жер қойнауын пайдаланушыларға балама салық (бұдан әрі – ЖБС) енгізілген. Оның мәні жоғарыда көрсетілген келісімшарттардың бірін жасаған жер қойнауын пайдаланушы тарихи шығындарды өтеу төлемі, пайдалы қазбаларды өндіру салығы, экспортқа арналған ренталық салық және үстеме пайдаға салынатын салықтың орнына балама салық төлеу мүмкіндігін таңдауға құқылы болуында. Мұндай таңдау бір рет жасалады және қайта өзгертілмейді.

Жер қойнауын пайдалану бойынша бір келісімшарт аясында, жер қойнауын пайдалану құқығының табысталуы (өтуі) дерегіне қарамастан, осындай келісімшарт бойынша мәлімденген жалпы жылдық өндіру көлеміне сәйкес пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемесі қолданылады.

Келісімшарттық қызмет бойынша корпоративтік табыс салығы есептелген жағдайда, сатудан түскен табыс оның сатылу бағасы негізінде, бірақ оның өндірістік өзіндік құнынан төмен емес мөлшерде белгіленеді. Экспортқа шығарылатын мұнайды есептемегенде, егер сатылған күні дүниежүзілік мұнай бағасы өндірістік өзіндік құннан төмен болса, табыс нақты сатылу бағасы бойынша анықталады (бұрын ерекшелік болмаған).

2018 жылдың 1 қаңтар айынан бастап газ сатудан түскен табыс уәкілетті органмен бекітілген бағаға байланбаған сатылу бағасы негізінде анықталады.

Сонымен қатар, Кодексте үстеме пайда салығын кезеңдеп есептеу тәсілі енгізілген.



# СТРАТЕГИЯҒА ШОЛУ

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



### ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, ӘРІПТЕСТЕР ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТЕР

2018 жыл операциялық және қаржылық нәтижелермен ерекшеленген, табысты жыл болды. ҚМГ 2018 жылға межелеген міндеттерді орындады және бүгінгі таңда акционерлік құнды жоғарлату бойынша жұмысты жалғастыру үшін жеткілікті беріктік қорға ие. Бұған Компанияның қаржылық жағдайын нығайтумен қатар, өз активтері мен үлестік қатысуы бар жобалардағы өндірістің тұрақты деңгейі мүмкіндік береді. 2019-2023 жылдарының Бизнес-жоспарына сәйкес, біз операциялық активтерде табиғи төмендеуді ескере отырып, өндіріс көлемін ұстап тұруды жоспарлаймыз, ал Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ кен орындарында тұрақты өсуді күтеміз.

Өткен жыл Қазақстанның бүкіл мұнай-газ салалары үшін рекордтық болды. Атап айтсақ, 90 млн тоннадан астам мұнай мен 55 млрд текше метрден астам газ өндірілді. Өндіріс көлемінің артуына ҚМГ қатысатын мұнай-газ компаниялары елеулі үлес қосты. 2018 жылы мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту, газ тасымалдау нысандарын салу, көптеген ішкі бизнес-үдерістерді трансформациялау және компьютерлік жүйелерді жетілдіру сияқты ірі күрделі жобалар сәтті аяқталды.

Борыштық жүктемені қайта құрылымдау, шығындарды оңтайландыру және генерацияланатын еркін ақша ағынының бейінін қайта қарау бойынша қабылданған шаралардың арқасында, Компания өзінің қаржылық тұрақтылығын арттырды. Оған 2018 жылдың қарашасында Standard & Poor's рейтингтік агенттігі тарапынан ҚМГ несиелік рейтингісінің «BB-/kzA» деңгейінен «BB / kzA +»-ға көтерілуі дәлел бола алады, болжам «тұрақты». Нәтижесінде компанияның өзіндік несиені өтеу қабілеттілігінің (stand-alone credit profile) рейтингісі «b» -дан «b +» -ке жоғарлады.

Компания өміріндегі аса маңызды кезең «ҚазМұнай-Газ» Барлау Өндіру» АҚ еншілес компаниясының қарапайым және басымдықты акцияларын сатып алу және оны ҚМГ тобына толықтай шоғырландыру болды. Бұл ҚМГ-нің трансформациялану жолындағы басты қадамдарының бірі. Ол тек жеке бастамалар ғана емес, барлық еншілес құрылымдарға қатысты ауқымды, іргелі өзгерістер болып табылады.

Жаңа операциялық үлгіге сәйкес «ҚазМұнайГаз» АҚ активтерді Директорлар кеңесі арқылы басқаратын портфельді инвестор тұжырымдамасынан, өндірістік активтерді белсенді операциялық басқаруға көшуі тиіс. Бұл тәсілдеме нарықтың жылдам өзгеретін шарттарына байланысты, Компанияның шапшаң әрі дәлме-дәл бейімделе алуы үшін басқару деңгейлерінің санын қысқартуға мүмкіндік береді.

PricewaterhouseCoopers тарапынан жүргізілген 2018 жылғы корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасының нәтижелері бойынша ҚМГ-нің корпоративтік басқару рейтингісі «В» көрсеткішінен «BB»-ға жоғар-

лаған. ҚМГ-де корпоративтік басқаруды жетілдіру әлі де, Компания дамуының басты қырының бірі болып қалуда. Директорлар Кеңесі корпоративтік басқарудың мониторингін жүргізуді ұдайы жалғастыруда және 2018 жылдың қазан айында Директорлар кеңесімен бекітілген ҚМГ-ның 2028 жылға дейінгі жаңа Даму стратегиясы басымдықтарының бірі ретінде, оның әрі қарай жетілдірілуін қарастырады. Құн қалыптастыру және қаржылық тұрақтылықты нығайту, еншілес және тәуелді ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарды басқару деңгейін жоғарлату, корпоративтік басқару және тұрақты даму – бұл Стратегияда қарастырылған 2028 жылға дейінгі кезеңдегі Компанияның негізгі даму бағыттары.

ҚМГ трансформациясының негізгі аспектісі еңбек қорғау мен қауіпсіздік техникасына баса назар аудару болып табылады. Директорлар кеңесі мен Компания басқармасы біздің барлық қызметкерлеріміз бен мердігерлеріміз қауіпсіз жағдайда жұмыс істеп, жұмыс күнінің соңында өз отбасыларына аман-есен оралуларын қалайды. Оң нәтиже көріп отырғанымыз бізді қуантады. Бұған біз - ең бастысы, жұмысшылардың күш-жігері мен қауіпсіздік мәдениетінің, жүйелер мен үдерістердің жақсаруының арқасында қол жеткізіп отырмыз. Осы ретте, Басқарма мүшелерінің атынан қызметкерлерімізге шексіз алғысымды айтып келеді. Жыл соңында Әлік Айдарбаев ҚМГ-нің Басқарма төрағасы болып тағайындалды. Оның миссиясы - ҚМГ тиімділігін одан әрі жетілдіруге және нарық мүмкіндіктерін барынша пайдалануға көмектесу болып табылады.

Бұған дейін осы лауазымда қызмет етіп келген Сауат Мыңбаевқа, ҚМГ қызметіне бес жыл бойы қосқан елеулі үлесі үшін өз атыман ризашылығымды білдіргім келеді. Сондай-ақ, Директорлар кеңесінің бұрынғы тәуелсіз директоры Ерлан Баймұратовтың атқарған жұмысына айтар алғысым зор.

«ҚазМұнайГаз» 2018 жылды анағұрлым мықты, қауіпсіз және тұрақты компания ретінде тәмамдады. Бұл жетістіктерге жетуімізге мұрындық болған трансформация үдерістері, біздің акционерлер, қызметкерлер мен Қазақстан Республикасының игілігі үшін жалғасын болады.

#### КРИС УОЛТОН


«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, тәуелсіз директор

# СТРАТЕГИЯ

2018 жылы «ҚазМұнайГаз» ҚМГ-нің Даму стратегиясын өзектілендіру бойынша ауқымды жұмыс атқарды, оның барысында ҚМГ-нің өзіндік құнының өсуін тежеуші факторларды талдау негізінде ҚМГ-нің таяу 10 жылдық мерзімге межелеген стратеги-

ялық көзқарасы, миссиясы мен мақсаттары қалыптастырылды және оларды еңсерудің жолдары әзірленді. 2018 жылдың қазан айында ҚМГ Директорлар кеңесі 2028 жылға дейінгі жаңа Даму стратегиясын бекітті.

## 2018-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



### 1-ШІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

#### «ҚҰН ҚҰРАУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУ»

1-ші стратегиялық мақсатқа жету Компания кірістерінің төмендеуіне әкелетін факторларды еңсеруге, сонымен бірге еркін ақшалы ағындының көбеюіне, қаржы жағдайдың нығайту мен өтемділігінің қажетті деңгейін қамтамасыз етуіне бағытталған.

#### Ішкі факторлар:

- кемеліне жеткен кен орындарындағы өндірістің табиғи төмендеуі;
- жаңа технологияларды меңгеруге деген жүйелік тәсілдеменің жоқтығы;
- борыш жүктемесінің айтарлықтай көлемі;
- активтерді автоматтандыру мен сандық жүйеге көшірудің жеткіліксіз деңгейі;
- жоғары операциялық шығындар;
- портфельде бейінді емес және шығынды активтердің болуы.

#### Сыртқы факторлар:

- көмірсутегі бағасының құбылмалылығы;
- ҚР-ның ішкі нарығында газ және мұнай өнімдеріне деген үдемелі сұранысты қанағаттандыру қажеттілігі.

### 2-ШІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

#### «ЕТҰ/БК БАСҚАРУШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН ЖОҒАРЛАТУ»

Компанияда нақты иерархия әзірлеп, енгізу және басқару үдерісінің барлық қатысушылары арасында атқаратын қызметтерін анықтап үлестіру қалыптамалық ұйымдық құрылымды енгізу және Компанияның бас кеңсесінде басқару функцияларын шоғырландыру арқылы ҚМГ-нің дамуына жаңа серпін беруге мүмкіндік туғызады. Өз кезегінде бұл басқарушылық шешімдер қабылдау жылдамдығы мен сапасының артуына, сондай-ақ Компанияның кірістері мен шығыстарын бақылаудың жоғарлауына әкеледі. Компанияның кірістері мен шығыстарын бақылау құралдарының бірі - бірыңғай ақпараттық-технологиялық (әрі

«Құн құрау және қаржылық тұрақтылықты нығайту» стратегиялық мақсатын жүзеге асырудың нәтижесі еркін ақша ағыны мен инвестицияларды қайтару көрсеткішінің өсуі болады.

қарай - АТ) шешімдерді автоматтандыру және үдерістерді үйлестіру есебінен ашық және баршаға түсінікті құн құрау тізбегін құру болып табылады. Бұған қоса, оның аясында ҚМГ тобының ішінде трансферттік құн құрауды басқару да жүзеге асырылатын болады.

Екі деңгейлі басқару жүйесі субхолдингтерді тарату дегенді білдіреді. Мақсатты екі деңгейлі басқару үлгісін енгізгеннен кейін Компания «Басқару холдинг» үлгісінен «Операциялық холдинг» үлгісіне көшеді.

«ЕТҰ/БК басқарушылық деңгейін жоғарлату» стратегиялық мақсатын жүзеге асыру Компанияға операциялық жақсартуларды жылдам әрі тиімді жүргізуге мүмкіндік береді (толығырақ 31 беттерінде).

### 3-ШІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

#### «КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ»

Корпоративтік басқару және тұрақты даму Стратегияның және Стратегияны жүзеге асырудың барлық кезеңінде Компанияның ұзақ мерзімді тұрақты дамуының басты компоненттерінің бірі болып табылады. Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру тұрақты даму қағидаттарын бизнес-үдерістерге, операциялық қызметке және шешімдер қабылдау үдерістеріне біріктіруді қамтамасыз етеді.

«Корпоративтік бақылау және тұрақты даму» стратегиялық мақсатын жүзеге асырудың нәтижесі - корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің, еңбекті, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғаудың жетілдірілген көрсеткіштеріне қол жеткізуді, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бар орындарында экономикалық әсер етуді жақсартуды (толығырақ хх бетінде), стейкхолдерлермен өзара қарым-қатынас сапасын, корпоративтік басқару рейтингісін, этиканың жалпы корпоративтік мәдениетін және комплаенсты арттыруды (толығырақ 32 бетінде) қамтамасыз ететін басқару жүйесін құру болып табылады.

Компания ҚМГ акцияларын әлеуетті бастапқы жария орналастыруды және басқа да мәмілелерді қоса алғанда, стратегиялық

пайымды іске асырудың түрлі нұсқаларын қарастыра алады. Алайда, бұл тұрғыда түпкілікті шешімдер әлі қабылданған жоқ.

### СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР МЕН БАСТАМАЛАРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ КЕЗЕҢДЕРІ

Кезеңдер	Басымдықтар
2021 жылға дейінгі қысқа мерзімді кезең	<ul style="list-style-type: none"> <li>Компанияның қаржылық тұрақтылығы, жоғары қарыздық жүктемесі бойынша мәселесінің шешілуі</li> <li>Трансформация бағдарламасының жүзеге асырылуы және аяқталуы</li> </ul>
2023 жылға дейінгі орта мерзімді кезең	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қызмет тиімділігінің артуы</li> <li>ЕТҰ/БК басқарушылық деңгейінің жоғарлауы</li> <li>Компанияның басты бизнес-үдерістерін автоматтандырудың аяқталуы</li> </ul>
2028 жылға дейінгі ұзақ мерзімді кезең	<ul style="list-style-type: none"> <li>Операциялық активтердегі мұнай қорларының өсуі</li> <li>ҚХР-ға жеткізілімдерді қамтамасыз ету үшін тауарлық газ қорларының ұлғайтылуы</li> <li>Тұрақты даму</li> </ul>

Корпоративтік басқару және тұрақты даму Стратегияны жүзеге асырудың және 2018 жылдан бастап 2028 жылға дейін Стратегия жүзеге асыру үдерісі кезінде орындалатын ҚМГ-нің ұзақ мерзімді тұрақты дамуының басты компоненттерінің бірі болып табылады.

ҚМГ тарапынан жаңа Даму стратегиясының мақсаттарына қол жеткізу мақсатында 2018 жылы келесідей іс-шаралар мен бастамалар жүзеге асырылды:

- 9,23 млн тонна деңгейінде мұнай қорларының өсімі қамтамасыз етілді, бұл қорлар деңгейін 668 млн тоннаға (A+B+C1) дейін арттыруға мүмкіндік берді.
- операциялық активтердегі өндіру деңгейін тұрақтандыру бойынша бағдарлама әзірленіп, жүзеге асырылуда. Мұнай және газ конденсатын өндірудің шоғырландырылған көлемі жылына 23,6 млн тоннаны құрады, оның ішінде операциялық активтер бойынша – 15,7 млн тонна.
- Компанияның Стратегиясы аясында 2017 жылдан бастап Қытайға газ экспорттау жолға қойылды. 2018 жылы мұндай жеткізілімдердің көлемі 5,48 млрд м<sup>3</sup> құрады.
- Компанияның шоғырландырылған қарыз деңгейін азайту бойынша жүргізілген іс-шаралар қорытындысын есепке ала отырып, Қарыз/ЕБИТДА көрсеткіші 2,5 құрады.
- «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-ның корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасының нәтижелері бойынша ҚМГ-ге «ВВ» деңгейіндегі корпоративтік басқару рейтингісі тағайындалды.
- Аталған іс-шаралар мен бастамалардың жүзеге асырылуын есепке ала отырып, ROACE көрсеткіші 8,1%-ті құрады.



ҚМГ-нің бұрын қолданыста болған 2025 жылға дейінгі Даму стратегиясының аясында (2016 жылы бекітілген) 2015-2018 жылдары Компанияның келесідей басты мақсаттарына қол жеткізілді:

#### 1-басымдық – «Қысқа мерзімді және орташа мерзімді перспективада компанияның қаржылық позициясын нығайту»:

- операциялық активтерде олардың құрамына кіретін кен орындарының «кемелденуінің» жоғары деңгейіне қарамастан өндіру деңгейі сақталды;
- жоспарлы деңгейде қорлардың өсімі іске асырылды;
- ҚМГ-нің сыртқы қарыздарын өтеу кестесі түзетілді.

#### 2-басымдық – «Мақсатты бизнес-үлгіні қалыптастыру»:

- «ҚазМұнайГаз – Өңдеу және Маркетинг» АҚ-тың қосылуы аяқталды;

- «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның акцияларын кері сатып алу іске асырылды;

- Еурооблигациялар шығару бойынша құжаттамаларда ковенанттар теңестірілді.

#### 3-басымдық – Қазақстанның мұнайгаз саласының негізгі ойыншысы ретінде ҚМГ рөлін арттыру:

- ҚР-ның 3 мұнай өңдеу зауытын жаңғырту аяқталды;
- көмірсутек шикізатын тасымалдау бағыттары әртарапандырылды;
- Қытайға газ экспортының көліктік инфрақұрылымы құрылды.

## ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ

«ҚазМұнайГаз»-дің тиімділік көрсеткіштерінің жүйесі бастамаларды анықтау және орта мерзімді кезеңде Компанияның Бизнес-жоспарын жүзеге асыру арқылы 2018-2028 жылдарға арналған ҚМГ-нің Даму стратегиясында бекітілген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталған.

Компания тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуге негізделген қызметкерлерді мотивациялау жүйесін табысты пайдаланып отыр. Қызметкерлерді бағалау рәсімдері қызмет тиімділігін анықтау мен барабар материалдық және материалдық емес марапаттауларға ынталандыруға бағытталған.

### ҚМГ-НІҢ ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ

#### ҚАМТИДЫ

- Тізімдері Компанияның шоғырландырылған Бизнес-жоспарының негізгі қаржылық-экономикалық және салалық көрсеткіштері мен дивизиондардың көрсеткіштері негізінде қалыптасатын тиімділік көрсеткіштері.
- Тізімдері нақты жетекші алдында тұрған стратегиялық сипаттағы міндеттер негізінде қалыптасатын жеке тиімділік көрсеткіштері.
- ҚМГ Басқарма мүшелерінің тиімділік көрсеткіштерінің тізімдері мен мақсатты мәні Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

#### ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

- Компания Стратегиясын, Бизнес-жоспар көрсеткіштерін орындауға бағдарлану;
- Компанияның қаржылық және өндірістік нәтижелерін үнемі жақсартуға бағдарлану;
- барлық заңнамалық және реттеуші талаптарды сақтау;
- Компанияның басымдықты мақсаттарына қол жеткізуге ынталандыратын көрсеткіштердің теңгерімділігі мен кешенділігі;
- Тиімділік көрсеткіштерінің айқындылығы, өлшеулігі, минималды жеткіліктілігі мен қайшылықсыздығы;
- Тиімділік көрсеткіштерін жоғарыдан төмен бөлу.

Компанияның тиімділік көрсеткіштерінің жүйесі іске қосылған капиталға (ROACE), қарыздық жүктеме коэффициентіне (Қарыз/ЕБИТДА) деген кірістілік сияқты қаржылық-экономикалық көрсеткіштермен қатар тиімділіктің салалық көрсеткіштерін (мұнай және газ өндіру көлемі) де қарастырады.

Басқарудың атқарушы органы мен басқарушы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі нәтижелілікке, уәждемеге, еңбек

өнімділігін арттыруға және қызмет тиімділігіне бағытталған. Сондай-ақ, ол қызметтің басты көрсеткіштеріне қол жеткізу қорытындысы бойынша қысқа мерзімді марапаттау элементтерін қамтиды.

ҚМГ-нің Әкімшілік қызметкерлерін бағалау ережелеріне сәйкес кәсіби дамуды бағалау және қызмет нәтижелілігін бағалау жүзеге асырылады. Нәтижелілікті бағалау бір жылға мақсаттар қою негізінде жүргізіледі және тоқсан сайынғы сыйақы түрінде нақты сандық нәтижелерге ие.

### ТИІМДІЛІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ҚНК атауы	Өлшем бірлік	2017	2018
Таза кіріс*	млрд теңге	443	696
ROACE**	%	6,9	8,1
Қарыз/ЕБИТДА***	коэф.	4,24	2,50
Корпоративтік басқару рейтингісі	Рейтинг	B	BB
Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі	мың тонна	23 362	23 606

### ТИІМДІЛІКТІҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	Өлшем бірлік	2014	2015	2016	2017	2018
Мұнай және газ конденсатын өндіру	мың тонна	22 491	22 669	22 639	23 362	23 606
Газ өндіру	млн текше м.	7 025	7 577	7 395	7 996	8 317
Мұнай тасымалдау	мың тонна	77 547	73 291	69 472	74 815	75 038
Газ тасымалдау	млн текше м	105 444	102 750	88 077	100 857	111 567
Өңдеу	мың тонна	18 053	17 390	17 673	18 207	19 715

\* Бас компанияның үлесіне келетін (тиетін) таза кіріс

\*\* ROACE = (бір жылдық табыс+салық төлемдерімен түзетілген сыйақылар бойынша шығындар)/тар-тылған капиталдың орташа мөлшері

\*\*\* «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-тың бекітілген әдістемесіне сәйкес

# ҚМГ БИЗНЕС ҮЛГІСІ

## МИССИЯСЫ:

Қазақстанның мұнай-газ саласын дамытуға қатысудан стейкхолдерлер үшін барынша көп пайда әкелуді қамтамасыз ету

## ПАЙИМЫ

Қауіпсіздік пен корпоративтік басқарудың ең жоғары стандарттарына сай келетін жоғары тиімді ұлттық сатылас біріктірілген операциялық компания.

## МӘДЕНИЕТ

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, еңбекті, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғау көрсеткіштерін жақсартуға ұмтылу, өңірлерде экономикалық әсерді күшейту, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, корпоративтік мәдениетті, этиканы және комплаенсті арттыру.

## ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК НАРЫҚТЫҢ ҮРДІСТЕРІ

- Көмірсутек шикізаты бағасының құбылмалығы
- Әлемдік отын-энергетикалық баланс құрылымының өзгеруі көмірсутегін өткізу нарығының әртараптандырылуына ықпал етеді
- Халықаралық борыштық капитал нарықтарына қол жетімділіктің тұрақсыздығы пайыздық мөлшерлемелердің одан әрі артуына әкелуі мүмкін

## БӘСЕКЕЛЕСТІК БАСЫМ ДЫҚТАРЫ:

1. Стратегиялық жер қойнауы учаскелері бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын алуда басымдыққа ие
2. Тігінен біріктірілген компания
3. Барлау активтерінің портфелінде перспективті кен орындарының болуы
4. ҚР-ның шөгінді бассейндері бойынша геологиялық-геофизикалық деректер ауқымының болуы

5. Кэрри-қаржыландыру шарттарында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін стратегиялық серіктестерді тарту мүмкіндігі
6. Ірі мұнай-газ активтеріне үлескерлік қатысу
7. «ҚазТрансГаз» АҚ-ның газ және газбен жабдықтау саласындағы

- ұлттық оператор мәртебесінде газ сатып алу бойынша мемлекеттің артықшылықты құқығын жүзеге асыруы
- 8. Мұнай өңдеу зауыттарының жаңғыртылуы
- 9. Мұнай және газ тасымалдау активтерінің әртараптандырылуы

10. Мұнай өңдеу зауыттарын стратегиялық активтер ретінде жүктеу бойынша мемлекеттік қолдау
11. Борыш капиталының халықаралық нарықтарына қолжетімділік
12. 10 жылдан астам тарихы бар борыш капиталы нарықтарындағы жақсы бедел

## ЖЕТИСТІК ФАКТОРЫ

## СТАРТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

## СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР ҮШІН ҚҰНДЫЛЫҚ ҚҰРАУ

## НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

Стратегиялық серіктестердің белгіленген мерзімдер мен бюджет аясында геологиялық барлау бойынша міндеттерді орындауы

### ҚОРЛАРДЫҢ ӨСІМІ

Капиталдың үйлестірілген құрылымы

### ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Қатысу өңірлеріндегі әлеуметтік тұрақтылық

### ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

Мұнай бағасы бір баррель үшін \$65-70-тен төмен

### РЕНТАБЕЛЬДІЛІК

Мұнай өңдеу зауыттарын стратегиялық активтер ретінде жүктеу бойынша мемлекеттік қолдау

### МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫН ЖАҢҒЫРТУ ҮШІН АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАРДЫ ӨТЕУГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

### ҚҰН ҚҰРАУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУ

### ЕТҰ/БК БАСҚАРУ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ

### КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ

### ЕРКІН АҚША АҒЫНЫНЫ МЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ҚАЙТАРУ КӨРСЕТКІШІНІҢ ӨСІМІ (ТОЛЫҒЫРАҚ 22 БЕТТЕ)

### ЕКІ ДЕҢГЕЙЛІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ (ТОЛЫҒЫРАҚ 23 БЕТТЕ)

### ЭТИКА, КОМПЛАЕНС, КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ (ТОЛЫҒЫРАҚ 138 БЕТТЕ)

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПТЫ КОМПАНИЯ (ТОЛЫҒЫРАҚ 104 БЕТТЕРІНДЕ)

### АКЦИОНЕРЛЕР

Инвестициялардың рентабельділігі, дивидендтердің уақытылы төленуі (толығырақ 182 бетте)

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

Бәсекеге қабілетті еңбекақы, сапалы әрі қауіпсіз еңбек шарттары, кәсіби даму, адам құқықтарын құрметтеу, әлеуметтік кепілдемелер, жеңілдіктер мен өтемақылар (толығырақ 118 бетте)

### ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАР, БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР, СЕРІКТЕСТЕР

Жауапты серіктестік, мемлекеттік органдар алдында мүдделерін ұсынып көрсету, көмірсутектерді тасымалдаудың әртараптандырылған бағыттары (толығырақ 6-7 беттерінде)

### ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР

Жұмыс орындарын құру, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, жергілікті өндірушілерді, шағын және орта бизнес компанияларын қолдау (толығырақ 126-127 бетте)

### МЕМЛЕКЕТ

Энергетикалық қауіпсіздік, салық төлемдерін қамтамасыз ету, еңбек және табиғи ресурстарды жауапкершілікпен және тиімді пайдалану, жұмыс орындарын құру (толығырақ 97 бетте)

- Көмірсутегіне деген тұрақсыз әлемдік баға конъюктурасы
- Кемеліне жеткен кен орындарында өндірудің табиғи құлдырауы
- Геологиялық барлау жобаларының геологиялық қауіп-қатерлері
- Экологияға кері әсер етудің және қызметкерлердің өміріне, денсаулығына зиян келтірудің қауіп-қатерлері
- Қатысу өңірлеріндегі әлеуметтік жағдай
- Газды тұтынудың жоғарлауына және газ өндірудің төмендеуіне байланысты газ тапшылығының қауіп-қатері
- ҚР-ның ірі сауда серіктестері болып табылатын елдердегі геосаяси жағдайдың тұрақсыздығы
- ҚР экономикасы макропараметрлерінің өзгеруі
- Капиталдың халықаралық қарыз нарығындағы жағдайдың тұрақсыздығы, проценттік мөлшерлемелердің өсу ықтималдылығы
- Шетелдік активтер / сот процестеріне байланысты құқықтық тәуекелдер
- Ресей Федерациясына қатысты санкциялардың жағымсыз салдарлары
- Кибер-тәуекелдер
- Климаттың өзгеруі (130 бет)



# ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ

## СТРАТЕГИЯ

«Активтердің екі деңгейлі басқару үлгісіне көшуі бойынша Стратегиялық бастаманы жүзеге асыру «басқарушы холдинг» үлгісінен «операциялық холдинг» үлгісіне көшуді білдіреді.

ҚМГ Компаниялар тобының мақсатты операциялық үлгісі:

- ҚМГ ресурстарын бейінді активтерді басқаруға шоғырландыруға мүмкіндік беретін бейінді емес, көмекші және стратегиялық емес активтерден шығару;
- ҚМГ-нің басқару деңгейі мен компаниялардың санын қысқарту нәтижесінде - өндірістік активтерді «тікелей басқару» - субхолдингтерді жою және екі деңгейлі басқару құрылымына көшу;
- басқару шешімдерін қабылдау үдерісін ықшамдауға мүмкіндік беретін қолданыстағы АҚ-ларды ЖШС-ларға айналдыру есебінен өндірістік активтерді басқаруды жеңілдету қарастырылған. ЖШС-ларды қайта жасақтау жария компанияларға қатысты қолданылмайды.



ҚМГ Қазақстан Үкіметінің бастамасымен «Самұрық-Қазына» АҚ тарапынан әзірленген Трансформация бағдарламасына 2015 жылдың қаңтар айында ресми түрде қосылды. Бағдарламаның мақсаты қаржылық және өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, бейінді бизнес пен стратегиялық активтерді дамыту болып табылады.

2018-2021 жылдарға арналған Трансформация бағдарламасының Жарғысы мен Жол картасы 2018 жылы бекітілді. Оған сәйкес ҚМГ трансформациялау жобалары бірнеше Бастама бойынша топтастырылды:

### 1-БАСТАМА

«Реинжиниринг және бизнес-үдерістерді цифрландыру» 28 жобаны қамтиды: 9 жоба жүйелік-әдіснамалық (БАҚ), 6 өндірістік цифрлық емес, 13 өндірістік цифрлық өзгерістер. Жобалар тізбегі олардың аяқталуына және жаңаларымен толықтырылуына орай өзгертін болады.

Бағыттың ең ірі жобасы ҚМГ-нің корпоративтік орталығы мен ҚМГ қызметінің 3

- Реинжиниринг және бизнес-үдерістерді цифрландыру;
- Заң құрылымын оңайлату;
- Адамдарды трансформациялау;
- Өзгерістерді басқару мен жобалық тәсілдемені енгізу.

негізгі бағытында, атап айтқанда: «Барлау, өндіру және мұнай сервистерінде», «Мұнай тасымалдауда, өңдеуде және маркетингінде», сондай-ақ «Газ тасымалдауда және маркетингінде» жұмыс істейтін 6 негізгі еншілес өндірістік компанияларды біріктіретін «Негізгі бизнес-функцияларды трансформациялау және ERP енгізу» болып табылады. Жобаны автоматтандыру бөлігінде 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап жалғастыру жоспарланып отыр.

2018 жылы «Тәуекелдерді басқарудың жаңа үлгісін енгізу: ішкі бақылау жүйесін жетілдіру және қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін енгізу» бастамасы аяқталды (толығырақ 130 бетінде). Тәуекелдерді басқарудың жаңа үлгісі үдерістік тәуекелдердің уақытылы алдын-алуды қамтамасыз етіп, бизнес-үдерістердің айқындылығын арттыруға, сондай-ақ операциялық тиімсіздік аймағын жоюға мүмкіндік береді.

2018 жылы SAP PPM бағдарламалық өнім негізінде «ҚМГ-де инвестициялар портфельін басқарудың жаңа үлгісін енгізу» жобасы аяқталды. Жоба аясында ҚМГ-нің портфельді басқаруға көшуі қамтамасыз етілді. Ол ҚМГ-нің еншілес тәуелді ұйымдары/дивизиондарынан инвестициялық жобалардың пулын жинауға және ҚМГ-нің өзге күрделі салымдарға жұмсалатын шығындары мен Компанияның қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, жылына бір рет барынша тиімді жобаларды таңдауға (басымдықтарды белгілеуге) мүмкіндік береді. SAP PPM-ті іске асыру мақұлданған бюджеттерді бақылау тиімділігін артты-

### 2-БАСТАМА

«Заң құрылымын оңайлату» ҚМГ-нің екі деңгейлі басқару құрылымына көшуінен тұрады. Бірінші деңгейде бірыңғай корпоративтік орталық қалса, екінші деңгейде еншілес және тәуелді ұйымдар қалады. Бұл өз кезегінде Компанияда басқару деңгейін жоғарлатып, шешімдерді тиімді қабылдауға себептеседі. Аталған мақсатқа субхолдингтерді жою, активтерді жүзеге асыру, бірқатар бейінді емес және стратегиялық емес активтер құрамынан шығу арқылы қол жеткізу жоспарланып отыр.

руға, жобаларды табысты жүзеге асыру үшін ҚМГ корпоративтік орталығының уақытылы шешімдер қабылдауына және сапалы бақылауға бағытталған.

1-бастаманың маңызды жобасы «Сатып алуларды санаттық басқаруды енгізу» болып табылады. Санаттық басқару қосымша құндылықтарды іздеу, экономикалық тиімділікті, меншіктің жиынтық құнын бағалауды арттыру және жеткізілімдердің барлық тізбегі бойынша шығындарды қысқарту дегенді білдіреді.

Сатып алу стратегияларын жүзеге асыру компания үшін аса тиімді болып табылады. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласында компаниялар тобына арналған автокөлік қызметтерін сатып алу барысында 546 млн теңге көлемінде экономикалық тиімділікке қол жеткізіліп отыр. Сору-компрессорлық құбырлар бойынша жобаны енгізуден де түскен қаражат ауыз толтырып айтарлық – 1,3 млрд теңге. Барлық кезеңде 4 сатып алу санаттық стратегияларды жүзеге асырудан түскен пайда 2,6 млрд теңгені құрады.

2018 жылы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-тағы (ҚМГ БӨ) ҚМГ-нің үлесін кері сатып алу бойынша жоба аяқталды. Нәтижесінде ҚМГ-нің үлесі 99,6%-ке дейін өсті. 2018 жылдың мамыр айында ҚМГ БӨ жаңандық депозитарлық қолхаттары мен жай акциялары Лондон және қазақстандық қор биржасының тізімінен алынып тасталды. Біріктіру аясында ҚМГ БӨ субхолдинг «Барлау, өндіру және мұнай сервисі» дивизионының корпоративтік орталығының құрамына кірді. Сонымен қатар, 2018 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ субхолдингін ҚМГ-мен біріктіру бойынша жұмыстар басталды.

**3-БАСТАМА**

«Адамдарды трансформациялау» корпоративтік мәдениетті өзгертуге және көшбасшылықты дамытуға, қызметкерлердің біліктілік талаптарына міндетті сәйкестігін қамтамасыз етуге және 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін мақсатты үдерістерді енгізуге бағытталған.

**4-БАСТАМА**

«Өзгерістерді басқару мен жобалық тәсілді енгізу» ҚМГ-нің 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін басқару қағидалары мен мәдениетін енгізу есебінен өзгерістерді және жобаларды басқаруда жаңа деңгейіне қол жеткізуін мақсат етіп қояды.

**ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Бизнесті трансформациялау және құрылымдарды оңтайландыру (2-бастама - «Заң құрылымын оңайлату») аясындағы аса маңызды үдерістердің бірі - бұл активтерді жекешелендіру, ең бірінші кезекте бейінді емес активтерді жекешелендіру болып табылады.

2015 жылғы желтоқсанда ҚР Үкіметі 2016-2020 жылдарға арналған жекешелендіру бойынша кешенді жоспарды бекітті. «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының жекешелендірілетін кәсіпорындар тізіміне 73 компания енді.

Жекешелендірудің кешенді бағдарламасының іске асырылу кезеңінде 63 компания бойынша іс-шаралар орындалды. Олар не жүзеге асырылып, не жойылды, не қайта құрылды. Жүзеге асыру сомасы 59,6 млрд теңгені құрады.

2018 жылы 7 актив жүзеге асырылды. Жекешелендіруден түскен қаржы 23,2 млрд теңгені құрады.

Жекешелендіру жоспарына енгізілген қалған активтер бойынша сатылым алды дайындық рәсімдері мен жою рәсімдері, тәуелсіз бағалаушыларды шақыру арқылы бағалау іс-шаралары жүргізіліп, жүзеге асырылу әдістері анықталуда.

2018 жылғы қарашада ҚМГ Директорлар кеңесі акциялары тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ге тиесілі, ҚМГ Тобының активтер құрылымынан толықтай алынуы тиіс 37 компанияның қосымша тізімін бекітті.

Аталған бағдарлама аясында 2018 жылы 3 актив жүзеге асырылды/қайта құрылды. «ҚМГ-Retail» ЖШС-н 60 512 млн теңгеге жүзеге асыру бойынша сауда-саттық ұйымдастырылды.

# ЦИФРЛАНДЫРУ

## СТРАТЕГИЯ

« 2018-2028 жылдарға арналған Стратегияға сәйкес ҚМГ қызметінің тиімділігін арттыру құралдарының бірі – бұл бүкіл Компания бойынша бірыңғай корпоративтік үлгі негізінде басты қамтамасыз ету үдерістерін үйлестіру және автоматтандыру болып табылады. Өз кезегінде бұл ҚМГ-де бірыңғай құн құрау тізбегін қалыптастырып, оны «өрттейтін» орындарды анықтауға және ҚМГ Компаниялар тобында айқын әрі тиімді трансферттік баға белгілеу үшін тиісті қормен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. »

ҚМГ цифрландыру бойынша жобаларды 2015 жылдан бастап, Трансформация бағдарламасы іске қосылған сәттен бері жүзеге асырып келеді. Олар Компания бизнесінің барлық сегменттерінде тиімділікті арттыруға бағытталған.

Мұнай өндіруде ең табысты цифрлық жоба «Интеллектуалды кен орындары» болды. Жоба аясында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның УАЗ кен орнында өндірістің барынша тиімділігін қамтамасыз ету үшін мұнай-газ кәсібін басқару жүйесі енгізілді. Ал 2016 жылы пайдалануға беру кезінде пилоттық тәртіпте жоба өзінің тиімділігін көрсете білді. Атап айтсақ, электр энергиясын тұтыну 10-15%-ке, ұңғымалардың жөндеу жұмыстарына жұмсалатын салыстырмалы шығын 8-10%-ке төмендеді. 2018 жылы жоба «Ембімұнайгаздың» Жаңаталап және Батыс Мақат кен орындарында кеңейтіле жалғасты. 2019 жылы Батыс Молдабек кен орнында да енгізілмек (1-ші кезең). 2017 жылдан бастап жобаны «Қазгермұнайгаз» БК ЖШС-ның Ақшабұлақ, Нұралы, Ақсай кен орындарында енгізу және өрістету жүргізілуде.

Өңдеу сегментінде Павлодар және Атырау мұнай өңдеу зауыттарының ұлғайтылған пайдаланудың жөндеуаралық кезеңіне көшуі бойынша жоба жүзеге асырылуда. Ол техникалық қызмет көрсетудің қажетті деңгейін, МӨЗ жабдықтарының сенімділігі мен механикалық тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған. Автоматтандыру және жаңа басқару үдерістерін енгізу есебінен зауыттың жоспарлы күрделі жөндеу жұмыстарын үш жылда бір рет жүргізу мүмкін болады, тиісінше, өндіріс сирек тоқтатылатын бола-

ды. Жобаның қорытындысы бойынша жабдықтардың сенімділігі 8-10% -ке, жөндеу құны 10% -ке дейін азайып, өңдеу көлемі әр зауыт үшін орта есеппен жылына 300 мың тоннаға өседі деп күтіледі. Сондай-ақ, жоба қойма қорларын 25% -ға төмендетуге және жабдықтардың жоспардан тыс тоқтап қалуы мен апаттық жұмыстар көлемін азайтуға мүмкіндік береді.

Мұнай тасымалдауда цифрландырудың ең негізгі жобаларының бірі «ҚазТрансОйл» АҚ-ның Бас диспетчерлік басқармасын (БДБ) іске қосу болып табылады. Жобаны жүзеге асырудың арқасында компания республиканың 11 облысындағы мұнайдың жүк ағындарын Нұр-Сұлтаннан тікелей басқаруға және мұнайдың тұрақты әрі қауіпсіз тасымалдануын қамтамасыз етуге мүмкіндік алды. БДБ-да мұнайды алу және өткізуді бақылау, мұнайды Ақтау портында және теміржол эстакадаларында құю онлайн режимде жүргізіледі.

«Газ тасымалы және маркетингі» сегментінде 2018 жылы «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-да газды есепке алу және сатудың ақпараттық жүйесі өнеркәсіптік қолданысқа енгізілді.

«ҚазТрансГаз» АҚ 2018 жылы газ саласында блокчейн технологиясын пайдалана бастады. Аталған технология газ құбырларын


жөндеуді және оларға қызмет көрсетуді бақылауды жеңілдетеді, оларды пайдалануда қауіпсіздік деңгейін едәуір арттырып, ресурстар шығынын қысқартады (толығырақ 75 бетте).

2018 жылы Атырау және Павлодар мұнай өңдеу зауыттарында оңтайландырылған жоспарлау жүйесі мен Spiral мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету енгізілді. Жобаның басты мақсаты – мұнай өңдеу зауыттарының бәсекеге қабілеттіліктерін жоғарлату, өндірісті жоспарлаудың оңтайландырылған жүйесін енгізу есебінен

мұнай өнімдерінің шығарылымын жақсарту болып табылады.

АМӨЗ бен ПМХЗ-да Spiral бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу қазірдің өзінде жоспарлау үдерісінің нақтылығы мен айқындылығының артуы, өңдеу тереңдігінің ұлғаюы, пайдаланылатын отын мен шығындардың азаюы, шикізатты өңдеуге берушілер түсімінің көбеюі сияқты оң нәтижелер беріп отыр. МӨЗ-дегі өндірістің барлық ай сайынғы жоспарлары Spiral-ды қолдану арқылы қалыптасады. 2019 жылы жоба «ПҚОП» ЖШС-де (Шымкент МӨЗ) жүзеге асырылатын болады.

## «ЦИФРЛЫҚ ӨНДІРІС» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ



ҚМГ-ні цифрландыру бойынша ағымдағы портфельде 13 жоба бар. Алайда, бұл көрсеткіш жаңа бастамалардың әзірленіп, іске қосылуына байланысты өзгеріп отырады.



# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

## БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



### ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, ӘРІПТЕСТЕР ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТЕР!

2018 жылдың қарашасында ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен, мен «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалдым. Ұзақ уақыттан бері мен осы компаниямен үзбей байланыстамын: негізгі акционер – «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ өкілі ретінде директорлар Кеңесінің мүшесі болдым, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ны басқардым, Маңғыстау облысының басшысы болдым. Сол өңірдің дамуында, ҚМГ-ның басты өндірістік активі – «Өзенмұнайгаз» маңызды рөл атқарады. Осы тәжірибе, «ҚазМұнайГаз»-дың күшті жақтарын да, әлсіз тұстарын да ескере отырып, әріқарайғы жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Басқарма төрағасы ретінде, мен барлық стейкхолдерлердің мүдделерінде оның дамып-өркендеуіне жан-жақты жәрдемдесуге дайынмын. «Самұрық-Қазына» ҚМГ алдында бірқатар өршіл мақсаттарды міндет қойды, оның ішінде Компанияның қаржылық орнықтылығын едәуір арттыру, қарыз жүктемесін төмендету және операциялық көрсеткіштерді жақсарту. Бүгінгі күні «ҚазМұнайГаз»-дың өткен жылғы нәтижелері негізгі акционердің күтілімдеріне толық шамада жауап беретіндігін тұжырымдауға болады. 2018 жылы Компанияның жаңа қаржылық мүмкіндіктерін ашып, әріқарайғы өсу келешегін қалыптастыратын бірқатар оқиғалар орын алды. Мәселен, 2018 жылдың

қыркүйегінде Қарашығанақ жобасы бойынша әріптестер Қарашығанақ қайта өңдеу кешенінің газы бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау жобасын бекіту туралы келісімге қол қойды (СПОГ жобасы). СПОГ жобасы жылына 4 млрд текше метрге дейін шикі газды қосымша өңдеуге және ОСРП әрекет ету мерзімінің аяқталуына дейін қосымша 10 млн тонна сұйық көмірсутектерді өндіруге мүмкіндік береді. Жобаны пайдалануға беру 2021 жылдың аяғына жоспарланған.

2018 жылдың қазанында «ҚазТрансГаз» АҚ және PetroChina International Company Limited Қытайға қазақстандық газды экспорттауды жылына 5 млрд текше метрден 10 млрд текше метрге дейін ұлғайту бойынша ұзақ мерзімді келісімшартқа қол қойды. ҚХР-ға газды экспорттау ҚМГ компаниялар тобына елеулі кірістер беріп қана қоймай, сондай-ақ газды ішкі нарыққа жеткізудің шығындарын да жабады. Ірі газ құбырларының қазіргі даму қарқындары жағдайында біз газ-көлік жүйесінің 2030 жылы емес, 2023 жылы-ақ өтелетіндігін болжап отырмыз.

Елеулі жетістік ретінде мұнай өңдеуші зауыттардың жаңғыртылуын аяқтауды атап өтуге болады, осының арқасында біздің МӨЗ зауыттарымызда «Еуро-4» және «Еуро-5» стандарттарына сай келетін К4-К5 экологиялық санаттағы отын өндіріледі. Өндіріс көлемдері ұлғайды, мұнай өнімдерінің себеті жақсарды, бұл мұнай өңдеуден түсетін экономикалық табысты арттыруға мүмкіндік береді. Ақшыл мұнай өнімдерінің қосымша көлемі ішкі нарықтың қажеттілігін толықтай қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, және де оларды нарықтық бағалар бойынша Қазақстаннан тыс экспорттау мүмкіндігі де туды. Бұл ретте МӨЗ-ді жаңғырту жұмыс істеп тұрған өндірісте жүргізілгендігін атап өту қажет. Шикізатты қайта өңдеуді тоқтатпай, бүкіл үлкен жұмыстар көлемін жүргізу – технологиялық тұрғыдан оңай емес, бірақ «ҚазМұнайГаз» алға қойылған міндетті абыроймен орындап шықты. Атырау МӨЗ-де хош иісті көмірсутектерді өндіру кешенін іске қосумен қатар жаңғырту нәтижелері бойынша өндірілетін бензолға қоса параксилол өндірісі қосылды. Аталмыш өнімдер ішкі нарықтың жоғары сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ оларды жақын және алыс шетелдерге жеткізу мүмкіндігі де туындайды.

Компанияның трансформациясы, оның ішінде «ҚазМұнайГаз» өтетін цифрлық трансформациясы құнды қалыптастырудың бүкіл тізбегіне қатысты – жаңа қорларды іздеуден бастап, кен орындарды пайдалануға дейін, мұнай өнімдерін өңдеуден, оларды сатуға дейін. Бұл ретте цифрландыру Компаниядағы құрылымдық, ұйымдастырушылық өзгерістерсіз мүмкін болмас. Бизнесі қайта ұйымдастырмаса, тек ақпараттық жүйелердің арқасында ғана нәтижеге қол жеткізуге болмайды. Қазіргі уақытта «ҚазМұнай-

Газ» жаңа операциялық модельге өтуде, активтерді басқарудың деңгейлер саны төмендейді, бэк-офистерге арналған үдерістік модельдер әзірленіп жатыр. Барлық шаралар ҚМГ-ны заманауи, иілімді әрі нарық талаптарына дереу жауап беретін компанияға айналдыруға мүмкіндік береді.

Біз бірнеше кәсіпшіліктерде интеллектуалды кен орнының цифрлық технологиясын сәтті енгіздік, ол мұнайдың ағып кету орындарын дереу анықтауға, ақаулықтардың себептерін анықтау сапасын жақсартуға, өндірістік жабдықты бақылауға, өндіруші және айдаушы ұңғымалардың тиімділігін жоғарылатуға, сондай-ақ пайдаланушылық шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді. Енді цифрландыру тасымалдау үдерісіне де енгізілген. 2018 жылдан бастап, «ҚазТрансОйл»-дың басты диспетчерлік басқармасы онлайн-режимде мұнайды қабылдау мен тапсыруды жүргізеді, МӨЗ-ден шикізатты жеткізуді жүзеге асырады, көмірсутектерді сыртқы нарықтарға экспорттады, Ақтау портында мұнай құюды жүргізеді. Цифрлық жоба технологиялық үдерістің өндірістік қауіпсіздік деңгейін жоғарылатуға, апаттық жағдайлардың туындау тәуекелдерін азайтуға және жабдықтың апаттық тоқтап тұру уақытын төмендету есебінен пайдаланушылық шығындарды азайтуға, ақаулықтарды уақытылы анықтауға мүмкіндік береді.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ Басқарма төрағасының орынбасары бола тұра, мен өзім «ҚазМұнайГаз»-дің 2018 жылы қауіпсіздік саласындағы жеткен үздік нәтижелерін көрдім. Компанияның тарихында алғаш рет 12 ай мерзім ішінде еңбек қызметімен байланысты өлім жағдайлары бойынша нөлдік көрсеткішке қол жеткіздік. Жұмыс уақытын жоғалтылатын жазатайым жағдайлардың саны (еңбек қызметімен байланысты жарақат нәтижесіндегі бір күннен астам кезеңде) 2017 жылмен салыстырғанда 35%-ке төмендеген. Осының барлығы Компанияда әр жыл сайын қауіпсіздік мәдениетінің жоғарылауы мен нығаюы жайлы көрсетеді. Бүгін біз барлық бастамалардың ашық әрі тәзбекті қаржылық бақылауын енгізуді, әділ бағалап, шешімдердің нұсқаларын ұсынуға мүмкіндік беретін тиімді тәуекел-менеджментті жүргізуді жалғастырып, жұмыс істеп жатырмыз. Қазіргі мұнай бизнесінің шынайылығында одан да тиімді, қауіпсіз, әрі технологиялық жабдықталуы жоғары, активтерінің портфелі иілімді компанияға айналуымызға ұмтылу, шешімдерді тез қабылдау, қаржылық тұрғыдан тұрақты болып қала беру және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін сақтау біз үшін аса маңызды.

#### ӘЛІК АЙДАРБАЕВ

ҚМГ Басқарма төрағасы

# ҚМГ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҮЛГІСІ

ӨНДІРІС ФАКТОРЛАРЫ



## МҰНАЙ ЖӘНЕ КОНДЕНСАТ ӨНДІРУ

**23 606** мың тонна  
**484,2** тәулігіне мың барр

### ТАБИҒИ ЖӘНЕ ИЛЕСПЕ ГАЗ ӨНДІРУ

**8 137** млн м³

### ДӘЛЕЛДЕНГЕН ЖӘНЕ ЫҚТИМАЛ ҚОРЛАР

**668,2** млн тонна мұнай және конденсат  
**414,3** млрд м³ табиғи газ



## МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

**75 038** мың тонна

## ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ

**111 567** млн м³



## МҰНАЙ ӨНДЕУ

**19 715** мың тонна



## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ

**83 116** мың

• **24 091**

барлау және өндіру сегментінде

• **14 787**

өңдеу және маркетинг сегментінде

• **21 707**

тасымалдау сегментінде

• **22 531**

мұнай сервисі және т.б. қызмет

2018 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ

### МҰНАЙ ЖӘНЕ КОНДЕНСАТ ӨНДІРУ

**23,6** млн тонна мұнай және конденсат

**8 317** млрд м³ табиғи және илеспе газ

### МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ САТЫП АЛУ

**2,9** млн тонна мұнай және конденсат

**23,3** млн м³ товарлы газ

### МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН САТЫП АЛУ

**2.4** млн тонна

### МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

	млн тонна
«ҚазТрансОйл» АҚ	45 309
«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС	7 999
«МұнайТас» Солтүстік-Батыс Құбыр компаниясы» ЖШС	1 978
Каспий құбыр желісі консорциумы	12 675
«ҚазТеңізКөлікФлоты» ҰТКК	7 077

Экспорт **52%** Транзит **18%** Ішкі нарық **30%**

### ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ

	млрд м³
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	80,1
«Азия газ құбыры» ЖШС	24,6
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС	4,2
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	2,6

Экспорт **18%** Транзит **67%** Ішкі нарық **14%**

### ӨНДЕУ

**9 066** мың тонна ҚМГ мұнайын өңдеуге жеткізу

**13 038** мың тонна мұнайды үшінші жақтан жеткізу

### МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ ТҮРЛЕРІ БОЙынША

**6 570** мың тонна дизель отыны

**4 853** мың тонна бензин

**2 378** мың тонна мазут

**826** мың тонна сұйытылған газ

**759** мың тонна вго

**2 948** мың тонна басқалары

### МҰНАЙ, ГАЗ, МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

**16 744** мың тонна шикі мұнай экспорты

**6 991** мың тонна шикі мұнайдың ішкі нарықтағы сатылымдары

**707** мың тонна мұнай өнімдерінің экспорты

**2 188** мың тонна мұнай өнімдерінің ішкі нарықтағы сатылымдары

**8 917** млн м³ тауарлық газдың экспорты

**13 999** млн м³ тауарлық газдың ішкі нарықтағы сатылымдары

СЕГМЕНТ АКТИВТЕРІ

- «Теңізшевройл» ЖШС 20%
- «Қарашығанақ Петролеум Операйтинг Б.В.» 10%
- «Норт Каспиан Оперейтинг Компани» 8,44%
- «Өзенмұнайгаз» АҚ 100%
- «Ембімұнайгаз» АҚ 100%
- «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 50%
- «СП «Қазгермұнай» БК» ЖШС 50%
- «Қаражанбасмұнай» АҚ 50%
- «ПетроҚазақстан Инк.» АҚ 33%
- «Қазақтүрікмұнай» ЖШС 100%
- «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС 50%
- «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» ЖШС 100%

- «ҚазТрансОйл» АҚ 90%
- «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС 50%
- «МұнайТас» ЖШС 51%
- «Батум мұнай терминалы» ЖШҚ 100%
- «ҚазТрансГаз» АҚ 100%
- «Интергаз Орталық Азия» АҚ 100%
- «Азия газ құбыры» ЖШС 50%
- «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ 100%
- «Бейнеу-Бозой-Шымкент» Газ құбыры 50%
- НМСК «Қазтеңізтасымалфлоты» 100%
- Каспий құбыр желісі консорциумы 20,75%

- «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС 100%
- «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС 99,53%
- «ПҚОП» ЖШС 49,72%
- ҚМГ International N.V. 100%
- «Caspi Bitum» БК» ЖШС 50%

### ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ БАСҚА КОМПАНИЯЛАР

- «KMG Drilling & Services» ЖШС 100%
- «Oil Services Company» ЖШС 100%
- «Oil Construction Company» ЖШС 100%
- «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС 100%
- «Маңғыстау энергия мұнай» ЖШС 100%
- «Мұнайтелеком» ЖШС 100%
- «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС 100%
- «ӨзенМұнайСервис» ЖШС 100%
- «ТеңізСервис» ЖШС ≈49%
- «KMG Systems & Services» ЖШС 49%
- «PSA» ЖШС 100%
- «ӨБТ F3I» ЖШС 100%

# ҚОРЛАР МЕН ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ

## СТРАТЕГИЯ

« 2018-2028 жылдарға арналған Стратегияға сәйкес қорлардың өсімін қамтамасыз ету үшін органикалық өсу шеңберінде жоспарланған іс-шаралар:

- қолданыстағы келісімшарттық аумақтарда өз қаражаты есебінен геологиялық барлау жүргізу және «сағу қаржыландыру»;
- Компанияның өз қаражаты есебінен операциялық активтерде толық барлау жүргізу;
- стратегиялық серіктестерді терең палеозойлық қабаттарға және теңіз кен орындарына назар аударатырып, «сағу қаржыландыру» шарттарында жаңа кен орындарын бірлесіп барлау және игеру үшін тарту.

Бейорганикалық өсім шеңберінде ҚР аумағында мұнай-газ активтерін сатып алу мүмкіндіктері қарастырылуда.




Мұнай қорларының өсімін органикалық және бейорганикалық өсу жолдары арқылы қамтамасыз ету жоспарланған. ҚМГ Қорларды арттыруды құрлық пен

Каспий теңізінің қазақстандық секторында геологиялық барлау жобаларын жүзеге асырумен, ал кейінірек еншілес компаниялардың лицензиялық блоктарын толықтай барлаумен байланыстырады.


## БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

- Маңғыстау облысында орналасқан Бейнеу учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығы алынды.
- «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ-пен Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан Жеңіс алаңында жер қойнауын пайдалану құқығын алу мақсатында Бірлескен қызмет туралы келісім және Қаржыландыру туралы келісім жасалды.
- Жер қойнауын пайдалану үшін төрт жаңа перспективалық жобалардан тұратын портфель дайындалды, бұдан бөлек 2017 жылы үш перспективалық жобаға ҚМГ Инвестициялық комитеті қарау үшін толық құжаттар пакеті дайындалды.

## МҰНАЙ ЖӘНЕ КОНДЕНСАТ ҚОРЫ (А,В,С1), МЛН ТОННА



## ТАБИҒИ ГАЗ ҚОРЫ (А,В,С1), МЛРД М³



ҚМГ портфелі негізінен жетілген кен орындарынан тұрады, соның салдарынан ресурстық қор біртіндеп сарқылуда. Ал, бұл жұмыс сапасы мен тиімділігін арттыруға, ресурстарды толықтыру бойынша шешімдер іздеуге, жаңа қорлар дайындауға және оларды толық барлау нәтижелері бойынша жаңа кен орындарында да, жетілген кен орындарында да өңдеуге алып келеді. Компания геологиялық барлау саласында перспективалық идеяларды іздеумен айналысады.

Бұдан бөлек, ҚМГ «ҚазМұнайГаз Өндіру және барлау технологиялары» ҒЗИ-мен бірлесе отырып, жер қойнауын пайдалануға арналған перспективалық блоктар портфелін дайындау үшін Каспий маңы, Үстірт-Бозашы және Маңғышлақ бассейндерін зерттеуде.

2018 жылдың 31 желтоқсан айындағы жағдай бойынша ҚР Мемлекеттік пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі комиссиясының стандарты бойынша ҚМГ-нің сұйық көмірсутек қорлары (қатысу үлестері ескерілген) 668 млн тоннаны (5 077 млн барр. м.б.), табиғи газды есепке алғанда 7 811 млн барр. м.б. құрады.

Компания көмірсулар қорлары бойынша есептіліктің халықаралық стандартына көшуге жоспарлап отыр.

ҚМГ Компаниялар тобының дәлелденген көмірсутек қорлары өткен жылмен салыстырғанда 2%-ке немесе 14,7 млн тоннаға (112 млн барр.м.б.) азайған. Мұнай мен газ конденсаты қорларының осылайша азаюы негізінен жылдық өндіру есебінен, сондай-ақ Прибрежное жобасы бойынша келісімшарттың қайтарылуына орай орын алған.

**625,8** МЛН ТОННА

2018 жылғы мұнай қоры

**42,4** МЛН ТОННА

2018 газ конденсатының қоры

**414,3** МЛН ТОННА

2018 жылғы табиғи газ қоры

**7 811,2** МЛН БАРР. М.Б.

2018 жылғы сұйық көмірсутектер қоры

Қорлар (А,В,С1)	Өлшем бірлік	2016	2017	2018
Мұнай	млн тонна	667,2	639,7	625,8
Газ конденсаты	млн тонна	44,9	43,2	42,4
Барлығы (мұнай және газ конденсаты)	млн тонна	712,1	682,9	668,2
Табиғи газ	млрд м³	430,7	418,8	414,3
<b>Барлығы</b>	<b>млн барр. м.б.</b>	<b>8 254,5</b>	<b>7 954,1</b>	<b>7 811,2</b>

## 2018 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕР РЕЗЕРВІНДЕГІ ҚОРЛАР (А, В, С1)

млн тонна	2016	2017	2018
<b>ҚМГ операциялық активтері</b>	<b>373,6</b>	<b>361,8</b>	<b>355,1</b>
Өзенмұнайгаз (100%) + ҚазГӨЗ (100%)	127,1	121,7	122,9
Ембімұнайгаз (100%)	74,4	74,5	75,9
Қаражанбасмұнай (50%)	21,5	20,4	19,4
Қазгермұнай (66.5%)	15,2	13,8	12,1
ПҚҚР (33%)	6,7	6,5	5,7
Орал oil and gas (50%)	5,5	5,5	5,5
ПҚИ - Көлжан (33%)	2,9	3,2	3,1
Торғай Петролеум (16.5%)	1,9	1,8	1,75
ПҚИ - ПҚВИ (24,75%)	0,5	0,4	0,5
Маңғыстаумұнайгаз (50%) + Степной Леопард (50%)	68,9	65,7	63,1
Қазақойл Ақтөбе (50%)	25,7	25,4	25,1
ҚазМұнайТеңіз (25%)	6,9	6,9	6,9
Қазақтүрікмұнай (100%)	7,1	6,7	6,3
Урихау Оперейтинг (100%)	6,3	6,3	6,3
Прибрежное (50%)	2,5	2,5	0,0
Амангельді Газ (100%)	0,5	0,5	0,47

## ТЕҢІЗ БЕН ҚҰРЛЫҚТАҒЫ ҚОРЛАР ҚҰРЫЛЫМЫ, МЛН ТОННА

# 589

# 79


● Теңіздегі қорлар

● Құрлықтағы қорлар

## МҰНАЙ МЕН КОНДЕНСАТ ҚОРЛАРЫН ТОЛТЫРУ КОЭФФИЦИЕНТІ

2016 жылы	2017 жылы	2018 жылы
32%	-24%	38%

## МҰНАЙ МЕН КОНДЕНСАТ ҚОРЛАРЫН ТОЛТЫРУ (ҚМГ ҮЛЕСІ ЕСКЕРІЛГЕН), МЛН ТОННА



● Шығарылатын дәлелденген мұнай мен конденсат қорларының өсімі

● Мұнай мен конденсат өндіру

## ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ

ҚМГ қорларды арттыруды құрлық пен Каспий теңізінің қазақстандық секторында геологиялық барлау жобаларының ресурстық әлеуетімен байланыстырады.

Геологиялық барлауды ынталандыруға бағытталған Салық кодексі мен жер қойнауын пайдалану туралы заңнамаға енгізілген өзгерістерді есепке ала отырып, ҚМГ Каспий теңізінде жер қойнауын пайдалану құқығын алу бойынша серіктестермен жұмыс жүргізуде. ҚМГ мен ЛУКОЙЛ арасында жасалған мәміленің шеңберінде екі компания да Жеңіс учаскесінде көмірсутектерді барлау мен өндіруге ҚР Энергетика министрлігімен келісімшарт жасасуды жоспарлап отыр.

ҚМГ шетелдік серіктестермен бірге Каспий блоктарында, оның ішінде Хвалыньское, Центральная, Жемчужины, Исатай және т.б. учаскелерде геологиялық барлау және зерттеу жұмыстарының кешенін жүргізуде.

2018 жылы келісімшарттық аумақтарда жоспарланған сейсмологиялық барлау және бұрғылау жұмыстары жүзеге асырылып келді, жер қойнауын пайдалануға арналған жаңа келісімшарттарға қол қоюға

дайындық жұмыстары жүргізілді. «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындары бойынша мұнай қорларын ұлғайту мақсатында іс-шаралар жоспарымен егжей-тегжейлі қайта барлау бағдарламасы дайындалды.

ҚМГ Даму стратегиясының орындалуын қамтамасыз ету шеңберінде мұнай-газ әлеуетін бағалау және жер қойнауын пайдалану үшін перспективалық блоктардың портфелін дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының шөгінді бассейндерін кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілуде. 2018 жылы Оңтүстік Торғай шөгінді бассейнінің құрылымдық-тектоникалық-седиментациялық үлгілерінің және Каспий маңы шөгінді бассейнінің борттық учаскелерінің (Солтүстік, Шығыс және Оңтүстік) құрылысы аяқталды. Жер қойнауын пайдалануға арналған төрт жаңа перспективалық жобалардың портфелі дайындалды, сонымен бірге 2017 жылы әрі қарайғы басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ҚМГ Инвестициялық комитетінің қарауына үш перспективалық жоба бойынша толық құжаттар пакеті дайындалды.

ГБЖ	2016	2017	2018
Бұрғыланған барлау ұңғымаларының саны, бірл.	28	50	54
2D сейсмосбарлауы, мың кума км <sup>2</sup>	2 000	-	1 000
3D сейсмосбарлауы, мың км <sup>2</sup>	2 097	4 299	1 253
Ашық кен орындары	-	-	-



# МҰНАЙ МЕН ГАЗ ӨНДІРУ

## СТРАТЕГИЯ

« 2018-2028 жылдарға арналған Стратегияға сәйкес операциялық активтердегі өндіріс деңгейінің табиғи төмендеуін өтеу мақсатында ҚМГ өндірістік қызметтің тиімділігі мен технологиялық тәртіпті күшейту, құбырлардың барынша өнімділігіне қол жеткізу мақсатында қозғалмайтын қорларды тарту, геологиялық-техникалық іс-шаралардың технологиялық және экономикалық тиімділігін арттыру бойынша бірқатар шаралар қолданып отыр. Олар:

- игеріліп жатқан кен орындарын цифрландыру жобасын қаса алғанда өндірістің инновациялық-технологиялық негізін арттыру;
- газ бен суды кәдеге жарату мәселесін шешу арқылы жер бетіндегі инфрақұрылым бойынша шектеулерді алып тастау;
- өндіруші активтердегі мұнай алу коэффициентін арттыру;
- суландыруды басқару тиімділігін жоғарлату;
- полимерлік суландыруды кеңейту;
- операциялық өндіруші активтерде қайта барлау нысандарын пайдалануға беру арқылы жүзеге асырылуда.




Мұнай мен газ өндіруді өндірістік үдерістерді басқаруға ҚМГ тікелей қатысатын операциялық активтер, сондай-ақ ҚМГ-нің қатысу үлесі бар, бірақ өндірістік үдеріске араласпайтын операциялық емес активтер жүзеге асырады.


## БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

- Қарашығанақ серіктестері Қарашығанақ өңдеу кешенінің газы бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау жобасын санкциялау туралы келісімшартқа қол қойды (ГӨША жобасы). Жобаның басты мақсаты – сұйық көмірсутектерді өндіруді барынша арттыру.
- Қарашығанақ кен орнында мұнай өндіру көрсеткіші тәулігіне 343 мың барр. деңгейіне жетті. Бұл шикі газдың жүктеу көлемін жоғарлатудың арқасында мүмкін болып отыр.
- «Қазақойл Ақтөбеде» («Қожасай» кен орны) ілеспе газды пайдаға асыру мәселесі «ҚазТрансГаз» компаниясы қаржыландыратын газ өңдеу қондырғысын іске қосу арқылы шешілді.
- 2016 жылдың 2 шілдесінде Теңіз серіктестері болашақ кеңейту жобаны/сағалық қысымды басқару жобаны қаржыландыру жөнінде соңғы шешімді қабылдады. Бұл жобаның аясында, жылына 12 млн тонна қуаттылығы бар, мұнайды өндеу зауытын және шикі газды кері айдау нысандарын салуы жоспарлауда. Нысандарды пайдалануға беру 2022 жылға жоспарланған. Жоба 53%-ке жүзіге асырылды.


## МҰНАЙ МЕН КОНДЕНСАТ ӨНДІРІСІ, МЫҢ ТОННА



## ГАЗ ӨНДІРІСІ, МЛН М<sup>3</sup>



## ЕСЕПТЕУ ӘДІСІ БОЙынША БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ СЕГМЕНТІНІҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН КҮРДЕЛІ ШЫҒЫНДАРЫ, АҚШ МЛН ДОЛЛ.



## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕР

Entity	Percentage
«Өзенмұнайгаз» АҚ + «ҚазГӨЗ» ЖШС (конденсат) (Өзенмұнайгаз)	100%
«Ембімұнайгаз» АҚ (Ембімұнайгаз)	100%
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (Маңғыстаумұнайгаз)	50%
«Қаражанбасмұнай» АҚ (Қаражанбасмұнай)	50%
«Қазгермұнай» БК» ЖШС (Қазгермұнай)	50%
«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ (ПетроҚазақстан Инк.)	33%
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС (Қазақтүрікмұнай)	100%
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (Қазақойл Ақтөбе)	50%
«Амангелді Газ» ЖШС (конденсат) (Амангелді Газ)	100%

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР (МЕГАЖОБАЛАР)

Entity	Percentage
«Теңізшевройл» ЖШС (Теңіз)	20%
«Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (NOC) (Қашаған)	8,44%
«Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» (Қарашығанақ)	10%

## МҰНАЙ ӨНДІРУ

ҚМГ-нің мұнай мен конденсат өндіру көлемі 2018 жылы 23,6 млн тоннаны (176,7 млн барр.) немесе немесе тәулігіне 484,2 мың барр. құрады. Бұл жоспарлы жылдық

көрсеткіштерден 1,3%-ке көп. Осы орайда операциялық және операциялық емес активтердің үлесі, сәйкесінше, 15,7 млн тоннаны (66%) және 7,9 млн тоннаны (34%) құрады.

### ҚМГ ҮЛЕСІ ЕСКЕРІЛГЕН МҰНАЙ МЕН КОНДЕНСАТ ӨНДІРІСІ

	2018		2017		2016	
	мың. тонна	мың. барр. <sup>5</sup>	мың. тонна	мың. барр.	мың. тонна	мың. барр.
«Өзенмұнайгаз» + ҚазГӨЗ	5 488	39 675	5 488	39 678	5 564	40 228
Маңғыстаумұнайгаз	3 187	23 042	3 178	22 977	3 145	22 738
Ембімұнайгаз	2 895	21 043	2 840	20 647	2 832	20 589
Қазгермұнай	1 354	9 998	1 400	10 338	1 468	10 840
Қаржанбасмұнай	1 081	7 221	1 071	7 154	1 064	7 108
ПетроҚазақстан Инк.	998	7 731	1 077	8 342	1 235	9 566
Қазақтүрікмұнай	376	2 710	387	2 789	292	2 104
Қазақойл Ақтөбе	296	2 220	351	2 633	381	2 858
Амангелді Газ	19	144	21	160	21	160
<b>Операциялық активтер бойынша барлығы</b>	<b>15 693</b>	<b>113 785</b>	<b>15 813</b>	<b>114 718</b>	<b>16 002</b>	<b>116 190</b>
Теңіз	5 724	45 678	5 739	45 797	5 511	43 978
Қарашығанақ	1 095	8 607	1 125	8 843	1 047	8 229
Қашаған	1 094	8 672	686	5 438	79	626
<b>Мегажобалар бойынша барлығы</b>	<b>7 913</b>	<b>62 957</b>	<b>7 550</b>	<b>60 078</b>	<b>6 637</b>	<b>52 833</b>
<b>Барлығы, ҚМГ</b>	<b>23 606</b>	<b>176 741</b>	<b>23 362</b>	<b>174 796</b>	<b>22 638</b>	<b>169 024</b>


ҚМГ Қазақстанда мұнай мен конденсат өндіру бойынша Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған кен орындарындағы, сәйкесінше, 20%, 10% және 8,44% қатысу үлестерімен ең ауқымды үш жобаға қатысады. ҚМГ мегажобаларда мұнай өндіру бойынша

серіктестік ынтымақтастықты «Шеврон», «ЭксонМобил», «Шелл», «Эни», «Тоталь», «Инпекс», Қытай ұлттық мұнайгаз корпорациясы (CNPC), ЛУКОЙЛ сияқты дүниежүзілік аса ірі мұнай алыптарымен бірлесіп жүзеге асырады.

### 2017 ЖӘНЕ 2018 ЖЖ. МҰНАЙ МЕН КОНДЕНСАТ ӨНДІРІСІН САЛЫСТЫРУ, МЫҢ ТОННА

2018		23 606
2017		23 362

### ӨСІМ



2017 жылмен салыстырғанда ҚМГ мұнай мен конденсат өндіру көлемі 244 мың тоннаға немесе 1%-ке (2017 жылы 23 362 мың тонна) артты. Негізгі өсу драйверлері ретінде ірі операциялық емес жобалар болған, олар жиынтық өндірісті ҚМГ үлесінің ескерілуімен 489 мың тоннаға арттырған, бұл келесі факторларға байланысты болды:

- Қашаған: + 408 мың тонна, 2017 жылдың тамыз айында газды кері тартуға, өндіру көлемін біртіндеп үдетуге, теңіз бен жер бетіндегі кешендердің тұрақты жұмысына және бұрын жоспарланған күрделі жөндеуді тоқтатуға байланысты (2019 жылға ауыстырылды).
- Ембімұнайгаз: + 55 мың тонна, жаңа ұңғымалардың және ондағы қосымша өндірістің өсуіне байланысты.



### СОКРАЩЕНИЕ



Бұл ретте жекелеген активтер бойынша мұнай мен конденсат өндірісінің азаюы байқалған:

- ПетроҚазақстан Инк.: - 79 мың тонна, кен орындарында өндіру деңгейінің табиғи түрде азаюына байланысты.
- Қазақойл Ақтөбе: - 55 мың тонна, газды жағу лимиті мен қабатты қысымның төмендеуіне байланысты;
- Қазгермұнай: -46 мың тонна, мұнай өндірісінің табиғи төмендеуінің өсуіне және ілеспе газды жағуды шектеу есебінен ірі газ факторы бар ұңғымалардың тоқтауына байланысты;
- Қарашығанақ: -29 мың тонна, газ конденсаты факторының ұлғаюына, су айдалатын ұңғымалардың өсуіне және «Drizo» жоғары қысымды күкіртті кептіру қондырғысы жұмысының төмендеуіне байланысты;
- Теңіз: -15 мың тонна КТЛ күрделі жөндеу жұмыстарының ұзақтығына байланысты (2018 жылдың 1 тамызынан 9 қыркүйегіне дейін).

<sup>5</sup> Әрбір актив бойынша жеке баррельдеу коэффициенті есептелгенде

**ӨНДІРУШІ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕРДІҢ ПАРАМЕТРЛЕРІ**

ҚМГ операциялық өндіруші активтерінің басым бөлігі өнеркәсіптік пайдаланылуы ондаған жылдар бұрын басталған кемеліне жеткен кен орындарымен берілген. Операциялық басқарудағы ұңғымалардың жалпы қоры 2018 жылы 16 261 бірлікті құраған, оның 11 667 бірлігі ауыспалы ұңғымалар қорының үлесіне келеді. Өткен жылмен салыстырғанда ауыспалы қор ұңғымаларының саны 361 бірлікке немесе 2,2%-ке азайғаны байқалады.

Соңғы үш жыл ішінде мұнай мен конденсат өндіру көлемінің 90%-і ауыспалы ұңғымалар қорында жүргізілетін өндіру жұмыстарының үлесінде.

Өндірілетін мұнайдың техникалық сипаттамалары өңірден өңірге қарай айтарлықтай ерекшеленеді. Ең ауыр мұнай Қаражанбасмұнай кен орнында бір тоннаға 6,68 барр. көлемінде баррельдену коэффициентімен өндіріледі. Ірі операциялық емес жобаларда өндірілетін мұнай одан жеңіл, баррельдену коэффициенті бір тоннаға 8 барр. көлеміне жуық.

**ҚМГ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕРІ, ҰҢҒЫМАЛАР САНЫ, БІРЛ.**

Ұңғымалар саны	2016	2017	2018
Жаңа ұңғымалар	464	541	604
Ауыспалы ұңғымалар қоры	11 841	11 796	11 667
Бос тұратын	456	631	495
Айдағыш	3 627	3 654	3 495
<b>ҚМГ операциялық активтері бойынша барлығы</b>	<b>16 388</b>	<b>16 622</b>	<b>16 261</b>

**ҚМГ АКТИВТЕРІНІҢ ӨНДІРУШІ БАҒЫТТАРЫНЫҢ ПАРАМЕТРЛЕРІ**

	Кеуектілік	Градустық тығыздық	Күкірт құрамы, %	Кен орындарының саны	Жаңа ұңғымалардың орташа дебиті, тн/тәулік	Ауыспалы ұңғымалар қоры ұңғымаларының орташа дебиті, тн/тәулік	Мұнай өткізу коэффициенті, баррель/тонна
Өзенмұнайгаз	0,19	36,51	0,14	2	11,2	4,2	7,23
Ембімұнайгаз	0,27	32,03	0,62	33	12,2	3,7	7,30
ҚазГӨЗ	0,14	57,05	-	4	-	0,9	-
Қаржанбасмұнай	0,30	19,81	1,55	1	3,1	2,2	6,68
Қазгермұнай	0,26	39,95	0,10	5	19,5	28,3	7,38
ПетроҚазақстан Инк.	0,09-0,30	51,25	0,03-0,08	19	11-18,2	0,9-30,4	7,75
Амангелді Газ	0,10-0,24	-	0	3	0,65	1,09	-
Маңғыстаумұнайгаз	0,14	30,77	0,20	15	12	6	7,23
ҚазақойлАқтөбе	0,10	36,12	1,00	2	-	18,6	7,50
Қазақтүрікмұнай	0,14	36,12	3,17	6	-	39,4	7,21



## ГАЗ ӨНДІРІСІ

Табиғи және ілеспе газ өндіру көлемі 2018 жылы 8 137 млн м<sup>3</sup> (53,7 млн барр. м.б.) құрады, оның ішінде 2 483 млн м<sup>3</sup> операциялық активтерінің үлесіне және 5 653 млн

м<sup>3</sup> (69%) операциялық емес активтердің үлесіне келеді. Көлемдер құрылымындағы негізгі үлестер Теңіз бен Қарашығанаққа тиесілі.

### ҚМГ ҮЛЕСІ ЕСКЕРІЛГЕН ГАЗ ӨНДІРІСІ

	2018		2017		2016	
	млн м <sup>3</sup>	мың барр.м.б. <sup>6</sup>	млн м <sup>3</sup>	мың барр.м.б. <sup>6</sup>	млн м <sup>3</sup>	мың барр.м.б.
Өзенмұнайгаз + ҚазГӨЗ	630	4 158	618	4 081	614	4 052
Маңғыстаумұнайгаз	393	2 594	378	2 493	378	2 497
Қазгермұнай	262	1 732	280	1 847	299	1 975
Амангелді Газ	349	2 303	344	2 269	327	2 158
ҚазақОйл Ақтөбе	249	1 643	301	1 987	308	2 030
Ембімұнайгаз	221	1 459	198	1 307	191	1 262
Қазақтүрікмұнай	161	1 063	175	1 156	187	1 233
ПетрҚазақстан Инк.	195	1 290	218	1 438	241	1 593
Қаржанбасмұнай	22	148	18	119	19	126
<b>Операциялық активтер бойынша барлығы</b>	<b>2 483</b>	<b>16 389</b>	<b>2 530</b>	<b>16 697</b>	<b>2 564</b>	<b>16 925</b>
Теңіз	3 125	20 625	3 172	20 395	3 016	19 906
Қарашығанақ	1 891	12 483	1 892	12 490	1 766	11 655
Қашаған	637	4 204	397	2 622	49	321
<b>Мегажобалар бойынша барлығы</b>	<b>5 653</b>	<b>37 312</b>	<b>5 462</b>	<b>36 047</b>	<b>4 831</b>	<b>31 883</b>
<b>Барлығы, ҚМГ</b>	<b>8 137</b>	<b>53 701</b>	<b>7 991</b>	<b>52 743</b>	<b>7 395</b>	<b>48 807</b>

Газ өндіру бойынша мәндер өндірілген газдың нақты көлемін қамтиды және газдың жер қабатына қайта айдалуын есепке ал-


майды. Газды қайта айдау мұнай өндірудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін қабат қысымын сақтау үшін қолданылады.

### 2017 ЖӘНЕ 2018 ЖЖ. ГАЗ ӨНДІРІСІН САЛЫСТЫРУ, МЛН М<sup>3</sup>



<sup>6</sup> мың м<sup>3</sup> = 6,6 баррель мұнай эквивалентін ескере отырып

### ӨСІМ



Газ өндірісінің 2017 жылмен салыстырғанда ұлғаюы Қарашығанақ, Ембімұнайгаз, Маңғыстаумұнайгаз, Өзенмұнайгаз, Амангелді Газ және Қаржанбасмұнай активтеріндегі өндіру көлемінің 299 млн м<sup>3</sup>-ге өсуі арқасында 1,8 %-ті (+ 145 млн м<sup>3</sup>) құрады. Алайда, жыл бойы ҚазГӨЗ, Қазақойл Ақтөбе, Теңіз, Қазгермұнай, ПетроҚазақстан Инк. және Қазақтүрікмұнай компанияларында газ өндіру көлемінің 154 млн м<sup>3</sup>-ге қысқаруы орын алды.

2018 жылы газ өндірісі мегажобалар өндірісін (2017 жылы 4 350 млн м<sup>3</sup>) қоса алғанда 4 568 млн м<sup>3</sup>-ді құрады. 2017 жылмен салыстырғанда ҚМГ тауарлық газ өндірісі 263 млн м<sup>3</sup>-ге немесе 6,1 %-ке кумулятивті артты.

ҚазГӨЗ зауыты өзі өндірген шикізатты өңдеумен қатар, өз бетімен тауарлық газ өндіретін ҚМГ-нің басқа операциялық активтерінен алынған шикізат негізінде тауарлық газ өндіреді.

# 8 137

МЛН М<sup>3</sup>


2018 жылғы табиғи және іліспе газ көлемі

# 4 568

МЛН М<sup>3</sup>

2018 жылғы мегажобалар өндірісі ескерілген тауарлық газ өндірісі

### ҚЫСҚАРТУ



### КАЗГӨЗ-ГЕ ШИКИ ГАЗ ЖЕТКІЗЕТІН ҚМГ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕРІ БОЙЫНША ТАУАРЛЫҚ ГАЗ ӨНДІРІСІ, МЛН М<sup>3</sup>

	2017	2018
Өзенмұнайгаз + КазГӨЗ	540	558
Маңғыстаумұнайгаз	199	207
Қазгермұнай	235	205
Амангелді Газ	339	345
ҚазақОйл Ақтөбе	180	173
Ембімұнайгаз	30	154
Қазақтүрікмұнай	156	143
ПетроҚазақстан Инк.	78	68
Қаржанбасмұнай	0	0
<b>Операциялық активтер бойынша барлығы</b>	<b>1 654</b>	<b>1 766</b>

### ҚМГ ҮЛЕСІ ЕСКЕРІЛГЕН МЕГАЖОБАЛАР БОЙЫНША ТАУАРЛЫҚ ГАЗ ӨНДІРІСІ, МЛН М<sup>3</sup>

	2017	2018
Теңіз	1 847	1 837
Қарашығанақ	878	949
Қашаған	223	301
<b>Мегажобалар бойынша барлығы, ҚМГ үлесі ескерілген</b>	<b>2 651</b>	<b>2 802</b>



## МЕГАЖОБАЛАР

### ТЕҢІЗ

«Теңізшевройл» (ТШО) операторы алып Теңіз кен орнын қамтитын лицензиялық учаскенің аумағында және кішірек, бірақ қорлары бойынша аса ірі Королевское кен орнында жұмыс істейді.

Теңіз мұнай кен орны 1979 жылы ашылды және дүние жүзінде ең ірі әрі ең терең кен орындарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» компаниясы арасындағы «Теңіз шевройл» ЖШС жобасы бойынша келісімшартқа 1993 жылғы 2 сәуірде қол қойылды. Көмірсутектерді барлау мен өндіру лицензиясы ТШО-ға 1993 жылы 40 жыл мерзімге берілген.

ТШО-ның негізгі қызметі – Атырау облысындағы Теңіз және Королевское кен орындарында көмірсутек шикізатын барлау, өндіру және сату. Қазіргі таңда «Шеврон» (50%), «ЭксонМобил» (25%), «ҚМГ» (20%) және «ЛукАрко» (5%) ТШО серіктестері болып табылады.

### ТШО-НЫҢ ӨНДІРІСТІК-ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

	Мұнай өндірісі, млн тонна	Ілеспе газ өндірісі, млн м <sup>3</sup>	Құрғақ газ өндірісі, млн м <sup>3</sup>	Сұйытылған көмірсутегі газының (СКГ) өндірісі, мың тонна	Күкірт өндірісі, мың тонна	Газ толтыру, млн м <sup>3</sup>
2017	28 697	15 860	9 237	1 382	2 566	3 097
2018	28 622	15 625	9 186	1 343	2 574	3 186

2018 жылы ТШО мұнай өндірісі жылдық жоспардан 824 мың тоннаға асып, 28 622 мың тоннаны құрады. 2018 жылы өндірілген мұнай көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 75 мың тоннаға (немесе 0,26%-ке) сәл төмендеді. Бұған 2018 жылдың 1-ші тамызынан 9-ші қыркүйегіне дейін КТЛ зауытының ірі күрделі жөндеу жұмыстарының тым ұзаққа созылуы себеп болды.

Газ өндірісі жылдық жоспардан 1 037 млн м<sup>3</sup>-ге асып, 15 625 млн м<sup>3</sup>-ді құрады. 2018 жылы газ өндірісі 2017 жылмен салыстырған мұнай өндіру көлемінің төмен болуына байланысты 235 млн м<sup>3</sup>-ге (немесе 1,5%-ке) азайды.

### ӨНІМДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КӨЛЕМДЕРІ

Мұнай, мың тонна	28 800
Құрғақ газ, млн м <sup>3</sup>	7 532
СКГ, мың тонна	1 345
Күкірт, мың тонна	2 467

2016 жылдың 5 шілдесінде ТШО серіктестері Болашақ кеңейту жобасы/ Сағалық қысымды басқару жобасын қаржыландыру туралы соңғы шешім қабылдады. Оның шеңберінде қуаттылығы жылына 12 млн тонна мұнай дайындау зауытының және қуаттылығы жылына 9,4 млрд м<sup>3</sup> шикі газды кері айдау нысандарының құрылысы, ұңғымалардағы өнімдерді жинаудың жаңа жүйесінің, қысымды арттыру нысандарының, инфрақұрылымдық және қосымша нысандардың құрылысы ұйғарылған.

Жобаның құны \$36,8 млрд көлемінде бағаланған. Бұл орайда жоба нысандарын пайдалануға беру 2022 жылдың маусым айына жоспарланған. Жоба жүзеге асырылған жағдайдағы болжамданған қазақстандық мөлшер 32%-ті құрайды.

Жоба аясында Қазақстанда қазірдің өзінде 48 мыңнан астам жұмыс орны құрылды, сондай-ақ кадрларды оқыту және даярлау бойынша шаралар қарастырылған, жаңа өндірістік нысандарды пайдалану кезінде тағы шамамен 700 тұрақты жұмыс орны құрылатын болады.

## ЦИФРАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫ

«Теңішефройл» ЖШС-де компанияның бизнес-үдерістерін цифрландырып, өндірістік және қосымша үдерістерді жетілдіріп, тиімділігін арттыру үшін жаңа технологияларды енгізу бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Қазіргі таңда ТШО келесідей жобаларды табысты әзірлеп, енгізуде:

- ТШО деректерінің сапасын жақсартып, сақтауға мүмкіндік беретін және бірыңғай сенімді деректер көзімен қамтамасыз ететін ТШО бірыңғай корпоративтік базасы;
- жедел шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін Теңіздің кешенді оперативтік орталығы. Оның негізінде жұмыс үдерістері біріктіріліп, пәнаралық қызмет жақсартылған;
- жоспарға сәйкес өндіріс деңгейін ұстап тұруға мүмкіндік берген ұңғымаларды игеріп қазу ұзақтығын болжау;

- жүргізушінің шаршауын бақылау – микроүйқыны анықтау кезінде жүргізушіге ескерту жасайтын жасанды интелект.
- су ресурстарын басқару – нақты уақыт режимінде қолжетімді және пайдаланылған су ресурстарын көруге мүмкіндік беретін дэшборд;
- өндірістік нысандарды жобалау және салу бойынша ақпаратты басқару бағдарламасы - жобалық және техникалық ақпаратқа бірыңғай кешенді көзқарас;
- ұңғымалардың тұтастық порталы – инженерлер жұмысының тиімділігін арттыратын ұңғымалармен қамтамасыз етілу үдерісін автоматтандыру;
- түрлі өлшемдер мен деректерді жинау үшін оптикалық-талшықтық кабельдер пайдаланылады;
- бұлтты (Cloud) шешімдерді дамыту.

## ҚАШАҒАН

Қашаған – бұл Қазақстандағы теңіз мұнай-газ кен орындарын игеру бойынша алғашқы ауқымды жоба. Ол Қашаған, Қаламқас-Теңіз, Қайран және Ақтоты сияқты төрт кен орнын қамтиды.

Қашаған алып кен орны соңғы он жыл ішінде ашылған ірі мұнай кен орындарының бірі болып табылады. Оның өндірілетін қорлары шамамен 2 млрд тонна (15 млрд-дан аса баррель) мұнайды құрайды. Қашаған теңіз кен орнының коллекторы Атырау қаласынан 80 км қашықтықта орналасқан және теңіз деңгейінен 4 км төмен тереңдікте жатыр.

Солтүстік Каспий бойынша өнімді үлестіру туралы келісімге 1997 жылғы 18 қарашада қол қойылды. Келісімге қатысушылар (мердігер компаниялар): «КМГ Қашаған Б.В.» (16,88%), «Эни», «Тоталь», «ЭксонМобил», «Шелл» (барлығы 16,81%-тен), Қытай ұлттық мұнайгаз корпорациясы (CNPC) (8,33%), Инпекс (7,56%) болып табылады.

Оператордың міндеттерін мердігерлік компаниялардың атынан әрекет ететін «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (NCOC) компаниясы жүзеге асырады.

## ҚАШАҒАННЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТІ

	Мұнай өндірісі, мың тонна	Шикі газ өндірісі, млн м <sup>3</sup>	Күкірт өндірісі, мың тонна	Газ толтыру, млн м <sup>3</sup>
2017	8 286	4 799	1 151	321
<b>2018</b>	<b>13 219</b>	<b>7 697</b>	<b>1 340</b>	<b>2 235</b>



2018 жылы Қашағанда мұнай өндіру жылдық жоспардан 1 894 мың тоннаға асып, 13 219 мың тоннаны құрады. 2018 жылы мұнай өндіру көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 4 933 мың тоннаға (59,5%-ке) ұлғайды. Бұған 2017 жылдың тамыз айына дейін ілеспе газды жағу шегінің және газды кері

айдаудың болмауына байланысты мұнай өндіруге шектеу қойылуы себеп болды. Дәл осы себепті 2018 жылы газ өндіру көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 2 898 млн м<sup>3</sup>-ге (немесе 60,4%-ке) ұлғайды. Шикі газ өндірісі жылдық жоспардан 570 млн м<sup>3</sup>-ге асып, 7 697 млн м<sup>3</sup> құрады.

### ӨНІМДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КӨЛЕМДЕРІ

	Мұнай, мың тонна	Тауарлық газ, млн м <sup>3</sup>	Күкірт, мың тонн
2017	640,5	223,8	7,7
<b>2018</b>	<b>1 124,6</b>	<b>301,8</b>	<b>81,5</b>

2018 жылы ҚМГ мұнай үлесін жүзеге асыру өндірісті жоспарлы тоқтату мерзімінің 2018 жылдан 2019 жылға ауыстырылуына байланысты жоспарлы жылдық көлемнен (919,17 мың тонна) 22%-ке асып, 1124,64 мың тоннаны құрады. 2018 жылы мұнайды жүзеге асырудың көрсеткіштері 2017 жылмен салыстырғанда өндіріс көлемінің артуына байланысты 76%-ке өсті.

2018 жылы ҚМГ тауарлық газының үлесін жүзеге асыру өндірісті жоспарлы тоқтату мерзімінің 2019 жылға ауыстырылуына байланысты жоспарлы жылдық көлемнен 71%-ке (176 млн м<sup>3</sup>) асып, 301,8 млн м<sup>3</sup> құрады. Сондай-ақ, отын газын өндіру мен оңтайландыру есебінен 2018 жылы тауарлық газ 2017 жылмен салыстырғанда 35%-ке артық сатылды.

2018 жылы ҚМГ түйіршіктелген күкірт үлесін жүзеге асыру түйіршіктелген күкірт өндірісінің тұрақсыздығына байланысты толық өндірістік қуатқа шығудың кешіктірілуіне орай жылдық жоспарды (88,20 мың тонна) 8%-ке орындамай, 81,48 мың тоннаны құрады.

2016 жылы өндіріс іске қосылғаннан кейін консорциум өзінің көлемін жылдам көбейте алды. 2017 жылдың басына қарай бірінші мақсатты деңгейге, яғни тәулігіне 180 000 баррельге қол жеткізілді. 2017 жылдың ең маңызды техникалық жетістігі тамыз айының ортасында шикі газды кері айдаудың қауіпсіз және уақытында іске асырылуы

болды. Газды айдау көлемдерінің біртіндеп өсуі кен орнында мұнай өндіру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. 2018 жылы оператор өндіріс көлемдерін жобаланған параметрлерге дейін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастырды. Осы бағытта стратегия коллекторлардың мінез-құлқын есепке ала отырып, жабдықтар мен үдерістердің сенімділігін қамтамасыз ету үшін жоспарланған шараларды жүйелі түрде жүзеге асыруға негізделген. Бұл орайда негізгі басымдық – қауіпсіздік болып табылады.

ҚМГ "ҚМГ Қашаған Б. В." компаниясында 50% - ке иелік етеді, ол өз кезегінде Қашаған мегажобасында 16,88% - ке иелік етеді. Қалған 50%-ті немесе жобадағы 8,44 % -ті «Самұрық-Қазына» иелік етеді. «ҚМГ Қашаған Б.В.» компаниясындағы 50% үлесті сатып алуға «ҚазМұнайГаз» У.А. Кооперативі (98,88% ҚМГ ҰК-ға тиесілі) және «Самұрық-Қазына» Қоры арасындағы Опциялық келісімге Қосымша келісімшарттың талаптарына сәйкес опционды орындау мерзімі 2018–2020 жылдар аралығынан 2020–2022 жылдар аралығына дейін ұзартылды.

Қазіргі таңда Қашағанда компанияның бизнес-үдерістерін цифрландыру және цифрлық технологияларды өз қызметіне енгізу бойынша белсенді жұмыстар жүргізіліп отыр. Өз кезегінде бұл пайдалану мен өндірістің тиімділігін арттыруға себептесіп, жазатайым оқиғалардың алдын алуды, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етіп отыр.



### ЦИФРЛАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫ

Бүгінде Қашаған цифрландыру бойынша келесідей бағдарламалар мен бастамаларды енгізуде:

- деректерді жинау және енгізу, түсініктемелерді тіркеу, өтінімдерді жаңарту және беру, онлайн режимінде байланысу және нұсқаулықтарды, нұсқауларды қарап шығу үшін өндірістік операциялар кезінде планшеттер мен мобильді құрылғыларды пайдалану;
- нақты уақыт режимінде Батыс Ескен мен Атырау қаласында ластаушы заттардың тұрақты мониторингін жүзеге асыратын 20 станцияны қамтитын ауа сапасын бақылау жүйесі;
- құбыр учаскелерін аралап ұшып шығуға, алау жүйелерін бақылауға және сынауға, құрылыстардың жай-күйін және экологиялық бағдарламалардың орындалуын тексеруге арналған ұшқышсыз ұшу аппараттарын (ҰҰА) пайдалануды сынау басталды;
- геологиялық зерттеулерді цифрландыру, кейін өңдеу бойынша қуаттылықты кеңейту, деректерді беруді жеделдету және қосымша модельдеу мүмкіндігі үшін барлық геологиялық деректерді цифрлық форматқа көшіру.



### ҚАРАШЫҒАНАҚ ЖОБАСЫ

Қарашығанақ жобасы 1997 жылғы 18 қарашада 40 жыл мерзімге қол қойылған Өнімді үлестіру жөніндегі соңғы келісімшарттың аясында заңды күшіне енген күннен бастап (1998 жылғы 27 қаңтар) жүзеге асырылып келеді.

Мердігерлік компаниялар арасындағы үлестік қатысудың үлестірілуі: «Шелл» (29,25%), «Эни» (29,25%), «Шеврон» (18%), «ЛУКОЙЛ» (13,5%) және ҚМГ (10%).

«Шелл» және «Эни» компаниялары жобаның Біртұтас операторы болып табылады.

### ҚАРАШЫҒАНАҚТЫҢ ӨНДІРІСТІК-ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

	Газ өндірісі, млн м <sup>3</sup>	Сұйық көмірсутектер өндірісі, мың тонна	Газ толтыру, млн м <sup>3</sup>
2017	18 924	11 247	9 289
<b>2018</b>	<b>18 913</b>	<b>10 953</b>	<b>8 589</b>

2018 жылы Қарашығанақтағы газ өндірісі жылдық жоспардан 547 млн м<sup>3</sup>-ке асып, 18 913 млн м<sup>3</sup>-ті құрады. 2018 жылы газ өндірісі 2017 жылмен салыстырғанда 11 млн м<sup>3</sup>-ке (немесе 0,06%-ке) сәл азайды.

Сұйық көмірсутектер өндірісі 10 953 мың тоннаны құрады, бұл да жылдық жоспардан 66 млн м<sup>3</sup>-ге асып түсті. 2018 жылы сұйық көмірсутектердің өндіріс көлемі газ конденсаты факторының ұлғаюына, су айдалатын ұңғымалардың өсуіне байланысты

2017 жылмен салыстырған 294 мың тоннаға (немесе 2,6%-ке) азайған.

Газды қайта айдау 8 589 млн м<sup>3</sup> құрады, бұл жылдық жоспардан 520 млн м<sup>3</sup>-ге төмен және бұған газдың айдау орнынан экспортқа бағыттылуы себеп болып отыр.

### 2018 ЖЫЛЫ ӨНІМДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КӨЛЕМДЕРІ

Мұнай, мың тонна	10 365
Тұрақсыз конденсат, мың тонна	615
Шикі газ, млн м <sup>3</sup>	9 493

### ЦИФРЛАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫ

Қарашығанақта бизнес-үдерістерді, оның ішінде өндіру үдерісі, ұңғымалық операцияларды енгізу, болашаққа жоспарланған жобаларды енгізу, сонымен қатар жергілікті мазмұнды әлеуетті ұлғайту және өндірістік инфрақұрылымның өзге компоненттерімен біріктіру үдерістерін оңтайландыру, жетілдіру және жеделдету мақсатында цифрлық технологияларға көшуге арналған негізгі қызмет аясы көрсетілген цифрландырудың меншікті Жол картасы әзірленген.

Күрделі жобаларға қатысты 4D / 5D форматында құрылысты басқару бойынша жұмыстардың көлемі анықталған, жобаларға шолу жасап, ҚПО ақпараттық панельдерін орналастыру үшін, сметаларды, тәуекелдерді, жобалардың орындалуына ай сайын шолу жасау үшін Sabisu жүйесі енгізілген.

### СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Брент сұрыпты мұнайдың орташа бағасы 2018 жылы \$71,31/барр.\* құрады. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 31,1%-ке жоғары. Бағаның өсуіне әсер еткен негізгі фактор ОПЕК елдері мен ірі тәусіз мұнай экспорттаушылар арасындағы келісім шеңберінде мұнай өндірісінің қысқаруы болды. Келісімге қатысушы елдер іс-қимылдарының жоғары келісімділігі, тауарлық

Мұнай өндіру деңгейін әрі қарай арттыру үшін Қарашығанақты кеңейту жобасын жүзеге асыру жоспарланған. Қазіргі кезде жоба құжаттарын дайындау жүргізілуде. Жобаны бірнеше кезеңде іске асыру ұйғарылған. Олардың пайдалануға берілуі 2023-2025 жж. межелеген. Бірінші кезең жаңа ұңғымалардың бұрғылануын және қолда бар ұңғымалардың күрделі жөндеуін, газды даярлау нысандарының құрылысын және газды кері айдау көлемдерін арттыруға арналған қосымша компрессорлардың орнатылуын, қажетті қосымша нысандардың құрылысын және т.б. қамтиды.

Кәсіпшілік жұмыстарында ұшу аппараттарын пайдалану арқылы инспекциялау технологиясын қолдану жоспарланған. Өндірісті оңтайландыру үшін өндіруді оңтайландыру, ұңғымаларды басқару, интеллектуалды кен орындарының және т.б. жүйелерін енгізу мүмкіндігі зерттелуде.

Епі қолдауымен жоспарлау мен оқытуда пайдалану үшін анағұрлым нақты және интерактивті білім алуға мүмкіндік беретін виртуалды шындық жобасын енгізу жоспарланған. Shell компаниясының қолдауымен өндірістік үдерістерді қашықтан қолдау және қызметкерлердің қауіпті ортамен байланысын азайтуға мүмкіндік беретін жобаны енгізу жоспарланған.

қалдықтардың қысқаруы нәтижесінде, нарықтың біртіндеп теңдестірілуіне себептесті.

Мұнай және газ өндіру секторында 2018 жылға арналған салық төлемдері әлемдік мұнай нарығының ішкі нарықтың көрсеткіштеріне әсер етуіне байланысты 39 %-ке өсіп, 393 миллиард теңгені (2017 жылы 282 миллиард теңге) құрады.

\*Thomson Reuters



# ТАСЫМАЛДАУ

## МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

### СТРАТЕГИЯ

« ҚМГ экспорттық нарықтарға көмірсутегін жеткізу бойынша мұнай тасымалдау инфрақұрылымының құрылысын аяқтағанын ескере отырып, ҚМГ-нің алдында орташа мерзімді болашақта орындалуы тиіс келесідей міндеттер тұр:


- ҚМГ мұнай тасымалдау жүйелері бойынша мұнай тасымалдау бағыттарының тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігі мәселелерін шешу арқылы құрылған қуаттардың жүктемесін арттыру;
- операциялық шығындарды бақылау.



ҚМГ-де мұнай тасымалдау бағытының 2 түрі бар – магистралдық құбырлармен тасымалдау («ҚазТрансОйл» АҚ еншілес

ұйымымен жүзеге асырылады) және теңіз флотымен тасымалдау («Қазтеңізкөлік-флоты» ҰТКК» ЖШС еншілес ұйымымен жүзеге асырылады).

## МҰНАЙДЫ ҚҰБЫРЛАРМЕН ТАСЫМАЛДАУ



- «ҚазТрансОйл» АҚ (ҚМГ үлесі - 90%) – Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбырының ұлттық операторы. Компания Қазақстанның барлық дерлік мұнай кен орындары қосылған жалпы ұзындығы 5,4 мың км құрайтын магистральдық мұнай құбырларының тармақталған желісін иеленеді. Компания 4 мұнай өңдеу зауытына мұнай тасымалдауды жүзеге асырады, сондай-ақ Атырау-Самара мұнай құбыры арқылы экспортқа мұнай тасымалдайды, КҚК мен Атасу-Алашанькоу экспорттық мұнай құбырларына мұнай тасымалдайды, Ақтау портында танкерлерге және теміржол көлігіне мұнай тиелімін жүзеге асырады. Магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдау 37 мұнай айдау станцияларымен, 64 мұнай жылытқыш пештерімен және жалпы көлемі 1 391 мың текше метр мұнай сақтауға арналған резервуарлық парктермен қамтамасыз етіледі. Сонымен

қатар, «ҚазТрансОйл» АҚ ҚҚК, МұнайТас, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг, КҚК және Торғай Петролеум магистральдық құбырларын пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді ұсынады.

- «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС (ҚТО үлесі - 50%) – Атасу-Алашанькоу (ұзындығы 965 км) және Кеңқияқ-Құмкөл (ұзындығы 794 км) мұнай құбырларының иесі болып табылады. Компания Қытай Халық Республикасына, сондай-ақ Қазақстанның ішкі нарығына қазақстандық және транзиттік ресейлік мұнайды тасымалдайды.
- «МұнайТас» СБҚК ЖШС (ҚТО үлесі - 51%) – жалпы ұзындығы 448,85 км құрайтын Кеңқияқ-Атырау магистральдық мұнай құбырының иесі болып табылады.
- «Каспий Құбыр желісі Консорциумы» (ҚМГ үлесі – 20,75%) – жалпы ұзындығы 1 510 км (оның 452 км - қазақстандық учаске) магистральдық мұнай құбырын салу және пайдалану мақсатында Ресей, Қазақстан, сондай-ақ жетекші әлемдік өндіруші компаниялардың қатысуымен құрылған ірі халықаралық мұнай тасымалдау жобасы. КҚК қазақстандық Теңіз мұнай кен орнын және Қара теңіздегі «Южная Озереевка» мұнай терминалын (Новороссийск порты жанында) байланыстыратын қазақстандық мұнай экспорттық жеткізілімдерінің басым бағыттарының бірі болып табылады. КҚК арқылы мұнай тасымалдау 15 мұнай айдау станциясымен, жалпы көлемі 1 млн текше метр мұнай сақтауға арналған резервуарлық паркпен және 3 шығармалы айлақ құрылғыларымен қамтамасыз етіледі.


2018 жылы КҚК құбырымен 61,1 млн тонна мұнай тасымалданды, соның ішінде 54,3 млн тонна - қазақстандық мұнай.



## БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

- 2018 жылғы шілдеде өндіріс көлемі жылына 6 млн тоннаға дейін жететін Кеңқияқ-Атырау мұнай құбырының реверсі жобасын жүзеге асыру мақұлданды.
- 2018 жылғы желтоқсанда 2019-2023 жж. арналған Қазақстан арқылы Қытайға жылына 10 млн тонна көлемінде бір тонна үшін \$15 (32%-ке көтерілген) мөлшерінде Ресей мұнайын тасымалдау құны бекітілді.

## ҚМГ ҮЛЕСІ ЕСКЕРІЛГЕН МАГИСТРАЛЬДЫҚ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ, МЫҢ ТОННА



- Каспий қыбыр желісі консорциумы (20,75%)
- МұнайТас (51%)
- Қазақстан-Қытай Құбыры (50%)
- ҚазТрансОйл (90%)

2018 жылы магистральдық тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі 97 мың тоннаға артып, 67 961 мың тоннаға жетті, бұл негізінен Қашаған кен орнынан мұнай тапсыру көлемінің артуымен байланысты.


2018 жылы ішкі нарыққа мұнай тасымалдау көлемі қазақстандық мұнай өңдеу

## ЕСЕПТЕУ ӘДІСІ БОЙЫНША ТАСЫМАЛДАУ СЕГМЕНТІНІҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН КҮРДЕЛІ ШЫҒЫНДАРЫ, МЛН АҚШ ДОЛЛ.



- ҚМГ-нің күрделі шығындары
- Мұнай мен газ тасымалдау

## МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ СЕРПІНІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ, %



- Экспорт
- Транзит
- Ішкі нарық

зауыттарындағы, мұнай өңдеу көлемінің өсуіне байланысты 9%-ке артты. Мұның салдарынан экспортқа шығарылатын мұнай көлемінің кейбір төмендеуі (-2%) орын алды.

Экспорттық құбырлардың қуаты Қазақстандағы ағымдағы және жоспарлы өндіріс көлемінің өсуі үшін жеткілікті.



## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

2018 жылы инвестициялар- қолданыстағы мұнай құбыры жүйесінің техникалық жағдайын сүйемелдеу және жақсартуға, іркілулер, апаттар мен жоспардан тыс жөндеу жұмыстарының пайда болу тәуекелдерін азайтуға, сондай-ақ ұсынылатын қызметтердің сенімділігін арттырып, сапасын жақсартуға бағытталды.

2018 жылдың ортасында «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ «МұнайТас» СБҚК ЖШС-ның Кеңқияқ-Атырау мұнай құбырының өткізу қабілеттілігін реверстік бағытта жылына 6 млн тоннаға дейін арттыру бойынша жобаны жүзеге асыруын мақұлдады. Жобаның іске асырылуы ПМХЗ мен ПҚОП-ның Батыс Қазақстан мұнайымен жүктелуін қамтамасыз етуге және Ақтөбе мен Құмкөл мұнайы өндірісінің төмендеу эффектісін жоюға, сондай-ақ ҚХР-ға мұнай экспортын арттыруға мүмкіндік береді. Жобаның жүзеге асырылу кезеңі: 2018 - 2020 жж.

## ЦИФРЛАНДЫРУ

2018 жылы цифрландыру шеңберінде «ҚазТрансОйл» АҚ Нұр-Сұлтан қаласындағы «ҚазТрансОйл» АҚ Бас диспетчерлік басқармасында мұнай тасымалын диспетчерлік басқаруды орталықтандыру бойынша жобаны аяқтады. Аталған жобаның арқасында «ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстанның 11 өңіріндегі мұнайдың жүк ағынын астанадан тікелей басқарады. Мұнайды қабылдау және тапсыру, Ақтау портында және темір жол эстакадаларында мұнай құюды бақылау мұнай құбырларының барлық телімдерінде БДБ-дан онлайн режимінде жүзеге асырылады. Нәтижесінде бұрыннан бар төрт деңгейлі диспетчерлік басқару жүйесі екі деңгейге дейін оңтайландырылды.

## МҰНАЙДЫ ТЕҢІЗ АРҚЫЛЫ ТАСЫМАЛДАУ

Мұнайды теңіз арқылы тасымалдаудың қолданыстағы негізгі бағыттары:

- Каспий теңізінің акваториясындағы бағыттар;
- Қара және Жерорта теңіздерінің акваториясындағы бағыттар.

2017 жылдың соңына қарай КМТФ өндірістік активтерінде дедвейті 12 000 – 13 000 тонна алты мұнай құю танкері Каспий теңізінде және Aframax типті екі мұнай құю танкері Қара теңізде болды.

## БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

2018 жылдың қазанында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «KMG International N.V.» және ҚТКФ арасында мұнайды жеткізу және тасымалдау туралы Негіздемелік келісім жасалды, оған сәйкес ҚТКФ 10 жыл мерзімге «KMG International N.V.» немесе оның еншілес /үлестес компаниялары бақылайтын барлық шикі мұнай жүктемелерінің Бас тасымалдаушысы болып тағайындалды.




## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2018 жылы мұнайды теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі сәл өсті (2017 жылға қарай + 2%) және 7 077 мың тонна мұнайды құрады.

2019 жылы Каспий теңізіндегі мұнайды тасымалдау үшін кепілдендірілген көлемдер мен келісімшарттардың болмауына байланысты мұнайды теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 5 490 мың тоннаға<sup>8</sup> дейін төмендеуі мүмкін.

## ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ, МЫҢ ТОННА



## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

2017-2018 жылдарға арналған ҚТКФ-ның инвестициялық жобалары «Теңізшевройл» ЖШС-ның (ТШО) Келешек кеңею жобасы (ККЖ) мен Ұңғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасы (ҰЕҚБЖ) үшін теңіз арқылы тасымалдау жүйесін құрумен байланысты болды.

2018 жылдың қаңтарында «ККЖ үшін Каспий класты баржалар салу» жобасы шеңберінде үшінші өздігінен жүретін «Сұңқар» баржасының құрылысы аяқталды. 2018 жылы барлық үш өздігінен жүретін баржалар қызмет көрсете бастады. 2018 жылға қарай кемелер 28 модульдің тасымалын жүзеге асырды.

2018 жылдың наурызында ККЖ мұқтажы үшін соңғы үш «Ырғыз» буксирінің құрылысы аяқталды. Барлық буксирлер 2018 жылға жоспарланған кемелерді өткізу бойынша операцияларды іске асырды.

<sup>8</sup> ҚТКФ тасымалдау көлемінің 100% көрсетілген. 2019 жылы ҚМГ ҚТКФ-ның 51% үлесін жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Іс жүзінде, 2019 жылы ҚТКФ-дағы ҚМГ-нің шоғырландырылған иелеік ету үлесінің төмендеуіне байланысты көлемдердің 49% -ке дейін төмендеуі мүмкін.

## ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ

### СТРАТЕГИЯ

« 2018-2028 жылдарға арналған Стратегияға сәйкес, газ тасымалдау әлеуетін тиімді пайдалану және ҚМГ түсіміндегі экспорттық құраушының артуы үшін Компания газды Қытайға экспорттауды көздеп отыр.

Бейнеу-Бозой-Шымкент және Қазақстан-Қытай магистральдық газ құбырларының қуатын кеңейту ҚМГ-ге 2019 жылдан бастап Қытайға тауарлық газдың тұрақты экспорттық жеткізілімін жылына 10 млрд м<sup>3</sup>-ге дейін арттыруға мүмкіндік береді.




Тұтынушыларды сенімді әрі тиімді қамтамасыз ету және газ өткізу нарықтарын әртараптан-дыру Компания қызметінің басымдықты бағыттарының бірі болып табылады.

ҚМГ магистральдық газ құбырларының қуаттылығын арттыру, газ үлестіру желілерін кеңейту және жаңғырту бойынша жобаларға қомақты инвестициялар бағыттау арқылы газ құбырлары жүйесінің белсенді жетілдірілуін жалғастырды. Бұл аймақтарды табиғи газбен қамтамасыз етуге, им-

порттық газды тасымалдау тәуелділігінен арылтуға, экспорттық бағыттардың әлеуетін арттыруға мүмкіндік берді.

ҚМГ-нің газ тасымалдау жүйесін басқаруды «ҚазТрансГаз» АҚ Компаниялар тобы (ҚТГ тобы) іске асырады.



## БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

- 2018 жылғы шілдеде Қазақстан Үкіметінің қаулысымен ҚТГ-нің еншілес компаниясы «Интергаз Орталық Азия» АҚ магистральдық газ құбыры бойынша Ұлттық оператор мәртебесін алды.
- 2018 жылғы қыркүйекте ҚТГ мен Waltbay LTD компаниясы арасында «ҚазТрансГаз-Тбилиси» ЖШҚ-тың \$40 млн сомасындағы 100% қатысу үлесін сатып алу-сату келісімшарты жасалды.
- 2018 жылғы қазанда ҚМГ «АстанаГаз ҚМГ» АҚ-тағы (Нұр-Сұлтан қаласын, еліміздің орталық және солтүстік өңірлерін газбен қамтамасыз ету үшін «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының құрылысы бойынша жобалау компаниясы) «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ жай акцияларының 50%-ін сенімгерлік басқаруға алды. Оның мақсаты – ҚМГ-нің жинақталған тәжірибесі мен сараптама-

сын ескере отырып, осы инвестициялық жобаны басқару.

- 2018 жылғы қазанда ҚТГ PetroChina International Alashankou Company Limited-пен Қытайға қазақстандық газдың экспортын жылына 5 млрд м<sup>3</sup>-тан 10 млрд м<sup>3</sup>-қа ұлғайту туралы ұзақ мерзімді (5 жыл) келісімшартқа қол қойды.
- 2018 жылғы желтоқсанда Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырының өткізу қабілетін жылына 10 млрд м<sup>3</sup>-тан 15 млрд м<sup>3</sup>-қа дейін ұлғайту бойынша жобаны жүзеге асыру шеңберінде «Түркістан», «Арал» және «Қорқыт-Ата» компрессорлық станцияларының құрылысы аяқталды.
- 2018 жылғы желтоқсанда ҚТГ мен «Өзтрансгаз» АҚ арасында өзбек табиғи газын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдау туралы келісімшартқа қол қойылды. Келісімшартта Ташкент қаласының тұтынушылар үшін жылына 1 млрд м<sup>3</sup> өзбек газын тасымалдау көзделген.
- Орталық Азиядағы ең ірі компрессорлық станциялар, атап айтқанда Қазақстан-Қытай магистральдық газ құбырының «С» тізбегіндегі компрессорлық станциялар пайдалануға берілді. Осылайша, төрт мемлекет - Түркіменстан, Өзбекстан, Қазақстан және Қытайды біріктіретін Қазақстан-Қытай трансұлттық газ құбырын құру бойынша жұмыстар толық аяқталды.

# 5-тен 10

МЛРД М<sup>3</sup> -ҚА

Қытайға қазақстандық газдың экспортын ұлғайту туралы бес жылдық келісімшартқа қол қойылды


### ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ҚТГ Қазақстандағы жалпы ұзындығы 19 140 км асатын, жылдық өткізу қуаты 224 млрд м<sup>3</sup> және 47 000 км артық газ үлестіру желісі бар ірі магистралдық газ құбырлары желісін пайдаланады. ҚТГ Қазақстанда жалпы белсенді сақтау көлемі 4,6 млрд м<sup>3</sup>-ты құрай-


тын 3 ірі жер асты қоймаларын басқарады.

2018 жылы газды магистралдық тасымалдау 37 компрессорлық станциямен және 348 газ айдайтын агрегатпен қамтамасыз етілді.

### МАГИСТРАЛЬДЫҚ ГАЗ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ ҚУАТТЫЛЫҒЫ, ЖЫЛЫНА МЛРД М<sup>3</sup> ТОННА



### ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ (ҚМГ ҮЛЕСІ ЕСКЕРІЛГЕН), МЛРД М<sup>3</sup>




- Интергаз Орталық Азия (100%)
- Азия газ құбыры (50%)
- Бейнеу-Шымкент газ құбыры (50%)
- ҚТГ Аймақ (100%)

2018 жылы газ тасымалдау көлемі 10,7 млрд м<sup>3</sup>-қа (+11%) ұлғайды. Мұндай ұлғаю негізінен орта азиялық газ транзитінің және газды экспортқа тасымалдауды арттыру есебінен жүзеге асырылды.

2017 жылғы қазан айынан бастап қазақстандық газ Азиядағы ең перспективті және ауқымды өткізу нарығы болып табылатын Қытайға экспорттала бастады. Соның нәтижесінде Қытайға экспортталан (Теңіз, Қашаған және CNPC-Ақтөбемұнайгаз кен орындарынан) газ көлемі 4,5 млрд м<sup>3</sup> -қа артты.

### ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ СЕРПІНІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ, %



- Экспорт
- Транзит
- Ішкі нарық

**111,6** МЛРД М<sup>3</sup>

2018 жылы газ тасымалдаудың ұлғаю көлемі

**10,7** МЛРД М<sup>3</sup>

2018 жылы газ тасымалдаудың ұлғаю көлемі




2018 жылғы ҚТГ мен PetroChina International Alashankou Company Limited арасында табиғи газды сатып алу-сату келісімшарты жасалды. Оған сәкес Қытайға қазақстандық газдың экспорты жылына 10 млрд м<sup>3</sup>-қа ұлғайтылатын болады.

Ақтөбе облысындағы Қожасай кен орнында газ өңдеу қуаттылығы жылына 300 млн м<sup>3</sup>-қа дейінгі көрсеткішті құрайтын «Gas Processing Company» ЖШС-ның газды кешенді дайындау қондырғысы іске қосылды. Аталған жоба экспорттық жеткізілімдерге арналған тауарлық газдың ресурстық қорын ұлғайтуға бағытталған.

Жерасты газ сақтау қоймалары (ЖГСК) еліміздің газ тасымалдау жүйесінің ажырамас әрі маңызды бөлігі болып табылады. ЖГСК газға деген сұраныстың әркелкілігін реттеп, жеткізілімдердің сенімділігі мен үздіксіздігіне кепіл болады. 2018 жылы ЖГСК-қа газ айдау көлемі 2017 жылғы деңгейден 432 млн м<sup>3</sup>-қа (-32%) төмен болды. Бұл Бозой ЖГСК-дағы 1,75 млрд м<sup>3</sup> көлеміндегі газ қорына байланысты. 2018 жылдың соңында газдың жалпы белсенді сақтау көлемі 1,8 млрд м<sup>3</sup>-ты құрады.

### ЖЕРАСТЫ ГАЗ САҚТАУ ҚОЙМАЛАРЫНАН ГАЗ АЙДАУ ЖӘНЕ БӨЛУ КӨЛЕМІ, МЛН М<sup>3</sup>



- ЖГСК-қа газды айдау
- ЖГСК-тан газды бөлу

## СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңға сәйкес тауарлық газдың ішкі нарықта жүзеге асырылуының шекті көтерме бағасы жыл сайын ҚР Ұлттық экономика министрлігінің мақұлдауы бойынша ҚР Энергетика министрлігімен бекітіледі.

2018 жылдың мамыр айында 2019 жылдың 1 шілдесінен бастап 2019 жылдың 30 маусымына дейінгі тауарлық газдың көтерме бағасы бекітілді, соның ішінде еліміздің оңтүстік өңірлерінде 6,6 - 10%-ке өсуімен. 2018 жылдың маусым айында ҚР Премьер-министрінің төрағалығымен өткен елдің оңтүстік

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

2018 жылы «Қазақстан-Қытай («С» тізбегі) магистральдық газ құбырының (МГҚ) қуаттылығын арттыру» жобасының жүзеге асырылуы аяқталды. Нәтижесінде «Қазақстан-Қытай» МГҚ-ның өнімділігі жылына 55 млрд м<sup>3</sup>-қа жетті. «А» және «В» тізбектерінің өнімділігін жылына 40 млрд м<sup>3</sup>-қа дейін арттыру жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу жұмыстары басталды. Өз кезегінде бұл газ құбырының жалпы өнімділігін жылына 65 млрд м<sup>3</sup>-қа дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылы «Арал», «Түркістан» және «Қорқыт ата» компрессорлық станцияларын іске қосу жоспарланып отыр. Жобаны іске асыру Бейнеу-Бозой-Шымкент МГҚ-ның қуаттылығын жылына 10 млрд м<sup>3</sup>-тан 15 млрд м<sup>3</sup>-қа дейін арттыруға мүмкіндік береді және ҚХР-ға қазақстандық газдың жылына 10 млрд м<sup>3</sup>-қа дейін экспортталуын қамтамасыз етеді.

2019 жылы келесідей ұзақ мерзімді инвестициялық жобалар шеңберінде жұмыстарды жалғастыру жоспарланған:

- Бұхара газ айдау аймағы - Ташкент - Бішкек - Алматы МГҚ («БГР-ТБА») және ТІР-02 бөгетіндігі сығатын компрессорлық станцияның өткізу қабілеттілігін арттыру. Үшінші газ сору қондырғысының құрылысы аяқталғаннан кейін, сығатын

өңіріндегі газдың құн құрау мәселелеріне қатысты жиналыстың нәтижелері бойынша оңтүстік өңірлерде ішкі нарықтағы шекті көтерме газ бағасы қайта қаралып, бұрынғы деңгейде сақталып қалды.

2018 жылдың қараша айында ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің шешімі бойынша ішкі нарықтағы тауарлық газдың көтерме бағасы 2019 жылдың 1 қаңтарынан 2019 жылдың 30 маусымына дейінгі кезеңге республика бойынша орта есеппен 11%-ке төмендетілді (Шымкент қаласы мен Түркістан облысында 3,8%-тен бастап Алматы қаласы мен Алматы облысында 17,5%-ке дейін).

компрессорлық станция арқылы газ тасымалдау қуаттылығы жылына 2 млрд м<sup>3</sup>-тан 3,5 млрд м<sup>3</sup>-қа дейін ұлғаяды;

- «Бозой» ЖГСҚ-н қайта құру. Жобаның нәтижесінде 2021 жылға қарай «Бозой» ЖГСҚ-да белсенді газды сақтау қуаттылығы жылына 3 млрд м<sup>3</sup>-тан 4 млрд м<sup>3</sup>-қа дейін артатын болады.



<sup>9</sup> Консолидированные суммы капитальных затрат - ИЦА, КТГА, КТГ, АГ

## ГАЗ ҮЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ӨҢІРЛЕРДІ ГАЗДАНДЫРУ


**Тараз қ. газ үлестіру желісін жаңғырту**  
Жоба 2012 жылдан бастап жүзеге асырылуда. Барлығы 862 км газ құбыры жаңғыртылып, 19,5 мың шкафтік пункт орнатылды, 27 газ тарату пункті, 1 блок газ бақылау пункті, оның ішінде 2018 жылы 67,5 км газ құбыры, 2 289 жеке шкафтік пункт орнатылды. 2019 жылдың 1 қаңтар айындағы жағдай бойынша жоба шеңберінде шамамен 29 мың жаңа абонент газбен қамтамасыз етілді.

**Маңғыстау облысының елді мекендерінің газ үлестіру желілерін жаңғырту, қайта құру және жаңа құрылысын салу**  
Ағымдағы жылы шамамен 80 шақырымдық газ құбырын салу жұмыстары аяқталды, 1 шкафтік газ бақылау пункті, 5 газ реттеуші блогтік пункт орнатылды. 2019 жылдың 1 қаңтар айындағы жағдай бойынша жоба шеңберінде шамамен 1,7 мың жаңа абонент газбен қамтамасыз етілді.

**Қостанай облысының елді мекендерін газбен қамту**  
Жоба 2016-2018 жж. жүзеге асырылды. Барлығы 238 км газ құбыры салынып, 1 автоматты газ үлестіру станциясы, 11 газ реттеуші блоктік пункт, 4 газ үлестіру пункті орнатылды. Газ желісі тартылған елді мекендерде газбен қамтылғандардың саны 1,2 мың абонентті құрады.

**Алматы қаласы мен Алматы облысын газбен қамту**  
2018 жылы Алматы қаласында 21,4 км газ құбыры және 10 шкафтік газ бақылау пунктері қайта жаңартылды. Жоба шеңберінде елді мекендерді газбен қамту және жаңа абоненттерді қосу 2019 жылы басталады.

## 2018 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША АБОНЕНТТЕР САНЫ, МЫҢ БІРЛІК



**Сарыарқа газ құбырының құрылысы**  
2018 жылғы желтоқсанда ҚР Президенті Н. Назарбаев «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының құрылысын іске қосты, ол Қазақстанның орталық өңірлері мен еліміздің астанасы Нұр-Сұлтанға газдың тұрақты жеткізілуін қамтамасыз етеді. Газ құбыры Қызылордадан басталып, Жезқазған, Қарағанды, Теміртау арқылы Нұр-Сұлтан қаласына дейін жетеді. Кейін бұл Көкшетау мен Петропавлды ірі газ ресурстары шоғырланған отандық Қарашығанақ, Теңіз және Қашаған кен орындарының табиғи газымен қамту мүмкіндігін береді. «Сарыарқа» МГҚ еліміздің экологиялық ахуалын едәуір жақсартып, арзан және жоғары сапалы отын - газға көшуге мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ, бизнес пен өндірістің дамуына серпін береді. Газ құбырының арқасында шамамен 740 мың адам газбен қамтамасыз етілетін болады.

Құбырдың жалпы ұзындығы 1061,3 км құрайды. Газ құбырының 1-кезеңінің өткізу қабілеттілігі 2,2 млрд м<sup>3</sup>-ты құрайды. Құрылыс кезеңінде 1 690, пайдалануға берілгеннен кейін 194 жұмыс орнын құру жоспарлануда.

**ДО 2,2** МЛРД М<sup>3</sup>-ҚА ДЕЙІН

«Сарыарқа» газ құбырының 1-кезеңінің өткізу қабілеттілігі

**253,4** МЫҢ

2016-2018 жж. қосылған жаңа абоненттер

## ГАЗ-МОТОР ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУ

ҚТГ «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама» шеңберінде ҚР-ның өңірлерінде аса ауқымды жұмыстар атқарып келеді.

Автокөліктерді бензин немесе дизель сияқты көлік құралдарына арналған дәстүрлі отын түрлерінің орнына мотор отынының экологиялық және экономикалық түрлеріне ауыстыру есебінен экологияны жақсарту осы жұмыстың мақсаты болып табылады.

Магистральдық жүк көліктері, автобус паркттері, жеке тұлғалардың жолаушылар көлігі, ҚТГ еншілес компанияларының аймақтық филиалдарының жүк және жеңіл автокөліктері, сондай-ақ жеке меншік автокөліктері сығымдалған табиғи газдың (СТГ) негізгі тұтынушыларына айналады.

«Газпром» ЖАҚ, Қытай Ұлттық Мұнай-Газ Корпорациясы және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ арасындағы 2018 жылдың қыркүйегінде Еуропа-Қытай халықаралық көлік бағдарында, мотор отыны ретінде табиғи газды пайдалануды кеңейту саласындағы ынтымақтастық туралы қол қойылған Меморандум

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЗІРЛЕМЕЛЕР МЕН САПАНЫ БАСҚАРУ

ҚТГ инновациялық дамуын жүзеге асыру және қызметтің ғылыми-техникалық қамтамасыз етілуін жетілдіру шеңберінде Ғылыми-техникалық кеңес (ФТК) жұмыс істейді.

2018 жылы ҚТГ-нің Ғылыми-техникалық кеңесінде кәсіпорынның инновациялық қызметін қалыптастыру және іске асыру саласында келесі мәселелер қаралып, мақұлданды:

- Күрделі жөндеу мен қайта қалпына келтіру жұмыстарының тиімді тәсілі ретінде полиэтилендік жеңдерді тығыз қиыстырып келтіру әдісі арқылы құбырларды санациялау технологиясы;

шеңберінде, ұзындығы 10 мың км болатын халықаралық газ моторлы техникалық автожарыс өткізілді. Автожарыстың мақсаты - табиғи газды мотор отынының экологиялық таза және үнемді түрі ретінде насихаттау, технологияларды сынау, технологиялармен таныстыру және өндірістік-өткізу инфрақұрылымының орналасуы ықтимал нүктелерді зерттеу.

2018 жылы ҚР Үкіметі тарапынан СТГ-ні жүзеге асыру көлемі, СТГ-ге арналған автобустар мен коммуналды техникалар саны мен автомобильдік газ толтыру компрессорлық станцияларының (АГТКС) құрылысы бойынша мақсатты көрсеткіштерді белгілей отырып, Табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалануды кеңейту жөніндегі 2019-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

2018 жылы Алматы, Ақтөбе, Қостанай қалаларында АГТКС-тан 19 224 мың м<sup>3</sup> сығымдалған табиғи газ жүзеге асырылды.

2019 жылы тиісті жер учаскелерінің бөлінуі мен тұтынушылар базасының бекітілуіне орай жаңа АГТКС құрылысы жоспарланған.

- Магистральдық және кәсіптік құбырларды композиттік-муфталық жөндеу технологиясы;
- Шағын электр токтарын катодты қорғау станциялары арқылы магистральдық газ құбырларын коррозиядан электр-химиялық қорғау технологиясы;
- Катодтық қорғаныстың модульдік станциялары, сондай-ақ қорғаныш әлеуетін сүйемелдеу және тоқты бақылау құрылғылары арқылы «Аналитик» электрохимиялық қорғанысын кешенді мониторингтеу жүйесі;
- ҚТГ Компаниялар тобының жаңа және ағымды жобаларында домалақ шүмектерді пайдалану;

- Қазақстанда өндірілетін заманауи жабындылар арқылы мұнай-газ кешендерінің нысандарын антикоррозиялық қорғау.

2018 жылы ҚТГ Қызылорда қаласында Бейнеу-Бозой-Шымкент магистральдық газ құбыры (ББШ МГҚ) трассасының бойындағы Орталық диспетчерлік басқарманы (ОДБ) пайдалануға енгізді. ОДБ - бұл «ББШ» МГҚ нысандарының қауіпсіз әрі сенімді жұмысы үшін барлық қажетті ақпаратты жинау, өңдеу және беру функцияларын орындайтын



## ЦИФРАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫ

2018 жылы газды есепке алу және сату ақпараттық жүйесі (Өндіріс) «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-да өнеркәсіптік пайдалануға берілді. Компания 2023 жылға қарай аталған жобаның жүзеге асырылуынан 618 млн теңге мөлшерінде пайда табуды көздеп отыр. ҚТГ 2018 жылы газ саласында блокчейн технологиясын қолдана бастады. Ең алдымен ол газ тасымалдау инфрақұрылымын мониторингтеуде, сервистік қызмет көрсетуде және жөндеу жұмыстарын жүргізуде, сондай-ақ газ есептегіштерін бақылауда қолданылатын болады. Аталған технологияны пайдалану газ құбырларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарына бақылауды айтарлықтай жеңілдетеді, оларды пайдалану кезінде қауіпсіздік деңгейін едәуір арттырады және ресурстардың шығынын азайтады. Газ есептегіштерді бақылау жүйесінде блокчейн технология әрбір тұтынушы үшін жеке «Сандық метрлік төлқұжат» жасауға мүмкіндігін береді. Бұл газбен қамтуға рұқсат құжаттарын алудан

жоғары технологиялық, компьютерлендірілген кешен.

2019 жылы инновациялар бойынша «Ақшабұлақ-Қызылорда» МГҚ-да (41 км) катодтық қорғаныстың модульдік станциялары арқылы «Аналитик» электр-химиялық қорғанысын кешенді мониторингтеу жүйесінің тәжірибелік-өндірістік сынағы жоспарланған. Мақсат - сапасын анықтау және кейінен «ҚазТрансГаз» АҚ Компаниялар тобының жаңа және ағымдағы жобаларына енгізу.

бастап, бақылау құралын орнату мен оны пломбылауға дейінгі барлық қадамдар тізбегін қадағалауға мүмкіндік береді. 2018 жылдың соңында цифрландыру жобасы шеңберінде жүзеге асырылатын ҚТГ жобаларының портфелі:

- «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-қа КапСтрой ақпараттық жүйесін енгізу;
- «ҚазТрансГаз» АҚ-та ақпарат жинау және газды есепке алудың автоматтандырылған жүйесін диспетчерлендіру бойынша кешенді жұмыстарды іске асыру.
- Газ құбыры нысандары бойынша аналитикалық геоақпараттық жүйені енгізу.
- «Интергаз Орталық Азия» АҚ-та ұшқышсыз әуе аппараттарын пайдалану арқылы магистральдық газ құбырлары мен қорғау аймақтарын диагностикалау және көзбен шолып қарау бойынша пилоттық жоба.

# ӨҢДЕУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ

## СТРАТЕГИЯ

« 2018-2028 жылдарға арналған Стратегияға сәйкес Компанияның ҚР мен Румыниядағы мұнай өңдеу зауыттарын мұнай өңдеу тереңдігінің жаңа деңгейге шығарған жаңғыртудан кейін бұл активтер бойынша мынадай негізгі міндеттер пайда болды:

- ҚР МӨЗ үшін: шығындарды оңтайландыру арқылы борыштық міндеттемелерді уақытылы өтеу мақсатында жеткілікті өтімділік деңгейін генерациялауды қамтамасыз ету;
- «Петромидия» МӨЗ үшін: мұнай өнімдерін сату маржасын ұлғайту, сондай-ақ ҚМГ Корпоративтік орталығына дивидендтер төлеу мақсатында өндіріс үдерістерін оңтайландыру, оның ішінде цифрландыру және мұнай өнімдерінің оңтайлы себетін қамтамасыз ету арқылы тиімділікті арттыру.



ҚМГ активтері құрылымында сұйық көмірсутек шикізатын (көбіне мұнайды) өңдеуді Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде орналасқан төрт мұнай өңдеу зауыты (МӨЗ) және Румыниядағы екі зауыт жүзеге асырады.

## ЕСЕПТЕУ ӘДІСІ БОЙЫНША ӨНДЕУ СЕГМЕНТІНІҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН КҮРДЕЛІ ШЫҒЫНДАРЫ, МЛН АҚШ ДОЛЛ.



\* Есептеу кезінде өңдеу көрсеткіштері ескерілді, маркетинг есебінсіз

Атырау мұнай өңдеу зауыты (АМӨЗ) 1945 жылы салынған. Павлодар мұнай химиялық зауытының (ПМХЗ) құрылысы жетпісінші жылдары жүргізілді. Шымкент МӨЗ (ПҚОП) сексенінші жылдары пайдалануға берілді. Caspi Bitum зауыты ҚР қазіргі мұнай өңдеу саласын дамыту аясында 2013 жылы қолданысқа енгізілді.

## БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

- 2018 жылы АМӨЗ-де жаңа қондырғыларды іске қосу және жөндеу жұмыстары аяқталды.
- ПҚОП есептік жылдың қыркүйегінде өзінің жаңғырту жұмыстарының екінші (ақтық) кезеңін аяқтады.
- ҚР ішкі қажеттілігін отандық жанар-жағармаймен жүз процент қамтамасыз ету бойынша ҚР Үкіметінің стратегиялық бастамасы орындалды.
- 2018 жылғы қарашада Қазақстан-Румыния Инфестициялық Қоры құрылды. Оның акционерлері сәйкесінше 80% және 20% қатысу үлесімен KMG International және Румыния Үкіметі болып табылады. Қор нақты экономикалық жағдайға байланысты Инвестициялық Кезеңде 7 жыл ішінде \$1 млрд-қа дейін қаржы құюды жоспарлап отыр.
- ҚМГ Стратегиясына және Үкімет Жоспарына сәйкес, ҚМГ «ҚазМұнайГаз» брендті автокөлікке жанар-жағар май құю станцияларының желісін 60 512 мың теңгеге «PetroRetail» пайдасына сатты.





2007 жылы Румыниядағы ең ірі Петромидия және Вега МӨЗ кіретін Rompetrol Group компаниясы (Орталық және Шығыс Еуропадағы экстракциялық нафтаньң жалғыз өндірушісі) сатып алынды. Кейін компания KMG International (KMG) болып қайта аталды.

### ӨНДЕУ БОЙЫНША ҚМГ АКТИВТЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

	АМӨЗ	ПМХЗ	ПҚОП	Caspi Bitum	Петромидия	Вега
Орналасқан жері	Атырау, ҚР	Павлодар, ҚР	Шымкент, ҚР	Ақтау, ҚР	Нэводарь, Румыния	Плойешть, Румыния
Қолданысқа енгізу, ж.	1945	1978	1985	2013	1979	1905
Жобалық өңдеу қуаттылығы, млн тонна	5,5	5,1*	6	1,0	6,0 <sup>8</sup>	0,5
ҚМГ иелену үлесі, %	99,53	100	49,72	50	54,63	54,63
Нельсон Индексі	13,9	10,5	8,2	-	10,5	-
Ашық мұнай өнімдерінің шығарылымы, %	57%	67%	64%	-	86,1%	-
МӨЗ ортақ иеленушілері	-	-	CNPC	CITIC	Румыния мемлекеті	Румыния мемлекеті

\* Қазіргі уақытта сутегі өндіру қондырғысының құрылысы бойынша мәселе қаралуда, оның арқасында ПМХЗ жылдық өңдеу қуаты 6 млн тоннаға дейін артады

<sup>8</sup> Жобалық қуаттылығы 5 млн.тонна көлемінде мұнай өңдеу және де 1 млн. тонна көлемінде басқа көмірсулар шикізаттарды қосады

2017 жылы ПМХЗ толық жаңғыртылды. 2018 жылы АМӨЗ жаңа қондырғылардың іске қосу-икемдеу жұмыстарын аяқтады. ПҚОП есептік жылдың қыркүйегінде жаңғыртудың соңғы кезеңін тәмамдады. Осылайша, Қазақстанның ішкі қажеттілігін отандық жанар-жағармаймен жүз процент қамтамасыз ету бойынша ҚР Үкіметінің стратегиялық бастамасы орындалды.

### ӨНДЕУ КӨЛЕМДЕРІ

ҚМГ көмірсутек шикізатын өңдеудің кумулятивті көлемдері операциялық үлестің ескерілуімен 2018 жылы тәулігіне 19,7 млн тонна немесе 410 мың барр. құрады:

ҚМГ үлесі ескерілуімен КСШ өңдеу көлемдері, тонна	2015	2016	2017	2018
АМӨЗ	4 867	4 760	4 724	5 268
ПМХЗ	4 810	4 589	4 747	5 340
ПҚОП (50%)	2 247	2 251	2 343	2 366
Caspi Bitum (50%)	188	312	359	409
<b>Барлығы ҚР</b>	<b>12 111</b>	<b>11 911</b>	<b>12 173</b>	<b>13 384</b>
Петромидия	4 950	5 408	5 662	5 925
Вега	329	354	373	406
<b>Барлығы KMG</b>	<b>5 279</b>	<b>5 762</b>	<b>6 035</b>	<b>6 331</b>
<b>ҚМГ үлесін ескергенде барлығы</b>	<b>17 390</b>	<b>17 673</b>	<b>18 207</b>	<b>19 715</b>

# 19 715

МЫҢ ТОННА

ҚМГ-нің КСШ өңдеу көлемі, ҚР-дағы 13 384 мың тоннаны қоса алғанда

**+ 1 508 тонна** ↗  
2017 ЖЫЛҒА ҚАТЫСТЫ ӨСІМ

Көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 2017 жылмен (18,2 млн тонна) салыстырғанда 1498 мың тоннаға немесе 8%-ке артқан. Өңдеу көлемінің ұлғаюы барлық МӨЗ-де төмендегілер есебінен орын алған:

- мұнай өнімдерінің өндірісіне арналған зауаттар жүктемесін қамтасыз ету мақсатында қазақстандық МӨЗ-дерге мұнай

жеткізу бойынша жер қойнауын пайдаланушылар үшін ҚР Энергетика министрлігі тарапынан міндеттерді арттыру;

- Петромидия зауытының өндірістік жүктемесін қалпына келтіру, себебі 2017 жылдың бірінші тоқсанында зауаттың жоспардан тыс тоқтауымен бірге қолайсыз ауа райы жағдайлары байқалды.

	2017 жыл, мың тонна	2018 жыл, мың тонна	2017 жылға қарай өсуі, мың тонна	2017 жылға қарай өсуі, %
АМӨЗ	4 724	5 268	544	+12%
ПМХЗ	4 747	5 340	593	+12%
ПҚОП (50%)	2 343	2 366	23	+1%
CASPI BITUM (50%)	358	409	51	+14%
Петромидия	5 662	5 925	263	+5%
Вега	373	406	33	+9%
<b>Барлығы</b>	<b>18 207</b>	<b>19 715</b>	<b>1 508</b>	<b>+8%</b>

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӨРТ МӨЗ ҮШІН ШИКІЗАТ ЖЕТКІЗУШІЛЕР

Есепті жылы Атырау МӨЗ ҚМГ жер қойнауын пайдаланушылары жеткізілімдерінің есебінен 3 млн тонна көмірсутек шикізатымен (56%) қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, олар Павлодар МХЗ-н 3 млн тонна көлемінде (58%) шикізатпен қамтамасыз еткен. Шымкент МӨЗ-не жеткізілімдердегі ҚМГ үлесі 11%-ті құраған. Caspi Bitum зауытын шикізатпен қамтуда, оның тең құқылы акционерлері болып табылатын, ҚМГ мен CITIC компаниялары тобының үлесіне 50%-тен келген.

Нәтижесінде 2018 жылы ҚМГ көмірсутекті шикізатының төрт қазақстандық МӨЗ-ге өңдеуге жіберілген жалпы көлемдегі үлесі 6 980 мың тоннаны (43%) құрады. 2017 жылы

	2015	2016	2017	2018
АМӨЗ	2 773	3 025	2 575	2 965
ПМХЗ	2 248	2 755	2 640	3 089
ПҚОП	522	547	589	516
Caspi Bitum	187	312	365	409
<b>Барлығы</b>	<b>5 749</b>	<b>6 638</b>	<b>6 169</b>	<b>6 980</b>

ішкі жеткізілімдер үшін бұл көрсеткіш 6 193 мың тонна шикізатты (42%) құраған болатын, бұл есепті жылдағы көрсеткіштен 811 мың тоннаға жоғары.



### ПЕТРОМИДИЯ ЖӘНЕ ВЕГА РУМЫН ЗАУЫТТАРЫ ҮШІН ШИКІЗАТ ЖЕТКІЗУШІЛЕР

Петромидия зауытында 5,9 млн тонна көлеміндегі жалпы өңдеу көлемі 5 млн тонна мұнай өңдеуден және 0,9 млн тонна нафта, метанол, биодизель, газ және т.б. балама шикізаттарды өңдеуден құралады.

Петромидия зауытында өңдеу үшін 5 млн тонна мөлшерінде көмірсутек шикізатын ірі жеткізушілер қатарында «Өзенмұнайгаз» (1 млн тонна), «Ембімұнайгаз» (1 млн тонна), сондай-ақ жалпы жеткізілім мөлшері 3 млн тонна құрайтын өзге жеткізушілер болған.

Петромидия МӨЗ-ге КСШ жеткізу, мың тонна	2015	2016	2017	2018
Мұнай	4 205	4 708	4 706	5 028
Басқа көмірсутегі шикізаты	745	700	956	897

Вега зауытына шикізат толығымен Петромидия зауытынан жеткізіледі.

Вега зауытына шикізат жеткізу, мың тонна	2015	2016	2017	2018
Химиялық қолдануға арналған рафинат	160	161	172	193
Авиаотын	12	10	13	9
Ауыр отын	112	128	122	133
Шлам	3	1	2	8
C5-C6 еріткіштері	43	61	60	61

### МӨЗ ҚУАТТЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК ЖҮКТЕМЕСІ

Есепті жылы ҚМГ мұнай өңдеу зауыттары операциялық үлесінің ескерілуімен өзінің жобалық қуаттылығынан орташа есеппен

96%-ке жүктелген болатын. Бұл дүни-ежүзілік аналогтарға сәйкес. 2017 жылмен салыстырғанда аталған көрсеткіш 6%-ке артты.

	АМӨЗ	ПМХЗ	ПҚОП (50%)	Caspi Bitum (50%)	Петромидия	Вега	Барлығы
ҚМГ операциялық үлесінің ескерілуімен жобалық өңдеу қуаттылығы, мың тонна	5 500	5 100	3 000	500	6 000	500	20 600
Операциялық үлестің ескерілуімен КСШ өңдеу көлемі, мың тонна	5 268	5 340	2 366	409	5 925	406	19 715
2018 ж. МӨЗ жүктемесі, %	96%	105%	79%	82%	99%	81%	96%

Белгіленген кестеге сәйкес құрал-жабдықтардың бөлшектерін ауыстырып немесе қалпына келтіріп және оларды түзете

отырып, толық немесе бастапқы қалпына жақын келтіру үшін 30-35 күн ұзақтығымен зауыттарда күрделі жөндеу жұмыстары

жүргізіледі. Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарын жаңғыртуға байланысты зауыттардың күрделі жөндеуі үш жылдық мерзімге ауысты. Бұған дейін жоспарлы жөндеу жұмыстары жыл сайын жүргізілетін.

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӨЗ-ДЕГІ МҰНАЙ ӨНДЕУДІҢ ҚАЗІРГІ БИЗНЕС-ҮЛГІСІ

Қазақстандық МӨЗ тек белгіленген тарифтер бойынша мұнай өңдеу қызметін көрсетеді, олар өңдеу үшін мұнай сатып алмайды және алынған мұнай өнімдерін сатпайды. Мұнай жеткізушілер дайын мұнай өнімдерін өз беттерімен жүзеге асырады. МӨЗ өндірістік мәселелерге ғана назар бөледі, осының нәтижесінде өңдеу қызметі оңтайландырылып, шығын азаяды.

ҚР мұнай өңдеу зауыттарында мұнай өңдеу қызметінің тарифтері өндіріске жұмсалатын нақты операциялық шығындардан және инвестициялық құраушылардан (өндірістің ағымдағы деңгейін ұстап тұру үшін жұмыл-

дырылатын күрделі салымдар, жаңғырту-ды жүзеге асыру үшін алынатын несиелер) қалыптасады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 29 қазандағы заңға сәйкес, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қайта өңдеу бағаларына мемлекеттік реттеу алынып тасталды, бұл мұнай өңдеу тарифтерінің өзгеруін келісу үдерісін айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік берді. Бүгінгі таңда жаңа тариф мөлшерлемесін ҚР Энергетика министрлігі үйлестіреді.

### 1 ТОННА ӨНДЕЛМЕ ШИКІЗАТТЫ ӨНДЕУ МЕРЗІМІНЕ АРНАЛҒАН ТАРИФТЕР, ТЕҢГЕ

	Номиналды тарифтер	Нақты орташа өлшемді тарифтер
АМӨЗ	қаңтардан шілдеге дейін - 31 473, тамыздан желтоқсанға дейін 37 436	33 810
ПМХЗ	17 250	17 250
ПҚОП	қаңтардан 19 шілдеге дейін 16 302, 20 шілдеден желтоқсанға дейін 22 500	19 579
Caspi Bitum	18 000	18 008

Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарының тарихи көрсеткіштері төменде келтірілген кестеде мұнай өңдеуге арналған шығындардың орташа мөлшерлемесі және сәйкес шығыстар түрінде ұсынылған. Өңдеу тарифінің барлық сомасы операциялық шығыстарды және инвестициялық

құрамдауыштарды жабуға жұмсалады. Инвестициялық құрамдауыш өндірістің ағымдағы деңгейін ұстап тұру үшін мұнай өңдеу зауыттарының капиталды көп қажет ететін жаңғыртылуын қаржыландыру және күрделі салымдар үшін тартылған қарыздарды (негізгі қарыз бен пайыздарды) өтеу үшін пайдаланылады.

МХЗ/МӨЗ орташа өлшемді тарифтері	2015	2016	2017	2018
АМӨЗ	14 068	20 378	23 370	33 810
ПМХЗ	10 162	14 895	15 429	17 250
ПҚОП	11 454	11 454	12 809	19 579
Caspi Bitum	12 782	12 043	16 667	18 008

### РУМЫНДЫҚ ПЕТРОМИДИЯ ЖӘНЕ ВЕГА МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТТАРЫНДАҒЫ МҰНАЙ ӨНДЕУДІҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БИЗНЕС-ҮЛГІСІ

Петромидия және Вега мұнай өңдеу зауыттары өңдеуді схема бойынша жүзеге асырады, зауыт өз балансына көмірсутек шикізатын сатып алып, оны өңдейді де, содан кейін көтерме немесе бөлшек саудада сатады.

Петромидия мұнай өңдеу зауытының Юралс сортты шикі мұнайға деген баға белгіленімі мен өндірілген мұнай өнімдеріне (бензин, дизель, нафта, сұйытылған газ, реактивтік отын, мазут, пропилен, күкірт және мұнай коксы) деген баға белгіленімі арасындағы айырма ретінде есептелінген

өңдеу маржасы 2018 жылы бір баррель үшін \$6,2-ні құрады. Бұл жоспар деңгейінде және 2017 жылғы көрсеткіштен бір баррель үшін -\$0,2-ге төмен (халықаралық нарықтағы мұнайдың баға белгіленімі нәтижесінде).

2015-2018 жылдарға арналған Петромидияның өңдеу маржасы, КСШ бір тоннасы үшін.

	2015	2016	2017	2018
Петромидия МӨЗ өңдеу маржаы АҚШ долл./барр.	8,4	6,4	6,4	6,2

### МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНІҢ ӨНДІРІС КӨЛЕМІ

ҚМГ операциялық үлесінің ескерілуімен мұнай өнімдерінің өндіріс көлемі 18,3 млн тонна дайын өнімді құрады, бұл өңдеуге арналған шикізат жеткізілімі көлемдерінің ұлғаюы салдарынан 2017 жылдың көрсеткішінен 1148 мың тоннаға (7%-ке) артық. Қазақстанның ең ірі үш МӨЗ-дегі өзгерістің маңызды факторы ашық мұнай өнімдерін шығару көлемдерінің ұлғаюы болды, бұл көмірсутек шикізатын өңдеудің өнімдік себебінің құнын арттырды. Мәселен, бензинін шығару көлемдерінің ұлғаюы 24%-ті, ал дизель 7%-ті құрады. Бұл орайда АМӨЗ-де АИ-92 маркалы бензин өндірісінің өсімі 96%-ке, ПҚОП-да - 48%-ке, ПМХЗ-да - 24%-ке жеткен. Аталған өзгерістер қазақстандық МӨЗ-дерді жаңғыртудың арқасында мүмкін болып отыр.

Есепті кезеңде мұнай өнімдерінің өндіріс көлемі бойынша ең үлкен мәнге бензин мен дизель отыны ие, олардың жиынтығы барлық өндірілген мұнай өнімдерінің шамамен 62% -ін құрайды.

# 18 333

МҰНАЙ ТОННА

2018 жылғы мұнай өнімдері өндірісінің көлемі, ҚР-дағы 12 148 мың тоннаны қоса алғанда

+ 1 148 мың тонна ↗  
2017 ЖЫЛҒА ҚАТЫСТЫ ӨСІМ

Мұнай өнімдерінің өндіріс көлемі, мың тонна	2015	2016	2017	2018
АМӨЗ	4 522	4 489	4 481	4 740
ПМХЗ	4 325	4 033	4 262	4 852
ПҚОП (50%)	2 132	2 136	2 194	2 151
Caspi Bitum (50%)	185	307	353	405
<b>Барлығы ҚР</b>	<b>11 163</b>	<b>10 965</b>	<b>11 290</b>	<b>12 148</b>
Петромидия	4 829	5 242	5 530	5 788
Вега	324	350	365	397
<b>Барлығы ҚМГИ</b>	<b>5 153</b>	<b>5 592</b>	<b>5 895</b>	<b>6 185</b>
<b>ҚМГ үлесінің ескерілуімен барлығы</b>	<b>16 316</b>	<b>16 557</b>	<b>17 185</b>	<b>18 333</b>

Мұнай өнімдерінің өндіріс көлемі, мың тонна	2015	2016	2017	2018
Бензин	3 515	3 799	3 900	4 853
Дизель отыны	5 734	6 038	6 114	6 570
Сұйытылған газ	563	575	586	826
ВГО	1 275	1 276	1 278	759
Мазут	3 082	2 536	2 737	2 378
<b>Басқалары</b>	<b>2 148</b>	<b>2 334</b>	<b>2 572</b>	<b>2 948</b>
<b>Мұнай өнімдері бойынша барлығы</b>	<b>16 316</b>	<b>16 557</b>	<b>17 185</b>	<b>18 333</b>



## МҰНАЙ ЖӘНЕ КОНДЕНСАТ МАРКЕТИНГІ

2018 жылы ҚМГ-нің өзіндік өндірілген мұнайы мен конденсатының жүзеге асырылу көлемі 23 754 мың тоннаны құрады. Оның ішінде мұнай экспорты 16 744 мың тоннаны, мұнайдың ішкі нарықтағы жеткізілім көлемі 7 010 мың тоннаны құрады. Ішкі жеткізілімдер көлемі тұтастай дерлік ҚМГ-ге тиесілі МӨЗ-дерге арналған жеткізілімдерді қамтиды және шикізаттың аз ғана мөлшері ҚМГ компаниялар тобына

кірмейтін қазақстандық шағын МӨЗ-дерге апарылады. Сонымен қатар, ҚМГ үшінші тараптардан алынған мұнайды шетелдік нарықта қайта сату бойынша операцияларды жүзеге асырады. Сондай-ақ «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» экспорттық көлемдерінен шамамен 2 086 мың тонна мұнай өңделу үшін өзінің меншікті Петромидия мұнай өңдеу зауытына (Румыниядағы ҚМГ активі) бағытталатынын атап өткен жөн.

### 2017 ЖӘНЕ 2018 ЖЫЛДАРЫ ӨНДІРІЛГЕН ҚМГ МҰНАЙЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ, МЫҢ ТОННА

	2017			2018		
	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы 2017	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы 2018
Операциялық активтер*	9 727	6 169	15 896	8 773	6 980	15 752
Мегажобалар**	7 525	3	7 529	7 971	12	7 983
<b>Барлығы</b>	<b>17 252</b>	<b>6 173</b>	<b>23 424</b>	<b>16 744</b>	<b>6 991</b>	<b>23 735</b>

\* Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Маңғыстаумұнайгаз, Қаржанбасмұнай, Қазгермұнай, ПетроҚазақстан Инк, Амангелді Газ, Қазақойл Ақтөбе, Қазақтүрікмұнай

\*\* Теңізшевройл, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в., Норт Каспиан Оперейтинг Компани н.в.

## ГАЗ МАРКЕТИНГІ

ҚМГ еншілес компаниясы «ҚазТрансГаз» АҚ (ҚТГ) газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор бола отырып, шикі және тауарлық газды сатып алуға мемлекеттің артықшылықты құқығын жүзеге асырады.

Заңнамаға сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар ұлттық операторға шикі және (немесе) тауарлық газдың көлемі, бағасы және жеткізу пункті көрсетілген коммерциялық ұсыныс жібереді. Өз кезегінде, ұлттық оператор мемлекеттің артықшылықты құқығын жүзеге асыру туралы немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Қазіргі уақытта ұлттық оператор ҚМГ қатысу үлесі бар келесі компанияларға мемлекеттің артықшылықты құқығын қолданады:

- «КазГӨЗ» ЖШС (100%)
- «Ембімұнайгаз» АҚ (100%)
- «Қазгермұнай»БК» ЖШС (50%)
- «ҚазақОйлАқтөбе» ЖШС (50%)
- «Қазақтүрікмұнай» ЖШС (100%)
- «ҚазМұнайТас» ЖШС (100%)

Жоғарыда көрсетілген компаниялардың газы ішкі нарықта жүзеге асырылады.

Мемлекеттің артықшылықты құқығы қолданылмайтын ҚМГ қатысу үлесі бар компаниялар:

- «Амангелді Газ» ЖШС (100%)
- «Теңізшевройл» ЖШС (20%)
- «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в.» (10%)
- «Норт Каспиан Оперейтинг Компани н.в.» (8,44%)

Аталаған компаниялардың газы ішкі нарықта жүзеге асырылады және экспортқа шығарылады.

Тұтастай алғанда, экспорттың өсуі ҚХР жеткізілетін газ көлемінің өсуіне байланысты болды. 2018 жылы экспорттың елеулі артуы ҚХР-ға газ жеткізудің 2017 жылдың 15 қазанынан басталуымен байланысты және 2018 жылы ҚХР-ға газ жеткізілімі толық көлемде қамтамасыз етілді. 2018 жылдың қазан айында ҚТГ мен PetroChina International Alashankou Company Limited Қытайға қазақстандық газдың экспортын жылына 5 млрд м<sup>3</sup>-тан 10 млрд м<sup>3</sup>-қа ұлғайту туралы ұзақ мерзімді (5 жыл) келісімшартқа қол қойды.

Ресей бағытындағы экспорттың ұлғаюы және Өзбекстан бағытындағы экспорттың төмендеуі экспорттық газ ағындарын қайта бөлу есебінен жүзеге асырылады. Қырғызстанның солтүстігіндегі тұтынудың өсуіне байланысты осы бағытта газдың жеткізілімі артты. ҚР-ның барлық аймақтарында тұтынудың өсуіне байланысты ішкі нарықта жүзеге асырылатын газ көлемі 9% -ке өсті.

### 2017 ЖӘНЕ 2018 ЖЖ. ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОРДЫҢ ТАУАРЛЫҚ ГАЗДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫ, МЛН М<sup>3</sup>

ҚТГ газының жүзеге асырылу көлемдері	2017	2018
<b>Экспорт</b>	<b>4 949</b>	<b>8 917</b>
Ресейге	2 073	2 350
Қырғызстанға	249	275
Өзбекстанға	1 624	807
ҚХР-ға	1 003	5 484
<b>Ішкі нарық</b>	<b>12 793</b>	<b>13 999</b>
<b>Жүзеге асырылған газдың жалпы көлемі</b>	<b>17 742</b>	<b>22 916</b>

## ГАЗДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА АРНАЛҒАН РЕСУРСТАР, МЛН М<sup>3</sup>

Газды жүзеге асыруға арналған ресурстар	18 153	23 297
ҚР-да сатып алынатын газ	13 376	17 209
ҚМГ қатысатын компаниялар	6 446	10 195
Үшінші тараптар	6 930	7 014
Газ импорты	4 777	6 088
Ресей	3 038	3 216
Өзбекстан	1 739	2 872

## МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНІҢ МАРКЕТИНГІ

«Өзенмұнайгаз» (ӨМГ), «Ембімұнайгаз» (ЕМГ) және «Қазақтүрікмұнай» (ҚТМ) компанияларынан сатып алынған мұнай өңделгеннен кейін, өндірілген мұнай өнімдері АМӨЗ-ден және ПМХЗ-дан үлкен көлемде ҚМГ-ге сатылады. Ашық түсті мұнай өнімдерін сатқанда, сондай-ақ ӨМГ және ЕМГ өндірістік қажеттіліктерін қамтамасыз етуде «ҚМГ Аэро» ЖШС мен «ҚМГ Өнімдері» ЖШС-ның еншілес сатушы компанияларына басымдық берілетін.

Мемлекеттік уәкілетті органдардың тапсырмасына сәйкес, ҚМГ егіс жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын жөнелтуді жүзеге асырады, сондай-ақ жылу беру маусымында әлеуметтік-өндірістік нысандар мен мекемелерді мазутпен қамтамасыз етеді.

Мұнай өнімдерінің қалған көлемі ішкі нарықта үшінші жақ сатып алушыларына сатылады және экспортқа шығарылады.

2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы ҚР Энергетика министрлігінің кестесіне сәйкес өңдеуге жеткізілетін мұнай көлемінің ұлғаюына есебінен мұнай өнімдерінің жүзеге асырылуы 480 мың тоннаға өсіп, 2 868 мың тоннаға жетті. Сонымен бірге, ішкі нарыққа және экспортқа шығарылатын мұнай өнімдері жеткізілімдерінің қатынасы айтарлықтай өзгерді: 2017 жылы - 60%/40% және 2018 жылы - 75%/25%. Бұған Қазақстандағы мұнай өңдеу зауыттарының толық жаңғыртылуы және қара мұнай өнімдерінің өндірісін қысқарту кезінде ашық түсті мұнай өнімдері түсімінің артуы басты себеп болды. Тиісінше, ішкі нарықта сатылатын мұнай өнімдерінің құрылымында еншілес өткізу компанияларына жеткізілетін бензин, дизель отыны мен авиаотынның үлесі артты.

# 2 868

МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ  
МҰНАЙ ТОННА

ҚР-да өндірілген ҚМГ мұнай өнімдерінің көтерме саудада жүзеге асырылуы

**+ 480 мың тонна** ↗

2017 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ӨСТІ

# 707

МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ  
МҰНАЙ ТОННА

ҚР-да өндіріліп, экспортқа шығарылған ҚМГ мұнай өнімдері

## ҚР-ДА ӨНДІРІЛГЕН ҚМГ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНІҢ КӨТЕРМЕ САУДАДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ, МҰНАЙ ТОННА

ҚМГ мұнай өнімдерінің көтерме саудада жүзеге асырылуы	2017			2018		
	Ішкі нарық	Экспорт	Барлығы 2017	Ішкі нарық	Экспорт	Барлығы 2018
Бензиндер	409	0	409	701	0	701
Дизель отыны	726	0	726	954	0	954
Авиаотын	10	0	10	34	0	34
Мазут	151	567	718	192	414	606
Вакуумді газойль	0	327	327	0	200	200
Пеш отыны	24	17	41	43	23	66
Қыздырылған кокс	0	22	22	0	25	25
Жиынтық кокс	40	24	64	44	33	77
Күкірт	1	0,2	1,2	9	4	13
Бензол	0	3,7	3,7	0	5	5
Битум	19	0	19	53	0	53
Параксиллол	0	0	0	0	2	2
Сұйытылған газ	47	0	47	128	0	128
СДҚ-ға арналған шикізат	0	0	0	4	0	4
<b>Барлығы</b>	<b>1 427</b>	<b>961</b>	<b>2 388</b>	<b>2 162</b>	<b>707</b>	<b>2 868</b>

2018 жылы ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне 272 мың тонна дизель отыны жеткізілді (2017 жылға қарағанда 100 мың тоннаға өсті).

«ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС жанармай құю станцияларының бөлшек сауда желісін қамтамасыз ету үшін 2018 жылы 1307 мың тонна бензин мен дизель отыны жеткізілді (458 мың тоннаға өсті). 2018 жылы әлеуметтік-өндірістік нысандар мен мекемелерді жылытуға арналған мазуттың сатылымы 54 мың тоннаны (17 мың тоннаға өсті) құрады. Әуежайлар мен коммерциялық авиацияларға авиаотын мен мазут жеткізу бойынша Бірыңғай оператор шең-

берінде қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін «ҚМГ Аэро» ЖШС-на 34 мың тонна авиа отыны (+24), 42 мың тонна мазут (+18 мың тонна) жеткізілді.

ҚМГ-нің бекітілген даму жоспарына сәйкес ӨМГ, ЕМГ және ҚТМ-дан сатып алынған мұнай АМӨЗ бен ПМХЗ-да өңделгеннен кейін өндірілген мұнай өнімдерін көтерме саудада жүзеге асыру жалғасатын болады.

Қолданыстағы «Газ және газбен жабдықтау туралы» заңнамаға енгізілген түзетулерге сәйкес, 2019 жылдың ақпан айынан бастап сұйытылған газдың (5%) бөлігі міндетті түрде электронды сауда алаңдары (ЭСА) арқылы сатылуы тиіс.

## КМГИ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНІҢ КӨТЕРМЕ САУДАДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

КМГИ мұнай өнімдерінің көтерме саудада жүзеге асырылуы 7 169 мың тоннаны құрады. Бұл алдыңғы жылға қарағанда 46%-ке артық және мазут сатылымының өсуіне байланысты болып отыр.

КМГИ мұнай өнімдерінің жүзеге асырылуы, тонна	2017	2018
Бензин	1 349	1 336
Дизель отыны	2 857	3 062
СКГ	320	314
Авиаотын	244	316
Басқалары	388	483
Полипропилен	84	91
LDPE	60	49
HDPE	0	3
Пропилен	20	21
Пластик бөтелкелер	1	0
Битум	96	102
Пеш отыны	33	35
Нафта	110	121
Экологиялық еріткіштер	41	43
White Spirit	8	7
Гексан	82	84
Мазут	309	2 273
ВГО	7	7
<b>Барлығы</b>	<b>6 010</b>	<b>8 345</b>

## ҚР-ДАҒЫ АЖС БӨЛШЕК ЖЕЛІСІ

ҚМГ Стратегиясына және Үкімет Жоспарына сәйкес, ҚМГ «ҚазМұнайГаз» брендті автокөлікке жанар-жағар май құю станцияларының желісін 60 512 мың теңгеге «PetroRetail» пайдасына сатты. Келісім 2019 жылдың ақпанында аяқталды.

2018 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ-нің мұнай өнімдерінің бөлшек ішкі нарықтағы үлесі 14%-15%-ті құрады.



ҚМГ АЖС-тың бөлшек сауда желісі арқылы жүзеге асырылған мұнай өнімдерінің көлемі 2018 жылы 1,3 млн тоннаны құрады. Бұл алдыңғы жылға қарағанда 8%-ке артық және ҚР МӨЗ-деріндегі мұнай өнімдері өндірісінің ұлғаюына байланысты болды. Сонымен қатар, бөгде компаниялардан сатып алынған мұнай өнімдерін сату үлесі импортталған мұнай өнімдерінің ауыспалы қалдықтарының жүзеге асырылу есебінен 6%-тен 11%-ке дейін өсті.

## 2017 ЖӘНЕ 2018 ЖЖ. МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНІҢ БӨЛШЕК САУДАДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ, МЫҢ ТОННА

	2017	2018
<b>Өзіндік мұнай өнімдерінің бөлшек саудада жүзеге асырылуы</b>	<b>1 154</b>	<b>1 187</b>
Бензин	499	498
Дизель отыны	602	652
Сұйытылған газ (СКГ)	54	37
<b>Бөгде компаниялардан сатып алынған (импортты қоса алғанда) мұнай өнімдерінің бөлшек саудада жүзеге асырылуы</b>	<b>77</b>	<b>146</b>
Бензин	35	63
Дизель отыны	42	83
<b>Жүзеге асырылған мұнай өнімдерінің жалпы көлемі</b>	<b>1 231</b>	<b>1 333</b>

## КМГИ БӨЛШЕК САУДА ЖЕЛІСІ

КМГИ бөлшек сауда желісі Румынияның 600 АЖС-да және шетелдік 234 АЖС-та ұсынылған.

- Румыния: көтерме сауда клиенттерінде орнатылған 600 станция мен 551 шағын резервуар. Бөлшек сауда нарығының үлесі 15%-ті құрайды;

- Таяу шетелдер: 234 станция – Болгария 56 (нарық үлесі 3%), Грузия 96 (нарық үлесі 17%), Молдова 82 (нарық үлесі 24%) – негізінен CODO (жұмыс істеп тұрған АЖС ұстау бойынша қызмет көрсету шарты бойынша серіктестерге беру) жалға алады.

КМГИ мұнай өнімдерінің бөлшек саудада жүзеге асырылуы 1 176 мың тоннаны құрады. Бұл алдыңғы жылға қарағанда 6%-ке артық және дизель отыны мен СКГ сатылымының өсуіне байланысты болып отыр.

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТТАРЫН ЖАҢҒЫРТУ

Қазақстанның ірі мұнай өңдеу зауыттарын жаңғыртудың басты мақсаттары:

- ҚР мұнай өңдеу зауыттарының өңдеу тереңдігі мен жиынтық қуаттылығын жылына 16,5 млн тонна мұнайға дейін арттыру;
- ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне деген қажеттіліктерін толық ассортиментте қамтамасыз ету;
- Кеден Одағы Техникалық регламентінің талаптарына сәйкес мотор отындарының сапасын К4 және К5 экологиялық стандарттарына дейін жақсарту;
- құрамында канцерогенді заттар аз жақсартылған мотор отындарын пайдалану кезінде қоршаған ортаға жүктемені азайту;
- мұнай өңдеу зауыттарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және мұнай өңдеу үшін анағұрлым тартымды жағдай туғызу.

## МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТТАРЫН ЖАҢҒЫРТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

### АМӨЗ

- ҚР-да тұңғыш рет базалық мұнай-химиялық шикізат – бензол (133 мың тонна) мен параксиллолдың (496 мың тонна) өндірісі жолға қойылды;
- К4, К5 экологиялық кластарына сәйкес келетін мотор отындарының өндірісі: автокөлік бензині жылы 643 мың тоннадан 1400 мың тоннаға, авиаотын жылына 20 мың тоннадан 250 мың тоннаға дейін артты.
- К4 / К5 экологиялық класты таза дизель отынын 100% -тік өндіруге қол жеткізілді;
- ішкі нарықтың қажеттілігіне байланысты Кешенді отын және мұнай-химиялық режимдерде пайдалануға мүмкіндігі бар;
- МТӨК-ті іске қосу нәтижесінде автокөлік бензиндері профицитінің пайда болуына байланысты, 2018 жылдың қазанынан бастап Хош иісті көмірсутектерді өндіру кешені (КПА) мұнай-химиялық режимге ауысты;
- мазут өндірісі жылына 1500 мың тоннадан 500 мың тоннаға дейін қысқарды;
- күрделі жөндеу жұмыстарының циклы 3-4 жылдық мерзімге ұзартылды.

### ПМХЗ

- К4, К5 экологиялық класты мотор отындарының өндірісі;
- 100% жоғары октанды бензин өндірісі жолға қойылды;
- авиаотынның өндірісі қамтамасыз етілді;
- күрделі жөндеу жұмыстарының циклы 3 жылдық мерзімге ұзартылды.

### ПҚОП

- К4, К5 экологиялық кластарына сәйкес келетін автокөлік отындарының өндірісі қамтамасыз етілді;
- 100% жоғары октанды бензиндердің өндірісі 2 есе өсірілді;
- жоғары октанды бензиндердің өндірісі жылына 2,2 млн тоннаға дейін өсуі қамтамасыз етілді;
- мұнай өңдеу тереңдігін және зауыттың жобалық қуатын жылына 6 млн тоннаға дейін ұлғайтылды;
- күрделі жөндеу жұмыстарының циклы 3 жылдық мерзімге ұзартылды.

## ЖАҢҒЫРТУДАН КЕЙІНГІ ЖОБАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРДІҢ САПАЛЫҚ ЖӘНЕ САНДЫҚ ЖАҚСАРУЫ

Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту жұмыстарының аяқталуы зауыттардың сапалық және сандық сипаттамаларын едәуір жақсартуға мүмкіндік берді.

Жоба деректеріне сәйкес, төменде зауыттардың жаңғыртуға дейінгі және жаңғыртудан кейінгі техникалық параметрлері ұсынылған.

### АМӨЗ ЖОБАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	Өлшем бірлік	Жаңғыртуға дейін	ХКӨК енгізілгеннен кейін (Хош иісті көмірсутектер өндіру кешені)	МТӨК енгізілгеннен кейін (мұнайды терең өңдеу кешені)
Мұнай өңдеу көлемі	мың тонна	4 300	5 500	5 500
Автобензиндер	мың тонна	600,8	446,7	1 745,0
Дизель отыны	мың тонна	1 258,8	1 521,9	1 640,0
Авиаотын	мың тонна	65,6	149,0	244,0
Өңдеу тереңдігі	%	50,2%	65%	87%

### ПМХЗ ЖОБАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	Өлшем бірлік	Жаңғыртуға дейін	Жаңғыртудан кейін
Мұнай өңдеу көлемі	мың тонна	5 100**	5 100**
Автобензиндер	мың тонна	1 691 (К2 сапасы)	1 786 (К4 сапасы)
Дизель отыны	мың тонна	2 147 (керосин фракциясын тарту есебімен К2 сапасы)	1 667 (Сутегімен қамтамасыз етілуімен байланысты К4, К5 сапасы)
Авиаотын	мың тонна	ТС-1 мұнайда меркаптандардың көбеюіне және керосинді гидротазарту қондырғысының болмауына байланысты өндірілмеді	351 (РТ маркалы авиация керосині)
Өңдеу тереңдігі	%	75,33%	77,39%

\* Жаңғыртудан кейін мақсатты өнімдер (бензин, реактивті отын, дизель отыны) TP TC 013-2011 талаптарына сәйкес келеді

\*\* Қазіргі таңда сутегі өндіру қондырғысының құрылысы бойынша мәселе қаралуда, оның арқасында ПМХЗ жылдық өңдеу қуаты 6 млн тоннаға дейін артады

### ПҚОП ЖОБАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	Өлшем бірлік	Жаңғыртуға дейін	1-кезеңнен кейін	2-кезеңнен кейін***
Мұнай өңдеу көлемі	мың тонна	4 857	5 250	6 000
Автобензиндер	мың тонна	1 038,2	1 121,9	2 186
Дизель отыны	мың тонна	1 375,6	1 486,8	1 946
Авиаотын	мың тонна	231,3	249,9	425
Өңдеу тереңдігі	%	74,53%	74,53%	81,6%

\*\*\* 2019 жылдың маусымында Мемлекеттік сараптамадан өту аяқталған соң шамалы түзетулер болуы мүмкін

## СЕРВИСТІК ЖОБАЛАР

### СТРАТЕГИЯ

« Мұнай сервисі жөніндегі сұрақтар кешенін шешу үшін, ҚМГ орта мерзімді және ұзақ мерзімді келешекте келесі іс-шараларды өткізуді жоспарлайды:

- активтерді залалсыз аймаққа шығару;
- бейінді емес сервисі қызметтерді шығаруды аяқтау және бейінді іс-әрекетке шоғырлану.



ҚМГ-нің сервисік іс-әрекеті көп бөлігінде 14 негізгі компаниялармен қамтамасыз етіледі және:

- мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау қызметтері, бұрғылау қондырғыларын пайдалану, қызмет көрсету, ұңғымалардың күрделі және жерасты жөндеуі, ұңғымаларды химиялық өңдеу;
- теңіз мұнай операцияларын қолдау қызметтері, жағалау маңы және теңіз инфрақұрылымы бойынша жобаларды дамыту және басқару, өндірістерді автоматтандыру, сондай-ақ теңіз кен орындарындағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- жүктер мен жолаушыларды тасымалдау қызметтерін көрсету, кен орындарына көліктік-технологиялық қызмет көрсету, көлік құралдарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету;
- техникалық қызмет көрсету, мұнай өндіру, мұнайды қайта айдау, теңіз суын қабатқа айдау бойынша электр қондырғыларды іске қосу-ретке келтіру және сынақтан өткізу;
- өлшеу құралдарына, автоматика және телемеханика, телекоммуникация жүйесіне техникалық қызмет көрсету, өлшеу құралдарын тексеру және жөндеу, күзет сигнализациясына техникалық қызмет көрсету;
- құрылыс-монтаж жұмыстары;
- ауыз суын өндіру және тасымалдау, теңіз суын тасымалдауды қамтамасыз ету, магистральды құбыр арналарын, су алу ұңғымаларын, сорғылық станцияларды және резервуарларды жөндеу және қызмет көрсету, магистральдық су құбырларын тот басудан қорғау бойынша іс-шараларды жоспарлау және жүргізу.
- тамақтандыруды ұйымдастыру және әлеуметтік нысандарды айналдыра тұрғызу және т.б. қамтылады.

### СЕРВИСТІК ЖОБАЛАР

2018 жылы «KMG Drilling & Services» ЖШС және Parker Drilling бірлесіп, «KMG Parker Drilling Company» ЖШС кәсіпорнын құрды және де KPDC-тегі 49% қатысу үлесін сату-сатып алу шартына қол қойды. 2018 жылдың ақпанында Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. және «KMG Parker Drilling Company» ЖШС арасында 5 жыл мерзімге бұрғылау жұмыстарын ұсыну бойынша қызмет көрсету жөніндегі келісімшартқа қол қойылды.

«KMG Nabors Drilling Company» ЖШС бірлескен кәсіпорны Теңіз мұнай кен орнында бұрғылау және ұңғымаларды күрделі жөндеу бойынша қызмет көрсетеді. 2018 жылдың ішінде KNDC 28 ұңғыманы бұрғылап, ТШО-ға тапсырған, 11 ұңғыманы бұрғылау жалғасуда, сондай-ақ 6 ұңғыманың жөндеуі жүргізілген.

2019 жылдың қаңтар айында ҚМГ және Caspian Drilling Company БК арасында мұнай-газ саласының көптеген облыстарындағы ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

2019 жылдың ақпан айында «KMG Drilling & Services» ЖШС және SOCAR арасында BP, SOCAR мен Каспий теңізінің айдынындағы басқа компаниялардың жобаларында бұрғылау үшін «Сәтті» өздігінен көтерілетін жүзбелі бұрғылау қондырғысын («ӨЖБҚ») бірлесе пайдалану мақсатында сенімгерлік басқару шартына қол қойылды. Ол үшін ӨЖБҚ-ны түрлендіруді өткізіп, Апшерон кен орнында (Әзірбайжан) жедел іс-әрекетті бастау жоспарланған.

2017 жылдан бері Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы» ЖШС Қаражанбас кен орнында бұрғылау қызметтерін көрсетуде. 2018 жылы 44 ұңғыма бұрғыланды. Өндірістік жоспарға сәйкес 2019 жылы 60 ұңғыма бұрғыланатын болады. Сонымен қатар, компания «Маерск Ойл Казахстан Гмбх» ұңғымаларын жерасты жөндеу қызметтерін ұсынады. Ұңғымаларды жөндеуден түсетін кірістен басқа, Дунга кен орнындағы іс-әрекет есебінен, компания халықаралық стандарттар бойынша жұмыс тәжірибесін жоғарылатуда.





## ТЕҢІЗ МҰНАЙ-ГАЗ ОПЕРАЦИЯЛАРЫНА АРНАЛҒАН СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТТЕР

«ТеңізСервис» ЖШС Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде «Теңізшевройл» ЖШС-ның тапсырысы бойынша «Жүктерді тасымалдау бағдары» жобасын іске асыруда. Ол Болашақ кеңейту жобасы және Теңіз сағалық қысымын басқару жобасы үшін ірі габаритті жүктерді (модульдерді) жеткізуге арналған теңіз және жерүсті көліктік жүйесін құру шеңберінде жүзеге асырылады.

Жоба солтүстік-каспийлық жақындаушы теңіз арнасын және бұрылу алабы мен айлақтары, жүктерді қабылдау және сақтау үшін ғимараттары мен құрылыстары бар портты қамтиды, бүкіл инженерлік инфрақұрылымы, 350 адамға есептелген вахталық кенті және офісі, сондай-ақ Теңіз мұнай кен орнына дейінгі өту жолдары мен автомобиль жолы бар.

2018 жылдың сәуірінде «Теңізшевройл» ЖШС жобаның пайдалануға дайындығы туралы сертификат берген соң, «ТеңізСервис» МТГ-да жедел іс-әрекетті бастап кетті. 2018 жылдың навигациялық кезеңінде барлығы 87 модуль жеткізіліп, түсірілді және Болашақ кеңейту жобасына бағытталды, жалпы салмағы шамамен 48 000 тонна.

«ТеңізСервис» ЖШС модульдердің үздіксіз жеткізілуін, тиеп-түсірілуін және жөнел-

тілуін қамтамасыз ету шеңберінде жүзеге асыратын барлық жұмыстары білікті персоналмен келеңсіз оқиғаларсыз әрі жұмыс уақытын жоғалтпай орындалды.

«KMG Systems&Services» ЖШС Солтүстік Каспий мұнай төгілулеріне қарекет етудің экологиялық базасын пайдалануды және сервистік қызмет көрсетуді жүзеге асырады, оның арналуы мұнай төгілулерінің алдын алу және оларға теңізде және құрлықта қарекет ету болып табылады. Сонымен қатар, кәсіпорын мұнай-газ жабдығын өндіру және оған сервистік қызмет көрсету бойынша жобаларды іске асырады.

«Қысым қадағаларының өндірісін локализациялау» жобасы бойынша 2018 жылдың желтоқсан айында Атырау қаласында қуаттылығы жылына 4 мың бірлік болатын, қысым қадағалары өндірісінің жинақтау жолағын пайдалануға беру жүзеге асырылды. Жобаны «KMG Systems&Services» ЖШС және Schneider Electric халықаралық компаниясымен құрылған «KMG Automation» ЖШС іске асырды. Қадағалар өнеркәсіп пен инфрақұрылымның әртүрлі салаларында қолданылады. Қазақстан үшін бірегей болып саналатын өндіріс мемлекеттік цифрландыру бағдарламасы мен импортты алмастыру саясаты шеңберінде іске асырылған.

## СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Әлемдік мұнай нарығының құбылмалылығының теріс әсері, сондай-ақ шикізаттың, материалдар мен жабдықтың қымбаттауы мұнай-сервистік компаниялардың («Oil Services Company» ЖШС, «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС және «Мұнайтелеком» ЖШС) басты тапсырыс берушісі «Маңғыстау-мұнайгаз» АҚ-тың өндірістік бағдарламасының қысқаруына тікелей әсер етті. Кірістер деңгейінің төмендеуі мен өзіндік құнның өсуі аталған мұнай-сервистік компанияларды елеулі шығындарға әкелді. ҚМГ мұнай-сервистік компаниялардың залалдарын өтеу және негізгі құралдарын жаңарту бойынша міндеттемелерді өз мойнына алып, 2018 жылы компаниялардың көрсеткіштерін жақсарту үшін бірқатар іс-шараларды іске асырды. Осылайша, 2012 жылдан бастап 2018 жыл ішінде ҚМГ шығынды мұнай-сервистік компанияларға 209,7 млрд теңге көлемінде қаржылық қолдау көрсеткен.

Тиімділікті жоғарылату және мұнай-сервистік активтердің залалсыздық деңгейіне шығу мақсатында ҚМГ:

- мұнай-сервистік компаниялар үшін, оның ішінде сыртқы нарықта қосымша жұмыстар көлемін іздестіру;

- шығындарды оңтайландыру бойынша іс-шаралар жүргізу;
- бейіндік емес активтерді және қосалқы функцияларды (HR, IT және т.б.) сенімді басқаруға шығаруды;
- мұнай-сервистік компаниялардың сұранымсыз нысандарын сатуды жүзеге асырады.

Жүргізіліп жатқан іс-шаралар орташа мерзімді келешекте компанияларды залалсыздық деңгейіне шығаруға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, 2017-2018 жылдары жұмыскерлердің зейнетке мерзімнен бұрын шығуы бойынша және тараптардың келісімі бойынша өтемақы төлей отырып, жұмыскерлермен еңбек шарттарын мерзімнен бұрын бұзу бойынша бағдарлама жүргізілді. «5/50» бағдарламасы шеңберінде, бірқатар мұнай-сервистік компаниялардың жұмыскерлері жұмыстан шығу кезінде бес жылдағы еңбекақы сомасынан 50 процентін алды. Бұл шығынды кәсіпорындардың «жайлы оңтайландыруын» жоспарлы түрде жүргізуге мүмкіндік береді.



# КОРПОРАТИВТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

## КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

2016 жылдың қараша айында Қазақстан парниктік газдардың шығарылымын қысқарту, энергия тиімділігін арттыру, энергияның жаңартылатын көздеріне көшу және көміртекті отынды жағудан біртіндеп бас тарту бойынша жаһандық күш-жігерге арналған халықаралық-құқықтық негізді анықтайтын Париж келісімін ратификациялады.

Париж келісімі аясында Қазақстан қабылдаған міндеттерді орындау ҚМГ қызметінің аса маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Осылайша, ҚМГ-ның Даму стратегиясында климаттық аспектілер бойынша келесідей басымдықты бағыттар анықталды: парниктік газдар шығарындысын басқару, алауды ұдайы жағуды қысқарту, өндірістік өнім көлеміне атандылар қарқындылығы бойынша көрсеткіштерді жақсарту және энергия тиімділігін жоғарлату. Климаттық

аспектлердің деректерін енгізудің негізгі механизмдері энергия тиімділігі, парниктік газдар шығарындысын реттеу саласындағы ұлттық заңнама, сондай-ақ Компания қызметінің қоршаған ортаға теріс әсер етуін төмендету бойынша мақсаттар болып табылады.

ҚМГ экологиялық тәуекелдерді бағалап, жария қаржылық есептілікке енгізу үшін климаттың өзгеруіне қатысты (атап айтқанда, Task Force on Climate-related

Financial Disclosures ұсыныстары бойынша) қаржылық ақпараттың барынша толық ашылу мүмкіндіктерін қарастырады. Бұдан басқа, ҚМГ 2019 жылы CDP Климаттық бағдарламасына (Climate Program CDP) қосылуды және 2018 жылғы ҚМГ Компаниялар тобындағы тікелей және жанама парниктік газдар шығарындысының көлемі туралы ақпаратты жариялау бойынша бірінші есеп беруді жоспарлап отыр (толығырақ 106 бетте).

### КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

- ҚМГ ҚР-ның Жаңа Экологиялық кодексін әзірлеу жөніндегі «Қазэнерджи» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдары қауымдастығының және ҚР Энергетика министрлігінің жұмыс тобына қатысады. ҚМГ-ның еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директоры экология, әлеуметтік жауапкершілік және айқындылық мәселелері бойынша «Қазэнерджи» қауымдастығының үйлестіру кеңесін басқарады.
- Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелері ай сайын ҚМГ Басқармасы мен Директорлар кеңесінің отырысында тыңдалады. Бұл өз кезегінде жетекшілер мен мамандардың жауапкершілігін арттырады. 2019 жылы Директорлар кеңесі жанында Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму жөніндегі Комитет құрылды.
- Кез-келген қызметті жоспарлау кезінде ҚМГ қоршаған ортаға әсерді бағалауды (ҚОӘБ) жүзеге асырады. ҚОӘБ-нің барлық жобалары мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтеді және облыс

әкімдіктерінің веб-сайттарында жарияланады.

- 2017 жылдан бастап ҚМГ-да 2017-2020 жылдарға арналған Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөнінде жол картасы іске асырылып отыр (толығырақ 110 беттерде).
- Компанияда ISO 14001: 2015 халықаралық стандарты, қолданыстағы табиғатты қорғау заңдары, экологиялық менеджмент қағидаттары мен үдерістік тәсілдеме негіз болып табылатын экологиялық менеджменттің біріктірілген жүйесі жұмыс істейді. Экологиялық көрсеткіштер туралы толық ақпарат Тұрақты даму жөніндегі есепте берілген ([http://www.kmg.kz/rus/ustoichivoe\\_razvitie/reports/](http://www.kmg.kz/rus/ustoichivoe_razvitie/reports/) сайтында қолжетімді).
- 2017 жылдан бастап ҚМГ Жаһандық Метан Бадамасы (ЖМБ) жобалық желісінің мүшесі болып табылады. 2018 жылы Маңғыстау облысындағы Компанияның өндірістік нысандарында метанның шығып кетуін анықтау және сандық өлшеу бойынша пилоттық жобалар жүргізілді.

### ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

ҚМГ Директорлар кеңесімен бекітілген Компанияның 2018 жылға арналған Тәуекелдер тіркелімі мен картасына сәйкес, орын алған экологиялық тәуекелдер анықталып, бағаланды. Оларды басқару бойынша іс-шаралар әзірленіп, тәуекелдер иелері анықталды.

Негізгі тәуекелдер динамикасының және оларды азайту бойынша іс-шаралардың орындалуының мониторингі тұрақты түрде жүргізіледі. Оның қорытындысы бойынша ҚМГ Басқармасы мен Директорлар кеңесіне тоқсан сайынғы есеп жіберіліп отырады (толығырақ 130 беттерде).

### СТРАТЕГИЯ

ҚМГ-нің мақсаты – қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін толассыз төмендету болып табылады. Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін Компания келесідей негізгі міндеттерді анықтады:

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін бірыңғай саясатты қалыптастыру және бірыңғай талаптарды белгілеу;
- экологиялық көрсеткіштерді жақсарту үшін жобаларды басқару мен тәуекелге бағдарланған тәсілдеме негізделген маңызды экологиялық аспектілерді алдын-ала басқару;
- экология мәселелері бойынша мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу;
- корпоративтік экологиялық бағыттарды толықтай дамыту үшін, сонымен қатар ҚМГ-нің «жасыл экономика» ұстанымдарына бейілділігін қамтамасыз ету үшін, ҚМГ-ге жүктелген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарының тармақтарын жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық мүмкіндіктерді жасау.

Орта мерзімді перспективада Компания үшін тұрақты даму саласындағы жетілдіру бағыттарының бірі - мұнай өндіру активтерінің алауларында ілеспе мұнай газын жағу кезіндегі шығарындысының қысқартуы болып табылады.

Табиғи газдың рөлі электр энергиясын өндіруші компаниялардың атмосфералық атындарды қысқартуға мүмкіндік беретін отын түрлеріне көшуге деген ұмтылысына байланысты. Шамамен он жыл ішінде газ электр энергиясын өндірудегі басты отын түріне айналады деп күтілуде. Бизнесстің газ бағытын дамыту – ҚМГ-нің стратегиялық мақсаттарының бірі.

2018 жылы ҚМГ тарапынан атындысын басқару саясаты әзірленді. Ол сегіз негізгі қағидаттан тұрады. Оның алтауы климаттың өзгеруі мәселелеріне тікелей қатысты. Алты қағидат:

- парниктік газдар шығарындысына белгіленген квоталарды сақтау;
- парниктік газдар шығарындысына қоса алғанда, тұрақты есеп жүргізу, түгендеу және мониторинг жүргізу;
- көмірсутекті шикізат өндіру кезінде шикі газды үнемі жағуды тоқтату;
- шығарындысын қысқарту және «Көміртектізді» азайту бойынша іс-шаралар жүргізу;
- көміртекті активтерді басқару;
- шығарындыларды басқару бойынша қызметті ұдайы жақсарту (мысалы, климатты өзгеруімен байланысты шығынды болжау, алдын-ала ескерту және азайту).


## ЖОБАЛАР

### Ілеспе мұнай газын кәдеге жарату

Есептік жылдың басты жетістігі «Ембімұнай-газ» АҚ-та газды кешенді дайындау қондырғысының (ГКДҚ) іске қосылуы арқылы ілеспе мұнай газын (ІМГ) кәдеге жарату деңгейінің 93%-ке дейін (2018 жылы ілеспе мұнай газдың кәдеге жаратуы 93% болды)

өсуі болды (толығырақ 107 бетте). Газды алауларда жағуды қысқарту атмосфераға шығарылатын ластаушы заттар мен парниктік газдардың көлемін төмендетуге мүмкіндік берді. 2019 жылы ГКДҚ-ты Ақтөбе облысындағы Қожасай кен орнында толық ауқымды іске қосу жоспарланып отыр.

### ҚМГ-ДЕГІ ІЛЕСПЕ МҰНАЙ ГАЗЫН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ЖАҒУ СЕРПІНІ (2001-2018 ЖЖ. АРАЛЫҒЫНДА), МЛН М<sup>3</sup>



### «Сарыарқа» газ құбыры

ҚМГ Қазақстанның астанасы -Нұр-Сұлтан-ды газбен қамту жобасына атсалып отыр. «Сарыарқа» газ құбыры 192 жекеменшік және 48 шағын коммуналдық қазандықты, жекеменшік тұрғын үй секторындағы 22 мың үйді, сондай-ақ ЖЭС-1,2,3 жылу-электр орталықтарының су жылыту қазандықтарынан көмірден газға ауыстыруға мүмкіндік береді. Бұл қаланың экологиялық жағдайын айтарлықтай жақсартуы тиіс (толығырақ 73 бетте).

# 36,1

МЫҢ ТОННАҒА

зиян шығарылулардың төмендету нәтижесін құрайды (күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, қатты бөлшектер)

### Автомобильдерді газға ауыстыру

«Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы аясында ҚМГ газ-қозғалтқыш инфрақұрылымын дамытуда. Сығымдалған табиғи газды (СТГ) негізгі тұтынушылар автобус паркі, жеке тұлғалардың жолаушылар тасымалы болады (толығырақ 74 бетте).

# 19,2

МЛН М<sup>3</sup>

2018 жылы "ҚазТрансГазӘнімдері" ЖШС-мен Алматы, Астана, Қостанай қалаларында айдалған табиғи газ өткізілді

### Ішкі нарықты К4 және К5 экологиялық класты отынға ауыстыру

МӨЗ-ді жетілдірудің арқасында 2018 жылы қоршаған орта үшін залалы айтарлықтай төмен К-4 және К-5 класты (Еуро-4, Еуро-5 кластарына барабар) бензин мен дизель отынының өндірісі және жүзеге асырылуы жолға қойылды. Бұл отында күкірт пен бензолдың мөлшері айтарлықтай төмен, жоғары уыттылық қоспа -монометиланилин қолданылмайды. Бұл автокөлік шығарындарының атмосфераға жағымсыз әсерін төмендетуге және Қазақстанның экологиялық ахуалына оң ықпал етуіне мүмкіндік береді.

	К2	К4	К5
Күкірт (мг/кг)	500	50	10
Бензол (%)	5	1	1

### Мұнайды резервуарларда толтыру және сақтау кезінде пайда болатын булардың рекуперациясы

Мұнайды вертикалды резервуарларда толтыру және сақтау үдерісі кезінде буланып, атмосфераға шығарылатын жеңіл көмірсутегі шығарындыларын бақылау және азайту мақсатында «ҚазТрансОйл» АҚ-тың Атырау мұнай құбыры басқармасында Бұды рекуперациялау қондырғысы пайдаланылады. Құрылғы көмірсутегі буларын өңдейді. Буларды сіңіруші ретінде белсендірілген көмір қолданылады. Таза ауа атмосфераға шығарылады, ал көмірсутегі бөлшектері ауланып, сіңіргіш сұйықтықты пайдалану арқылы резервуарға қайтарылады.

Мұнай көлемі 3 000 000 тонна	Атмосфераға шығарылады
Рекуперация қондырғысы жоқ резервуарда	2 100,6 тонна
Рекуперация қондырғысы бар резервуарда	262,5 тонна

## ҚМГ-НІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

ҚМГ Корпоративтік басқару кодексiне және Компанияның 2028 жылға арналған жаңа Стратегиясына сәйкес тұрақты даму-ды Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуімен қатар қоя отырып, стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде қарастырады. Тұрақты даму қағидаттарын негізгі бизнес-үдерістерге, операциялық қызмет пен шешімдер қабылдау үдерістеріне енгізу және біріктіру Компанияның негізгі басымдықтарының біріне айналып отыр.

2016 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» қорының басшылығымен тұрақты даму саласында басқару жүйесінің қалыптастыруы басталды. Басқарманың және Директорлар кеңесінің тұрақты даму мәселелерін қарастыруға қатысты құзыреті кеңейтілді. Компанияның жоғарғы басшылығының деңгейінде тұрақты дамуды біріктіру үдерісін басқару бойынша Қауіпсіздік, еңбекті және пен қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты даму жөніндегі комитет құрылды. Тұрақты даму мәселелеріне қатысты мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу жолға қойылған, сондай-ақ тұрақты даму мәдениетін жақсарту үшін тиісті оқу-үйрету курстары да тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

Мүдделі тараптар үшін өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ тұрақты даму бойынша жылдық есептер жариялап тұрады. Есепті дайындау кезінде ҚМГ халықаралық стандарттарға, атап айтқанда Тұрақты даму саласында есеп беру бойынша Global Reporting Initiative Нұсқаулығына (GRI Standards) сүйенеді. Тұрақты даму туралы есепті Компанияның [http://www.kmg.kz/rus/ustoichivoe\\_razvitiye/reports/](http://www.kmg.kz/rus/ustoichivoe_razvitiye/reports/) веб-сайтынан көруге болады



### БҰҰ Жаһандық Шартының 10 Қағидаты

 АДАМ ҚҰҚЫҒЫ	01.	Іскерлік топтар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқығын қорғауы және құрметтеуі тиіс
	02.	Іскерлік топтар адам құқығының бұзылуына қатыспауы тиіс
 ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ	03.	Іскерлік топтар бірлік еркіндігін және ұжымдық шарттарды жасауға арналған құқықтарды нақты мойындауды қолдауы тиіс
	04.	Іскерлік топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық түрлерін жою үшін іс-әрекет етуі тиіс
	05.	Іскерлік топтар балалар еңбегін толық жою үшін іс-әрекет етуі тиіс
	06.	Іскерлік топтар еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жою үшін іс-әрекет етуі тиіс
 ҚОРШАҒАН ОРТА	07.	Іскерлік топтар сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге қатысты тәсілді жоюы тиіс
	08.	Іскерлік топтар қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамашылықтарды қолдануы тиіс
	09.	Іскерлік топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдем көрсетуі тиіс
 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ	10.	Іскерлік топтар бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық түрдеріне қарсы болуы тиіс

2006 жылдан бастап ҚМГ БҰҰ Жаһандық Шартының (әрі қарай БҰҰ ЖШ) мүшесі және белсенді қатысушысы болып табылады және БҰҰ ЖШ-ның 10 қағидаты мен 17 тұрақты даму мақсатын ұстанады. Ком-

панияның тұрақты дамуы жөніндегі жыл сайынғы есебі ҚМГ-нің БҰҰ Жаһандық шарты шеңберіндегі ілгерілеушілік туралы хабарлайды және ол БҰҰ ЖШ <https://www.unglobalcompact.org/what-is-gc/participants/6810> сайтында қолжетімді.

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

## СТРАТЕГИЯ

« 2018-2028 Стратегиясының мақсаттарына сәйкес, ҚМГ қызметінің қоршаған ортаны қорғау облысындағы басымды бағыттары болып, парниктік газдардың шығарылуын басқару және алауларда жануды қысқарту, су ресурстарын басқару, өндіріс қалдықтарын басқару, топырақ құнарлығын қалпына келтіру және энерготиімділікті жоғарылату болып табылады. »

Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, сондай-ақ қоршаған ортаға әсер етуді барынша азайту ҚМГ үшін сөзсіз басымдықтар әрі бұлжымас құндылықтар болып саналады. Соның ішінде, компания газдың алауларда жануын тоқтатуға, энерготиімділікті жоғарылатуға, атмосфераға эмиссияларды басқаруға және өндіріс қалдықтарын басқаруға, сондай-ақ су ресурстарын ұтымды пайдалануға және бұзылған топырақтың құнарлығын қалпына келтіруге күш-жігерін шоғырлайды.

ҚМГ орналасқан өңірлердегі қолайлы экологиялық ахуалды сақтау үшін қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жауапкершілікті сезінеді. Қоршаған ортаға теріс әсер етуді азайтуға ұмтыла отырып, Компания жаңа тәжірибелер мен технологияларды қолдану және ендіру мүмкіндіктерін үздіксіз зерттеп отырады.

Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау іс-әрекеті, климаттың өзгеруіне бейімделу іс-шараларын қоса алғанда, ҚМГ-нің Корпоративтік орталығымен үйлестіріледі: жетістіктер талданады, жақсарту облыстары анықталады, болашақ іс-әрекеттің мақсаттары мен міндеттері айқындалады, өткен кезеңдермен және жетекші халықаралық компаниялардың (IOGP, Халықаралық мұнай және газ өндірушілерінің қауымдастығы) соған ұқсас көрсеткіштерімен бенчмаркинг жүргізіледі.



## БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

• Екінші жыл қатарынан ҚМГ экологиялық жауапкершілік саласында Қазақстанның мұнай-газ компанияларының ашықтық рейтингісінде бірінші орынды алады. 2019 жылдың қаңтарында Нұр-Сұлтан қаласында экологиялық жауапкершілік рейтингісінің<sup>11</sup> қорытындылары ұсынылды, ол Ресейдің Бүкіләлемдік жабайы табиғат қоры (WWF) мен «КРЕОН» тобының ұйымдастыруымен ҚР Энергетика

министрлігінің қолдауымен және БҰҰ-ның Орталық Азиядағы қоршаған орта бағдарламасымен (UNEP-CA), CREON Capital және Ұлттық рейтинглік агенттікпен әріптестікте өткізілді.

• 2018 жылдың қорытындылары бойынша «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі байқауында «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясында жеңімпаз атанды.

## АТМОСФЕРАНЫ ҚОРҒАУ

ҚМГ ресурстарды ұқыпты ұстау, табиғатты қорғау шараларын жүргізу және ластаушы заттар мен парниктік газдардың атмосфераға шығарылуын бірте-бірте төмендету арқылы атмосфералық ауаға әсер етуді барынша азайтуға тырысады.

Атмосфераға шығарындыларды азайту тәсілдерінің бірі – мұнай өңдеу зауыттарында жүргізілген жаңғырту нәтижесінде K4 және K5 жоғары экологиялық класты отын компоненттерін өндіру есебінен өнімнің экологиялық сипаттамаларын жоғарылату. ҚМГ-нің еншілес және тәуелді ұйымдарында мұнай-зауыттық газдарды күкіртті қосылыстардан тазарту қондырғыларының жұмысын қамтамасыз ету; экологиялық таза дизель отынының өндірісін қамтамасыз ету (қозғалмалы көздерден SO2 шығарындыларын 2,3 мың тоннаға азайту); маймен толтырылған трансформаторларды изоляциясы құрғақ трансформаторларға ауыстыру; резервуарлардағы тығыздауыш бекітпелерді ауыстыру және т.б. сияқты іс-шаралар өткізілді.

<sup>11</sup> Бағалау жүргізілетін негізгі сыншарттар: экологиялық менеджмент, қоршаған ортаға ықпал ету және ақпаратты ашу / айқындылық. 2018 жылы рейтингтің іріктемесіне Қазақстан аумағында көмірсутектерді өндіретін 19 компания кірді.

## ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫҢ ШЫҒАРЫЛУЫН АЗАЙТУ

ҚМГ парниктік газдардың тікелей шығарылу есебін жүргізеді, деректер тексеріліп, уәкілетті мемлекеттік органға жыл сайынғы негізде ұсынылады. Парниктік газдар шығарындыларын есептеу уәкілетті органмен бекітілген, парниктік газдар шығарындыларын есептеу жөніндегі әдістемелік нұсқалардың негізінде жүргізіледі және келесі парниктік газдарды қамтиды: көмірқышқыл газы (CO<sub>2</sub>); метан (CH<sub>4</sub>); азот шала тотығы (N<sub>2</sub>O); перфторкөміртектер (ПФК).


2019 жылдан бастап ҚМГ CDP Климаттық

бағдарламасы (Carbon Disclosure Project – Көміртегі шығарындылары туралы ақпаратты ашу жобасы) шеңберінде жанама парниктік газдар шығарындыларының есебін жүргізетін болады.

ҚМГ-нің тікелей және жанама парниктік газдар шығарындылары туралы ақпаратты ҚМГ-нің 2018 жылғы тұрақты даму туралы есебіннен және CDP Климаттық бағдарламасы шеңберінде көміртегі шығарындылары туралы ақпаратты ашып көрсету есебіннен табуға болады.



## ӨНДІРУ СЕКТОРЫНДАҒЫ ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ ӨНДІРІЛГЕН ШИКІЗАТТЫҢ 1000 ТОННАСЫНА ТОННА CO<sub>2</sub>



\*Халықаралық мұнай өндірушілер қауымдастығы

## ІЛЕСПЕ МҰНАЙ ГАЗЫН КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Компания ілеспе мұнай газын (ІМГ) жағу көлемдерін барынша азайтуға тырысады.


2015 жылы ҚМГ Бүкіләлемдік Банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын толық кәде-

ге жарату» бастамасына қолдау білдірді. 2016 жылдың қыркүйегінде және 2018 жылдың 20 қарашасында Бүкіләлемдік Банк тобының өкілдерімен ҚМГ-де бастаманы іске асыру мәртебесін және ілеспе мұнай газын жүйелі жағуды қысқарту бойынша ынтымақтастықты талқылау жөнінде жұмыс жиналыстары өткізілді.

ҚМГ Тобының негізгі өндіруші компаниялары бойынша табиғи және ілеспе газды өндіру көлемі 2018 жылы 2 483 млн м<sup>3</sup>-ты (оның ішінде ІМГ көлемі - 2 049,5 млн м<sup>3</sup>), жағылған газ көлемі 148,9 млн м<sup>3</sup>-ты құрады. Сөйтіп, ілеспе мұнай газын кәдеге жарату бүкіл тарихтағы ең жоғары көрсеткішке жетті – 93%. Газды жағу көрсеткіші өндірілген көмірсутекті шикізаттың 1000 тоннасына 6 тонна деңгейінде орналасқан (2017 жылы - 11), бұл «Ембімұнайгаз» АҚ-тың «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіруші басқармасында газды кешенді өңдеу қондырғысын іске қосудан

## ІМГ-НІ ЖАҒУ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫ

Өндірілген КСШ мың тоннасына жағылған КСШ көлемі



\*Халықаралық мұнай өндірушілер қауымдастығы

## ЛАСТАУШЫ ЗАТТАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

«ҚазМұнайГаз» Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламаларына сәйкес қоршаған ортаның мониторингін жүргізеді. Осы бағдарламалардың шеңберінде өндірістік іс-әрекеттің қоршаған ортаға әлеуетті әсерін бағалау үшін сынамаларды іріктеу және өлшеулерді жүргізу орындарында атмосфералық ауаға шығарулар бақыланады. Ластаушы заттар шығарындыларының негізгі көлемі отындық газды қазандықтарда, технологиялық пештерде және компрессорларда, газ-турбиналы қондырғыларда, сондай-ақ газды алауларда жағу нәтижесінде түзіледі.

Ластаушы заттардың шығарылуының (SO<sub>x</sub>) 2017 жылмен салыстырғанда 8%-ке төмендеуі байқалады, бұл мұнай өндіруші активтерде газды алауларда жағуды қысқартумен, сондай-ақ мұнай өңдеу және тасымалдау секторларында оксид/диоксид шығарындыларын азайту бойынша іс-шараларды жүргізумен байланысты болып табылады. Ластаушы заттар шығарындыларының (NO<sub>x</sub>) 2018 жылы артуы газ экспортының ұлғаюымен және кәсіпорындарда жаңа қондырғылардың енгізілуімен байланысты.


# 93 %

В 2018 году составила утилизация попутного нефтяного газа

және «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС-да газды өндіру және жағу көлемдерін қысқартумен байланысты.

2019 жылы Қожасай кен орнында газды кешенді өңдеу қондырғысын толық ауқымды пайдалануға беру жоспарланады, ол алауларда газды жағуды 173 млн м<sup>3</sup>-тан 50 млн м<sup>3</sup>-қа дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде ластаушы заттардың шығарылуын ықшамдауға (70%-ке) оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар, Лақтыбай кен орны мен Ақтөбе облысының Қаратөбе а. газды кәдеге жарату жүйесін кеңейту жоспарланған.

### ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША SO<sub>x</sub>, NO<sub>x</sub> ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ



### СУ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ

Қазақстан су тапшылығы жоғары өңірлерге жатады, сондықтан ҚМГ таза тұщы суды тұтынуды қысқартуға, суды қайталама және айналмалы пайдалануды арттыруға, ағынды суларды тазарту сапасын жоғарылатуға тырысады.

2018 жылы ҚМГ-де су ресурстарын басқару жөнінде корпоративтік стандарт қабылданды, ол Компаниялар тобында 2019 жылдың ішінде бірте-бірте ендірілетін болады.

Стандарты ҚМГ-нің су ресурстарын пайдаланудағы басты қағидаттарын, былайша айтқанда 8 «Су» ережелерін анықтайды:

1. Елдің су ресурстарына ұқыпты әрі ұтымды қараудың маңыздылығын түсіну және сөзсіз қабылдау;
2. Қазақстан Республикасының заңдылық талаптарын орындап қана қоймай, халықаралық стандарттарға және үздік тәжірибелерге сәйкес болуға ұмтылу, сондай-ақ орналасқан өңірдегі барлық мүдделі тараптардың пікірін ескеру;
3. Тұщы суды сақтау мәселелерін және басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде әрі операцияларды бақсару кезінде оны пайдалану тиімділігін ескеру;


4. Су тікелей алынуын немесе делдалдар арқылы сатып алынуына қарамастан, өзіміздің бастапқы су алу көздерін түсініп, бағалау.
5. Ауыз су сапасындағы суды өндірістік мақсаттарда пайдаланбауға тырысу;
6. Су алу және су тартудың жүз пайыздық аспаптық есебін қолдау;
7. Су айналымды және су үнемдеуіш технологияларды ендіру есебінен таза суды алуды барынша қысқартуға және барынша қайта пайдалану үшін суды тазарту сапасын жоғарылату арқылы шығару көлемдерін ықшамдауға тырысу;
8. Салалық қауымдастықтарға қатыса отырып және су ресурстары облысындағы халықаралық бастамаларды қолдай отырып, өзінің су ресурстарын басқару жүйесін үздіксіз жетілдіру үшін озат тәжірибені зерттеу мақсатында әлеуетті көбейту.

Стандарт компанияның басшылары мен жұмыскерлерінің тұщы суды сақтау мәселесіне деген айнымастықты жоғарылатады, сондай-ақ осы үдерісті сапалы тұрғыдан жаңаша басқарудың негізін қалайды.

2018 жылы «ПҚОП» ЖШС-ның (Шымкент мұнай өңдеу зауыты) тазарту құрылыстарын жаңғырту жұмыстары аяқталуына байланысты зауыттың тазарту құрылыстарының қуаттылығы арттырылды, және ағынды суларды тазарту сапасы жақсартылды. Кері осмос қондырғысындағы ағындарды қосымша тазарту таза суды жылына 1,5 млн м<sup>3</sup>-қа дейін үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл ретте атмосфераға ластаушы заттардың шығарылуы 90%-ке

дейін қысқарады, өйткені енді бүкіл жабдық герметикалық түрде орындалған. Сонымен бірге, су ресурстарын тұтынуды қысқартуға және кәсіпорындағы экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған бірқатар экологиялық жобалар орындалды, тазартылған ағынды суларды өртке қарсы жүйеге қайтару жүйесі ендірілді. Бұл іс-шаралар бұрын қалалық сумен қамсыздандыру жүйелерінен алынатын таза суды 30%-ке дейін үнемдеуге әкелді.

### ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША СУ АЛУ КӨЗДЕРІ БӨЛІНІСІНДЕ СУ АЛУ, МЫҢ М<sup>3</sup>



### БИЗНЕС-БАҒЫТТАР БОЙЫНША СУ АЛУ, МЫҢ М<sup>3</sup>



### ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

ҚМГ-де бүкіл келісімшарттық аумақ бойынша, мердігерлік компаниялармен түзілген барлық қалдықтармен қоса, түзілген қалдықтардың есебі жүргізіледі. Сонымен бірге ҚМГ өзінің мердігерлік ұйымдарының іс-әрекетінің қалдықтарды қауіпсіз тасымалдау, орналастыру және кәдеге жарату талаптарына сәйкестігін бақылайды.

Қалдықтарды басқару саласында Топтың компаниялары үшін абсолютті басымдылықтардың бірі қалдықтарды басқару

саласындағы заңнамалық талаптарды сақтау болып табылады. Осы мақсатта топтың компанияларында Қалдықтарды басқару бойынша бағдарламалар әзірлеп, жүзеге асырылады, өндірістік нысандарда қалдықтардың пайда болуына және жерлердің ластануына байланысты келелі мәселелерді шешу үшін едәуір қаржы бөледі. Өндірістік нысандарда оларды енгізу үшін қалдықтарды басқару саласындағы жаңа тәсілдемелер мен технологиялар үнемі зерттеледі.



ҚМГ алдында тұрған жекеленген басты міндет кеңес дәуірінен компанияға мұра болып қалған тарихи ластануларды, мұнаймен ластанған аумақтарды және жинақталған мұнай қалдықтарын жою болып табыла-

## ЭНЕРГОТИМДІЛІК

2017 жылдан бері ҚМГ-де еншілес және тәуелді ұйымдардың, оның ішінде бірлесе бақыланатын ұйымдардың және бірлескен кәсіпорындардың 2017-2020 жылдарға арналған Энерготиімділікті жоғарылату және энергияны үнемдеу жөніндегі жол картасы әрекет етеді. Энергияны үнемдеу жөніндегі жол картасының мақсаттары:

- жоғарғы басшылықтың жауапкершілігін арттыру, энергияны үнемдеу және энерготиімділік үшін жауапты басшылардың энерготиімділігі бойынша ПӘК көрсеткішін ендіру;
- энергетикалық ресурстардың ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- энергия үнемдеуіш іс-шараларды жүргізудің энерготиімділігін жоғарылату есебінен төлем жүктемесін төмендету;
- энергетикалық жабдықты салу, реконструкциялау, күрделі жөндеу кезінде энерготиімділікті қамтамасыз ету;
- энерготиімділікті жоғарылатуға жеке инвестицияларды тарту, оның ішінде энергосервистік шарттар (келісімшарттар) негізінде;
- энерготиімділік талаптары мен көрсеткіштерін сақтауды қадағалау жүйесін жетілдіру;
- энергияны үнемдеу және энерготиімділікті жоғарылату саласындағы заңнама талаптарын ұстану.

ды. Осы мақсатта тарихи ластануларды түгендеу бойынша зерттеулер жүргізілді, әрбір кен орнының, өңірдің және климаттық жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, тарихи ластанулардың барлық түрлерін жою бойынша жоспарлар әзірленуде.

ҚМГ-де энергияны үнемдеу және энерготиімділікті дамытудың басты стратегиялық бағыттары – технологиялық жабдықты жаңғырту, энергия үнемдеуіш технологияларды ендіру, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ өзіндік генерациялау көздерін дамыту, оның ішінде илеспе мұнай газын пайдалану.


# 541,5

МЫҢ ГДЖ


Отын-энергетикалық ресурстарды үнемдеу 541,5 мың ГДж құрады, заттай өрнекте 13,9 млн кВт электр энергиясы, 24,2 мың Гкал жылу энергиясы, 9 621 мың м<sup>3</sup> табиғи газ және 458 мың литр ЖЖМ

Энергияны үнемдеу және энерготиімділік жөніндегі негізгі іс-шаралар, дәлірек айтқанда, технологиялық жабдықтарды ендіру 2018 жылдың соңында іске асырылғандықтан, энергия ресурстарының заттай өрнегіндегі экономикалық табыстылық тек 2019 жылы байқалатын болады. Аталмыш іс-шараларды іске асыруға жұмсалған қаржылық шығындар 889,4 млн теңгені құрады. Отын-энергетикалық ресурстарды сатып алуға кететін қаржылық шығындардың үнемделуі 395,2 млн теңгені құрады. Іс-шаралардың қарапайым өтелу мерзімі 2,5 жыл.

## 2018 ЖЫЛҒЫ ОТЫН-ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ҮНЕМДЕЛУІ, МЫҢ ГДЖ




## ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ БОЙынША ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУҒА САЛЫМ, МЛН ГДЖ



2017 жылмен салыстырғанда энергия ресурстарын тұтыну көлемінің артуы жетілген кен орындарындағы өндірудің суландырылу өсімімен, сондай-ақ ҚР МӨЗ жаңғыртуымен байланысты, оның нәтижесінде мұнайды қайта өңдеу тереңдігін арттыру үшін жаңа технологиялық қондырғылар енгізілді.

## 2016-2018 ЖЖ. КСШ ӨНДІРУІНЕ ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫН МЕНШІКТІ ТҰТЫНУ



\*Халықаралық мұнай өндірушілер қауымдастығы

# 1,75

ГДЖ/МЭТ

2018 жылы КСШ өндіруге энергия ресурстарын меншікті тұтыну


2017 жылы Халықаралық мұнай және газ өндірушілерінің қауымдастығына (IOGP) есеп беруші компаниялар өндірілетін көмірсутектің әрбір тоннасына орташа есеппен 1,5 гигаджоуль тұтынған.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӨЛЕМДЕР ЖӘНЕ БАСҚА ШЫҒЫНДАР

2018 жылы ҚМГ Компаниялар тобына қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган 86 млрд теңге көлемінде әкімшілік айыппұлдар, залал және нормативтен тыс эмиссиялар үшін салықтық төлемдер қойған, олардың 9,7 млрд теңгесін Компания танып, нақты төлеген. Қалған наразылықтар Компания тарапынан сот тәртібінде заңсыз деп даулануда.

Оның ішінде, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-қа 1999-2017 жылдар аралығында 55,9 млрд теңге көлемінде қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатсыз полигондарда өндіріс қалдықтарын орналастырғаны үшін әкімшілік айыппұл қойылды. ҚМГ арыздың заңсыздығын дәлелдей алды және 2019 жылдың қаңтар айында Маңғыстау облысының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен қойылған әкімшілік айыппұлдар мен салықтық төлемдерді алып тастау және іс бойынша өндірісті тоқтату туралы шешім қабылданды.

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӨЛЕМДЕР МЕН ШЫҒЫНДАР СЕРПІНІ, МЛН ТЕҢГЕ



- Қалдықтарды өңдеу
- Басқа экологиялық шығындар
- Эмиссия үшін нормативтік төлемдер

Экологиялық шығындар нормативтік эмиссиялар үшін салықтарды, қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларға, сақтандыруға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы өтемақылық шараларға жұмсалатын шығындарды, қоршаған ортаға әсерді болдырмауға арналған инвестицияларды және т.б. қамтиды. ҚМГ тарихи қалдықтарды және ластанған жерлерді қалпына келтіру үшін қалдықтарды

«Ембімұнайгаз» АҚ-қа 2017 жылдың 12 қарашасынан 2018 жылдың 9 қазанына дейінгі аралықта «Жылыоймұнайгаз» аумағында Газды кешенді дайындау қондырғысының (ГКДҚ) алауларында сәйкесінше рұқсатсыз қышқыл газды жаққаны үшін 29,7 млрд теңге көлемінде айыппұлдық санкциялар тағылды, оның ішінде әкімшілік айыппұл, қоршаған ортаны ластағаны үшін залал және нормативтен тыс газды жағуы үшін салықтық төлемдер қамтылды. Қышқыл газды жағу нормасынан асып түсудің себебі ГКДҚ-да LO-CAT күкірт тазалау жүйесінің іске қосылуының кідіруі болып табылды. Жүйе 2018 жылдың аяғында жұмыс істей бастады, және қышқыл газды факелдарда жағу бірден тоқтатылды. Талап етіп қойылған сомадан 2018 жылы нақты 9,2 млрд теңге төленді. Қалған сома бойынша сот тергеулері жүріп жатыр.

### 2014-2018 ЖЖ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АЙЫППҰЛДАР, МЛРД ТЕҢГЕ



өңдеу бойынша бюджетті ұлғайтып отыр. Қалдықтарды өңдеуге жұмылдырылатын инвестициялар 2015 жылдан бастап 3 есеге артты және қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған барлық шығыстардың 1/3 бөлігін құрайды. Сонымен қатар, атмосфералық ауаға шығарылатын қалдықтардың азаюымен байланысты эмиссиялар үшін төлемдердің төмендеуі байқалады.

## ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ

Соңғы 4 жылда ҚМГ-де еңбекті, денсаулықты қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік облысында елеулі жұмыс өткізілген, бұл ретте 2018 жыл қауіпсіздік және еңбекті қорғау көрсеткіштері бойынша ең үздік жыл болды. ҚМГ өзінің мақсатына қол жеткізді – өлімге әкелген жазатайым жағдайлардың коэффициенті бөлігінде 2020 жылға қарай қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша 20 әлемдік салалық компаниялардың қатарына кірді. 2020 жылға қарай Компания жарақаттанушылық коэффициенті бойынша үздік компаниялардың қатарына кірмекші.

Жарақаттанушылық жағдайлардың саны тарихи минимумға дейін – 2017 жылмен салыстырғанда 32%-ке төмендеді. Жол-көлік оқиғаларының (26%) және жүргізу нәтижесіндегі жарақаттардың (47%) едәуір азайғаны байқалады. Қазір барлық көлік

құралдары қауіпсіздік белдіктерімен жарақатталған және жолаушылар таситын көлік құралдарының 90%-тен астамы GPS жүйелерімен жабдықталған.


# 32 %

2017 жылмен салыстырғанда жарақаттанушылық жағдайлар санының төмендеуі проценті


# 90 %

GPS жүйелерімен жабдықталған

### ӨЛІМГЕ ӘКЕЛГЕН ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ КОЭФФИЦИЕНТІ (FAR)



### ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ КОЭФФИЦИЕНТІ (LTIR)



\*IOGP = 0,28

\*Халықаралық мұнай өндірушілер қауымдастығы

Қауіпсіздік мәдениетін арттыруға және өндірісте жарақаттанушылықты азайтуға арналған негізгі іс-шаралар:

- 2018 жылдың аяғына қарай бүкіл Қазақстан бойынша жол-көлік оқиғасы кезіндегі «Конвинсер» қауіпсіздік белдіктерінің жұмысын ұқсататын 4 тренажер қызмет етеді, 8000-нан астам демонстрациялар өткізілді.
- Жүргізу машықтарын дамытуға, жүргізушілердің қауіпсіздікке қарым-қатынасын өзгертуге бағытталған қорғаныштық жүргізуді үйрету өткізілді. 12 тренер үйретілді.
- Жұмыстардың қауіпсіздігі бойынша мінез-құлық бақылауларын жүргізу жалғастырылуда – 2018 жылы 68 263 бақылау жүргізілді.
- Жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлық бақылауларының бағдарламасы ендірілді – 2018 жылы 23 495 бақылау жүргізілді.
- Жарақаттанушылық деңгейі жоғары, еншілес және тәуелді ұйымдарда кешенді аудиттер өткізілді.
- Жұмыскерлерге жаңа қауіпсіздік бағдарламаларын үйрету мақсатында иссапар презентациялары жүргізілді, топ-менеджмент үшін – олардың қауіпсіздік үдерістеріне жұмылдырылуының маңыздылығы жайлы.
- «100%-тік еңбек қауіпсіздігі әрбір адамның жеке ісі ретінде» атты тақырыпта еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау облысында Бас директорлардың жыл сайынғы IV Форумы өткізілді. Осындай форумдар ЕТҰ-да желілік басшылар үшін өткізіледі.
- ҚМГ Басқарма төрағасының «ҚазМұнай-Газ» ҰК АҚ Компаниялар тобында денсаулықты қорғау, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау облысындағы үздік инновациялық идеялар мен тәжірибелер» IV жыл сайынғы байқауы өткізілді.




Соңғы 4 жылда еңбек қызметімен байланысты емес өлім жағдайларының саны 22%-ке азайды, ал ауыруға байланысты жұмыстан қалған күндердің саны 50%-ке төмендеді.

Бұл прогресс негізінен Fit-for-work бағдарламалары (Жұмысқа дайын болу) туралы әрдайым ілгерілету және ақпараттандыру есебінен шартталған, жұмыс алдында сапалы әрі мұқият медициналық тексерулер жүргізіледі, асханаларда дұрыс тамақтану мәзірін таңдау мүмкіндігі ұсынылады, жұмыскерлер үшін пайдалануы қарапайым сауықтыру бағдарламасы әзірленген, алғашқы медициналық көмек көрсетудің 200-ден астам пункттерінің жарақаттануы мен жабдықталуы жаңғыртылды, жергілікті медицина қызметкерлерінің саны артты. Денсаулықты қорғау жөнінде бағалау парағы мен медициналық пункттердің алғашқы медициналық көмек көрсету күйі бойынша бағалау картасы әзірленіп, 2018 жылы тұңғыш рет қолданылды, бұл Компанияның күш-жігерін неге жұмылдыруға қажет екендігін талдауға мүмкіндік береді.

#### ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК

2018 жылы өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бөлігінде ҚМГ бизнес-бағыттары қимасында Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығына (IOGP) кіретін халықаралық мұнай өндіруші компаниялармен бірге Tier 1 Process Safety Event Rate (PSER) өндірістік қауіпсіздік инциденттерінің коэффициенті бойынша бенчмаркинг орындалды. Аталмыш көрсеткіш IOGP Компаниялар тобы бойынша 0,17-ні құрайды, бұл ҚМГ-нің «Барлау және өндіру» бизнес-бағыты бойынша көрсеткіштен едәуір төмен (1,3-ті құраған) және де ҚМГ-нің «Қайта өңдеу және маркетинг» (0,06) және «Тасымалдау» (0) бизнес-бағыттары бойынша ұқсас коэффициенттерінен жоғары. Сонымен қатар, есептік жылы ҚМГ компаниялар тобының мұнай өндіруші ЕТҰ бойынша 1-деңгейлі Tier 1 Process Safety Events өндірістік қауіпсіздік инциденттерінің саны (56 жағдай) сияқты көрсеткіш қадағаланды және алдыңғы жылмен салыстырғанда, едәуір жақсару (152 жағдай) байқалады.


**1-ДЕҢГЕЙЛІ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ИНЦИДЕНТТЕРІНІҢ КОЭФФИЦИЕНТІ, (1 МЛН АДАМҒА) ТӨГІЛУЛЕР > 1 ТОННА**



\*Халықаралық мұнай өндірушілер қауымдастығы

ҚМГ-дегі мұнай төгілулерінің басты себебі – тот басу үдерістерінің әсерінен кәсіпшілік мұнай құбырларының үзілуі. Сондықтан, ҚМГ 2019 жылы құбыр арналарының тұтастығы мен сенімділігін арттыруға бағытталған, олардың диагностикасы, оларды қалпына келтіру, ауыстыру, баяулату және тазалау бойынша іс-шараларды уақыты әрі сапалы орындау арқылы кәсіпшілік мұнай құбырларының бас тартулары мен үзілулерінің санын азайту жұмысын жалғастырады. Электр жабдығына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу уақытында өндірістік жарақаттанушылықты барынша азайту мақсатында ҚМГ компаниялар тобы бойынша 2017 жылдан бастап Lock out - Tag out (LOTO) энергия көздерін оқшаулау жүйесі ендіріліп келеді. Жүйені ендірудің мәртебесі 2018 жылдың аяғында 90%-ті құрады.

**1-ДЕҢГЕЙЛІ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ИНЦИДЕНТТЕРІНІҢ САНЫ, (ТӨГІЛУЛЕР > 1 ТОННА)**



Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің ҚМГ Компаниялар тобы бойынша өрттердің алдын алуға және өртт сөндіруге дайындығын тексеру мақсатында өрт қауіпсіздігі облысындағы бағалау парақтары ендірілген. Бағалау парақтарының деректерін кешенді талдау жүргізу нәтижелері бойынша дереу түзетуші іс-шараларды қабылдау қажет етілетін бірқатар ЕТҰ анықталды.


Мүмкін боларлық ірі оқиғаларды болдырмау және оларға жедел жауап қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ олардың орын алуы нәтижесінде ықтимал болатын залал мен салдарлардың ауыртпалығын төмендету мақсатында «ҚМГ-нің дағдарысты жағдайларын басқару бойынша регламент» жобасы әзірленді.



Аталған корпоративтік құжатқа сәйкес, тиімді болжау, дағдарысты жағдайларды танып білу және жауап қайтару дағдарысты жағдайларды басқарудың көп деңгейлі жүйесімен жүзеге асырылады. Аталмыш көп деңгейлі тәсіл ЕТҰ деңгейінен (такти-

калық деңгей) төтенше жағдайларды жою бойынша іс-шаралардан ҚМГ корпоративтік орталығы тарапынан (стратегиялық деңгей) дағдарысты жағдайларға жауап қайтарудың жоғарырақ деңгейіне бірқалыпты өтуді қамтамасыз етеді.

**ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДАН ӨТКЕН ҚМГ<sup>12</sup> ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНІҢ СЕРПИНІ МЕН САН ҚҰРЫЛЫМЫ, АДАМ**




- Барлау, өндіру және мұнай сервисі
- Тасымалдау
- Қайта өңдеу және марктиенг
- Корпоративтік орталық

ҚР мұнай-газ секторындағы өндірістік нысандардың ерекшеліктерін, өндірісте жазатайым жағдайлардың пайда болу тәуекелдерін, сондай-ақ ҚР заңнамасының міндетті талаптарын ескере отырып, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқыту, даярлау және біліктілікті арттыруға ерекше көңіл бөлінеді.

ҚМГ компаниялар тобында бұрын ендірілген «70/20/10» моделі – жұмыс орнындағы/ішкі/сыртқы оқыту бойынша өзіндік алты Оқу-курстық комбинаттардың негізінде 45 458-ден астам жұмыскер оқытудан өтті, олардың ішінде 44 575 тегін оқытылды.

Қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру мақсатында «EххonMobil» компаниясымен бірлесе отырып, тәжірибе алмасу бойынша тегін екі

**2018 ЖЫЛЫ ОҚЫТУ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ОҚЫТУДАН ӨТКЕН ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ САН ҚҰРЫЛЫМЫ, АДАМ**



- Өнеркәсіптік қауіпсіздік облысындағы оқыту
- Еңбекті қорғау облысындағы оқыту
- Қоршаған ортаны қорғау облысындағы оқыту

сатылы оқыту курсы жүргізілді, оған ҚМГ Компаниялар тобының 65-тен астам жұмыскері қатысты.

«Оқиғаларды басқару» және «Аудиттер мен тексерістер» жаңа модульдерін ендіру шеңберінде ҚМГ компаниялар тобында жүйе пайдаланушылары болып табылатын 220 жұмыскер үшін оқыту өткізілді.

2017 және 2018 жылдары қауіпсіз емес мінез-құлықты анықтап түзетуге ерекше назар аударылды. 2019 жылға жоспарланған, еңбекті қорғау бойынша басты бағдарлама – «Салдарларсыз оқиғалар бойынша есептілік» жобасын іске қосу. Жоба қауіпсіз емес жұмыс жағдайларын анықтауға бағытталған. Бұл бағдарлама қарапайым жұмыскерлерді тарта отырып, оларға өз қауіптерін білдіруге мүмкіндік беретін болады.

<sup>12</sup> 2018 жылы ҚМГ БӨ деректерінің көрінісінде өзгеріс орын алды - барлық БӨ ЕТҰ бойынша есептік деректердің 100% қамтылуы

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

## СТРАТЕГИЯ

« 2018-2028 жылдарға арналған Стратегия бастамаларын жүзеге асыру аясында Компания төмендегі жайттарды жоспарлауда:

- Корпоративтік мәдениет пен басшылардың тәртіп дағдысын көтеру.
- HR-функцияларын бірегейлендіріп, тиімділігін арттыру.
- Бизнес талабын ескере отырып, қызметкерлер құрамының сапасын көтеру.
- Әлеуметтік тұрақтылық пен еліктіру деңгейін оң нәтижеге жеткізу.
- Таланттарды басқарудың кешенді жүйесін енгізу – қызметкерлерді тарту жүйесінен рәсімнің ашықтығын қамтамасыз етіп, қызметкерді жігерлендіретін қызметкерлер сабақтастығы жүйесіне өту, ҚМГ Тобындағы тиімді және әлеуетті жұмысшыларды ілгерлету және маңызды орындарға тағайындау. »

ҚМГ-нің әлеуметтік жауапкершілік саласындағы қызметі қауіпсіз әрі ыңғайлы еңбек шарттарын құруға, жұмысшылар мен олардың отбасын әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етуге, қызметкердің кәсіби тұрғыда үздіксіз өсуіне, Компанияның аймақтарда белсенді дамуына бірлесе атсалысуға бағытталған.

## БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Әлеуметтік серіктестік орталығымен тағайындалған ҚМГ Әлеуметтік тұрақтылық рейтингісі (ЭТР) 2013 жылдан 2018 жылға дейін 61%-тен 74%-ке дейін өсті.
- ҚМГ өндіріс нысандарында «Үздік маман - 2018» атты «ҚазМұнайГаз» Компаниялар тобының жұмысшылары арасында

кәсіби шеберлік байқауы өтті. Байқауға мұнай-газ кешеніндегі 34 негізгі мамандық бойынша 3 300 жұмысшы қатысты. Жеңімпаздар «Үздік маман» медалімен және ақшалай сыйақымен марапатталды.

- ҚМГ Компаниялар тобына кіретін 40 ұйымдағы 300-ге жуық адам жыл сайынғы Спартакиадаға қатысты.

## КАДР САЯСАТЫ

Компанияның кадр саясаты адами ресурстарын оңтайлы бөлу мақсатында ҚМГ стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, мамандарға деген қажеттілікті анықтауға, ұйымның пайдалуына байланысты еңбекті ынталандырудың оңтайлы сызбаларын әзірлеуге және адамдарға құрмет көрсетуге негізделген

қолайлы моральдық-психологиялық климатты қамтамасыз етуге бағытталған. ҚМГ еңбек нарығында кәсіби кандидаттарды ашық тәсілмен тартуды, тұрақты негізде қызметкерлерді оқытуды, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, кәсібилікті дамыту бағдарламаларын енгізуді мақсат тұтады.

2018 жылдың соңында қызметкерлердің саны «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Компаниялар тобы бойынша 83 116 адамды (2017 жылы 90 111 адам). Аутстаффинг – 3 376 адамды (2017 жылы 3 080 адам) құрады.

2018-2028 жж. кадр саясаты ҚМГ-де бірыңғай инсталляция арқылы деректерді сақтайтын және өңдейтін орталығы бар компаниялар тобына бірыңғай ақпараттық кеңістік құрылатынын анықтады. Үш жыл ішінде 1С және SAP платформаларында базалық және кеңейтілген үдерістерді автоматтандыру жүргізілетін болады.

## ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТАР


ҚМГ Компаниялар тобы бойынша қазіргі кезде өндірістік кәсіпорындардың көптеген еңбек ұжымдарымен мазмұны да (әртүрлі әлеуметтік қолдау шарттары), құрылымы да әртүрлі ұжымдық шарттар жасалды.

Бір ізге салу мақсатында еңбекақы төлеуді ұйымдастыру, әлеуметтік қолдау көрсету, еңбек жағдайлары, жұмыс және демалыс режимі және т.б. үшін бірыңғай қағидаттарды белгілейтін Ұжымдық шарттың үлгі нысаны әзірленді. Ұжымдық шарттың үлгі нысанында ұжымдық еңбек даулары туындаған жағдайда оларды шешу алгоритмі қадам-қадаммен жазылған. ҚМГ тобы бойынша ұжымдық шарттарды әзірлеуге қойылатын үлгілік талаптар еңбек қатынастарын заңнамалық негізде құруға, қызметкерлер үшін жеңілдіктерді негізсіз арттыруға немесе азайтуға жол бермеуге, жанжалдар мен шиеленісті болдырмау мақсатында еңбек даулары туындаған кезде дәйекті іс-қимылдарды ұсынуға мүмкіндік береді.

2018 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та 2017 жылдағы қызметкерлердің нәтижелілігі мен жеке-іскерлік құзыреттердің даму деңгейі тұрғысынан жан-жақты бағалау нәтижелерін көрсететін жыл сайынғы кешенді бағалау енгізілді және алғаш рет жүргізілді. Бағалау алгоритміне сәйкес келесі іс-әрекеттер анықталады: қызметкерді кадр резервіне алудан бастап аттестаттаудан өтуге ұсынғанға дейін. Бұдан әрі қызметті бағалаудың осы тәсілін ҚМГ ЕТҰ-ға енгізу жоспарлануда.

ҚМГ ЕТҰ ұжымдық шарттарында қызметкердің, оның отбасы мүшелерінің қайтыс болуына, дүниеге келуі мен асырап алуына байланысты еңбек демалысына материалдық көмек, жүктілік және босану бойынша әлеуметтік төлемдер, бала 1,5 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыста жүрген қызметкерлерге еңбек шартын бұзу кезінде еңбек ету қабілетінен жалпы айрылуына, мүгедектік алуына байланысты басқа жұмысқа ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда өтемақы, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне науқастану жағдайына ерікті медициналық сақтандыру және медициналық қызмет көрсету, қызметкерлердің балаларының сауықтыру лагерьлерінде 7 жастан 14 жасқа дейінгі балаларының демалысын ұйымдастыруды қамтитын әлеуметтік пакет қарастырылған. ЕТҰ ұйымның қаржылық жағдайына байланысты қосымша пакетті қарастыра алады.

## ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТАРМЕН ҚАМТЫЛҒАН ҚМГ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САНЫ



## ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ РЕЙТИНГІ

«Самұрық-Қазына» АҚ Әлеуметтік серіктестік орталығы өткізетін Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі (ЭТР) зерттеулеріне сәйкес, ҚМГ ЭТР 2013 жылдан бастап 2018 жылға дейін 61%-тен 74%-ке дейін өсті және «орташадан жоғары» деңгейде тұр.

Барлық қауіпті аймақтар бойынша ЭТР зерттеулеріне сәйкес, ҚМГ мен жекелеген ЕТҰ-да әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, өзектілендіріледі.


ҚМГ әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарында қызметкерлердің әлеуметтік көңіл-күйіне әсер ететін (ішкі коммуникациялар, тамақтану

сапасы, тұрмыстық жағдайлар, ЖҚҚ қамтамасыз ету, оқыту, мансаптық өсу және т.б.) ұйымдар қызметі саласының анықталған проблемалары қамтылады.

Сондай-ақ ҚМГ Компаниялар тобы ұйымдарының әкімшілік-басқару қызметкерлерінің тартылуы мен қанағаттанушылығына сауалнама жүргізілді. Зерттеу нәтижелері ұйым қызметкерлерінің қандай еңбек жағдайларына қанағаттанғанын және қанағаттанбағанын, қызметкерлердің коммуникация мен өзара қарым-қатынастардың даму деңгейін қалай бағалайтынын, өткен кезеңмен салыстырғанда қызметкерлердің әл-ауқатының қаншалықты өзгергенін, ұйымдардың өндірістік қызметкерлерінің өмір сүру сапасы мен т. б. көрсетіп отыр.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЖӘНЕ ОҚЫТУ


### Оқудан өткен қызметкерлердің ішінде



### Оқу ақысының орташа мөлшері есебінде



### Оқытудан өткен қызметкерлердің үлесі, %



Оқытылған өндірістік қызметкерлердің жоғары проценті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қауіпті өндірістік нысандарда жұмыс істейтін қызметкерлерді міндетті оқытумен байланысты.

Компанияның әлеуетін дамыту шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өндірістік және әкімшілік қызметкерлердің адами ресурстарын дамыту мәселелеріне ерекше көңіл бөледі.

Оқыту және дамыту үдерісін жақсарту, қызметкердің қажетті біліктілік деңгейін қалыптастыру және қолдау, сондай-ақ бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында 2016 жылдан бастап ҚМГ Компаниялар тобында қызметкерлерді оқыту және жетілдірудің бойынша «70/20/10-жұмыс орнында оқыту/ішкі оқыту/сыртқы оқыту» тұжырымдамасы іске асырылуда. Осы оқыту моделі шеңберінде ҚМГ Компаниялар тобы бойынша «Ішкі бапкерлер институты», қызметкерлерді қашықтықтан оқыту бағдарламалары, тағылымдама бағдарламасы және жетекшілерді дамыту бағдарламалары сияқты үдерістер енгізілген.

<sup>13</sup> Оқытылған қызметкерлер санын есептеу кезінде әрбір аяқталған оқыту есепке алынады (мысалы, егер бір қызметкер екі тренингтен өткен болса, онда тыңдаушылар саны да екеу)

«Табыс формуласы» машықтану бағдарламасы шеңберінде қызметкерлер ҚМГ Тобының басқа компанияларының әріптестерімен, сондай-ақ серіктес компаниялардың қызметкерлерімен тәжірибе алмасуға мүмкіндігі бар. Бағдарламаның әрекет ету уақытында 5 серіктес компанияларда ҚМГ ЕТҰ 50-ден астам қызметкері, оның ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ, «Oil Services Company» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері және т.б. ҚМГ 6 еншілес компанияларында 9 компанияның 53 қызметкері тағылымдамадан өтті.

Бұдан басқа, ҚМГ ENI Корпоративтік университетімен ынтымақтасады. ҚМГ Компаниялар тобының қызметкерлері осы университет базасында өндірістік бағыттар бойынша оқытудан өтеді. 2018 жылы ENI университетінде 6 ай бойы барлау өндіру және мұнайқызмет блогының 15 қызметкері оқытылды.

ҚМГ Тобының қызметкерлерін дамыту үшін серіктес компаниялардың JCCP, JOGMES шақыруы бойынша тағылымдамалар да жүзеге асырылады. Жыл сайын аталған компаниялар ҚМГ Тобының 20-дан астам қызметкерлерін өндіруден, барлаудан, қайта өңдеуден және маркетингтен бастап HR мен қаржыны басқаруға дейін қызметтің түрлі бағыттары бойынша оқытуға қабылдайды. Оқыту орта есеппен екі аптадан бір айға дейін әртүрлі елдердің өкілдерімен аралас бағыттар бойынша жүргізіледі, бұл сондай-ақ тәжірибе мен біліммен бөлісуге мүмкіндік береді.

General Electric компаниясымен бірге «GE Мұнай-газ университетінде (Флоренция қ., Италия) мұнай-газ технологиялары»

бағдарламасы бойынша оқуға жолдама беріледі. 2015 жылдан бастап ҚМГ компаниялар тобының 7 қызметкері оқудан өтті. Оқу ұзақтығы-5 ай.

2017 жылы ҚМГ Кадрлық комитетінің шешімімен ҚМГ және ЕТҰ корпоративтік орталығының топ-менеджерлері үшін «Бірыңғай даму бағдарламасы», сондай-ақ директорлар, олардың орынбасарлары және бірыңғай кадрлық резервке қатысушылар үшін «Тиімді басшы» бағдарламасы бекітілді. «Бірыңғай даму бағдарламасы» 2018 жылы аяқталып, жақсы пікірлер алды. Оған 26 ЕТҰ-ның 99 топ менеджері қатысты. Адами ресурстарын дамытудың барлық өзекті бағыттары қамтылды: сандық көшбасшылық, әсер және эмоциялық көшбасшылық және т. б.

Бұдан басқа, 2018 жылы Upstream блогының адами капиталын дамыту бағдарламасы әзірленді және пилоттық режимде «Қазақтүрікмұнай» ЖШС мен «ҚазақОйлАқтөбе» ЖШС компанияларында іске асырылды. Осы бағдарлама шеңберінде қатысушылар компаниялардың тиімділігін көтере алатын жобалар әзірледі. 2019 жылы бұл бағдарламаны Upstream блогының басқа компанияларында іске асыру жоспарлануда.

Аталған жобалармен қатар ҚМГ жыл сайын оқытылған қызметкерлердің санын белсенді арттырады. 2018 жылы жалпы сомасы 5,7 млрд теңгеге 129 мың адам<sup>13</sup> оқытылды, бұл өткен жылдың көрсеткіштерінен 2,5% жоғары. Оқытылғандар мен шығындар санының өсуі жоғарыда көрсетілген бағдарламалардың іске қосылуы мен іске асырылуымен байланысты.

Бір оқытылған қызметкерге академиялық сағаттың орташа саны 14,3 сағатты құрайды, оның ішінде бір ер адамға -14,5 сағат, бір әйел адамға -15 сағат. Қызметкерлерді оқыту мен дамыту жыныстық белгісіне және атқаратын қызметіне қарамастан жүзеге асырылады.

Сертификаттық бағдарламалар бойынша оқудан өткен қызметкерлердің үлесі 0,58% құрады.

ҚМГ ұзақ мерзімді дамуының басым бағыттарының бірі қазіргі заманғы құзыреттілікке ие жаңа форматтағы басшыларды даярлау мақсатында жас және перспективті көшбасшыларды іздестіруді және анықтауды қамтитын кадр резервін құру болып табылады.

Негізгі қағидат басқару сабақтастығын қамтамасыз ету, сондай-ақ қызметкерлерге

ҚМГ Компаниялар тобында даму және мансаптық өсу үшін мүмкіндік беру мақсатында басшы кадрларды мақсатты және жүйелі даярлау болып табылады. Тренингтік бағдарламалардан басқа арнайы резервшілер үшін екі дипломды EMBA бағдарламалары әзірленді және өткізіледі. Жобаны іске асыру кезеңінде бірыңғай кадр резерві БКР-ға кіретін және магистр дәрежесі жоқ 35 қызметкер EMBA бағдарламасы бойынша оқуды аяқтады. Бүгінгі күні тағы 14 қызметкер 2018-2019 жылдарға арналған ұқсас бағдарлама бойынша оқуды жалғастыруда.

Сондай-ақ, БКР жобасы әрекет еткен уақытта команданы құрушы және оқыту сипатындағы резервшілердің үш кездесуі өткізілді. Жеке-іскерлік дағдыларды арттыру үшін жүйелі түрде тренингтер мен семинарлар ұйымдастырылады.

## ЖҰМЫСШЫНЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫ ЖӘНЕ УӘЖДЕМЕСІ

Оқытылған қызметкерлердің саны <sup>14</sup> , мың оқытылған	2016	2017	2018
	<b>98,2 (97,9)</b>	<b>123,2</b>	<b>129,4</b>
Өндіру және барлау	48,7 (48,4)	58,3	67,5
Тасымалдау	18,1	23,5	29
Өңдеу және жүзеге асыру	7,6	19,6	10,5
Басқа бағыттар	22,5	20,6	20,7
Корпоративтік орталық	1,3	1,2	1,7
Оқуға жұмсалатын шығындар, млн теңге	2016	2017	2018
	<b>4 626,5 (4 540,2)</b>	<b>5 590,7</b>	<b>5 679,4</b>
Өндіру, барлау	2 148,4 (2 062,1)	2 286,7	2 585,5
Тасымалдау	967,2	1 289,1	1 530,5
Өңдеу және жүзеге асыру	337,4	873,4	504,2
Басқа бағыттар	849	694,7	673,6
Корпоративтік орталық	324,5	446,8	385,6

<sup>14</sup> Оқытылғандардың санын есептеу кезінде әрбір аяқталған оқыту есепке алынады (мысалы, егер бір қызметкер екі тренингтен өткен болса, онда тыңдаушылар саны екі). Осылайша, оқытылған қызметкерлердің жыл сайынғы саны ҚМГ Тобы бойынша компанияларындағы қызметкерлер санынан асып түседі.

## КОРПОРАТИВТІК ІС-ШАРАЛАР

ҚМГ-де Компаниялар тобының еңбек ұжымдары мен кәсіподақтарының жалпы шешімі бойынша ҚМГ Компаниялар тобының еңбек ұжымдарын шоғырландырудың жаңа құралдары-ҚМГ деңгейінде ұйымдастырылатын корпоративтік іс-шаралар енгізілді:

- «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауы;
- жазғы Спартакиада;
- Жастар слеті.

2018 жылы ҚМГ еншілес компанияларының өнеркәсіптік алаңдарында ҚМГ Компаниялар тобының қызметкерлері арасында «Үздік маман – 2018» Кәсіби шеберлік байқауының ақтық кезеңі өтті:

- «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ - Мұнай және газ өндіру операторы, ұңғымаларды зерттеу операторы, қат қысымын ұстап

тұру операторы, Технологиялық жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету слесарі, токарь мамандықтары бойынша;

- «ҚазТрансОйл» АҚ - Электр газымен дәнекерлеуші, электромонтер, бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика жөніндегі слесарь, химиялық талдау зертханашысы, мұнай дайындау жөніндегі оператор мамандықтары бойынша;
- «Oil Services Company» ЖШС - Ұңғымаларды күрделі жөндеу бригадасы және ұңғымаларды жер астында жөндеу бригадасы мамандықтары бойынша;
- «Ойл Транспорт Корпорэйшн» ЖШС - кәсіптері бойынша автомобиль жүргізушісі, цементтеу агрегатының машинист - моторшысы, жылжымалы депарафинизациялық қондырғының машинисі, автомобиль кранының машинисі мамандықтары бойынша.



Конкурстың бірінші кезеңіне мұнай-газ кешенінің 34 базалық мамандығы бойынша 3 300 қызметкер қатысты. Финалда 20 жұмысшы мамандығы бойынша 186 қатысушы өнер көрсетті. 2017 жылы қатысушылардың саны 17 жұмысшы мамандығы бойынша 120 адамды құрады.

Өндірістік объектілерде теориялық және практикалық тапсырмаларды орындау үшін үй-жайлар, арнайы жұмыс алаңдары, жабдықтар, компьютерлік сынып және мүкәммал дайындалды, сондай-ақ конкурсты өткізу тәртібі мен шарттары және практиканың техникалық сипаттамасы көрсетілген

<sup>15</sup> Конкурс туралы фото, видеоматериалдар: [http://www.kmg.kz/uzdik\\_maman2018](http://www.kmg.kz/uzdik_maman2018)

<sup>16</sup> Спартакиада бойынша ақпарат ҚМГ-ның <http://www.kmg.kz/spartakiada2018> корпоративтік сайтында орналасқан

әрбір мамандық бойынша регламенттер әзірленді және бекітілді. Байқау жеңімпаздары «Үздік маман»<sup>15</sup> медалімен, ақшалай сыйлықпен марапатталды.

ҚМГ үнемі ҚМГ Компаниялар тобы қызметкерлері арасында Спартакиада өткізеді. 2018 жылы Спартакиадаға<sup>16</sup> 40-тан астам компания қатысты, финалда 23 компанияның 310 - тан астам қызметкері 8 спорт түрінен (мини-футбол, волейбол, баскетбол, шахмат, тоғыз-құмалақ, армреслинг, жүзу, үстел теннисі) бақ сынасты.

### ІШКІ КОММУНИКАЦИЯЛАРДЫҢ БІРЫҒАЙ ЖҮЙЕСІ

2016 жылдан бастап ҚМГ-нің барлық өндірістік кәсіпорындарында ішкі коммуникация құралдары енгізілуде, оларға сәйкес жылына екі рет бірінші басшылардың еңбек ұжымдарымен есептік кездесулері жүйелі түрде өткізіледі, тоқсан сайын ҚМГ ЕТҰ желілік басшыларының ұжымдармен кездесулері, басшылардың кәсіподақпен кездесулері өткізіледі, әрбір қызметкердің кәсіпорын басшылығына сұрақ қою және уақытылы жауап алу мүмкіндігі регламенттелген. 2018 жылы бірінші басшылардың еңбек ұжымдарымен 65-тен астам есептік кездесулері өткізілді.

Бұдан басқа, желілік басшылардың құрылымдық бөлімшенің, учаскенің, бригаданың, цехтың қызметкерлерімен кездесулері, жедел шешім қабылдауды талап ететін мәселелерді талқылау мақсатында басшылықтың еңбек ұжымымен жоспардан тыс кездесулері өткізіледі, ЕТҰ бірінші басшыларының жеке мәселелері бойынша қызметкерлерді қабылдауы жүзеге асырылады.

### ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

2016 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ (Қор) Директорлар кеңесінің шешімімен қайырымдылық саясаты және Қордың қайырымдылық бағдарламасы бекітілді. Оған

2014 жылдан бастап ҚМГ Компаниялар тобы бойынша жастар саясаты белсенді іске асырылуда. «Қазмұнайгазда» және 45 ЕТҰ жастар кеңестері құрылды. Жыл сайынғы жастар слеттері өткізіледі, онда қатысушылар үшін мәдени-бұқаралық іс-шаралар, мемлекеттік қайраткерлермен кездесулер, тиісті шеберлік сыныптары (мысалы, «Медиация-жастар арасындағы қақтығыстардың алдын алу ретінде», «Әрекеттегі көшбасшылық», «Дербес тиімділік» және т. б. тақырыптары бойынша) ұйымдастырылады, жас қызметкерлерді толғандыратын мәселелер талқыланады және тиісті ұсынымдар әзірленеді.

Сондай-ақ әрбір ЕТҰ-да бірінші басшының блогы, корпоративтік ақпараттық сайт құрылып, ішкі корпоративтік ақпаратты еңбек ұжымдарына жеткізу үшін, бейне-хабарландырулар үшін мониторлар орнатылды. Қызметкерлерді жедел хабарландырулармен және хабарламалармен ақпараттандыру үшін ақпараттық стендтер қолданылады. Келелі мәселелерді анықтау үшін ЕТҰ-да жыл сайын қызметкерлер арасында сауалнама жүргізіледі.

Сондай-ақ, тоқсанына бір рет ұжымдық шартты орындауға, еңбек тәртібінің жай-күйіне, еңбек ұжымының өтініштерін қарауға, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелеріне, әлеуметтік жеңілдіктер мен өтемақылар беруге және кәсіпорында басқа да әлеуметтік маңызды мәселелерге қатысты анағұрлым өзекті мәселелер бойынша ЕТҰ кәсіподағымен басшылықтың кездесуі өткізіледі.

сәйкес, ҚМГ қоса алғанда қордың барлық компаниялары қайырымдылық қызметін «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы жүзеге асыруы тиіс. Қор қызметінің негізгі бағыттары:

- Адамдарға, қоғамдастықтарға әлеуметтік және медициналық сектордағы көмек;
- медиа, мәдени қоғамдастықты дамыту, адам әлеуетін дамыту;

- еңбек қатынастарын, ұлтаралық қатынастарды нығайту, қоғамның тұрақты дамуына инвестициялар;
- өңірлік бизнес-бастамаларды қолдау.

### ҚМГ-НІҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚҚА БӨЛГЕН ҚАРАЖАТ КӨЛЕМІ, МЛН ТЕҢГЕ

**1 225** МЛН ТЕҢГЕ

2017 жылғы қайырымдылық шығындары

**1 698** МЛН ТЕҢГЕ

2018 жылғы қайырымдылық шығындары

2018 жылы «Samruk-Kazyna Trust» қайырымдылық көмегін 350 000 қазақстандық алды. Бұл орайда, Қор өз қызметі барысында балаларға ерекше көңіл бөледі. БЦП диагнозы бар 1627 бала «Дені сау балалар» жобасының арқасында тегін оңалтудан өтті, Қазақстанда емделмейтін диагнозы бар 209 бала «Балаларға өмір сыйла» жобасы аясында шетелдік клиникаларға емделуге жіберілді.

199 бала отбасы үлгісіндегі балалар ауылында тұрады, 1306 отбасы «Балаға қамқор үй» жобасы аясында психологиялық, әлеуметтік және құқықтық көмек алды.

«Жас таланттар» жобасының арқасында 2018 жылы 27 дарынды бала жол жүру гранттарына ие болды және халықаралық конкурстар мен жарыстарға қатыса алды.

Сонымен қатар, өткен жылы еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің оқушылары арасында жұмысшы кәсіптерін танымал етуге бағытталған үлкен жұмыс жүргізілді, жоба қорытындысы бойынша 21 332 оқушы кәсіптік бағдар беру тренингінен өтті. Нұр-Сұлтан қаласының 1 530 кішкентай тұрғыны «Замандас» аула клубтарына тегін барып, шығармашылық, спорттық және ғылыми үйірмелерге қатысады. 600 жасөспірім еліміздегі ең ірі туристік нысанға барып, «Туған елге саяхат» жобасына қатысты.

Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне ерекше көңіл бөлінеді. 2018 жылы оларға 4 770 еріктілер рейді ұйымдастырылды. 1200 ҰОС арда-

герлері мен тыл еңбеккерлері азық-түлік, дәрі-дәрмек, үй жинау түрінде атаулы көмек алды. Бұдан басқа, ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ тыл еңбеккерлеріне жыл бойы Қазақстан және ТМД елдері бойынша теміржол көлігімен тегін жол жүру ұсынылады.

«Мемлекеттік тілді дамыту қорымен» бірлесіп радиосабақтар сериясы іске қосылды, мемлекеттік тілде іскерлік құжаттама бойынша [www.resmihat.kz](http://www.resmihat.kz) интернет-порталы ашылды. 80 000 адам қазақ тілін [www.soyle.kz](http://www.soyle.kz) ресми сайты арқылы үйренуде.

«Медициналық пойыздар» жобасы аясында 42 306 қазақстандық, оның ішінде еліміздің шалғай аудандарында тұратын 6 552 бала білікті дәрігерлердің көмегін ала алды, сондай-ақ «ӘРЕКЕТ» жобасы көптеген оң пікірлер алды. 180 коммерциялық емес ұйымның 265 өкілі әлеуметтік кәсіпкерлік негіздеріне оқытылды. 96 грант бөлінді.

Семей және Шымкент қалаларында білім беруде ерекше қажеттілігі бар балаларға түзету көмегін көрсету бойынша 2 кабинет ашылды, олардың әрқайсысы жыл сайын 150 балаға дейін қабылдай алады. Бұдан басқа, өткен жылы Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Көкшетау және Өскемен қалаларында 7 инклюзивті білім беру орталығы іске қосылды.

Өткен жылы «Samruk-Kazyna Trust» жаппай спортты дамыту жұмыстарын жалғастырды. Осылай, «Басқа Сен!» челленджі оң пікірлерге



ие болды. Ол өз айналасында 300 000-нан астам қазақстандықты біріктірді. Бұл жобаны мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қолдады.

### ҚАТЫСУ ӨҢІРЛЕРІН ДАМУ

ҚМГ еншілес ұйымдарының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарында өндірістік қатысу өңірін дамытуға және халықтың мұқтаж топтарына әлеуметтік көмек көрсетуге елеулі ақшалай қаражат бөлу көзделген. Компаниялар қаражатты

Спорттық және балалар ойын алаңдарын орнату бойынша жоба да дамыды: еліміздің 10 өңірінде 52 000 м<sup>2</sup> астам жалпы аумақта спортпен шұғылдануға арналған 52 алаң салынды.

жергілікті атқарушы органдарға аударады, олар жергілікті қоғамдастықтардың қажеттіліктеріне сүйене отырып, қаражатты бөледі. 2018 жылы ҚМГ тобы бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде өңірлерді дамытуға шамамен 6 млрд теңге бөлінді.

#### «Өзенмұнайгаз» АҚ

**900** МЛН  
ТЕҢГЕ

жыл сайын Жаңаөзен қаласы мен Қарақия ауданының инфрақұрылымын дамытуға арналған әлеуметтік бағдарламалар қорына бөледі

#### «Қазгермұнай» БК ЖШС

**1 465** МЛН  
ТЕҢГЕ

Қызылорда қаласындағы Жастарға қызмет көрсету орталығының құрылысына бөлді, салым 2018-2019 жылдар кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық даму бойынша есептелінді

#### «ҚазМұнайТеңіз» ТМК ЖШС

**371** МЛН  
ТЕҢГЕ

Маңғыстау ауданындағы Шетпе-Қызылқоға автожолын қайта жаңартуды қаржыландыруға үлес қосты

#### «Ембімұнайгаз» АҚ

**596** МЛН  
ТЕҢГЕ

2018 жылы Қызылқоға ауданы Сағыз және Қарабау ауылдарында, Исатай ауданы Аққыстау ауылында балабақшалар, орта мектеп және дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуға бөлді

#### «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС

**200** МЛН  
ТЕҢГЕ

спорт түрлері мен спорттық іс-шараларды қолдау мақсатында Павлодар қаласына бөлді

#### «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС

**9** МЛН  
ТЕҢГЕ

халықтың мұқтаж топтарына әлеуметтік көмек көрсетуге бөлді



### САТЫП АЛУ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ

2018 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» Компаниялар тобы бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың жалпы көлемі 2 трлн 428 млрд теңгені құрады. Жергілікті қамту 77% құрады, оның ішінде тауарлар бойын-

ша -77%, жұмыстар мен қызметтер бойынша - 80% болды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Компаниялар тобы бойынша жергілікті қамту үлесі 2018 жылы 2017 жылға тиісті көрсеткіштен 2% - ке асып түсті.

	2016		2017		2018	
	Млрд теңге	Үлес МС,%	Млрд теңге	Үлес МС,%	Млрд теңге	Үлес МС,%
<b>Сатып алудың жалпы көлемі</b>	<b>1 871</b>	<b>76</b>	<b>2 553</b>	<b>75</b>	<b>2 428</b>	<b>77</b>
Тауарлар	722	83	863	79	824	77
Жұмыстар/ қызметтер	1 149	71	1 690	73	1 604	80

2018 жылы жергілікті қамту үлесі 75% - тен 77% - ке дейін артты, өйткені 2017 жылы импорттық жабдықтар орнатылған мұнай өңдеу зауыттарын жаңғыртуға шетелдік жеткізушілерден сатып алулар 2018 жылға қарағанда айтарлықтай көп болды.

ҚМГ «Самұрық-Қазына» АҚ-тың жаңғыртылған Электрондық сатып алу платформасына - Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі - ЭСАЖ 2.0 ауысты. Осы платформа шеңберінде 4 кіші жүйе енгізілді: электрондық шарттар, баға базасы және прайс-парақ, сатып алу мәселелері бойынша әлеуетті жеткізушілердің және нормативтік құжаттарды түсіндіру бойынша

электрондық өтініштер. Жүйе қағаз құжат айналымын қысқартуға мүмкіндік береді, әлеуетті жеткізушілердің уақыты мен ақшасын үнемдейді.

2016 жылдан бастап Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі болып табылады. Осыған байланысты ҚМГ басшылыққа алынатын «Самұрық-Қазына» АҚ тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережелері жаңартылды. Жаңартылған құжатта Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар шеңберінде сатып алуды қоспағанда, отандық тауар өндірушілерді, жұмыстар мен қызметтерді қолдау шаралары жөніндегі барлық ережелер алынып тасталды.



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін әлеуетті тәуекел оқиғаларын уақытылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторинг жасауға және азайтуға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Компанияның қызметі келесі салаларда әр түрлі тәуекелдер спектрінің ықпалына ұшырайды:

- өндіріс үдерісіне байланысты өндірістік тәуекелдер;
- өндірістік емес бизнес үдерістерімен байланысты өндірістік емес тәуекелдер;
- сыртқы орта тәуекелдері, шағын басқарылмайтын немесе басқарылмайтын.

ҚМГ Директорлар кеңесі жыл сайынғы негізде Тәуекелдер тіркелімін, Тәуекелдер

қартасын, Компанияның тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді. Компанияның 2018 жылға арналған Тәуекелдер тіркеліміне және Қартасына сәйкес көрсетілген облыстар бойынша негізгі тәуекелдер анықталды және бағаланды. Әрбір тәуекел бойынша оларды басқаруға іс-шаралар әзірленді, тәуекел иелері анықталды. Негізгі тәуекелдердің серпініне және оларды төмендету жөніндегі іс-шаралардың орындалуына тұрақты мониторинг, сондай-ақ тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептілікті жіберу жолымен ҚМГ Басқармасы мен Директорлар кеңесін хабардар ету жұмыстары жүргізіледі.

### ҚМГ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ



### НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК ТӘУЕКЕЛДЕР

#### Өндіру көлемінің төмендеу тәуекелі

Негізгі операциялық тәуекел игерудің қорытынды кезеңдеріндегі кен орындарында өндіру көлемінің төмендеуі, өндірудің өзіндік құнының өсуі болып табылады.

Кемелденген кен орындарында өндіру деңгейін қолдау және арттыру мақсатында мынадай кешенді іс-шаралар жүзеге асырылады:

- Ұңғымалардың жөндеу аралық кезеңінің сақталуын бақылау.
- Ұңғымаларды жер астында жөндеу (ҰЖАЖ), Ұңғымаларды күрделі жөндеу (ҰКЖ) және геологиялық-техникалық іс-шараларды (ГТИ) уақытында орындау.
- Ескірген жабдықтарды жаңғырту бағдарламаларын іске асыру
- Мұнай өндіру бойынша негізгі процестерді технологиялық бақылауды енгізу.

#### Геологиялық тәуекел

Жаңа барлау жобаларын іске асыру үнемі геологиялық тәуекелдермен байланысты. Іздеу бұрғылау көмірсутектердің қиын шығарылуына байланысты күрделене түседі, бұл ағағұрлым заманауи технологиялық шешімдерді қолдануды талап етеді. Геологиялық барлау жұмыстарының тәуекелін төмендету үшін ҚМГ сейсмикалық деректерді өңдеу және түсіндіру саласында жаңа технологияларды пайдаланады, сондай-ақ бірлескен барлау және жаңа кен орындарын игеру үшін стратегиялық серіктестерді тартады.

#### Қолайсыз экологиялық әсер ету тәуекелдері

Біріктірілген өнеркәсіптік компания бола отырып, ҚМГ қоршаған ортаға қолайсыз экологиялық әсер ету тәуекеліне едәуір көп дәрежеде ұшырайды. Қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруі саласында Компания үшін басым бағыттар болып табылады:

- парниктік газдар шығарындыларын басқару және алау жағуды қысқарту,
- су ресурстарын басқару,
- өндіріс қалдықтарын басқару,
- жерді қалпына келтіру,
- энергия тиімділігін арттыру.

Қоршаған ортаға қолайсыз экологиялық әсер ету тәуекелін азайту үшін Компания мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

- жобаларды басқаруға және экологиялық көрсеткіштерді жақсарту үшін тәуекелге бағытталған тәсілдемеге негізделген маңызды экологиялық аспектілерді алдын ала басқару;
- экологиялық мәселелер бойынша мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау;
- корпоративтік экологиялық бағытты толыққанды дамыту, сондай-ақ ҚМГ-нің "Жасыл экономика" қағидаттарына бейілділігін қамтамасыз ету.

### Өндірістік жұмысшының өміріне, денсаулығына зиян келтіру, апаттық және штаттан тыс жағдайлар, өндірістік объектілер мен алаңдардағы техногендік апаттар нәтижесінде мүлікке зиян келтіру тәуекелдері

Компанияның өндірістік қызметі қауіпті болып табылады, өйткені өндірістің жарылыс және өрт қауіпті сипаты бар, сондай-ақ, ол апаттық және штаттан тыс жағдайлардың, өндірістік объектілер мен алаңдардағы техногендік апаттардың, сондай-ақ үшінші тұлғалардың заңсыз іс-әрекеттері нәтижесінде өндірістік жұмысшының өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіруі мүмкін. Мұндай тәуекелдерді іске асырудың салдары Компанияның беделіне, өндірістік және қаржылық қызметіне теріс әсер етеді.

Өндірістік тәуекелдерді азайту мақсатында Компания келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

- нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес, жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын уақытылы жүргізуді қамтамасыз ету;
- қайта жаңартуды, жаңғыртуды уақытылы жүргізу;
- оңтайлы технологиялық режимді есептеу және жабдықты пайдаланудың оңтайлы режимдерін әзірлеу;
- уақытылы диагностика жүргізу және коррозияға әкелуі мүмкін ықтимал қауіпті факторларды анықтау;
- қызмет көрсетуші жұмысшының біліктілігін арттыру.

Өндірістегі жазатайым оқиғаларға жол бермеу мақсатында Компания ұйымдық-техникалық іс-шараларды іске асырады:

- жұмысты қауіпсіз жүргізу, өндірістік жа-рақаттану мен кәсіби аурулардың алдын алу,
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуларды уақытылы жүргізу және білімін тексеру, жұмыс жүргізу орнында жұмыс басшылары мен оларды жүргізуге жауапты лауазымды тұлғалардың қатысуы;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі бақылау.

Компания заманауи инженерлік-техникалық қорғау құралдарын кезең-кезеңімен енгізеді және мұнай құбырларының анағұрлым криминогендік учаскелерінде күзет қызметін оңтайландыруды жүргізеді.

ҚР өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес, Компания жыл сайын қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты нысандар иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру келісімшарттарын, сондай-ақ міндетті экологиялық сақтандыру келісімшарттарын жасасады. Бұдан басқа, мақсаты ҚМГ және оның аффилиирленген заңды тұлғаларының мүлкітік мүдделері мен жауапкершілігін сапалы қорғауды қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді сақтандырудың корпоративтік бағдарламасын орналастыру тәртібін белгілеу болып табылатын ҚМГ Қайта сақтандырудың корпоративтік бағдарламасы шеңберінде жыл сайын сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде залалдан (кездейсоқ жойылу, жоғалту немесе зақымдану тәуекелінен) мүлкікті ерікті сақтандыру келісімшарттары жасалады.

### Әлеуметтік тәуекел

Тұтастай алғанда, Компанияның қызметін оңтайландыру және қаржылық жағдайын жақсарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар салдарынан туындайтын санкцияланбаған ереуілдер тәуекеліне ұшырайды. Рұқсат етілмеген ереуілдер тәуекеліне көбінесе мұнай сервистік компаниялар тиімсіз болып табылатын ҚМГ бизнесінің мұнай сервистік бөлігі ұшырайды. Оған қоса, мұнда адамдардың көп бөлігі жұмылдырылған.

Әлеуметтік қауіп-қатерлерді төмендету үшін келесі іс-шаралар жүзеге асырылады:

- Еңбек шарттарын мерзімінен бұрын бұзудың орнына өтемақы төлеуді көздейтін 5/50 бағдарламасы әзірленді және жүзеге асырылуды.
- Сенімгерлік басқаруға көшу кезінде шығындарды оңтайландыру себептерін, қызметкерлердің еңбек жағдайларын түсіндіру бойынша еңбек ұжымдарында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.
- Жұмыс орындарын сақтау кепілдіктері әзірленеді, қызметкерлер өкілдерімен бірлесіп, сенімгерлік басқаруға өту жағдайында еңбекақы төлеу жүйесі қалыптастырылады.
- Ішкі коммуникациялар ережелеріне сәйкес жылына кемінде екі рет Бірінші басшының еңбек ұжымымен жоспарлы есептік кездесуі өткізіледі; тоқсан сайын Желілік басшының құрылымдық бөлімшенің, учаскенің, бригаданың, цехтың

және т.б. қызметкерлерімен кездесуі өткізіледі; басшылықтың еңбек ұжымымен жедел шешуді талап ететін мәселелерді талқылау бойынша жоспардан тыс кездесулері өткізіледі; тоқсан сайын кәсіпорын басшылығының кәсіподақтармен кездесулері өткізіледі, сондай-ақ Қызметкерлерді жеке мәселелер бойынша Бірінші басшының қабылдауы жүзеге асырылады.

- ҚМГ басшылығы ЕТҰ-ға үнемі барып тұрады, онда ұжымдармен жұмыс кездесулерін өткізеді. Туындайтын мәселелер жергілікті жерлерде немесе бірлескен жұмыс топтарын құру жолымен шешіледі.
- ҚМГ-де жас қызметкерлердің белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруды, жастарды тартуды және әлеуметтік және өндірістік өмірге тікелей қатысуды көздейтін Бірыңғай жастар саясаты жүйесі құрылады.

ҚМГ еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жүйесі шеңберінде жүргізілген жұмыстың нәтижелері наразылық көңіл-күйді төмендету болып табылады, бұл «Самұрық-Қазына» АҚ жанындағы Әлеуметтік серіктестік және коммуникация орталығының Әлеуметтік тұрақтылық рейтингін (ЭТР) зерттеу нәтижелерімен расталады. Барлық анықталған қауіпті аймақтар бойынша ЭТР зерттеу нәтижелері бойынша оларды жою жөніндегі тиісті іс-шаралар жоспары әзірленеді.

## БАСТЫ ӨНДІРІСТІК ЕМЕС ТӘУЕКЕЛДЕР

### Өтімділік және қаржылық тұрақтылық тәуекелдері

Өтімділік пен қаржылық тұрақтылыққа байланысты тәуекелдер ҚМГ үшін негізгі тәуекелдер болып табылады. Жеткілікті қаржы ресурстарының болмауы қарыз міндеттемелері бойынша ковенанттардың сақталмауына әкелуі мүмкін, сондай-ақ стратегиялық маңызды жобаларды іске асыруға және дамудың жоғары қарқынын сақтауға қауіп төндіреді. Осы тәуекелдерді еңсеру үшін, борыштық жүктемені басқару және өтімділік тапшылығына жол бермеу жөніндегі іс-шаралармен қатар, Компания операциялық қызметтің тиімділігін арттыруға, күрделі шығындардың нақты басымдығына, сондай-ақ Компания активтері мен жобаларының портфельдерін ұтымды етуге бағытталған.

### Сыбайлас жемқорлық тәуекелі

Жеке пайда мен мүлдікті мүдделерді, оның ішінде үшінші тұлғалар үшін алуға бағытталған сыбайлас жемқорлық сипатындағы қасақана әрекеттер, сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің кез келген фактілері қаржылық залал мөлшеріне қарамастан Компания қызметінде мүлдем мүмкін емес болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де заңнамалық актілердің (бұдан әрі-сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама) субъектісі бола отырып, ҚМГ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша міндеттемелерді қабылдады:

- ішкі және комплаенс бақылау жүйелерін енгізу және күшейту;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу;

### Салық тәуекелі

Компания сондай-ақ салықтық тәуекелдің әсеріне ұшырайды, оның негізгі сыртқы тәуекел-факторы ҚР Салық заңнамасын біркелкі түсіндіру болып табылады. Компания жүргізілген салықтық тексерулердің қорытындылары бойынша салық заңнамасын заңсыз даулы түсіндіруге негізделген салықтарды, айыппұлдарды және өсімпұлдарды қосымша есептеуге қатысты салық органдарының шешімдеріне ықпал ете алмайды. Салық тәуекелдерін азайту мақсатында Компания салықтық әкімшілендіру үдерістерін жақсартады, салық аудитін жүргізеді.

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- шешімдер қабылдау рәсімдерінің есеп берушілігін, бақылануын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдастыру-құқықтық тетіктерді белгілеу;
- іскерлік этика нормаларын қабылдау және сақтау;
- мүдделер қақтығысын болдырмау.

Компания ішкі бақылау жүйесін енгізу және күшейту, үшінші тұлғалар тарапынан да, Компания қызметкерлері тарапынан да заңсыз және теріс пиғылды іс-әрекеттерді болдырмаудың бірыңғай саясатын белгілеу, компания қызметкерлері тарапынан құқыққа қарсы және теріс пиғылды іс-әрекеттерді жасау фактілері бойынша ішкі тергеулерді жүргізу тәртібін белгілеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізеді. Компанияда сенім телефоны жұмыс істейді.

## СЫРТҚЫ ОРТАНЫҢ НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

### Мұнай бағасының ауытқуы

Мұнай бағасының төмендеуі Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің нашарлауына әсер етеді. ҚМГ баға тәуекелін модельдеу және алынған нәтижелерді жоспарланған көрсеткіштермен салыстыру жүргізеді. Компания мұнай бағасының төмендеуі

кезінде өз міндеттемелерін орындау үшін шығындар мен күрделі салымдарды оңтайландыруды жедел жүргізуге қабілетті, сондай-ақ мұнай бағасының айтарлықтай төмендеуінен қорғау үшін қаржы құралдарын сатып алу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

### Екінші деңгейдегі банктердің проценттік ставкаларының және өтімділігінің өзгеру тәуекелі

Проценттік мөлшерлемелердің өзгеруі, сондай-ақ ҚР Екінші деңгейдегі банктері өтімділігінің төмендеуі уақытша бос ақша қаражатын (УБА) орналастыруға және тиісінше Компания қызметінің қаржылық нәтижелеріне кері әсер етуі мүмкін. Осы тәуекелдерді азайту үшін Компания қазынашылық қоржынның берілген параметрлерінде қаржы құралдарына орналастыруды әртараптандыруды және ҚМГ Компаниялар тобы бойынша УБА орналастырудың тұрақты мониторингін жүзеге асырады. Тәуекелді басқару нәтижесінде компания УБА бойынша талап етілетін кірістілікті қамтамасыз етеді.

ҚМГ кірістің негізгі бөлігі АҚШ долларымен туындалған, ал қарыз алудың негізгі көзі халықаралық несиелік нарығы болып табылады. Компанияның қарыз қоржынының негізгі бөлігі — АҚШ долларымен номина-

цияланған несиелер. Осы несиелердің бір бөлігіне қызмет көрсету жөніндегі проценттік мөлшерлеме LIBOR және EURIBOR банкаралық несиелері бойынша мөлшерлемелер негізінде негізделеді. Осы проценттік ставкалардың өсуі Компанияның қарызына қызмет көрсетудің қымбаттауына әкелуі мүмкін. Компания үшін кредиттер құнының өсуі оның төлем қабілеттілігі мен өтімділігінің көрсеткіштеріне теріс әсер етуі ықтимал.

Қаржылық тұрақтылықтың нашарлауының негізгі себептері төмен операциялық тиімділік, қысқа және орта мерзімді қарыз капиталы есебінен ұзақ мерзімді жобаларды қаржыландыру болды. Қазіргі уақытта ҚМГ Компания қарызының деңгейін төмендету, Компанияны несиелік тәуекелдің «жасыл аймағына» шығару үшін операциялық тиімділікті жақсарту бойынша елеулі шаралар өткізді.

## Елдік тәуекелдер

Компания шет мемлекеттердің қаржы ұйымдарының ағымдағы/корреспонденттік, депозиттік шоттарында ақша қаражатын орналастыру; шет мемлекеттер эмитенттерінің бағалы қағаздарын сатып алу, үлестес заңды тұлғаларды, бірлескен кәсіпорындарды құру, шетелдік компанияларда қатысу үлестерін сатып алу арқылы инвестициялық жобаларды шетелде іске асыру сияқты операцияларды жүзеге асырады.

Реципиент елдің (ҚМГ (немесе) еншілес ұйымдар мен тәуелді қоғамдар ынтымақтасатын не ынтымақтастығын жоспарлайтын шет мемлекет) экономикалық және саяси ахуалындағы кез келген өзгерістер, әскери іс-қимылдар мен мемлекетаралық қақтығыстар Компанияның қаржылық нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін. Компания реципиент елді талдау негізінде (экономикалық, саяси, стратегиялық, әлеуметтік және басқа тараптардан) елдік лимиттер орнату арқылы елдік тәуекелдер деңгейін шектейді.

## Кибер-тәуекелдер

Әлемдік ауқымдағы киберқылмыстың өсуі және ҚМГ-дегі өндірістік және басқару процестеріне цифрландыру әсерінің күшеюі компанияның ақпараттық-коммуникациялық жүйесіне шабуыл жасау тәуекелдерін арттырады. Кибер-тәуекелдерді азайту мақсатында қорғаныс бағдарламалық қамтамасыз етуді уақытылы жаңарту жүзеге асырылады. Сыртқы және ішкі қатерлердің автоматтандырылған мониторингін қамтамасыз ету, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық жүйені қорғауға бағытталған ұйымдастырушылық-практи-

Қаржылық тәуекелдерді басқару мақсатында Компанияда контрагент-банктеріне баланстық және баланстан тыс міндеттемелер бойынша лимиттерді белгілеу жолымен оларды шектеу тәжірибесі енгізілген.

2014 жылдан бастап АҚШ пен Еуропалық Одақ Ресейге, жекелеген ресейлік азаматтар мен компанияларға қарсы санкциялар енгізеуде. 2018 жылы санкцияларды жариялау үшін жаңа себептер пайда болды, ал қолданыстағы шектеулер қатаңдатылды. ҚМГ Ресейге қарсы бағытталған экономикалық санкциялардың Компания қызметіне қалай әсер ететініне талдау жүргізді. Ресей ұйымдарымен бірлескен жобалар/жүзеге асырылған транзакциялар қарастырылды, мүмкін болатын операциялық және қаржылық тәуекелдер зерттелді. Ресейге қарсы санкциялардың қолданыстағы пакеті бойынша ҚМГ Тобы ресейлік контрагенттермен өзара іс-қимыл жасау салдарынан операциялық қызметтің тоқтатылуына немесе өзге де шектеулеріне тап болған жоқ.

калық іс-шараларды бақылау үшін ақпараттық қауіпсіздіктің мамандандырылған аппараттық-бағдарламалық құралдары енгізілуде. Жүйенің сыртқы шабуылдарға осалдығын тексеру, ақпараттық технологиялар инфрақұрылымының қауіпсіздігін талдау, желілік компоненттердің аудиті және операциялық жүйелердің қауіпсіздігіне уақытылы мониторинг жүргізу тұрақты негізде жүзеге асырылады. Бұдан басқа киберкеңістіктегі жаңа қатерлер туралы хабардарлықты арттыру жұмыстары және оның мониторингі жүргізілуде.

## Бедел тәуекелі

Компания оның іскерлік абырой-беделіне, инвесторлармен, әріптестермен және басқа мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастарына әсер ететін бедел тәуекеліне тәуелді. Компания осы тәуекелді басқару бойынша іс-шаралар кешенін өткізеді, соның ішінде Компанияның қызметі жөнінде БАҚ беттерінде жарияланатын ақпаратқа күнделікті мониторинг жүргізеді, БАҚ-та Компания туралы мақалалар жариялайды, Компания қызметінің қыр-сырын көрсету мақсатында брифингтер, баспасөз конференцияларын, басшылықтың баяндамаларын ұйымдастырады, сондай-ақ БАҚ-тағы жағымсыз басылымдарға уақытылы жауап қайтарады.

Тұтастай алғанда, Компанияның негізгі Тәуекелдерін басқару бойынша жоспарланған жұмыстар 2018 жылы толық көлемде орындалды. Компания оларды іске асыру ықтималдығын төмендету және ықтимал қаржылық шығындарды азайту/болдырмау мақсатында негізгі тәуекелдерге тиісті әрекет ету шараларын қабылдады.

2018 жылы ҚМГ Трансформация бағдарламасы шеңберінде ішкі бақылау жүйесінің (үдерістік деңгейдегі тәуекелдерді басқару) және қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесінің (қызметті тоқтатуға әкелетін тәуекелдерді басқару) әдіснамалық негіздері мен процестері әзірленді. 2019 жылы ішкі бақылау жүйесін және ҚМГ мен оның ЕТҰ қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесін енгізу бойынша жұмыс жалғасатын болады.



# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

## ҚМГ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



\*«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ БАСҚАРМАСЫ АТЫНАН

## ҚМГ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

- ҚМГ Корпоративтік басқару жүйесі ҚМГ қызметін басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін үдерістердің жиынтығын, сондай-ақ акционерлер («Самұрық-Қазына» АҚ және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ), Директорлар кеңесі, Басқарма және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін білдіреді. ҚМГ органдарының құзыреттері ҚМГ Жарғысында нақты ажыратылып, бекітілді.
- 2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін ҚМГ «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2015 жылғы 27 мамырдағы №22/15 хаттама) ҚМГ корпоративтік басқарудың кодексін енгізу бойынша жұмыс жүргізуде. ҚМГ корпоративтік басқару кодексінің мақсаттары корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, ҚМГ тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау болып табылады.

- ҚМГ-де әрекет ететін корпоративтік басқару жүйесі қазақстандық және халықаралық корпоративтік басқару тәжірибесінің талаптары мен стандарттарын ескере отырып, тұрақты жетілдіріледі.

- ҚМГ корпоративтік басқару жүйесі акционерлердің және негізгі мүдделі тараптардың: мемлекеттің, стратегиялық әріптестердің, инвесторлардың, ҚМГ қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге негізделеді.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және (немесе) Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне және ҚМГ Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, ҚМГ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері ҚМГ Жарғысында айқындалған тәртіппен қабылданады.
- Директорлар кеңесі ҚМГ Жарғысына сәйкес, ҚМГ қызметінің басым бағыттарын белгілеп, ҚМГ даму стратегиясын бекітеді, әлеуетті сатып алулар мәселесін және қаржылық сипаттағы басқа да маңызды мәселелерді, соның ішінде ҚМГ облигацияларын және бағалы қағаздарының туындыларын шығару шарттары бойынша мәселелерді қарастырады және шешім қабылдайды, ірі мәмілелерді және мүдделілік танытылған мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдайды, жер қойнауын пайдалану құқығын алу, табыстау (қайта табыстау) мәселелері бойынша шешім қабылдайды (заңнамаға сәйкес Құзыретті органмен келісімдегеннен кейін), жер қойнауын пайдалану келісімшарттары бойынша жобаларды бірлесіп жүзеге асыру үшін, стратегиялық серіктестермен бірлескен қызмет туралы шарттар (келісімдер) жасасу, ҚМГ және/
- немесе дауыс беруші акциялары немесе қатысу үлестері, құны 20 млрд теңгеден асатын инвестициялар жиынтығы тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ға тиесілі ұйымдармен толығымен іске асырылуы болжамданған инвестициялық жобаларды келісімдеу және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен немесе ҚМГ Жарғысымен көзделген басқа мәселелер бойынша шешім қабылдайды.
- ҚМГ Директорлар кеңесі басқарушылық шешімдер қабылдап қана қоймай, ҚМГ корпоративтік басқару жүйесін дамытуда жетеші рөл атқарады. Мәселен, ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына корпоративтік басқаруды тәуелсіз диагностикалау нәтижелері корпоративтік басқару рейтингінің деңгейі туралы ақпаратпен және оны жақсарту бойынша кеңестермен қоса ұсынылады, олардың негізінде Директорлар кеңесі ҚМГ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шараларының жоспарын бекітеді. Сонымен қатар, Директорлар кеңесі тұрақты негізде жүзеге асырылатын іс-шаралар мониторингін жүзеге асырып, ҚМГ корпоративтік басқару Кодексінің қағидалары мен ережелерінің орындалуы туралы есепті, ҚМГ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шаралары жоспарының орындалуы туралы есепті бекітеді.

**2018 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДА ҚМГ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КЕЛЕСІ ҚҰРАМДА ЖҰМЫС ІСТЕДІ:****1. Уолтон Кристофер Джон**

Директорлар кеңесінің Төрағасы, тәуелсіз директор, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 17.04.14 ж. шешімімен тағайындалды, №12/14 хаттама.

**3. Уйт Стивен Джеймс**

Тәуелсіз директор, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 29.06.2017 ж. шешімімен тағайындалды, №20/17 хаттама.

**5. Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы**

«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 18.02.2016 шешімімен сайланды, №06/16 хаттама, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының 29.06.2017 ж. шешімімен қайта сайланды, №20/17 хаттама.

**7. Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы**

«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 19.12.18 жылғы шешімімен сайланды, №41/18 хаттама.

**2. Айдарбаев Әлік Серікұлы**

ҚМГ Басқарма төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 23.04.2018 ж. шешімімен тағайындалды, №13/18 хаттама.

**4. Дайер Филип Джон**

тәуелсіз директор, 2018 жылдың 1 маусымынан бастап сайланды. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 15.07.2018 жылғы №18/18 хаттамасы.

**6. Грюал Балжит Каур**

«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 19 сәуірдегі шешімімен сайланды, №12/16 хаттама, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 29 маусымдағы шешімімен қайта сайланды, №20/17 хаттама.

**8. Баймұратов Ерлан Оразгелдіұлы**

тәуелсіз директор, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 29.06.2017 ж. шешімімен сайланды, №20/17 хаттама. 2019 ж. 04.01 бастап жабдықтаушы өз өкілеттіктерін тоқтатты.

**2018 ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ҚМГ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДА КЕЛЕСІДЕЙ ӨЗГЕРІСТЕР ОРЫН АЛДЫ:**

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 23.04.2018 ж. шешімімен (№13/18 хаттама) ҚМГ ДК мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі Илькявичюс Адамас Олегастың ҚМГ ДК-дегі өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі ретінде ҚМГ ДК-нің мүшесі болып Айдарбаев Әлік Серікұлы сайланды.
- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 15.06.2018 ж. шешімімен (№18/18 хаттама) тәуелсіз директор ретінде ҚМГ ДК-нің мүшесі болып Дайер Филип Джон сайланды.
- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 19.12.2018 ж. шешімімен (№41/18 хаттама) ҚМГ ДК мүшесі Мыңбаев Сауат Мұхаметбаевтың өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі ретінде ҚМГ ДК-нің мүшесі Айдарбаев Әлік Серікұлының өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, ҚМГ ДК мүшесі болып ҚМГ Басқарма төрағасы Айдарбаев Әлік Серікұлы сайланды, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі ретінде ҚМГ ДК-нің мүшесі болып Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы сайланды.
- 2019 жылғы 4 қаңтар айынан бастап Баймұратов Ерлан Оразгелдіұлы «ҚазМұнай-Газ» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өз өкілеттілігін тоқтатты.
- Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі жарғымен және өзге де нормативтік

құжаттармен анықталады, Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің төрағасымен және тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет төрағасымен бірлесіп жүзеге асырылады. Кандидатураларды іздеу және жалға алу кезінде ашықтық, әділдік және кәсіпқойлық қағидаттарына негізделген.

- Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің өкілдері және өзге де тұлғалар ретінде сайлауға ұсынылған кандидаттар қатарынан сайланады. Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлердің өз функцияларын орындау және ұзақ мерзімді құнның өсуін және тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін қажетті білімі, дағдылары мен тәжірибесі болуы, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделі болуы тиіс.
- Директорлар кеңесінің төрағасы Акционерлердің жалпы жиналысымен сайланады.
- Тәуелсіз директорларды іріктеу «Самұрық-Қазына» АҚ Тобына кіретін компаниялардың тәуелсіз директорларын іріктеудің бекітілген Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.
- Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жылды құрайды. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарау кезінде қатарынан 6 жылдан артық мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Ерекше жағдайларда 9 жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі.



## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



### УОЛТОН КРИСТОФЕР ДЖОН

ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы,  
тәуелсіз директоры

2014 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 19.06.1957

**Білімі, ғылыми дәрежесі:**

- Өнер бакалавры (саясаттану), Батыс Австралия университеті
- Іскерлік әкімшілік магистрі (MBA), Қаржы, Батыс Австралия университеті

**Жұмыс тәжірибесі:**

Кристофер Уолтон ҚМГ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып табылумен қатар, Ұлыбритания Директорлар институтының Аудит жөніндегі комитеті Төрағасының міндетін атқарушы және Ұлыбританияның су асты қайықтарын жеткізу агенттігінің аудит Төрағасы, Корольдік Әскери-теңіз флотына арналған кеме жасау жөніндегі Стратегиялық Кеңестің атқарушы емес мүшесі қызметтерін қатар алып келеді. Ол, сондай-ақ, Лондондағы Қайырымдылық қорының бос азаматтарының Гильдия қамқоршысы болып табылады.

Бұрын Кристофер Уолтон Asia Resource Minerals Plc көмір өндіруші компаниясы (Азия минералды ресурстары), Голденпорт кеме операторлық холдингі және Лотиан муниципалдық автобус компаниясы сияқты компанияларда басқарма төрағасы қызметтерін атқарды. Ол, сондай-ақ, Rockhopper Exploration Plc мұнай өндіру компаниясындағы Аудит жөніндегі комитеттің аға тәуелсіз директоры және төрағасы, «Қазақстан Темір Жолы» АҚ Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы және Ұлыбританияның Мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары және спорт департаментінің аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің атқарушы емес мүшесі қызметтерінде болды. 2002 жылдан 2005 жылға дейін Англия банкінің (SE England & Anglia) аймақтық экономикалық консультативтік кеңесіне мүшелік етті.

Ол EasyJet Plc қаржы директоры қызметін атқарып, компанияның IPO-ны сәтті басқарды. Кристофер Уолтон Qantas, Air New Zealand, Australia Post және Australian Airlines ірі австралиялық авиакомпанияларда жоғары қаржы және коммерциялық қызметтерді атқарды. Сондай-ақ, Кристофер Уолтон австралиялық Қарулы Күштер резервінде қызмет етті.

Кристофер Уолтон Директорлар институтының және Корольдік аэронавигациялық қоғамның құрметті мүшесі болып табылады.

ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.



### АЙДАРБАЕВ ӘЛІК СЕРІКҰЛЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
ҚМГ Басқарма төрағасы

2018 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 19.05.1963

**Білімі, ғылыми дәрежесі:**

- В. И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, мамандығы «Мұнай және газ кен орындарын игерудің технологиясы және кешенді механизациясы»

**Жұмыс тәжірибесі:**

Әлік Айдарбаев 1985 жылдан 1995 жылға дейін «Жетібайнефть» МГӨБ-да оператор-технолог болып жұмыс істеді, содан кейін «Маңғышлақнефть» бірлестігінің «Жетібайнефть» МГӨБ-да қабат қысымын ұстау цехы басшысының орынбасары, мұнай және газ өндіру цехының басшысы, «Южгазнефтегаз» МАҚ бас директорының орынбасары және бірінші вице-президенті болып жұмыс істеді.

Әр жылдары «ТОРФАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ бас директоры, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директоры, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры, Маңғыстау облысының әкімі, ҚР Инвестициялар және даму министрінің бірінші вице-министрі, «Самұрық-Қазына» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.

ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.



## ГРЮАЛ БАЛЖИТ КАУР

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі

2016 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 02.05.1976

### Білімі, ғылыми дәрежесі:

- Халықаралық экономика саласындағы бакалавр дәрежесі (бірінші дәрежелі үздік диплом), Хартфордшир университеті
- Басшыларға арналған MBA бағдарламасы, Кембридж университеті

### Жұмыс тәжірибесі:

Балжит Грюал «Самұрық-Қазына» АҚ Стратегиясы мен қоржынды инвестициялар жөніндегі басқарушы директоры болды.

Балжит Грюалдың банктік және қаржылық құрылымдарда басшы ретінде 18 жылдық жұмыс тәжірибесі бар, соның ішінде Азия даму банкінде кеңесші, Кувейт инвестицияларды зерттеу қаржы үйінде басқарушы директор және вице-президент, Maybank Group (Малайзия), ABN AMRO және Deutsche Bank құрылымдарында вице-президент және инвестициялық-банктік қызметті зерттеу бойынша басшы болды.

Балжит Грюал дамушы нарықтардағы стратегия, инвестициялық консалтинг және ұлттық экономикалық стратегиялар саласында үлкен тәжірибесі бар. Ол ЕОБ-мен, ХВҚ-пен, Дүниежүзілік банкпен және реттеу және стратегиялық даму саласындағы әртүрлі басқарушы органдармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Ол инвестициялар саласында 18 халықаралық марапат иегері атанған, сондай-ақ дамушы нарықтардың мұнай-газ саласында үлкен тәжірибесі бар. Балжит қаржы саласындағы әйелдердің мүдделерін қорғаудағы маңызды тұлға болып табылады.

ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.



## ҚАРАБАЛИН ҰЗАҚБАЙ СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,  
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі

2016 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 14.10.1947

### Білімі, ғылыми дәрежесі:

- Тау-кен инженері, И. М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институты
- И. М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтының аспирантурасы
- Техника ғылымдарының кандидаты
- Техника ғылымдарының докторы
- ҚР ұлттық және Халықаралық Инженерлік академияларының академигі

### Жұмыс тәжірибесі:

Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы әр жылдары «Қазмұнайгазбарлау» басқармасының Оңтүстік-Ембі мұнай-газ барлау экспедициясында, Қазақ ғылыми-зерттеу геологиялық барлау мұнай институтында, «Прикаспийгеология» аумақтық басқармасында, В. И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының Гурьев филиалында жұмыс істеді. ҚР Президенті Аппаратының және ҚР Министрлер кабинетінің өнеркәсіп бөлімінде қызмет атқарды.

Әр жылдары ҚР Энергетика және отын ресурстары министрлігі мұнай және газ басқармасының бастығы, ҚР Энергетика және отын ресурстары министрінің орынбасары, ҚР мұнай және газ өнеркәсібі министрінің орынбасары, «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» бірінші вице-президенті, «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» президентінің міндетін атқарушы, «ҚазТрансГаз» ЖАҚ президенті, ҚР Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ президенті, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры, «Қазақстан Мұнай және газ институты» АҚ бас директоры, ҚР мұнай және газ министрі, ҚР Энергетика министрінің бірінші орынбасары болды.

Әр жылдары «ҚазТрансОйл» ЖАҚ, «Мұнай және газ көлігі» ҰК» ЖАҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» ЖАҚ және «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «KazEnergy» қауымдастығы үйлестіру кеңесінің төрағасы, «ҚазРосГаз» ЖШС бақылау кеңесінің мүшесі, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық инвесторлар кеңесінің мүшесі, «KazEnergy» қауымдастығы төрағасының орынбасары, Атырау мұнай және газ университетінің Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚМГИ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) қызметтерін атқарды.

ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.



## СӘТҚАЛИЕВ АЛМАСАДАМ МАЙДАНҰЛЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі

2018 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 31.10.1970

### Білімі, ғылыми дәрежесі:

- Стэнфорд Университеті, Жоғары бизнес мектебі-Stanford Executive Program (SEP)
- Назарбаев Университеті, Жоғары бизнес мектебі (Duke University 's Fuqua School of Business бірге бағдарлама) – Executive MBA, «Іскерлік өкімшілік ету магистрі (басқарушы кадрлар үшін)»
- РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясы-экономика магистрі, халықаралық Мемлекеттік қызмет және басқару институты, қоғамдық сектор қаржы кафедрасы, бағыт-экономика, бағдарлама-қаржы экономикасы
- Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, Механик, қолданбалы математик

### Жұмыс тәжірибесі:

Сәтқалиев Алмасадан Майданұлы әр жылдары «ТаС-СаТ» ЖШС директоры, «ҚазТрансОйл» мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы» ЖАҚ клиринг департаментінің менеджері, басшысы, «ҚазТрансОйл» МТҰК АҚ, экономика жөніндегі вице-президенті, Нұр-Сұлтан қаласы өкілдігінің басқарушы директоры, Жобаларды басқару департаментінің басшысы, «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» АҚ қаржы директоры, экономика жөніндегі вице-президенті болып жұмыс істеді.

Әр жылдары «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» АҚ-ның бірінші вице-президенті, «Самұрық» мемлекеттік активтерді қазақстандық холдинг» АҚ электрэнергетикалық активтерді басқару жөніндегі директоры, «KEGOC» АҚ бойынша топтың директор-басшысы, «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ-ның электр энергетикалық активтерін басқару жөніндегі директоры, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» АҚ президенті, Басқарма төрағасы, бірінші вице-президенті, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқарушы директоры, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ активтерді басқару дирекциясының басшысы, «KAZENERGY» ЗТБ төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.

Әр жылдары «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығының директорлар кеңесінің мүшесі, Дүниежүзілік энергетикалық кеңестің Қазақстандық Ұлттық комитетінің төрағасы (WEC), «KAZENERGY» Қауымдастығы Кеңесінің мүшесі, «KAZENERGY» қауымдастығының энергетика саласын дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің төрағасы, «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы Энергетика комитетінің төрағасы, «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы президиумының мүшесі ретінде қызметтерін атқарды. «Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ жанындағы энергетикалық және электротехникалық машина жасау комитетінің төрағасы болды.

ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.



## УАЙТ СТИВЕН ДЖЕЙМС

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры

2017 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 20.01.1966

### Білімі, ғылыми дәрежесі:

- Геофизика бакалавры (BSC Hons), Эдинбург Университеті
- Халықаралық бакалавриат, Лестер Пирсон атындағы колледж

### Жұмыс тәжірибесі:

Уайт Стивен Джеймс мұнай саласында үлкен тәжірибесі бар. Әр жылдары Shell кен орнын игеру тобының басшысы, Shell EP Europe-де Еуропа бойынша бірлескен кәсіпорындар мен инфрақұрылым жөніндегі директор, CLYDE Petroleum BV барлау тобының басшысы, коммерциялық директоры, бизнесті дамыту жөніндегі директор, өндірістік емес активтер жөніндегі директор, барлау және өндіру жөніндегі вице-президент, EP Бразилиялық филиалының басшысы, BG Group коммерциялық мәселелер жөніндегі аға вице-президент, GALP ENERGIA барлау және өндіру бөлімінің басшысы, өндірістік мәселелер жөніндегі директоры болған.

Уайт Стивен Джеймс Sound Energy plc және Genel Energy plc Директорлар кеңесінің тәуелсіз төрағасы және Echo Energy plc тәуелсіз директоры лауазымдарын атқарады. Genel Energy Директорлар кеңесінің төрағасы, сондай-ақ Тағайындау жөніндегі комитеттің төрағасы, Еңбек және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі; Резервтер жөніндегі комитеттердің мүшесі болып табылады.

ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.



## ДАЙЕР ФИЛИП ДЖОН

### «ҚМГ» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры

2018 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

**Туған күні:** 05.01.1951

#### Білімі, ғылыми дәрежесі:

- LLB (құқық саласында бакалавр), Лондон университетінің Корольдік колледжі
- Ұлыбритания мен Уэльс дипломды бухгалтерлер институтының ғылыми қызметкері

#### Жұмыс тәжірибесі:

Филип Дайер дипломды бухгалтер біліктілігін алған соң бірқатар жетекші банктерде жұмыс істеп, инвестициялық-банктік қызмет сферасының корпоративтік қаржы саласында қызмет атқарды.

2005 жылы ол «ABN AMRO Hoare Govett» компаниясынан кетіп, содан бері мұнай және газ, бағдарламалық қамтамасыз ету және қаржылық қызметтер саласында бірқатар компанияларының тәуелсіз директоры болып істеді. 2006 жылы Филип «Роснефть» ҰК» ЖАҚ-та компанияны IPO-ға табысты шығаруда консультант ретінде жұмыс істеді.

Қазіргі уақытта Ф. Дайер «Северсталь» ЖАҚ, «ВТБ Капитал» АҚ және The Parkmead Group Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. 2010 жылдан бастап 2018 жылға дейін «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болды.

**ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.**



## ВИАНА ПАЛЪЯ ДА СИЛЬВА ЛУИС МАРИЯ

### ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

2019 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

**Туған күні:** 18.02.1956

#### Білімі, ғылыми дәрежесі:

- Instituto Superior de Economia, экономика ғылымдарының бакалавры
- Universidade Católica Portuguesa, экономика ғылымдарының бакалавры, менеджмент және іскерлік басқару
- Пенсильвания университеті (Уортон экономика мектебі), AMP, басшыларға арналған бағдарлама
- INSEAD бизнес-мектебі, заманауи әлемдегі бөлшек сауданың негізгі стратегиялық мәселелері
- University of Virginia (Darden School), Leading Organic Growth

#### Жұмыс тәжірибесі:

1981 жылдан 1986 жылға дейін бейорганикалық химия өнімдерін өндіретін жетекші португал компаниясында менеджер ретінде жұмыс істеді. Одан әрі алты жыл бойы 1987 жылдан 1992 жылға дейін COVINA, Companhia Vidreira Nacional табақ шыны шығаратын жетекші португал компаниясында қаржы директоры болып қызмет етті.

Үш жыл бойы сыртқы сауда мен инвестициялар, сыртқы сауда, тамақ өнімдерінің зиянсыздығы және Португалия Үкіметінің монополияға қарсы агенттіктері бойынша ұлттық органдарды бақылауға жауапты сауда-саттық мәселелері жөніндегі Мемлекеттік хатшы қызметін атқарды.

1995 жылдан 2001 жылға дейін қаржы директоры ретінде SIMPOR-ды біріктіру және сіңіру жөніндегі мәмілелер арқылы цемент, бетон, ерітінді, әктас және басқа да құрылыс материалдарын өндіру бойынша аймақтағы ең ірі компаниялар қатарына шығарды. 2001 жылы JERÓNIMO MARTINS компаниясында қаржы директоры лауазымында қызмет етуге кірісті және әріқарай 2004 жылдан 2010 жылға дейін компаниялар тобында бас директор және қаржы директоры қызметтерін атқарды. Аталған кезең ішінде JM акцияларының бағасы бір акция үшін 0,5 еуро-дан 10 евро-ға дейін көтеріліп, Португалиядағы өсудің ең жоғары динамикасын көрсетті. Соңғы жылдары GALP Energia мұнай өңдеу және маркетинг бөлімі Директорлар кеңесінің вице-президенті және өндірістік мәселелер жөніндегі басшысы болып жұмыс істеді. Бұл қызметте Португалиядағы екі МӨЗ-дің дамуына жауап берді. 2015 жылдан бастап осы уақытқа дейін PHAROL Директорлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарады.

Әртүрлі жылдары APETRO, мұнай компанияларының ұлттық қауымдастығының төрағасы, NYSE Euronext Директорлар кеңесінің және Аудит жөніндегі комитетінің тәуелсіз мүшесі (Нью-Йорк), Португал капитал нарығы қауымдастығының төрағасы (AEM) лауазымдарын атқарды. Бүгінгі таңда Nutrinveste зәйтүн майын өндіру бойынша жетекші португал компаниясы Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі, Португалияның Католиктік университеті Экономика және басқару мектебінің стратегия мәселелері жөніндегі консультациялық кеңесінің мүшесі, Fundação Francisco Manuel dos Santos Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы.

**ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.**

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

### ҚМГ ЖАРҒЫСЫНА СӘЙКЕС:

- Директорлар Кеңесі ҚМГ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырғаны үшін Акционерлердің жалпы жиналысы алдында жауап береді;
- Директорлар Кеңесі дауыс беруші акциялары немесе қатысу үлестері ҚМГ-ге тікелей немесе жанама түрде тиесілі барлық ұйымдарда басқару тиімділігін, тұрақты дамуы мен ұзақ мерзімді құнының өсуін қамтамасыз етуі керек.

### «АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМДАР ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫНА СӘЙКЕС:

- Директорлар кеңесі лауазымды тұлғалар мен Акционерлердің жалпы жиналысы деңгейіндегі әлеуетті мүдделер қақтығысын, оның ішінде ҚМГ меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға тиіс;
- Директорлар кеңесі ҚМГ-дегі корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруы тиіс;
- Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, ҚМГ жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес қоғамның және оның акционерлерінің мүддесінен хабардар болып, ашық негізде әрекет етуі тиіс;
- Директорлар кеңесінің мүшелері барлық акционерлерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікір білдіруге тиіс.

### ҚМГ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНЕ СӘЙКЕС:

- Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін тиісті түрде орындауы және ҚМГ-нің ұзақ мерзімді құнының өсуін және тұрақты дамуын қамтамасыз етуі тиіс;
- Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде ҚМГ мүддесінде және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасты және орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе мен білім теңгерімі сақталуы тиіс;
- Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін тиісті түрде орындауы және ҚМГ-нің ұзақ мерзімді құнының өсуін және тұрақты дамуын қамтамасыз етуі тиіс;
- Директорлар кеңесінің мүшелері ҚМГ Директорлар Кеңесі бекіткен құрылымдық үдеріс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануы тиіс. Бұл ретте бағалау үш жылда кемінде бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі. Бағалау Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің ҚМГ-нің ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына қосқан үлесін анықтауға, сондай-ақ бағыттарды анықтауға және жақсарту үшін шаралар ұсынуға мүмкіндік беруі тиіс. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігін қайта сайлау немесе мерзімінен бұрын тоқтату кезінде назарға алынады.

## ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

### «АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМДАР ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫНА СӘЙКЕС, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР:

- ҚМГ үлестес тұлғасы болып табылмайды және өзінің Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда), ҚМГ үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды;
- мемлекеттік қызметкер болып табылмайды;
- осы акционерлік қоғам органдарының мәжілістерінде акционердің өкілі болып табылмайды және өзінің Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған;
- осы акционерлік қоғамның лауазымды тұлғаларына — ҚМГ үлестес тұлғаларына бағыныштылықпен байланысты емес және өзінің Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі үш жыл ішінде ондай тұлғаларға бағыныштылықпен байланысты болмаған;
- осы акционерлік қоғамның аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайды және өзінің Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған.

### «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРЫН ІРІКТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕС, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР:

- Директорлар кеңесіне сайланбай тұрып, өзінің тәуелсіз директор мәртебесі туралы көпшілік алдында жария етеді;
- тәуелсіз директордың функционалдық міндеттерімен, Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелігімен байланысты нақты салаларда арнайы білігі, күшті коммуникативтік дағдылары бар, жұмысында ашықтық, объективтілік, сындарлылық және кәсібилік қағидаларына негізделеді;
- ҚМГ-бен операцияларының көлемі мен сипаты бойынша ұқсас ұйымдарға тән негізгі мәселелер туралы жалпы ақпаратқа ие, соның ішінде төмендегілерді түсінеді:
  - регуляторлық міндеттемелерді
  - ұлттық және халықаралық нарықтардағы бәсекелес ортаны
  - ҚМГ Директорлар кеңесінің сәйкес комитетте мүшелік еткен жағдайда, сараптамалық пікірді қамтамасыз ету үшін, корпоративтік қаржы саласында, ішкі бақылау, стратегия және/немесе тағайындау, сыйақы белгілеу мәселелері бойынша ерекшеліктерді;

- ұсынылған ақпаратты кешенді талдау және объективті бағалау және заңдылық, әділдік және барлық акционерлерге тең қарым-қатынас қағидаттары негізінде мәселе бойынша тәуелсіз ұстанымды әзірлеуге қабілетті;
- іскерлік және/немесе салалық ортада мінсіз беделі/оң жетістіктері бар, жоғары этикалық нормаларды ұстанады;
- Директорлар кеңесінің жұмысына қатысу үшін тек директорлар кеңесінің отырысы кезінде ғана емес, сондай-ақ Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды тиісінше зерттеу үшін қосымша қажетті уақытқа ие;
- төрт компаниядан артық Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайды.

### ҚМГ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНЕ СӘЙКЕС, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР:


- жеке акционерлердің, атқарушы органың және басқа да мүдделі тараптардың ықпалынан бос тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсіпқойлық пен дербестікке ие тұлға.
- мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді талқылауға белсенді қатысады (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, мүдделілік танытылған мәмілелерді жасасу, атқарушы орган құрамына кандидаттар ұсыну, атқарушы органның мүшелеріне сыйақы белгілеу).
- тәуелсіздік мәртебесінен айрылу мүмкіндігін бақылап, осындай жағдай орын алған кезде Директорлар кеңесінің төрағасы алдын ала хабарлау керек. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне әсер ететін жағдайлар болған кезде, Директорлар кеңесінің төрағасы бұл ақпаратты тиісті шешім қабылдау үшін акционерлердің назарына дереу жеткізеді.
- Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан артық сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан артық мерзімге сайлау рұқсат етіледі, Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау жыл сайын Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігі және осы фактордың шешім қабылдау тәуелсіздігіне әсер етуі толық түсіндіріліп беруі керек.

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ


2018 жылы директорлар Кеңесі 20 отырыс өткізді, онда 426 мәселе қаралды. ДК комитеттері бөлінісінде:

- Қаржы жөніндегі комитет: 6 жеке отырыс, 63 сұрақ;
- Стратегия және портфельді басқару комитеті (бұрын – Стратегия және инновациялар комитеті): 6 жеке отырыс, 44 сұрақ;
- Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет: 10 жеке отырыс, 73 сұрақ;
- Аудит жөніндегі комитет: 10 жеке отырыс, 87 сұрақ;
- Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті 2018 жылдың желтоқсан айында құрылды.

### ОТЫРЫСТАР САНЫ



### ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕРДІҢ САНЫ



2018 жылы Директорлар кеңесі компанияларды басқару бойынша тиімді жұмыс жүргізіп, корпоративтік басқару жүйесінде бірақатар жетілдірулерді жүзеге асырды. Отырыстар барысында тігінен интеграцияланған ұлттық мұнай-газ операторы қызметінің анағұрлым маңызды бағыттары бойынша негізгі мәселелер қаралды және шешімдер қабылданды. Осылайша, Директорлар кеңесі келіседей негізгі мәселелер бойынша белсенді жұмыс жүргізіп, шешімдер қабылдады:

- 2028 жылға арналған Даму стратегиясы;
- 2019-2023 жылдарға арналған шоғырландырылған Даму жоспары;
- Қызметтің негізгі корпоративтік көрсеткіштері және оның 2019 жылға арналған мақсатты мәндері;
- Қаржылық тұрақтылық, оның ішінде ҚМГ-нің жария қарызы бойынша ковенантты пакетті оңтайландыру тұрғысынан ҚМГ міндеттерін басқару;
- Несиелік тәуекелдің жасыл аймағына шығару бойынша іс-шаралар;
- ҚМГ-ні IPO-ға шығаруға дайындық;
- 2018-2021 жылдарға арналған Трансформация бағдарламасы;
- ҚМГ тобы бойынша инвестициялық жобалар;
- Ірі мұнай-газ жобалары (Қашаған, Теңіз, Қарашығанақ);
- «Сарыарқа» газ құбырының құрылысы;
- Активтер портфельін басқару;
- ҚМГ және «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бизнес-үдерістерін біріктіру;
- Жер қойнауын пайдалану мәселелері;
- ҚМГ тобы бойынша еңбекті және қоршаған ортаны қорғау;
- Тұрақты даму және 2017 жылға арналған Тұрақты даму туралы есеп;
- Корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және қызмет үздіксіздігін басқару жүйелерін жетілдіру;
- Этика және комплаенс жүйесін енгізу, корпоративтік мәдениетті жаңарту;
- Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру (серпіні, құрамы, автоматтандыру, бағалау, табыстау, оңтайландыру).

## 2018 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ БАСҚА ҚҰЖАТТАРМЕН БІРГЕ КЕЛЕСІ ҚҰЖАТТАРДЫ БЕКІТТІ:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2019-2023 жылдарға арналған шоғырландырылған Даму жоспары;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметінің корпоративтік түйінді көрсеткіштері және олардың 2019 жылға арналған мақсатты мәндері;
- 2018-2021 жылдарға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Трансформация бағдарламасының Жол картасы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ны кредиттік тәуекелдің жасыл аймағына шығару жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бизнес-үдерістерін интеграциялау жөніндегі іс-шаралар жоспары»;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Іскерлік этика кодексі»;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2017 жылғы жылдық есебі;
- 2017 жылғы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тұрақты дамуы туралы есеп;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да 2017 жылы жүргізілген корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасының нәтижелері;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2018-2028 жылдарға арналған кадрлық саясаты;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басшы қызметкерлерінің лауазымдары бойынша грейдерлеу негізінде еңбекақы төлеу жүйесіне ауыстырылған лауазымдар грейдері, лауазымдық жалақы схемалары;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Комитеттерінің, Директорлар Кеңесі төрағасының, мүшелерінің және корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ереже»;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Комплаенс қызметі туралы ереже»;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже»;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің 2019 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспары»;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі бақылау жүйесінің саясаты»;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдары қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесінің саясаты»;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі бақылау жүйесінің регламенті».

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

### «АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМДАР ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫНА СӘЙКЕС:

Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

- стратегиялық жоспарлау;
- кадрлар мен сыйақылар;
- ішкі аудит;

- әлеуметтік сұрақтар;

- қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

### ҚМГ КОРПОРАТИВТІ БАСҚАРУ КОДЕКСІНЕ СӘЙКЕС:

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді терең және мұқият қарауға және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға, әсіресе аудит, тәуекелдерді басқару, қор мен ұйымдардың Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережелерін тиісінше және тиімді қолдануға,

Директорлар кеңесі мен атқарушы органның мүшелерін тағайындау және сыйақы алуға, тұрақты дамуға, оның ішінде еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздігі сияқты бағыттар бойынша ықпал етеді. Комитеттердің болуы Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдер үшін жауапкершіліктен босатпайды.

## 2018 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚМГ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНАН КЕЛЕСІ КОМИТЕТТЕР ЖҰМЫС ІСТЕДІ:

Комитет	Состав
Стратегия және инновациялар жөніндегі комитет (Стратегия және портфельді басқару комитеті, 2019 жылдан бастап)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Уайт Стивен Джеймс (төраға)</li> <li>Уолтон Кристофер Джон</li> <li>Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы</li> <li>Грюал Балжит Каур</li> <li>Дайер Филип Джон</li> </ul>
Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет	<ul style="list-style-type: none"> <li>Баймұратов Ерлан Оразгелдіұлы (2018 жылғы төраға)</li> <li>Дайер Филип Джон (2019 жылдан бастап төраға)</li> <li>Уолтон Кристофер Джон</li> <li>Уайт Стивен Джеймс</li> <li>Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы</li> </ul>
Қаржы жөніндегі комитет	<ul style="list-style-type: none"> <li>Уолтон Кристофер Джон (төраға)</li> <li>Уайт Стивен Джеймс</li> <li>Грюал Балжит Каур</li> <li>Дайер Филип Джон</li> <li>Баймұратов Ерлан Оразгелдіұлы</li> </ul>
Аудит жөніндегі комитет	<ul style="list-style-type: none"> <li>Дайер Филип Джон (төраға)</li> <li>Уолтон Кристофер Джон</li> <li>Уайт Стивен Джеймс</li> </ul>
Қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау, орнықты даму комитеті (2019 жылдан бастап)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Дайер Филип Джон (төраға)</li> <li>Уолтон Кристофер Джон</li> <li>Уайт Стивен Джеймс</li> </ul>

Әр Комитет бойынша Директорлар кеңесінің мүшелері өзара байланысты қызметтерді, мәселелер мен бағыттарды егжей-тегжейлі қарау мен талдауға назар аударады. Комитеттер отырысы шақырылған сарапшылар, бизнес көшбасшылары мен өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен өтеді. Комитеттер тиісті шешімдер қабылдау үшін Директорлар кеңесіне ұсыныстар жасайды.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРДІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Комитет	Қызметі
Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет	<p>Комитет Директорлар кеңесіне көмек көрсету мақсатында Директорлар кеңесіне ұсыныстар әзірлеу және ұсыну жолымен әрекет етеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Даму стратегиясы мен инвестициялық саясат, оның ішінде қызметтің басым бағыттары;</li> <li>ҚМГ қаржы-шаруашылық қызметін тиісінше жоспарлауды қамтамасыз ету;</li> <li>ҚМГ трансформациясына мониторинг жүргізу.</li> </ul>
Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет	<p>Комитет Директорлар кеңесіне көмек көрсету мақсатында Директорлар кеңесіне ұсыныстар әзірлеу және ұсыну жолымен әрекет етеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Директорлар кеңесі мен басқарманың сабақтастығын жоспарлау;</li> <li>Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Корпоративтік хатшының және өзге де қызметкерлердің қызметін тұрақты және объективті бағалауды қамтамасыз ету;</li> <li>Тиімді кадр саясатын, еңбекақы және сыйақы төлеу жүйесін, сондай-ақ лауазымдық тұлғалар мен қызметкерлерді әлеуметтік қолдауды, кәсіби дамыту мен оқытуды қамтамасыз ету.</li> </ul>
Қаржы жөніндегі комитет	<p>Комитет Директорлар кеңесіне ҚМГ тиімді қаржы саясатын жүргізуге жәрдемдесу мақсатында ҚМГ мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу және ұсыну жолымен әрекет етеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қаржылық жағдайды тұрақты және тиімді бағалауды қамтамасыз ету;</li> <li>Жақын және ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттар мен жоспарларға қанағаттандыратын меншікті және қарыз капиталы, қаржы құрылымы мен қаржы стратегиясы арасындағы сәйкестікке мониторинг жүргізу ;</li> <li>Инвестициялық жобалардың іске асырылуын алдын ала қарау және бақылауды жүзеге асыру.</li> </ul>
Аудит жөніндегі комитет	<p>Комитет Директорлар кеңесіне көмек көрсету мақсатында Директорлар кеңесіне ұсыныстар әзірлеу және ұсыну жолымен әрекет етеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қаржы-шаруашылық қызметті бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу;</li> <li>Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау;</li> <li>Сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін, сондай-ақ ҚР заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету процесін бақылау.</li> </ul>
Қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау, орнықты даму комитеті	<p>Комитет 2018 жылдың соңында келесі мәселелер бойынша ДК жәрдем көрсету мақсатында құрылды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қауіпсіздікті, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету,</li> <li>ҚМГ-нің стратегиялық жоспарлауына және әлеуметтік-экономикалық дамуына орнықты даму қағидаттарын енгізу,</li> <li>Жерді пайдалануға жасалған келісімшарттар шеңберінде ҚМГ әлеуметтік міндеттемелері мен бағдарламалары,</li> <li>ҚМГ қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету,</li> <li>ҚМГ экологиялық тиімділігін қамтамасыз ету.</li> </ul>





## ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

« 2018 жылы «ҚМГ» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Қаржы жөніндегі комитеті (бұдан әрі – ҚК) Компанияның қаржылық жағдайын жақсартуға қатысты, соның ішінде компанияның қаржылық тұрақтылығы мәселелері бойынша ҚМГ күш-жігерінің үйлестірушісі болды. ҚМГ-нің таза қарызын азайту және өтімділік көрсеткіштерін жоғарлатуға бағытталған ең маңызды транзакциялары «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-тың делистингі жөніндегі мәмілені жүзеге асыру, сондай-ақ «ҚМГ Қашаған Б.В.» жауапкершілігі шектеулі жеке компаниясымен мұнай жеткізілімдерінің алдын ала төлемін ұйымдастыру жөніндегі мәмілені іске асыру болып табылды.

Қаржылық тұрақтылық мәселесі ҚК тарапынан әсер ету талдамасына, ҚМГ-нің әртүрлі мұнай бағасы сценарийлерінің

өтімділігі деңгейіне, ірі инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуына, М & А транзакцияларға, ірі инвестициялық жобалардың және т.б. қаржыландырылуына бағдарланған егжей-тегжейлі және тиімді талқылаулар арқылы тұрақты түрде қаралып отырады. Сонымен қатар, ҚК ҚМГ-нің Еурооблигациялар шығаруына қатысты мәселелерді, сондай-ақ оларды шығару және орналастыру шарттарын толық әрі жан-жақты қарастырды. Тұрақты негізде ҚК қаржылық есептілікті дайындауда әртүрлі тәсілдемелерді қолдану бойынша ұсыныстар жасап тұрады. »

**Кристофер Уолтон,**  
**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы**  
**Тәуелсіз директор,**  
**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің қаржы жөніндегі комитетінің төрағасы**

### 2018 ЖЫЛЫ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТАРАПЫНАН ҚАРАЛҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

- Қаржылық тұрақтылық (әр отырыста), төмендегі мәселелерді қоса алғанда:
  - Мұнай бағасын, ҚМГ мен ҚМГ тобының негізгі міндеттемелерін, әлеуметтік жобаларды іске асыруды және т.с.с. ескере отырып, ақша ағындарын сценарийлік жоспарлау;
  - ҚМГ мен ҚМГ тобының қаржылық және валюталық тұрақтылығын жақсарту бойынша іс-шараларды қарастыру;
  - Міндеттемелерді және өтімділікті басқару, оның ішінде еурооблигацияларды шығару және орналастыру шарттарын қайта қарау арқылы;
  - ҚМГ капиталының оңтайлы құрылымын және трансферттік баға белгілеуді әзірлеу;
  - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ контрагент-банктері үшін баланстық және баланстан тыс міндеттемелер бойынша Лимиттерді белгілеу.
- 2019-2023 жылдарға арналған «Мұнай-мұнай өнімдері» және «Газ» бағыттары бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның құн құру тізбегі.
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бизнес-үдерістерін біріктіру.
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның инвесторлар өзара іс-қимылы.



## ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

« 2018 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – ҚМГ) Тағайындау мен сыйақы жөніндегі комитетінің жұмысы (бұдан әрі – ТжСЖК) негізінен тиімді кадрлық саясатты, еңбекақы төлеуді және сыйақы жүйесін, әлеуметтік қолдауды, «ҚМГ» ҰК АҚ басшылары мен қызметкерлерінің кәсіби дамуы мен оқытылуын қамтамасыз етуге бағытталды. Сонымен бірге, ТжСЖК ҚМГ-нің Директорлар кеңесі мен оның комитеттері құрамының, ҚМГ Басқармасының, ҚМГ еншілес компанияларының бақылаушы кеңестері мен атқарушы органдарының мәселелерін, ҚМГ тобының атқарушы басшылығы қызметінің негізгі көрсеткіштерін қалыптастыру мәселелерін қарады. ТжСЖК тарапынан ҚМГ-нің

2018-2028 жж. арналған кадр саясатына және ҚМГ-нің ұйымдық құрылымына ерекше көңіл бөлінді. Бұған қоса, ТжСЖК ҚМГ тобындағы Омбудсмен институты мен комплаенс функцияларын дамытуға орасан зор күш жұмылдырды. ҚМГ-нің тұрақты дамуын қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыс шеңберінде ТжСЖК Директорлар кеңесіне еңбекті қорғау, қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму жөнінде жеке комитет құру туралы ұсыныс жасады. Нәтижесінде бұл бастама Директорлар кеңесімен жүзеге асырылды. »

**Филип Дайер,**  
**Тәуелсіз директор,**  
**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің тағайындау және сыйақы комитетінің төрағасы**

### 2018 ЖЫЛЫ ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТАРАПЫНАН ҚАРАЛҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

- 2017-2021 жылдарға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Кадр саясатын жүзеге асыру туралы есепті қоса алғанда тиімді кадрлық саясатты қамтамасыз ету;
- Комплаенс қызметі, Омбудсмен туралы Ережелерді бекіту;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамы, дағдылар мен құзыреттер матрицасының есепке алынуымен;
- Комплаенс қызметінің басшысын, Омбудсменді тағайындау;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі Комитеттеріне мәселелерді табыстау;
- 2017 жылғы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметінің негізгі корпоративтік көрсеткіштерінің қорытынды нәтижелілігін бекіту;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы қызметкерлері қызметінің негізгі ынталандыру көрсеткіштері карталарын және олардың 2018 жылға арналған мақсатты мәндерін бекіту;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы қызметкерлерін ынталандыру ҚНҚ картасының орындалуын мониторингтеу;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мүшелерін Оқыту жоспары;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ құрылымы және «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-дан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға қабылданатын қызметкерлерге жалақы деңгейін белгілеу бойынша тәсілдемелер;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшы қызметінің тоқсан сайынғы есебі.



## СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

« 2018 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және инновациялар жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - СИК) жұмысы, Компанияның алдағы 10 жылдағы ұзақ мерзімді жоспарларын түзеуге бағытталды. Нәтижесінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді. Бұдан бөлек, СИК-те құн құрау және трансферттік баға белгілеу бойынша да, белсенді іс-шаралар жүргізілді. СИК-тің едәуір күш-жігері компанияның активтер портфеліндегі кемеліне жеткен кен орындарды басқаруды жетілдіруге, соның ішінде ұйымдық құрылымға озық тәжірибені енгізу арқылы дамытуға, сондай-ақ барлау және өндіру блогында матрицалық ұйымдастыру құрылымын енгізуге бағдарланды. Біз корпоративтік басты тиімділік көрсеткіштеріміздің өнімдерді жеткізуге, геологиялық барлау жұмыстарының өсуіне, трансформация саласындағы өрлеуге бағытталуын және барынша созылмалы мақсатты ауқымдарды қамтуын қамтамасыз етуге баса назар аудардық. Сатып алу саласында мұнай сервистік қызметтер мен құрал-жабдықтардың жан-жақты ұлттық нарығын дамытқаны үшін бизнесті жауапкершілікке тарта бастадық. Сонымен қатар, СИК біздің газ ресурстарына салынған қаржылардың тиімділігі мен олардың жалпы портфельдегі стратегиялық сәйкестігі мәселелеріне барынша көңіл бөлді.

Портфолио саласында біз қолданыстағы кен орындарымен қатар, барлауға арналған лицензиялар сияқты жобаларды саралау үдерістерін енгізуге баса зейін қойдық. Активтерді сату және геологиялық барлау жұмыстарының портфелін басқару, серіктестерді таңдауда жаңа тәртіп пен инвестициялық жобалар үшін келісімшарттың ең

төмен өлшемдерін енгізу бойынша ұсыныстарды қарастырдық. 2018 жылы тиімді емес салаларды анықтау үшін біздің бизнестегі құн құрау тізбегінің толық сегментаралық талдауын қолға алдық. МӨЗ-дегі шығындарды сандық бағалау үшін аса маңызды салыстырмалы талдау жүргіздік. Инновациялар саласында газ құбырларын секьюритизациялау арқылы монетизация мен қаржыландыруға жаңа тәсілдемені анықтап, әзірледік.

ҚМГ-нің инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету аясында СИК корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі тәуелсіз кеңесшінің ұсыныстарын, сонымен қатар корпоративтік хатшының оларды жүзеге асыру туралы есептерін үнемі талқылау арқылы ҚМГ-дегі корпоративтік басқаруды жетілдіруге тартылды. Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін басқа да стратегиялық мәселелермен қатар, ҚМГ-нің инвестициялық саясаты мен инвестициялық тартымдылығын арттыру мәселелері бойынша Комитеттің назарын күшейту үшін СИК рөлінің қайта қаралуы аса маңызды оқиға болды. Басқару саласында біз басқаруды жетілдірудегі ұзақ мерзімді жолымызда сыртқы консультанттардың сыртқы қолдауымен алынған жол картасының мақсаттарына қол жеткізу негізде ілгерілеушілікті қамтамасыз еттік және этика мен комплаенс бойынша үдерістер мен мүмкіндіктердің жаңа жеткізушілерін зерттедік.

Стивен Уайт,  
Тәуелсіз директор, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Директорлар кеңесінің стратегия және  
портфельді басқару жөніндегі комитетінің  
төрағасы

## 2018 ЖЫЛЫ СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТАРАПЫНАН ҚАРАЛҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

- Таяу 10 жылға арналған компанияның ұзақ мерзімді жоспарларына түзетулер енгізу (2028 жылға арналған Даму стратегиясы);
- IPO-ға арналған инвестициялық тарих жобасы;
- БӨ блогының техникалық қызметтері шеңберінде матрицалық ұйымдастырушылық құрылымдарды әзірлеу және енгізу арқылы кемеліне жеткен кен орындарын басқаруды жетілдіру;
- 2019-2023 жылдарға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның шоғырландырылған Даму жоспарын қарау;
- Корпоративтік басты тиімділік көрсеткіштерін өнімдерді жеткізуге, геологиялық барлау жұмыстарының өсуіне, трансформация саласындағы өрлеуге және барынша созылмалы мақсатты ауқымдарды қамтуға бағыттау;
- Мұнай сервистік қызметтер мен құрал-жабдықтардың жан-жақты ұлттық нарығын дамытқаны үшін бизнесті жауапкершілікке тарту;
- Газ ресурстарына қаржы салудың тиімділігі және олардың жалпы портфельдегі стратегиялық сәйкестігі;
- Қолданыстағы кен орындарымен қатар, барлауға арналған лицензиялар үшін портфолио жобаларын саралау үдерістерін енгізу;
- Активтерді сату және геологиялық барлау жұмыстары портфелін басқару бойынша ұсыныстарды қарау;
- Инвестициялық жобаларға арналған серіктестерді таңдауда, соңғы бенефициарлық меншік иелерін және ең төмен келісімшарттар өлшемдерін анықтауда жаңа тәртіп енгізу;
- МӨЗ-дегі шығындарды сандық бағалау үшін салыстырмалы талдау;
- Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі тәуелсіз кеңесшінің (PWC) ұсыныстарын қарау арқылы ҚМГ-де корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- ҚМГ-нің инвестициялық саясаты мен инвестициялық тартымдылығын арттыру мәселелері бойынша Комитеттің назарын күшейту үшін СИК рөлін қайта қарау;
- Сыртқы кеңесшілердің сыртқы қолдауымен алынған жол картасының мақсаттарына қол жеткізу негізінде басқаруды жетілдірудегі ұзақ мерзімді жолымыздағы ілгерілеушілік;
- Этика мен комплаенс бойынша үдерістер мен мүмкіндіктердің жаңа жеткізушілерін зерттеу;
- Құн құрау тізбегіндегі толық сегментаралық талдау.



## АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

« Біз аудит жөніндегі комитеттің (комитет, АҚ) жыл сайынғы есебін ұсынамыз, ол АҚ жұмысы, қаралатын мәселелер мен қабылданған шешімдері туралы көрініс береді. Комитет «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) Директорлар кеңесіне қолдау көрсетеді, ішкі және сыртқы аудит, Қаржылық есептіліктің тұтастығы, тәуекелдерді басқару тиімділігі және ішкі бақылау жүйесі, Корпоративтік басқару және комплаенс сияқты салалардағы үйлестіру функцияларын орындайды.

2018 жылы Аудит жөніндегі комитет толық және дәлдік мәніне компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне тұрақты шолу жүргізу арқылы ҚМГ қаржы-шаруашылық қызметін бақылауға үлкен көңіл бөлді. Сондай-ақ, бухгалтерлік есептің ең маңызды мәселелерін қарастырды. Біз, ҚМГ және ҚМГ Топтарының маңызды компаниялары үшін 2019-2021 жылдарға арналған сыртқы аудиторды тағайындау мәселесі бойынша ұсыныстар жасадық.

ҚМГ және «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бірігуі есебінен Компанияның ішкі аудит қызметін қайта құру жалғастырылды. Комитет ҚМГ-нің ішкі аудит қызметінің ұйымдық құрылымын өзгертуді мақұлдады, ол екі негізгі департамент пен алты бөлімді айқындады, ол қызметтің бөлінуін ескеретін және еңбек ресурстарын белгілі бір құзыреттер бойынша бөлетін және ҚМГ қызметінің жекелеген бағыттарына шоғырланатын. Ағымдағы жылы Комитет ІАҚ негізгі әдіснамалық құжаттарын қайта қарауды бекіте отырып, ішкі аудиттің әдіснамалық базасын белсенді жетілдірді.

Аудит жөніндегі комитет ҚМГ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі тиімділігінің мониторингіне ерекше назар аударды, жүргізіліп жатқан ішкі аудит нәтижелері мен бақылаудағы анықталған кемшіліктерді талдады, сондай-ақ аудит нысанының басшылығымен келісілген әлеуетті жақсартулар мен түзету іс-қимылдарына негізгі назар аударылды.

Аудит жөніндегі комитет Директорлар кеңесі бекіткен ҚМГ корпоративтік басқаруды жақсартудың 2018-2020 жылдарға арналған жоспарына сәйкес корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша ақпаратты тұрақты түрде алып отырды, сондай-ақ Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит саласындағы тиімділігін арттыру мақсатындағы қабылданған іс-шаралардың орындалу мониторингін жүргізді. Біз маңызды деп санаған мәселелерге, оның ішінде 2018 жылғы ҚМГ шоғырландырылған қаржылық есептілігіне байланысты мәселелер мен пайымдауларға, ҚМГ Компаниялары тобының корпоративтік есеп саясатын қайта қарауға ерекше назар аударылды.

Мен, Аудит жөніндегі комитеттің барлық мүшелеріне Комитет жұмысына қосқан үлесі үшін алғыс білдіргім келеді және олардың тәжірибесі ҚМГ-нің Тиімді қызмет пен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі комитеттің жұмысы үшін аса құнды болады деп санаймын. »

**Дайер Филип Джон,**  
Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы

## АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ 2018 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

### Отырыстар

Аудит жөніндегі комитет үнемі жеке отырыстар, сонымен қатар конференц- байланыс арқылы отырыстарды өткізеді. 2018 жылы Аудит жөніндегі комитеттің 10 отырысы өт-

кізілді. 2018 жылы Аудит жөніндегі комитет 87 мәселені қарады, оның ішінде 69 сұрақ ішкі аудит, 8 сұрақ сыртқы аудит және басқа 10 сұрақ.

### Қаржылық есептілік

Комитет: 2018 жылғы 31 желтоқсан айында аяқталған жыл үшін тоқсандық шоғырландырылған қаржылық есептілікті және жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті, аралық басқару есептерін, сол есептерді дайындау кезінде қолданылған бағалауларды, пайымдауларды және Қағидаларды, сондай-ақ оларда ұсынылған ашылулардың анықтығын, айқындылығын

және нақтылығын қарады. Комитет басшылықтан және сыртқы аудитордан бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және салық салу мәселелері бойынша есептер алды.

Сондай-ақ, 2018 жылы Комитет ҚМГ Компаниялар тобының корпоративтік есеп саясатының жаңа редакцияларын алдын ала мақұлдады.

### Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерін жетілдіру ҚМГ алдындағы маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Тәуекелдерді басқарудағы елеулі тәуекелдерді, бақылау проблемаларын және ҚМГ-нің тиісті жоспарларын қарау мақсатында 2018 жылы Аудит жөніндегі комитет тәуекелдерді басқару департаментінің директоры жүйелі түрде кездесулер өткізді.

Осы кездесулер барысында тәуекелдер бойынша тоқсандық есептер, «тәуекел тәбеті» туралы мәлімдеме, тәуекелдер тіркелімі және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары, тәуекелдер картасы, тәуекелдерге төзімділік деңгейі және 2019 жылға арналған ҚМГ негізгі тәуекел көрсеткіштерінің тіркелімі талқыланып, бағаланды.

### Сыртқы аудит

2018 жылғы ҚМГ шоғырландырылған қаржылық есептілігінің сыртқы аудитін Эрнст энд Янг ЖШС тәуелсіз аудиторлық компаниясы жүргізді. Аудитордың пікірінше, «шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ-нің қаржылық жағдайын, сондай-ақ олардың шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін және көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақшалай қаражаттың қозғалысын халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес шынайы көрсетеді».

2018 жыл ішінде Аудит жөніндегі комитет сыртқы аудитормен келесі мәселелер бойынша талқылау, қарау және шешімдер қабылдау үшін тұрақты кездесулер өткізді:

- 2018 жылға ҚМГ шоғырландырылған қаржылық есептілігі аудитінің нәтижелері;
- ҚМГ және оның еншілес ұйымдарының 2017 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит нәтижелері бойынша басшылыққа хат;
- 2018 жылдың 1 тоқсанындағы шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері;

- 2018 жылдың 6 айындағы ҚМГ шоғырландырылған қаржылық есептілігі аудитінің нәтижелері;
- 2018 жылдың 9 айындағы шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит нәтижелері;
- Аудиторлық қызметтерді ұсыну бойынша сұрау салулар;

### Ішкі аудит Қызметі

Ішкі аудитті ҚМГ-нің Ішкі аудит Қызметі жүзеге асырады.

ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнама-сын, ҚМГ Жарғысын, ҚМГ органдарының шешімдерін, ІАҚ жұмысын регламенттейтін ішкі құжаттарды: ҚМГ Ішкі аудит Қызметі туралы ережені және ҚМГ Ішкі аудитін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты басшылыққа алады.

2018 жылғы отырыстарда ішкі аудиттің келесідей мәселелері қаралды:

1. 2017 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша ІАҚ жылдық есебі;
2. 2019 жылға арналған ІАҚ-нің жылдық аудиторлық жоспары;
3. ІАҚ-ны бюджеттеу әдістемесі;
4. ҚМГ Ішкі аудит қызметінің тоқсандық есептері, оның ішінде жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша маңызды жаңалықтарды қарау, сондай-ақ ішкі аудиторлардың ұсынымдарын орындау мониторингі;
5. ІАҚ қызметкерлерінің тоқсан сайынғы бағалау коэффициенттері;
6. 2018-2020 жылдарға арналған ІАҚ стратегиялық жоспары;
7. PWC диагностикасының қорытындысы бойынша, ІАҚ-нің корпоративтік басқару жоспарын жетілдіру;

- 2017 және 2018 жылдардағы аудиторлық емес қызметтер бойынша мәртебе;
- ҚМГ және ҚМГ тобының елеулі компаниялары үшін 2019-2021 жылға арналған сыртқы аудиторды таңдау;
- Эрнст энд Янг ЖШС аудиторлық ұйымның қызметіне ақы төлеу мөлшері
- Сыртқы аудитордың тәуелсіздігі мен объективтілігін бағалау.

8. 2018 жылға арналған ІАҚ бюджеті;
9. ҚМГ ІАҚ қызметкерлерінің жалақысы;
10. 2018 жылдағы ІАҚ басшысының, департамент директорларының және ІАҚ бөлімшелері басшыларының ПӘК-і;
11. 2018 жылғы Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің тәуелсіздігін растау туралы ақпарат;
12. ҚМГ ІАҚ қызметкерлерін тағайындау және олардың қызметін тоқтату;
13. Атырау МӨЗ 2017 жылы жүргізілген аудит нәтижесі бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат;
14. ҚМГ-нің Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтау туралы есеп;
15. 2018 жылға арналған ҚМГ ІАҚ-нің жылдық аудиторлық жоспарына ҚМГ БӨ активтері аудитіне қатысты толықтырулар енгізу;
16. «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ-тың ІАҚ-сін біріктіру тәртібі;
17. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-тан ҚМГ ІАҚ лауазымдарына алынатын қызметкерлердің жалақысы мен штаттық құрылымы;
18. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-тан ҚМГ ІАҚ лауазымдарына алынатын қызметкерлердің қызметтік нұсқаулықтары.

Аудит жөніндегі комитеттің ІАҚ қызметінің нәтижелеріне мониторинг жүргізіп қана қоймай, қызмет қызметкерлерінің кәсібилігін дамытуға және кадрлық әлеуетін ашуға көңіл бөледі. Бұл мәселе ІАҚ есептеріне енгізілді және аудит жөніндегі комитет тоқсан сайынғы негізде қарайды. Есептерде оқыту және біліктілігін арттыруға арналған бөлімшенің бюджетін орындау шеңберінде

### Басқа да мәселелер

Аудит жөніндегі комитет ҚМГ корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарының енгізілу барысын және ҚМГ корпоративтік басқару басқармасы тарапынан өздігінен диагностикалану нәтижелерін қарады. Шолу нәтижелері бойынша Аудит жөніндегі комитет ҚМГ Директорлар кеңесі жанынан Денсаулық сақтау, қауіпсіздік, қоршаған орта және тұрақты даму жөніндегі комитет құруды ұсынды.

қызметтің сертификаттау жөніндегі міндеттерге, тыңдаған тренингтерге/семинарларға қол жеткізгені көрсетіледі.

ІАҚ қызметкерлерінің кәсіпқойлығы ҚМГ ішкі аудит қызметі тиімділігінің негізгі кепілі болып табылады, сондықтан оқыту және біліктілікті арттыру үдерісіне ерекше көңіл бөлінеді.

Аудит жөніндегі комитет әрбір аудит нысанында денсаулық пен қауіпсіздікке қатысты мәселелер бойынша анонимдік сауалнама жүргізуді сұрады. Осы сауалнамалардың нәтижелері денсаулық пен қауіпсіздік мәселелері бойынша кәсіпорын қызметкерлерінің не күтетіндерін көрсетеді және ҚМГ басшылығына құнды ақпарат береді.

### АУДИТ БОЙЫНША КОМИТЕТ ТАРАПЫНАН ҚАРАЛҒАН БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Комитет бұған қоса ҚМГ-нің қаржылық есептілігіне және корпоративтік басқаруға қатысты бірқатар маңызды мәселелерді қарады, соның ішінде:

Қаржылық есептіліктегі негізгі пайымдаулар мен бағалаулар	→ АК қабылдаған шаралар	→ Қорытындылар
<b>Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы</b>		
Барлау мен бағалауға жұмсалатын шығындармен байланысты баланстағы материалдық және материалдық емес активтерді есепке алудың мақсаттылығы анықтау үшін пайымдаулар қажет.	Н және Сәтпаев жобаларына арналған барлаулық есептен шығару қарастырылған	2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлау және бағалау активтері 189,8 млрд теңгені құрады.
<b>Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы</b>		
МӨЗ-дегі ҚМГ өндіруші бірліктерінің баланстық құнын бағалау үшін тауарлар ассортименті, шығындардың коэффициенті, тауарлардың келешектегі бағасы, дисконттау ставкалары, өндіріс сипаттамасы мен операциялық шығындарға инфляцияның әсері сияқты нақты емес мәселелер бойынша басшылықтың пайымдаулары мен бағалаулары қажет.	Құнсыздану көрсеткіштері мәселелері бойынша басшылықтың пайымдаулары мен бағалаулары қайта қаралды.	МӨЗ активтерінің құнсыздану белгілерінің болмауы турасында басшылықпен ортақ пікірге келдік

КМГ International КМГИ қызметінің нәтижелерін ескере отырып активтің баланстық құны құнсыздануға қатысты тексеруден өтті.

Құнсыздану көрсеткіштері мәселелеріне қатысты басшылықтың пайымдаулары мен бағалаулары қайта қаралды.

Құнсызданудан болған 43,7 млрд теңге сомасындағы шығын қаржылық есептілікте танылды, оның 21,2 млрд теңгесі негізгі қаржыға және 22,5 млрд теңгесі материалдық емес активтерге бөлінді. Қаржылық есептілікке берілген 7, 10 және 27 ескертпелерді қараңыз.

#### Сот ісін жүргізуге арналған резервтер

ҚМГ түрлі заңды әрекеттердің қатысушысы болып табылады. Сот істерінің нәтижелеріне және апелляцияларды қарастырудың мерзімдеріне қатысты белгілісіздік мәні бойынша басшылықтың пайымдаулары мен бағалаулары қажет.

Топтың негізгі дауларына, сот процестеріне және арбитраждық талқылауларға қатысты ережелер мен ашып көрсетулерді қарастырылды.

АК басшылықтың бағалауына жол береді. Қаржылық есептілікке берілген 34 ескертпені қараңыз.

Жоғарыда келтірілген пайымдаулар мен бағалауларға қосымша АК қаржылық міндеттемелерді сақтау қаржы есептілігін дайындау кезінде қолданылатын қызметтің

үздіксіздігіне қатысты жорамалға елеулі әсерін тигізетіндігін есепке ала отырып, Топтың өзінің қаржылық міндеттерін қалай сақтайтындығын тексерді.

#### ҚОРЫТЫНДЫ

Комитет ҚМГ корпоративтік басқару кодексімен, Комитет туралы ережемен және ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімдерімен Комитет үшін қойылған мақсаттарды, міндеттерді және функционалдық міндеттерді толық орындады.

#### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

- ҚМГ Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері ұйымның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдық үдеріс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануы тиіс. Бұл үдеріс «Самұрық-Қазына» АҚ әдіснамасына сәйкес келуі керек. Бұл ретте бағалау үш жылда кемінде бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.
- 2018 жылы ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен (№14/2018 хаттама) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Комитеттерінің, Директорлар кеңесі төрағасының, мүшелерінің және ҚМГ Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы ереже бекітілді. Бұл

құжат «Самұрық-Қазына»АҚ-тың тиісті әдістемелік ұсынымдарын ескере отырып әзірленді.

- 2018 жылы «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз кеңесшісі ҚМГ корпоративтік басқару деңгейінің диагностикасын жүргізді, оның шеңберінде Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметі бағаланды. Осы диагностиканың нәтижелері бойынша ҚМГ Директорлар кеңесі 2019-2020 жылдарға арналған ҚМГ-де Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі егжей-тегжейлі жоспарды бекітті, онда Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің қызметін жетілдіру бойынша бірқатар шаралар бар.

#### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 26.09.2016 шешімімен (№35/16 хаттама) «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының Директорлар кеңесінің құрамдарын қалыптастыру жөніндегі ережелер бекітілді. Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері, компания қызметінің ауқымы, ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттері назарға алынады. Сыйақыны тәуелсіз директор төлейді. Ұйымдардың Директорлар кеңесінің құрамындағы «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне сыйақы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімі негізінде айқындалады.

- Тәуелсіз директорлар Уолтон Кристофер Джон, Дайер Филип Джон және Уайт Стивен Джеймс, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшесі Балжит Каур Грюал \$150 000 мөлшерінде тұрақты жылдық сыйақы алады, тәуелсіз директор Баймұратов Ерлан Оразгелдіұлы және Директорлар кеңесінің мүшесі Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы 18 200 000 теңге көлемінде тұрақты жылдық сыйақы алады.

- Бұдан басқа, тәуелсіз директорларға, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің мүшесі Балжит Каур Грюалға қосымша сыйақы төленеді:

ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде – жылына \$ 75 000 .

Төраға ретінде:

- Аудит жөніндегі комитет - жылына \$ 35 000;
- Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет - жылына \$ 25 000;
- Қаржы жөніндегі комитет - жылына \$ 25 000;
- Стратегия және инвестициялар жөніндегі комитет - жылына \$ 25 000;
- Қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитет - жылына \$ 25 000.

Мүше ретінде:

- Аудит жөніндегі комитет - жылына \$ 17 500;
- Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитет – жылына \$ 12 500;
- Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет - жылына \$ 12 500;
- Қаржы жөніндегі комитет - жылына \$ 12 500.
- Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитет - жылына \$ 12 500.

- Тәуелсіз директорларға және Директорлар кеңесінің мүшесі Балжит Каур Грюалға ҚМГ Директорлар кеңесі Төрағасы және/немесе «Самұрық-Қазына АҚ Басқарама Төрағасы, ҚМГ Басқарма Төрағасы бастамашылық еткен отырысқа (кездесу/мәжіліс) қатысқаны үшін – күніне 1 отырыстан аспайтын есеппен әр отырыс үшін \$ 2 000 тағайындалады.

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТӘЖІРИБЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

ҚМГ корпоративтік басқару құрылымы халықаралық стандарттарды сақтау және озық халықаралық тәжірибеге сәйкес болу мақсатында үнемі жетілдіріліп отырады.

2018 жылы «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС (бұдан әрі - PwC) PwC әдіснамасы бойынша ҚМГ корпоративтік басқару деңгейінің тәуелсіз диагностикасын жүргізді. Аталған диагностиканың нәтижелері бойынша ҚМГ-ге «ВВ» деңгейіндегі корпоративтік басқару рейтингі тағайындалды, ол ҚМГ-нің «Корпоративтік басқару рейтингі» корпоративтік мақсатты ПӘК мәндеріне сай келеді.

ҚМГ рейтингі деңгейінің 2017 жылғы «В» көрсеткішінен 2018 жылы «В» көрсеткішіне дейін өсуі корпоративтік басқару тәжірибесіндегі жақсаруларды білдіреді. Бұл 2017 жылы PwC компаниясы жүргізген тәуелсіз корпоративтік басқару диагностикасының нәтижесінде әзірленген Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарының іс-шараларын жүзеге асыру арналған негіздемелік жүйелік және әдістемелік жұмыстарға байланысты. Компания 2018 жылы корпоративтік басқару тәжірибесін жетілдіруге бағытталған бірқатар бастамаларды ой-

дағыдай жүзеге асырды. Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігі, тәуекелдерді басқару және ашықтық сияқты салаларда ең үлкен жетістікке қол жеткізілді.

2018 жылы Қордың және ҚМГ-нің 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясында, ҚМГ алдында «Корпоративтік басқару рейтингі» ПӘК-тің өршіл құндылықтарына қол жеткізудің негізгі кезеңдері анықталды. ҚМГ-нің корпоративтік басқару тәжірибесін одан әрі жетілдіру және аталған ПӘК-тің мақсатты мәндеріне қол жеткізу үшін Компания тарапынан 2019-2020 жылдарға арналған ҚМГ-де Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі егжей-тегжейлі жоспары әзірленді. Аталған жоспар 500-ден астам шараларды қамтиды және олардың жүзеге асырылуы Директорлар кеңесі мен Атқарушы органдардың тиімділігі, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит, тұрақты даму, акционерлік құқықтар, ашықтық сияқты салаларда анағұрлым ілгерілеушілікке жетуге мүмкіндік береді.

### ТӨМЕНДЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ РЕЙТИНГІНІҢ СЕРПІНІ

Бөлім / Рейтинг	Үлесі	2017	2018
Директорлар кеңесі мен Атқарушы органның тиімділігі	25%	В	ВВ
Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит	25%	ВВ	ВВ
Тұрақты даму	20%	В	В
Акционерлердің құқықтары	15%	ВВ	ВВ
Ашықтық	15%	В	ВВ

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕР

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚАУІПСІЗДІК, ЕҢБЕКТИ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІН ҚҰРУ (БҰДАН ӘРІ ҚЕҚОҚТДК)

Ең ірі мұнай-газ компаниялары мысалында Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеттің сандық және сапалық құрамын анықтау үшін салыстырмалы талдау жүргізілді және Комитеттің оңтайлы сандық құрамы, оның құзыреттілік

аясы және жылына өткізілетін кездесулер саны бойынша ұсыныстар әзірленді. Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 12 желтоқсандағы шешімімен (№ 19/2018 хаттама) ҚЕҚОҚТДК құрылды және Комитет туралы ереже бекітілді, оның құрамы анықталды.

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ЕНДІРІЛУІНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСШЫЛЫҚ ПЕН БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің тұрақты дамуды және ұзақ мерзімді құнын өсіруді қамтамасыз ету бойынша міндеті ҚМГ Жарғысымен көзделген.

басқарудың үздік тәжірибелерін ендіруді қамтитын стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде анықталған.

2018 жылы «Корпоративтік басқару және тұрақты даму» 2028 жылға дейінгі ҚМГ-нің Даму стратегиясында операциялық активтердің тұрақты дамуымен, адами капиталдың дамуымен, өнеркәсіптік қауіпсіздікті, экологиялық жауапкершілікті қамтамасыз етумен байланысты бастамаларды, комплаенс және этика жүйелерін ендіру және

ДК-нің жаңа комитеті – ҚЕҚОҚТДК тұрақты дамудың ендірілуін бақылайды. ҚЕҚОҚТДК-нің алғашқы отырысында Компаниядағы тұрақты даму жүйесінің ендірілу мәртебесі туралы таныстырылым ұсынылды және Компания тарапынан аталған бағыт бойынша жұмыстарды жандандыруға бағытталған бірқатар тапсырмалар берілді.

### СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ БОЙЫНША ДК-НІҢ ЖЕКЕЛЕНГЕН ОТЫРЫСЫ

2018 жылғы 24 шілдеде Стратегиялық сессия өткізілді. Оның барысында Стратегия және тұрақты даму мәселелері қаралды - 2028 жылға дейінгі ҚМГ-нің жаңартылған

Даму стратегиясының жобасы талқыланды және Компаниядағы Тұрақты дамудың ендірілуіне шолу жүргізілді. Стратегиялық сессияға қатысу үшін негізгі еншілес компаниялардың басшылары шақырылды.

### ДК-НІҢ ЖЕКЕЛЕНГЕН МӘСЕЛЕЛЕРІН ДК КОМИТЕТТЕРІНЕ ТАБЫСТАУ

ДК табыстау арқылы ДК күн тәртібіндегі мәселелер санын қысқартып, ДК-нің назарын Компанияның стратегиялық және негізгі мәселелерін талқылауға шоғырландыру үшін Комитеттер бақылауына өткізуге қажетті мәселелермен жұмыс істеуді бастады.

Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 26 шілдедегі шешіміне (№ 11/2018 хаттама) сәйкес, Директорлар кеңесі Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетке (бұдан әрі - ТмСЖК) мынадай мәселелерді табыстады:

1. ДК мен еншілес және тәуелді ұйымдарда атқарушы органның мүшелерін сайлау;

2. Атқарушы орган мүшелерінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау, өтемақы, сабақтастық және даму жоспарлары;
3. Атқарушы органның құрамына кірмейтін атқарушы басшылық мүшелерінің ҚНҚ-сі.

Сондай-ақ, Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетке тәуекелдерді басқару

### ДК ҚҰРАМЫ

2018 жылы тәуелсіз кеңесші ҚМГ ДК құрамының жақсаруын атап өтті. Мұнай-газ саласында тәжірибесі бар тәуелсіз директорлардың саны өсті, сондай-ақ акционерлердің өкілдеріне қатысты Директорлар кеңесінің құрамында өзгерістер орын алды. 2018 жылы ҚМГ ДК құрамында келесідей өзгерістер болды:

Қор Басқармасының 2018 жылғы 23 сәуірдегі шешімімен (№ 13/18 хаттама) ҚМГ ДК мүшесі, Қор мүдделерінің өкілі Ильякевич Адамас Олегастың ҚМГ ДК-дегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, және Қор мүдделерінің өкілі ретінде ҚМГ ДК мүшесі болып Айдарбаев Әлік Серікұлы сайланды. Қор Басқармасының 2018 жылғы 15 маусымдағы (№ 18/18 хаттама) шешімімен Дайер Филип Джон тәуелсіз директор ретінде ҚМГ ДК мүшесі болып сайланды. Қор Басқармасының 2018 жылғы 19 желтоқсандағы шешімімен (№

### КОМПАНИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕРІНІҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫН БАҚЫЛАУ

ҚМГ стратегиялық бастамаларын бақылау және дер кезінде түзету шараларын қабылдау үшін ҚМГ Директорлар кеңесі тұрақты түрде қызметтің негізгі өзгерістері бойынша есебін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау туралы ақпаратты, қаржы-шаруашылық қызметінің алдын-ала қорытындылары туралы есепті, жасалған мәмілелер туралы есепті, олар бойынша шешімдер Басқарма тарапынан қабылданған және жасалуында ҚМГ мүдделі болған, Стратегияның, ҚНҚ-нің және инвестициялық жобалардың орындалу мәртебесіне шолуды, ҚМГ-нің шоғырландырылған Даму жоспа-

және ішкі бақылау жүйелерін, сонымен қатар ішкі аудитті бақылауды жүзеге асыру бойынша мәселелерді табыстау туралы шешім қабылданды.

Табыстауды есепке ала отырып, ДК Комитеттерімен қаралған мәселелер бойынша ДК отырысында ДК Комитеттері Төрағаларын тыңдау тәжірибесі енгізілді. Комитеттер Төрағаларын тыңдау ДК-нің 2019 жылға арналған жұмыс жоспарына кіріктірілген.

41/18 хаттама) ҚМГ ДК мүшесі Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, Қор мүдделерінің өкілі ретінде ҚМГ ДК мүшесі Айдарбаев Әлік Серікұлының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, ҚМГ ДК мүшесі болып ҚМГ Басқарма төрағасы Айдарбаев Әлік Серікұлы сайланды, Қор мүдделерінің өкілі ретінде ҚМГ ДК мүшесі болып Сәтқалиев Алмасдам Майданұлы сайланды.

ТМСЖК шешімімен «Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен құзыреттерінің матрицалары» бекітілді. Қазіргі уақытта оны толтыру және талдау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Аталған жұмыстар аяқталғаннан кейін ДК-де болмаған дағдылар мен құзыреттер айқындалады. Талдау нәтижелерін ескере отырып, Директорлар кеңесіне мүшелікке қажетті дағдылар мен құзыреттерге ие үміткерлер іздестірілетін болады.

рын жүзеге асыру бойынша есепті, тәуекелдер бойынша есепті, табысталған мәселелер бойынша ДК Комитеттері Төрағаларының есептерін, ДК шешімдерінің орындалуы туралы есепті, сондай-ақ ДК-ге есеп беретін Қызметтердің қызметі туралы есептерді тұрақты түрде тыңдайды.

ДК-ның Стратегия және Портфельді басқару жөніндегі комитеті әр кездесуде ірі мұнай-газ жобаларын (Қашаған, Қарашығанақ, Теңізшевройл) жүзеге асыру, трансформациялау, жекешелендіру туралы есептерді қарайды және талқылайды.

### ДК ҚЫЗМЕТІНІҢ СЕРПІНІН ЖАҚСARTУ

2018 жылы өткізілген корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасының қорытындысы бойынша, тәуелсіз кеңесші Компанияның жекеленген кездесулер санын қысқартуға қатысты жұмыс ырғағын оңтайландыра бастағанын атап өтті. Сондай-ақ, Директорлар кеңесі отырыстарының ағымдағы жиілігі тәуелсіз директорларға Компания қызметі туралы өзекті ақпарат алып тұруға және Атқарушы органға кеңес беруге мүмкіндік туғызу үшін құрылғанын айтты. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің Төрағасымен өзара іс-қимыл жасай отырып, Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібінде стратегия мен қызмет нәтижелеріне екіпінді күшейтті, Директорлар кеңесінің күн тәртібінде қарастырылып отырған мәселелердің маңыздылығы дәрежесіне

### ДК-ГЕ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҰСЫНУДЫҢ МЕРЗІМІ МЕН ОЛАРДЫҢ САПАСЫ

Директорлар кеңесінің күн тәртібіне мәселелерді уақтылы енгізуді қамтамасыз ету мақсатында Компания ДК отырыстарына материалдарды ұсыну мерзіміне қатысты Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізді. ДК отырысының күн тәртібі отырыстың басталуына дейін кемінде 10 күнтізбелік күн бұрын, ал ҚМГ-нің даму стратегиясы мен шоғырландырылған даму жоспары, атқарушы органның басшысы мен мүшелеріне арналған уәждемелік ҚНҚ, жылдық есеп және басқа заңды тұлғаларды құруға қатысу мәселелері бойынша – кем дегенде 15 жұмыс күнінен бұрын ДК төрағасының тарапынан құрылады.

### ДК МҮШЕЛЕРІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ БОЙЫНША ҚҰЖАТТАРДЫ БЕКІТУ

Компанияда Қордың тиісті әдістемелік ұсынымдарын ескере отырып, ДК, ДК Комитеттерінің, ДК Төрағасының, мүшелерінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау

қарай құрылады және төрт блоктан тұрады: ДК-нің алдыңғы отырыстарында қабылданған шешімдер мен тапсырмалар қарастырылатын, сондай-ақ ДК-нің алдыңғы отырыстарының хаттамалары бірлескен талқылауға шығарылатын «Хаттамалар мен туындайтын шешімдер» блогы; ҚМГ ДК қарауына ҚМГ-нің Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау туралы есебі шығарылатын «Қауіпсіздік» блогы; «Шешім қабылдауды қажет ететін мәселелер» ең ауқымды блок болып табылады және ҚМГ-нің операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметінің басым бөлігін қамтиды; ДК мүшелерін Компанияның ағымдағы қызметінде орын алған негізгі өзгерістер туралы уақтылы хабардар етуге арналған мерзімді ақпараттық есептерді қамтитын «Мәлімдеуге арналған ақпарат» блогы.

ДК және оның Комитеттерінің отырыстарына материалдарды дайындау қағидалары әзірленді, оның мақсаты ҚМГ ДК және оның Комитеттерінің отырыстарына материалдар дайындау бойынша талаптарды белгілеу болып табылады. Олар мақұлдағаннан кейін ДК-нің әрбір мүшесі тарапынан ДК жиналыстарына әзірленетін материалдардың сапасы мен уақтылығы туралы пікір алысу жоспарлануда.

ДК мүшелеріне арналған мазмұны жағынан қысқа да нұсқа болып табылатын түсіндірме жазбаның жаңа формасы енгізілген. Онда міндетті түрде тәуекелдер, экономикалық тиімділік туралы ақпарат ашық жазылады, сондай-ақ ҚМГ-нің Даму стратегиясымен және Бизнес-жоспарымен байланыс көрініс табады.

туралы Ереже жаңартылды, сонымен қатар 2019 жылға арналған ДК мүшелерін Оқыту жоспарлары және Кәсіби даму бағдарламалары бекітілді.

## ҚМГ -НІҢ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Орталықтандырылған ішкі аудит Қызметі (ІАҚ) ҚМГ Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді, ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жұмысына жетекшілік етеді. ІАҚ өз қызметін жүзеге асыруы барысында Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚМГ ішкі құжаттарын және ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарын басшылыққа алады.

ІАҚ негізгі мақсаты – тәуекелді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге жүйелі тәсіл енгізу арқылы Директорлар кеңесіне ҚМГ мен оның ЕТҰ-ның тиімді басқарылуын қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты ұсыну.

Өз қызметін жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асыра отырып, Қызмет келесі міндеттерді орындайды:

- ішкі бақылау және тәуекелді басқару бойынша қолданылатын шаралардың сенімділігі мен тиімділігін бағалау;
- бухгалтерлік есеп жүйесінің дұрыстығын, толықтығын, объективтілігін бағалау және оның негізінде ҚМГ мен оның ЕТҰ-ның қаржылық есептілігін құру;
- ҚМГ мен оның ЕТҰ ресурстарын және активтердің сақталуын қамтамасыз етудің қолданыстағы әдістерінің пайдаланылу ұтымдылығын бағалау;
- ҚР заңнамасы талаптарының, корпоративтік нормалардың, операциялық, инвестициялық және қаржылық қызмет ережелерінің орындалуын бақылау.

ІАҚ аудитінің нәтижелері бойынша компания қызметін жетілдіруге бағытталған ұсынымдар беріледі. Ұсынымдарды орындау жөніндегі шараларды әзірлеу мен іске асыруға мониторинг және бақылау жүйелі негізде қамтамасыз етіледі.

Ішкі аудиттің тиісті сапасын қамтамасыз ету үшін ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарының талаптарын орындауда ІАҚ-та аудиторларды үздіксіз кәсіби дамыту жүйесі жұмыс істейді. Осының нәтижесінде ІАҚ 36 қызметкерінің, 29 қызметкердің, басқаша айтқанда қызметкерлердің 83% - тің халықаралық сертификаттар мен дипломдары бар, оның ішінде:

- Сертификатталған ішкі аудитор (Certified Internal Auditor): 7;
- Халықаралық қаржылық есептілік бойынша Диплом (Diploma in International Financial Reporting): 5;
- ҚР Кәсіби бухгалтері: 11;
- Сертификатталған бухгалтер-практик / Сертификатталған халықаралық кәсіби бухгалтер (Certified Accounting Practitioner/Certified International Professional Accountant): 4;
- «Сертификатталған кәсіби ішкі аудитор» дипломы (Diploma Certified Professional Internal Auditor): 12;
- Алаяқтық жөніндегі сертификатталған ревизор (Certified Fraud Examiners): 2.
- Ақпараттық жүйелердің сертификатталған аудитору (Certified Information Systems Auditor): 2.

## БАСҚАРМА

- Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді, ҚМГ-нің күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады және оның стратегиясының даму жоспарына және акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.

### ҚМГ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНЕ СӘЙКЕС:

- Директорлар кеңесі мен Басқарма ынтымақтастық рухында өзара қарым-қатынас жасауға, ұйым мүддесінде байланыс жасауға және тұрақты даму қағидаттары мен барлық акционерлерге әділ қарым-қатынас сақтай отырып шешімдер қабылдауға тиіс.
- Басқарма Төрағасы мен мүшелері жоғары кәсіби және жеке оң қасиеттерге, сондай-ақ мінсіз іскерлік беделге ие болуға және жоғары этикалық стандарттарды ұстануға тиіс.

## БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ



**АЙДАРБАЕВ  
ӘЛІК  
СЕРІКҰЛЫ**

### ҚМГ Басқарма төрағасы

2018 жылдан бастап Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 19.05.1963

#### Білімі, ғылыми дәрежесі:

- В. И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, мамандығы «Мұнай және газ кен орындарын игерудің технологиясы мен кешенді механизациясы»

#### Жұмыс тәжірибесі:

Әлік Айдарбаев 1985 жылдан 1995 жылға дейін «Жетібайнефть» МГӨБ-да оператор-технолог болып жұмыс істеді, содан кейін «Маңғышлақнефть» бірлестігінің «Жетібайнефть» МГӨБ-да қабат қысымын ұстау цехы басшысының орынбасары, қабат қысымын ұстау учаскесінің басшысы, мұнай және газ өндіру цехының басшысы, «Южказнефтегаз» МАҚ бас директорының орынбасары және бірінші вице-президенті болып жұмыс істеді.

Әр жылдары «ТОРФАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ бас директоры, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директоры, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Бас директоры, Маңғыстау облысының әкімі, ҚР Инвестициялар және даму министрінің бірінші вице-министрі, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.

**ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.**





**ШӘРІПБАЕВ  
ҚАЙРАТ  
ҚАМАТАЙҰЛЫ**

**Басқарма төрағасының газ тасымалдау және маркетингі жөніндегі орынбасары**

2016 жылдан бастап Басқарма құрамына кіреді.

**Туған күні:** 16.08.1963

**Білімі, ғылыми дәрежесі:**

- Қазақ ауыл шаруашылығы институты
- Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті
- Саясаттану ғылымдарының кандидаты

**Жұмыс тәжірибесі:**

Шәріпбаев Қайрат Өз еңбек жолын 1985 жылы ауыл-шаруашылық саласында агроном болып бастаған. 1991 жылдан бастап 1999 жылға дейін «Көктем» ЖШС, «Шын-Асыл» АҚ, «Жетісу» ЖШС басшы лауазымдарда жұмыс істеді.

Әр жылдары Тараз қаласы әкімінің орынбасары, «Дәуір» ЖАҚ бірінші вице-президенті, «Кітап» баспа үйінің президенті, «Данко» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды.

2001 жылы газ және газбен жабдықтау саласында жұмыс істей бастады «Интергаз Орталық Азия» ЖАҚ газ тасымалдау және маркетингі департаментінің директоры болып істеді, одан кейін Бас директордың маркетинг және коммерция жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді.

Әр жылдары «ҚазТрансГаз» ЖШС Бас директорының кеңесшісі, маркетинг жөніндегі орынбасары, «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ бірінші вице-президенттің кеңесшісі, кейін коммерция жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы), «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Газ тасымалдау және маркетингі жөніндегі басқарма төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.

2015 жылғы 11 желтоқсаннан бастап «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

**ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.**



**МАРАБАЕВ  
ЖАҚЫП  
НЕСІПҚАЛИҰЛЫ**

**Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары**

2019 жылдан бастап Басқарма құрамына кіреді.

**Туған күні:** 09.08.1962

**Білімі, ғылыми дәрежесі:**

- И. М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институты «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша»
- Мәскеу мемлекеттік басқару университеті

**Жұмыс тәжірибесі:**

Еңбек жолын 1984 жылы «Комсомольскнефть» МГӨБ техникалық бөлімінің бастығы болып бастаған. Әр жылдары «Сфинкс» мемлекеттік корпорациясының коммерциялық қызмет директоры, көмірсутек шикізаты және мұнай-химия бөлімінің бастығы, ҚР Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінде бөлім бастығының орынбасары, бас инженер, ҚР Энергетика және отын ресурстары министрлігінде теңіз жұмыстары басқармасының бастығы болып жұмыс істеді.

Әр жылдары «Қазақстанкаспийшельф» АҚ вице-президенті және бас директоры, «ҚазақОйл» ҰК ЖАҚ инвестициялар және жаңа жобалар жөніндегі директоры, коммерциялық директоры, «ҚазақОйл» ҰК ЖАҚ газ жобалары жөніндегі вице-президенті, Қазақстан Халық банкі» ЖАҚ төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі, «ҚазТрансОйл» АҚ пайдалану жөніндегі вице-президенті, «Мұнай және газ тасымалдау» ұлттық компаниясы Бас директорының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы директоры, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. (КПО Б.В.) ӨБК бойынша жобаларда үлестерді басқару жөніндегі өкілді органның төрағасы, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарған.

2006 жылғы қарашадан бастап 2008 жылғы желтоқсанға дейін KAZENERGY қауымдастығы үйлестіру кеңесінің төрағасы. 2008 жылғы желтоқсаннан бастап 2019 жылғы ақпанға дейін - North Caspian Operating Company (NCOC B.V.) басқарушы директордың орынбасары.

**ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.**



**ЕСҚАЗИЕВ  
ҚҰРМАНҒАЗЫ  
ОРЫНҒАЗЫҰЛЫ**

**Басқарма төрағасының геология және барлау жөніндегі орынбасары**

Басқарма құрамына 2018 жылдан бастап кіреді.

**Туған күні:** 11.05.1965

**Білімі, ғылыми дәрежесі:**

- Тау-кен инженер-геологы, В. И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты
- Геология-минералогия ғылымдарының кандидаты, Томск политехникалық университеті

**Жұмыс тәжірибесі:**

Еңбек жолын Балықшы барлау бұрғылау басқармасының оператор-коллекторы болып бастап, одан соң «Эмбанефть» ӨБ Тампонаждау мекемесінің цементтеу жөніндегі операторы болып жалғастырды. Балықшы барлау-бұрғылау басқармасының №1 бұрғылау экспедициясының геологы болып жұмыс істеді. Әр жылдары «Ембімұнайгаз» АҚ ОИТҚ Атырау бұрғылау жұмыстары басқармасының жетекші геологы, мұнай қабаттарының өнімділігін арттыру және ұңғымаларға күрделі жөндеу Атырау басқармасының бас геологы, директордың орынбасары (АМҚӨБ және ҰКЖ), «Ембімұнайгаз» ААҚ геология және мұнай-газ кен орындарын игеру департаментінің директоры болып жұмыс істеді.

Әр жылдары «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ геология және игеру департаменті директорының орынбасары, кейіннен директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай және газ өндіру жөніндегі атқарушы директор, геология, геофизика және резервуарлар жөніндегі басқарушы директор, бас геолог, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының геология және келешек жобалар бойынша орынбасары, операциялық емес активтер бойынша басқарушы директор (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ), геология бойынша басқарушы директор, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы), «ҚазМұнайГаз» Барлау және Өндіру» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы) қызметтерін атқарған.

**ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.**



**ҚАРАБАЕВ  
ДӘУРЕН  
САПАРӘЛІҰЛЫ**

**Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры**

Басқарма құрамына 2016 жылдан бастап кіреді.

**Туған күні:** 11.06.1978

**Білімі, ғылыми дәрежесі:**

- Халықаралық экономикалық қатынастар, Қазақ мемлекеттік басқару академиясы
- Қаржы саласындағы ғылым магистрі, Texas A&M

**Жұмыс тәжірибесі:**

Дәурен Қарабаев еңбек жолын 2001 жылы «АБН АМРО Банк Қазақстан» АҚ-да несиелік сараптамашы болып бастаған. 2003 жылы банктің несиелік басқармасының басшысы болып тағайындалды.

2004 жылдан бастап – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ атқарушы директоры. 2007 жылдан 2016 жылдың маусымына дейін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болды. 2016 жылдың қыркүйегіне дейін McKinsey & Company Inc.-те жоба кураторы лауазымында жұмыс істеді.

**ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.**



**ТИЕСОВ  
ДАНИЯР  
СҮЙІНШІЛІКҰЛЫ**

### Басқарма төрағасының мұнай өңдеу және маркетингі жөніндегі орынбасары

2016 жылдан бастап Басқарма құрамына кіреді.

**Туған күні:** 06.12.1970

#### Білімі, ғылыми дәрежесі:

- Инженер-технолог, Атырау мұнай және газ институты
- Заңгер, Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті

#### Жұмыс тәжірибесі:

Еңбек жолын 1994 жылы «Манас» МП менеджері болып бастады, содан кейін «Бата» ЖШС-да менеджер және «Абыз» ЖШС-да атқарушы директор болып жұмыс істеді. Әр жылдары «АМӨЗ» ААҚ бірінші вице-президентінің көмекшісі, Директорлар кеңесінің хатшысы, «Қазақойл» ҰМК» ЖАҚ бас менеджері, «АМӨЗ» ААҚ реконструкциялау жобасын басқару жөніндегі тобының бас менеджерінің орынбасары, ағымдағы қызметті бақылау жөніндегі сектордың меңгерушісі, АМӨЗ жобасын басқару департаментінің ағымдағы қызметті корпоративтік басқару және мониторингі секторының бас маманы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» ЖАҚ мұнайды, газды және мұнай-химияны өңдеу департаменті директорының орынбасары, кейін мұнай-химияны дамыту департаменті директорының орынбасары, «АМӨЗ» ЖШС салынып жатқан кәсіпорындар дирекциясының күрделі құрылыс басқармасының бастығы, салынып жатқан кәсіпорындар дирекциясының бас директоры, салынып жатқан кәсіпорындар дирекциясының қаржы директоры қызметтерін атқарды.

Әр жылдары «ҚазМұнайГаз» Сауда үйі» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының өңдеу және мұнай-химия жөніндегі орынбасары, мұнай өңдеу және маркетинг жөніндегі басқарушы директоры, кеңесшісі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының мұнай өңдеу және маркетинг жөніндегі орынбасары – «ҚазМұнайГаз» - өңдеу және маркетинг» АҚ Бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ аға вице-президенті, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалдау, өңдеу және маркетинг жөніндегі атқарушы вице-президент «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалдау, өңдеу және маркетинг жөніндегі атқарушы вице-президенті қызметтерін атқарды.

**ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.**



**ХАСАНОВ  
ДӘУЛЕТЖАН  
КЕЧЕСҰЛЫ**

### Адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директоры

Басқарма құрамына 2018 жылдан бастап кіреді.

**Туған күні:** 21.10.1971

#### Білімі, ғылыми дәрежесі:

- Экономист, Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институты
- Тау-кен инженері, Атырау мұнай және газ институты

#### Жұмыс тәжірибесі:

Хасанов Дәулетжан Кеңесұлы әр жылдары «Теңіз» АҚ бас бухгалтерінің орынбасары, Құрманғазы АТТ, «Қазақтелеком» ААҚ бас бухгалтері, «Өзенмұнайгаз» ААҚ, «Ембімұнайгаз» ААҚ бас бухгалтерінің орынбасары, «Каспий Нефть – ТМЕ» АҚ, «EuroAsia Group» ЖШС бас бухгалтері, экономика және қаржы жөніндегі директордың орынбасары, Қаржы департаментінің директоры, «ҚМГ» БӨ» АҚ «Ембімұнайгаз» ӨФ бас бухгалтерінің орынбасары болып жұмыс істеді.

Әр жылдары «Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ БК үлестерді басқару жөніндегі басқарушы директоры лауазымымен қоса «УТТ және ОС» ЖШС директоры, «Қаражанбасмұнай» АҚ президенті, «Өзенмұнайгаз» АҚ Бас директоры - басқарма төрағасы - «ҚМГ» БӨ» АҚ бас директорының орынбасары, Басқарма мүшесі, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ барлау және өндіру активтерін басқару жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі бас директоры, «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ басқарма мүшесі қызметтерін атқарды.

**ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.**



**БЕРЛІБАЕВ  
ДАНИЯР  
ӘМІРБАЙҰЛЫ**

### Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырын салу жөніндегі орынбасары

2019 жылдан бастап Басқарма құрамына кіреді

**Туған күні:** 21.12.1968

#### Білімі, ғылыми дәрежесі:

- Заңгер, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті

#### Жұмыс тәжірибесі:

Еңбек жолын 1991-1994 жылдары ҚазКСР Ғылым академиясында кіші ғылыми қызметкер, «Барикон» кәсіпорнының заң кеңесшісі, одан кейін заң бөлімінің бастығы болып жұмыс істеуден бастады. Әр жылдары ҚР Экономика министрлігі жанындағы шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттіктің жобаларды бағалау басқармасының бас маманы, ҚР Экономика министрлігі жанындағы шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттіктің шетелдік инвестициялар басқармасы бастығының орынбасары, Заң департаментінің құқықтық сараптама басқармасының бастығы, одан кейін ҚР Мемлекеттік экспорт-импорт банкінің («Эксимбанк») заң департаменті директорының орынбасары болып жұмыс істеді.

1997 жылдан бастап осы уақытқа дейін Д. Берлібаев «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобында жұмыс істеді. «ҚазТрансОйл» МТҰК инвестициялық жобалар департаментінің бастығы, корпоративтік қаржыландыру департаментінің бастығы, қаржы жөніндегі атқарушы директоры, экономика және қаржы жөніндегі кеңесшісі болып жұмыс істеді. Әр жылдары ҚТГ вице-президенті лауазымына ауыстырылды, одан кейін ҚТГ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, бірінші вице-президенті - «Интергаз Орталық Азия» ЖАҚ бас директорының орынбасары, «Мұнай және Газ тасымалдау» ҰК ЖАҚ бас директорының бірінші орынбасары, «ҚазТрансГаз» ЖАҚ бас директорының бірінші орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК» ЖАҚ корпоративтік басқару жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазТрансГаз» ЖАҚ бас директорының корпоративтік даму жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК» ЖАҚ қаржы және экономика жөніндегі басқарушы директоры, «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖАҚ бас директоры қызметтерін атқарды. 2005 жылдан 2007 жылға дейін - «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары - «Интергаз Орталық Азия» АҚ Бас директоры.

Әр жылдары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тасымалдау және қайта өңдеу жөніндегі вице-президенті, газ жобалары жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз - қайта өңдеу және маркетинг» АҚ газ жобалары жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ газ жобалары жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары, Басқарма төрағасының корпоративтік орталығы жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.

**ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.**



**ҚАЙРЖАН  
ЕСЕН  
ҚАЙРЖАНҰЛЫ**

### Сатып алу және жабдықтау жөніндегі басқарушы директор

2019 жылдан бастап Басқарма құрамына кіреді.

**Туған күні:** 15.11.1962

#### Білімі, ғылыми дәрежесі:

- В. И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты «мұнай және газ кәсіпшіліктерінің машиналары мен жабдықтары» мамандығы бойынша
- В. П. Горячкин атындағы Мәскеу мемлекеттік агроинженер университеті «Кәсіпорындағы экономика және басқару» мамандығы бойынша
- РФ Үкіметі жанындағы Халық шаруашылығы академиясы МБМ ЖКБ «МВА: Менеджмент - Халықаралық бизнес» мамандығы бойынша

#### Жұмыс тәжірибесі:

Қайржан Есен Қайржанұлы еңбек жолын 1985 жылы «Маңғышлақнефть» бірлестігінің «Жетібайнефть» МГӨБ жөндеуші слесары, инженері, аға инженері болып жұмысын бастаған. Әр жылдары Маңғышлақ мұнара монтаждау басқармасының прорабы, Қызылорда қаласы, «Южнефтегаз АҚ өндірістік қызмет көрсету базасы бастығының орынбасары болып жұмыс істеді.

Әр жылдары «Құмкөл-ЛУКойл» АҚ бас директорының орынбасары, «Торғай Петролеум» АҚ бас директорының орынбасары, «Торғай Петролеум» АҚ бас директоры, «Қаражанбасмұнай» АҚ президенті, «Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары, бас директоры қызметтерін атқарды.

**ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.**



**САЛОВ  
ДМИТРИЙ  
НИКОЛАЕВИЧ**

### Ақпараттық технологиялар, трансформация және цифрландыру жөніндегі басқарушы директоры

Басқарма құрамына 2018 жылдан бастап кіреді.

**Туған күні:** 10.11.1979

#### Білімі, ғылыми дәрежесі:

- Экономист-менеджер, Рудный мемлекеттік индустриялық институты
- Сертификатталған ITIL Expert, сертификатталған консультант/ISO 20000 стандарты бойынша менеджер, сертификатталған жобалар менеджері

#### Жұмыс тәжірибесі:

Салов Дмитрий Николаевич еңбек жолын 1998 жылы «Окан Интерконтиненталь» компаниясында (Нұр-Сұлтан қ.) ақпараттық технологиялар менеджері болып бастаған. Әр жылдары Лагос қ. (Нигерия) «Eko Hotel & Suites» АТ және телекоммуникациялар менеджері, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» (Шымкент қ.) компаниясындағы АТ және телекоммуникациялар менеджері, Сарбайнс-Окслей бойынша менеджер, АТ қызметтері мен жобалары бойынша аға менеджер, «ПетроҚазақстан Оверсиз Сервисес Инк» компаниясындағы корпоративтік АТ және телекоммуникациялар директоры болып жұмыс істеді (Алматы қаласы).

Әр жылдары 2013-2017 жылдары Қытай Ұлттық Мұнай Корпорациясының халықаралық жобалары үшін «Ричфит Интернешнл» («Ричфит Қазақстан») компаниясының бас директоры лауазымын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ақпараттық технологиялар жөніндегі басқарушы директоры қызметін ҚМГ Трансформация жөніндегі басқарушы директоры лауазымымен қоса атқарып келді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ақпараттық технологиялар жөніндегі басқарушы директоры, осы ұстанымды ҚМГ трансформациялау жөніндегі басқарушы директор міндеттерімен үйлестіре отырып жұмысын атқарды.

**ҚМГ не оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді.**

## 2018 ЖЫЛДАҒЫ БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ

2018 жыл ішінде «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ Басқармасы (бұдан әрі – ҚМГ) 698 шешім қабылдады, оның ішінде 690 (98,9%) күндізгі отырыстарда, бұл «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ корпоративтік басқарудың үздік практикаларына және корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне толығымен сәйкес келеді. Атқарушы орган отырыстарының 53 хаттамалары рәсімделді.

2018 жылы қабылданған жалпы саннан 195 мәселе белгіленген тәртіппен ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды.

Оның ішінде 98 мәселе құжаттардың жобаларына немесе қолданыстағы шешімдер мен ішкі құжаттарға өзгерістер мен толықтырулардың, сондай-ақ ҚМГ еншілес ұйымдарының акциялар пакетін және қатысу үлестерін сату тәсілін айқындауға, жер қойнауын пайдалану құқығын иеліктен айыруды, еурооблигацияларды шығаруды (шығаруды) және орналастыруды жүзеге асыруға, ҚМГ кейбір еншілес ұйымдар мен т. б. қатысу үлестерін сатып алуға қатысты болды.

ЕТҰ акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын Директорлар кеңесінің өкілеттіктеріне сәйкес ҚМГ Басқармасының 12 шешімі «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (3), «ҚазМұнайТеңіз» ТМК ЖШС (3), «ҚазТрансОйл» АҚ (3), «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ (1), «Қаз-теңізкөлікфлоты» ЖШС (1) және «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС (1) қызметінің мәселелері бойынша ұсынылды.

Сондай-ақ есепті кезеңде Басқарма Директорлар кеңесінің қарауына құны 20 млрд теңгеден асатын ірі мәмілелерді және ҚМГ жасалуына мүдделі мәмілелерді жасау туралы 49 мәселеміс ұсынылды.

2018 жылдың 12 айында ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына құны 20 млрд теңгеден

асатын ЕТҰ инвестициялық жобалары мен мәмілелерін келісу туралы 18 мәселе ұсынылды.

Бұдан басқа, басқарма 11 есепті мақұлдап, директорлар кеңесінің қарауына жіберді, оның ішінде:

- 2017 жылдың 4-ші тоқсанында, 2018 жылдың 1-3-ші тоқсанында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы шешім қабылдаған мүдделілік бар жасалған мәмілелер туралы;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2017 жылдың 4-ші тоқсаны және 2018 жылдың 1-3-ші тоқсанындағы тәуекелдері бойынша;
- 2017-2021 жылдарға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ шоғырландырылған даму жоспарын 2017 жылы іске асыру бойынша;
- 2016-2017 жылдарға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау туралы;
- 2017 жылғы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тұрақты дамуы туралы.

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ Инвестициялық саясатына (2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 142 хаттама) және «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ тікелей немесе жанама түрде иелік ететін дауыс беру акцияларының (қатысу үлестері) елу проценттен астамына ие заңды тұлғалардың Инвестициялық қызметінің корпоративтік стандартына (2018 жылғы 9 шілдедегі №21/18 хаттама) сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ Инвестициялық және Стратегиялық Комитетінің қарауына енгізілу үшін және одан әрі ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына беру үшін Басқара 7 сұраққа бастамашылық етті.

«Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу ережелеріне сәйкес, оларды жасауға қатысты Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен ерекше шарттар белгіленген, Басқарма 2018 жыл ішінде ҚМГ мәмілелері бойынша 112 шешім қабылдады.

ЕТҰ акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын өкілеттіктер шеңберінде басқарма ҚМГ ұстанымын айқындау және кейіннен ҚМГ уәкілетті өкілдеріне акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналыстарында дауыс беру үшін төмендегілерді қабылдады:

- «Каспий Құбыр Консорциумы-К» АҚ (11), «Каспий Құбыр Консорциумы-К» АҚ (3), «ҚазТрансОйл» АҚ (3), «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (2), «АстанаГаз ҚМГ» АҚ (2), «ТН KazMunaiGaz AG in liquidazione» компаниясы (1) акционері ретінде 22 шешім;
- Жарғылық капиталдағы, оның ішінде «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (11), «Теңізшевройл» ЖШС (10), «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc» ЖШС қатысу үлесінің қатысушысы/ сенімді басқарушы ретіндегі ҚМГ ұстанымын айқындау бойынша 99 шешім қабылданды. «Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк.» (7), «Н Оперейтинг Компани» ЖШС (6), «Эр Ликид Мұнай Тех Газы» ЖШС (6), «Орталық мұнайгаз компаниясы» ЖШҚ (5), «Исатай Оперейтинг Компани» ЖШС (5), «ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС (5), Cooperatieve KazMunaiGaz U. A. «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (4), «Теңіз-Сервис» ЖШС (4), «PGS Қазақстан» ЖШС (4), «CASPI BITUM» БК» ЖШС (4), «Каспий мұнай - газ компаниясы» ЖШҚ (3), «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университеті» ЖМ (3), «Vecturly Energy Operating» ЖШС (3), «Karagandy CCI (Қарағанды СиСиАй)» ЖШС (3), «ҚМГ-Үстірт» ЖШС (3), «Қазгермұнай» БК ЖШС (3), «ҚазОйлМаш» ЖШС (2), «Бейнеу-ҚазМұнайГаз» ЖШС (2). «КазРосГаз» ЖШС(1), «ҚазақстанПайплайн Венчурс» КОО-да (1) ҚМГ-нің позициясын анықтайтын 99 шешім.

Бұдан басқа, басқарма жалғыз акционердің/ ҚМГ еншілес ұйымдарының барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлғаның, оның ішінде «Өзенмұнайгаз» АҚ (12), «Ембімұнайгаз» АҚ (8), «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ (4), ТН KazMunaiGaz N.V. (2), KMG International N. V. (2), «Н Блок Б. В.» компаниясы (2), «ҚазТрансГаз» АҚ (1) шешімі ретінде 31 шешім қабылдады.

Басқарманың 229 шешімі ҚМГ еншілес ұйымдарының барлық қатысу үлестеріне ие жалғыз қатысушының/жалғыз құрылтайшының/тұлғаның, оның ішінде «ҚазМұнайГаз» өндіру және бұрғылау технологияларының ғылыми-зерттеу институты» ЖШС (19), «Oil Services Company» ЖШС (16), «Oil Construction Company» ЖШС (13), «ҚМГ-Құмкөл» ЖШС (13), «KMG Drilling&Services» ЖШС (12), «Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС (12), «Мұнайтелеком» ЖШС (12), «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС (11), «ҚазМұнайГазӨнімдері» ЖШС (11), «ҚазМұнайТеңіз» ТМК ЖШС (10), «Урихтау Оперейтинг» ЖШС (10)), «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (10), «KMG-Security» ЖШС (9), «Сәтпаев Оперейтинг» ЖШС (7), «ҚМГ-Евразия» ЖШС (7), «Қазақтүрікмұнай» ЖШС (6), «Қазақтеңізкөлікфлоты» ЖШС (6), «ҚМГ-Retail» ЖШС (6), «ҚМГ-Қарашығанақ» ЖШС (5), «KMG Systems & Services» ЖШС (5), «PSA» ЖШС (4), «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС (4), «АқтауНефтеСервис» ЖШС (3), «ҚазОйлМаш» ЖШС (3), «ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС (2), «Қазақстан» сауда-көрме орталығы» корпоративтік қоры (2), «Кен-Құрылыс Сервис» ЖШС (2), «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС (2), «ӨзенМұнайСервис» ЖШС (2), «KMG EP Catering» ЖШС (2), «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС (1), «Құрманғазы Петролеум» ЖШС (1), «Жамбыл Петролеум» ЖШС-ларының (1) шешімі болып табылады.

Дауыс беретін акциялары немесе қатысу үлесі ҚМГ-ге тікелей немесе жанама тиесілі, нәтижесінде құны 80 млрд теңгеден асатын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) ұйымның жарғысында тиісті құзыреті болған кезде

мәмілелер жасау бойынша Басқарма құзыретіне сәйкес немесе осындай ұйымның және ҚМГ-нің инвестициялық жобаларды жүзеге асыруы, олардың толық іске асырылуы инвестициялар жиынтығын жүзеге асыруды көздейтін, құны 80 млрд теңгеден асатын, ҚМГ Басқармасы белгілеген табалдырық есепті жыл ішінде ҚМГ Басқармасының шешімдерімен осындай 29 мәміле келісілді, оның ішінде 6 - «Қазтеңізкөлікфлоты» ЖШС, 5 - «Павлодар мұнай - химия зауыты» ЖШС, 4-«ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС, 3 - «ҚазМұнайТеңіз» ТМК ЖШС, 2 - «ҚазМұнайГазӨнімдері» ЖШС және «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, 1 - «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚМГ-Қарашығанақ» ЖШС, «Oil Services Company» ЖШС, «ҚазМұнайГаз» өндіру және бұрғылау технологияларының ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС және «Урихтау Оперейтинг» ЖШС.

Қордың Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен бекітілген (№126 хаттама) «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы мен дауыс беру акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидаларына сәйкес, ҚМГ Атқарушы ор-

ганы бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру бойынша 10 шешім қабылдады.

Сондай-ақ, 2018 жыл ішінде Басқарма шешімдерімен бекітілді:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарға қатысты дивиденттік саясаты
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Трансформация бағдарламасының жаңа редакциядағы жарғысы
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның жаңа редакциядағы «Басқарушы қызметкер» санатына жататын лауазымдар тізбесі
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кейбір басқарушы қызметкерлері қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерінің карталары және олардың 2018 жылға арналған нысаналы мәндері
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Әкімшілік лауазымдарына және «Басқарушы персонал» санатына жататын лауазымдар грейдтері
- сондай-ақ 4 регламент, 3 басшылық, 3 қағида, 20 ереже, 4 әдістеме, 5 жоспар және т. б.

## БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫАҚЫ БЕРУ

2018 жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ басқармасы мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері 543 534 808,33 теңгені құрады, бұл 2018 жылы басқарма құрамында болған кезеңде ҚМГ Басқарма мүшелеріне төленген еңбекақы мен ақшалай түрдегі көтермелеудің барлық түрлерінің жиынтық мөлшерін, сондай-ақ басқарма мүшелерінің

(басшы қызметкерлердің), «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің және корпоративтік хатшысының еңбегіне ақы төлеу қағидаларына сәйкес 2017 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша басқарма мүшелеріне «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 13.02.2013 жылғы №1/2012 шешімімен бекітілген.

# АКЦИОНЕРЛЕР МЕН ИНВЕСТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

## ҚМГ АКЦИОНЕРЛЕРІ (31.12.2018 ЖЫЛҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША)

Атауы	Жай акциялар, дана	Жай акциялар, % үлесі	Артықшылық акциялары	Барлық акциялар, дана	Барлығы акциялардың % үлесі
«Самұрық-Қазына» «Ұлттық әл-ауқат Қоры» АҚ	551 698 745	90,42	-	551 698 745	90,42
«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ	58 420 748	9,58	-	58 420 748	9,58

## ҚМГ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР (31.12.18 ЖАҒДАЙ БОЙЫНША)

Акция түрі	Жарияланан акциялардың саны	Орналастырылған акциялардың саны	Орналастырылмаған акциялардың саны
Жай акциялар	849 559 596	610 119 493	239 440 103

## ҚМГ КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТЕРІ

Moody's : Baa3 (2017 ж. тамызы)  
S&P: BB (2018 ж. қарашасы)  
Fitch: BBB- (2019 ж. наурызы)

## ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

### ҚМГ дивидендтік саясатының қағидаттары:

- Қор акцияларының мемлекеттік пакетіне Қордың дивидендтерді кепілді төлеуін қамтамасыз ету қағидаты;
- Қордың қаражаты есебінен іске асырылатын қызметтің жаңа түрлерін және инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, Қордың қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету қағидаты;
- Компаниялардың даму шығыстарын, оның ішінде өзінің инвестициялық қызметін қаржыландыру қажеттілігі қағидаты.

### Дивидендтер

2018 жылғы 21 мамыр айындағы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен 437 485 878 000 теңге мөлшерінде ҚМГ таза табысын бөлудің келесі тәртібі бекітілді:

- 1) ҚМГ шоғырландырылған таза кірісінің 8,29% - ін құрайтын 36 271 669 196,06 теңге мөлшеріндегі сома дивидендтерді төлеуге бағытталсын;
- 2) 2017 жылғы таза табыстың 401 214 208 830,94 теңге мөлшеріндегі қалған сома-сы ҚМГ иелігінде қалдырсын.

ҚМГ бір жай акциясына есептегенде 2017 жылғы дивидендтердің бекітілген мөлшері 61 теңге 54 тиынды құрады.

## Өткен жылдардағы төленген дивидендтер туралы мәліметтер:

- 2014 жылдың қорытындысы бойынша төленген дивидендтер сомасы 31,1 млрд теңгені құрады;
- 2015 жылдың қорытындысы бойынша төленген дивидендтер сомасы 59,7 млрд теңгені құрады;
- 2016 жылдың қорытындысы бойынша төленген дивидендтер сомасы 6,6 млрд теңгені құрады;
- 2017 жылдың қорытындысы бойынша төленген дивидендтер сомасы 36,2 млрд теңгені құрады.

## ИНВЕСТОРЛАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Кезең	Іс-шаралар	Өткен жері
Ақпан, 2018	Инвесторлармен Роуд-шоу (non-deal road-show)	Франкфурт, Лондон, Бостон, Нью-Йорк
Ақпан, 2018	Конференция шеңберінде инвесторлармен кездесулер	Майами
Наурыз, 2018	2017 жылдың 4-тоқсанының қаржылық және операциялық нәтижелер қорытындылары бойынша инвесторлармен конференц-қоңырау	Нұр-Сұлтан
Маусым, 2018	2018 жылдың 1-тоқсанының қаржылық және операциялық нәтижелер қорытындылары бойынша инвесторлармен конференц-қоңырау	Нұр-Сұлтан
Қыркүйек, 2018	Конференция шеңберінде инвесторлармен кездесулер	Лондон
Қыркүйек, 2018	2018 жылдың 2-ші тоқсанының қаржылық және операциялық нәтижелер қорытындылары бойынша инвесторлармен конференц-қоңырау	Нұр-Сұлтан
Қазан, 2018	Инвесторлармен Роуд-шоу (non-deal road-show)	Франкфурт, Лондон, Нью-Йорк
Желтоқсан, 2018	2018 жылдың 3-ші тоқсанының қаржылық және операциялық нәтижелер қорытындылары бойынша инвесторлармен конференц-қоңырау	Нұр-Сұлтан

## 2018 ЖЫЛДЫҢ КБК САҚТАУ БОЙЫНША ЕСЕПТІЛІК

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) Жалғыз акционерінің 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (хаттама № 22/15) бекітілген, ҚМГ-нің Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) қағидаттары мен ережелерін сақтау / сақтамау туралы есебі Кодекстің 6-тармағын

орындау мақсатында дайындалған және ҚМГ-нің Кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтауы / сақтамауы туралы ақпаратты қамтиды. 2018 жылдың қорытындылары бойынша, келесі аспектілерден басқа, жалпы алғанда, ҚМГ Кодекстің қағидаттары мен ережелеріне сәйкес келген:

№	КОДЕКСКЕ СІЛТЕМЕ	КОДЕКСТІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ	СӘЙКЕСТІК ДӘРЕЖЕСІ	ТҮСІНДІРМЕЛЕР
<b>ҮКІМЕТ</b>				
1	2-бөлімнің 1-тарауының 2-тармағы	Қордың Ұйымдары үшін оңтайлы активтер құрылымын қамтамасыз ету ұсынылады. Холдингтік компанияда бас компания акционерлік қоғам түрінде құрыла алады. Қалған ұйымдарды жауапкершілігі шектеулі серіктестік түрінде құру ұсынылады. Акционерлік қоғам түрінде құрылып қойған Ұйымдарда Қор тобының мүдделерін қамтамасыз етудің экономикалық, құқықтық және өзге аспектілерін ескере отырып, жауапкершілігі шектеулі серіктестік түріне қайта ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылады. Жаңа Ұйымдарды құру кезінде басымды ұйымдастырушылық-құқықтық нысан түрінде жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады. Акционерлік қоғам түрінде жаңа Ұйымдарды құруға тек айрықша жағдайларда, мәселен, кейіннен Ұйымның акцияларын қор нарығында жоспарлы сату жағдайында рұқсат етіледі.	ішінара сәйкес келеді	ҚМГ тобы бойынша Трансформациялау бағдарламасын іске асыру субхолдингтерді ұлттық компанияға қосу есебінен басқару деңгейлерінің санын қысқартуды қарастырады. Трансформациялау бағдарламасын орындау шеңберінде ҚМГ тобының активтер құрылымын оңайлату көзделеді, оның ішінде субхолдингтерді жабу / қайта ұйымдастыру есебінен жеңілдету көзделеді. Мысалы, 2018 жылы, ҚМГ-нің субхолдингі - «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ты ҚМГ-ге қосу бойынша іс-шаралар өткізілді, сондай-ақ «ҚазТрансГаз» АҚ-ты ҚМГ-ге біріктіру бойынша жұмыс тобы құрылды. 2015 жылдың желтоқсанында ҚР Үкіметімен 2016-2020 жылдарға арналған Жекешелендіру бойынша кешенді жоспар бекітілді, оған ҚМГ тобының 73 компаниясы қамтылды. 2018 жылы жекешелендіру шеңберінде 6 компания сатылды. ҚМГ тобының активтер құрылымын оңтайландыру бойынша жұмыс әріқарайда да жалғасатын болады. Жаңа Ұйымдарды құру кезінде ҚМГ Ұйымдарды ЖШС түрінде құруға басымдық береді. 2018 жылы акционерлік қоғам түрінде заңды тұлғалар құрылмаған.
2	2-бөлімнің 1-тарауының 14-тармағы	Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңестері іскерлік этика стандарттарының ендірілуін және олардың ұсталынуын қамтамасыз етеді. Қордың және ұйымдардың барлық лауазымдық тұлғалары мен қызметкерлері Іскерлік этика кодексімен танысу туралы өтінішке қол қоюлары тиіс және жүйелі түрде өздерінің Кодексті білулерін дәлелдеулері тиіс.	ішінара сәйкес келеді	Тәуелсіз консультант «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-мен өткізілген, ҚМГ-нің корпоративтік басқаруының диагностикасы нәтижелері бойынша Іскерлік этика кодексі жаңа редакцияда әзірленіп бекітілді (Директорлар кеңесінің 29.11.2018 жылғы шешімі, хаттама №18/2018). ҚМГ-нің барлық лауазымдық тұлғалары мен қызметкерлеріне ҚМГ-нің Іскерлік этика кодексімен танысу мақсатында оның ережелерімен танысу және оларды ұстану туралы өтінішке қол қоюлары және де жүйелі түрде өздерінің Кодексті білулерін дәлелдеулері үшін Үндеу жолданды. ҚМГ-нің еншілес және тәуелді ұйымдарына іскерлік этика құжаттарын ҚМГ-нің Іскерлік этика кодексіне сәйкес әзірлеу / келтіру тапсырылды.
<b>ҚОР ЖӘНЕ ҰЙЫМДАР</b>				
3	2-бөлімнің 2-тарауының 3-тармағы	Компаниялардың Директорлар кеңестері Компаниялардың жарғысымен белгіленген өз құзыреттіліктері шеңберіндегі шешімдер қабылдауда толық дербестікке ие.	ішінара сәйкес келеді	ҚМГ Жарғысының 4-тармағына сәйкес ҚМГ-нің қаржылық және өндірістік іс-әрекеті шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады; ҚМГ Жарғысының 13-тармағына сәйкес ҚМГ-нің мақсаты – дербес шаруашылық іс-әрекетті жүзеге асыру барысында таза кіріс алу; ҚМГ Жарғысының 24-тармағына сәйкес, ҚМГ өндірістік іс-әрекетті жоспарлаумен, қызметкерлердің еңбегін төлеумен, материалдық-техникалық жарақтандырумен, әлеуметтік дамумен, кірісті бөлумен, кадрларды іріктеумен, орналастырумен және қайта даярлаумен байланысты барлық сұрақтарды дербес шешеді. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқаттылық қоры туралы» Заңымен, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ-тың кейбір құжаттарымен («Самұрық-Қазына» АҚ-тың Директорлар кеңесінің 26.09.2017, хаттама №142 шешімімен бекітілген Инвестициялық саясат, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 16.10.2012, хаттама №40/12 шешімімен бекітілген, Барлық дауыс беруші акциялары тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі заңды тұлғалардың атқарушы орган басшыларын тағайындаумен және мерзімнен бұрын өкілеттіктерін тоқтатумен келісу қағидалары, Барлық дауыс беруші акциялары (қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ға («Самұрық-Қазына» АҚ тобы шеңберінде) тиесілі заңды тұлғалардың тізбесі, олардың атқарушы орган басшыларын тағайындау және мерзімнен бұрын өкілеттіктерін тоқтату ҚМГ Директорлар кеңесімен «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасымен келісім бойынша жүзеге асырылатын («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 04.09.2012, хаттама №36/12 шешімімен бекітілген), ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімдерді қабылдаудағы толық дербестігін шектейтін рәсімдер көзделеді (o.i. M&A мәмілелерін жасасу (қосылу және жұтылу), ҚМГ-нің еншілес және тәуелді ұйымдарының атқарушы орган басшыларын тағайындау).
4	2-бөлімнің 2-тарауының 9-тармағы	Холдингтік компанияның тобын басқарудың басқа да мүмкін механизмдері кейбір функцияларды орталықтандыруды қамтиды (жоспарлау, қазынашылық, бухгалтерлік есеп, ақпараттық технологиялар, құқықтық қамтамасыз ету, ішкі аудит және өзгелері).	ішінара сәйкес келеді	ҚМГ-ні Трансформациялау бағдарламасын іске асыру шеңберінде бизнес-функцияларды реинжинирингтеу бойынша бастама бөлігінде, ҚМГ қазіргі бизнес-үдерістерді талдау нәтижелерін ескере отырып, келесідей функцияларды орталықтандыру туралы шешім қабылдады: қазынашылық, ақпараттық технологиялар, бухгалтерлік және салықтық есеп, HR функциялар тиісті мамандандырылған сервистік ұйымдардың - Ортақ қызмет көрсеткіш орталықтарының негізінде. 2018 жылы функцияларды орталықтандыру бойынша тиісті жобаларды кезең-кезеңмен ендіру жүзеге асырылды, ақпараттық технологиялар бойынша Ортақ қызмет көрсету орталығын құру жұмысы жүргізілді, оған ҚМГ-ден ақпараттық технологиялар бөлігіндегі қызмет көрсетудің негізгі функциялары берілді. Әріқарайда Трансформациялау бағдарламасының Жол картасымен қарастырылған графикке сәйкес қаржылық функциялар бойынша ортақ қызмет көрсету орталығын құру жоспарланады (бухгалтерлік және салықтық есеп, сондай-ақ қазынашылық). Тек жекелеген ішкі аудит қызметінің болуы заңнаманың міндетті талабы болып табылатын, ҚМГ тобының компанияларынан басқа, ішкі аудит 2008 жылдан бері орталықтандырылған.

№	КОДЕКСКЕ СІЛТЕМЕ	КОДЕКСТІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ	СӘЙКЕСТІК ДӘРЕЖЕСІ	ТҮСІНДІРМЕЛЕР
<b>ОРНЫҚТЫ ДАМУ</b>				
5	2-бөлімнің 3-тарауының 5-тармағы	Қорда және Ұйымда Орнықты даму саласында басқару жүйесі құрастырылуы тиіс. Қорда және Ұйымда Орнықты даму саласында басқару жүйесі құрастырылуы тиіс.	<b>ішінара сәйкес келеді</b>	ҚМГ-дегі корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша жан-жақты жоспарға сәйкес 2019 жылы ҚМГ компаниялар тобында орнықты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі жетекшілікті бекіту жоспарланған. Аталмыш құжат Кодекске және «Самұрық-Қазына» АҚ-тың портфельдік компанияларына арналған орнықты даму бойынша референсті моделіне сәйкес әзірленетін болады және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу үдерісін ұйымдастыру, орнықты даму қағидаттарын түйінді үдерістерге интеграциялау және мониторингілеу, орнықты даму бойынша жыл сайынғы есептілікті дайындау, орнықты даму саласындағы басымды бағыттарды (бастамаларды) іске асыру, орнықты даму бойынша мәдениетті дамыту және қолдау, тәуекелдерді анықтау және бағалау, құжаттаманы басқару, орнықты даму саласындағы нәтижелілікті өлшеу сипаттамасын қамтитын болады.
6	2-бөлімнің 3-тарауының 5-тармағы	Директорлар кеңесі стратегиялық жетекшілікті және Орнықты дамудың ендірілуін бақылауды жүзеге асырады. Атқарушы орган тиісті іс-шаралар жоспарын қалыптастырады және оны Директорлар кеңесінің қарастыруына енгізеді.	<b>ішінара сәйкес келеді</b>	ҚМГ Директорлар кеңесінің ұзақ мерзімді құнын өсуін және орнықты дамуды қамтамасыз ету бойынша міндеті ҚМГ Жарғысымен қарастырылған. 2018 жылы «орнықты даму» ҚМГ-нің 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясындағы стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде анықталған. 2018 жылдың шілдесінде орнықты даму сұрақтарына арналған Стратегиялық сессия өткізілді. 2018 жылдың желтоқсанында Директорлар кеңесінің жаңа Комитеті – қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет (бұдан әрі - ҚЕҚОҚОДК). Орнықты дамудың ендірілуін бақылауды ҚЕҚОҚОДК жүзеге асыратын болады. ҚМГ-де орнықты даму бойынша іс-шаралар жоспары жоқ. Оны әзірлеу 2019 жылы бекітілуі жоспарланатын, ҚМГ компаниялар тобында орнықты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі жетекшіліктің жобасымен қарастырылған.
7	2-бөлімнің 3-тарауының 5-тармағы	Орнықты даму: 1) басқару жүйесіне; 2) даму стратегиясына; 3) түйінді үдерістерге біріктірілуі тиіс, тәуекелдерді басқару, жоспарлау (ұзақ мерзімді (стратегия), орташа мерзімді (5-жылдық даму жоспары) және қысқа мерзімді (жылдық бюджет) кезеңдер), есептілік, тәуекелдерді басқару, адами ресурстарды басқару, инвестициялар, операциялық іс-әрекет және басқалары қамтылады, сондай-ақ органдардан (акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер), Директорлар кеңесі, атқарушы орган) бастап қатардағы қызметкерлермен қоса барлық деңгейлерде шешімдерді қабылдау үдерістеріне біріктірілуі тиіс.	<b>сәйкес келмейді</b>	Орнықты дамуды түйінді үдерістерге интеграциялау жұмысының жүргізілуі 2019 жылы Директорлар кеңесінің ҚМГ компаниялар тобында орнықты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі жетекшілікті бекітуінен кейін жоспарланған. Аталмыш құжат, өзгелерімен қоса, Кодекске және «Самұрық-Қазына» АҚ-тың тиісті референсті моделіне сәйкес орнықты даму қағидаттарының түйінді үдерістерге біріктірілуін көздейді.
8	2-бөлімнің 3-тарауының 5-тармағы	Орнықты даму саласындағы басқару жүйесінде әрбір органның және барлық қызметкерлердің орнықты даму саласындағы қағидаттардың, стандарттардың, тиісті саясаттар мен жоспарлардың іске асырылуына жауапкершілік, олардың рөлдері, құзыреттіліктері айқын анықталып бекітілуі тиіс.	<b>ішінара сәйкес келеді</b>	Директорлар кеңесі орнықты даму қағидаттарын ілгерілету үшін басты жауапты болады: - компанияның Стратегиясының іске асырылуын қысқа және ұзақ мерзімді ПӘК талдау негізінде қадағалайды, - компания үшін орнықты даму қағидаттарының мәнін анықтайды және барлық мүдделі тараптарға тиімді коммуникацияны қамтамасыз етеді, - компанияның стратегиясын, бизнес-жоспарын және инвестициялық стратегиясын қалыптастыру кезінде Кодекске бекітілген корпоративтік басқару қағидаттарын, әлеуметтік мәселелерді және экология сұрақтарын белсенді түрде қарастырады. Стратегия жөніндегі басқарушы директор: - орнықты даму қағидаттары мен мақсаттарын сақтауға мүмкіндік беретін, орнықты даму саласындағы басқару жүйесінің құрылуы мен ендірілуіне, - орнықты даму саласындағы басқару жүйесінің түйінді үдерістерге, Даму стратегиясына және шешімдерді қабылдау үдерістеріне біріктірілуіне жауапты болады. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директор экологияға және қауіпсіздікке жауапты болады: - орнықты даму саласындағы басқару жүйесін құруға қатысу, - жетекшілік етілетін бағыт бойынша түйінді үдерістерге орнықты дамудың біріктірілуіне септігін тигізу. Адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директор әлеуметтік жауапкершілікке жауапты болады: - орнықты даму саласындағы басқару жүйесін құруға қатысу, - жетекшілік етілетін бағыт бойынша түйінді үдерістерге орнықты дамудың біріктірілуіне септігін тигізу. Басқарушы директор вице-президент – қаржылық директор экономикалық өркендеуге жауапты болады: - жетекшілік етілетін бағыт бойынша түйінді үдерістерге орнықты дамудың біріктірілуіне септігін тигізу, 2017 жылы Компанияда Ұйымдастырушылық және орнықты даму департаменті құрылды, ол Орнықты даму туралы есепті дайындауға және орнықты даму қағидаттарын ендіруге жауапты құрылымдық бөлімше болып табылады.
<b>АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ</b>				
9	2-бөлімнің 4-тарауының 2-тармағы	Ұйымдарда Акционерлердің жалпы жиналысымен (Жалғыз акционермен)/Қатысушымен (Жалғыз қатысушымен) бекітілетін, Директорлар кеңесін (Қадағалау кеңесін және/немесе Атқарушы органы) сайлаудың және сыйақысын тағайындаудың айқын тәртібі анықталуы тиіс. Директорлар кеңесін (Қадағалау кеңесін және/немесе Атқарушы органы) сайлау Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Ұйымның жарғысымен және ішкі құжаттарымен және де осы Кодекспен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.	<b>ішінара сәйкес келеді</b>	Директорлар кеңесін сайлау және Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақыны тағайындау сұрақтары «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі (хаттама № 35/16) шешімімен бекітілген, «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру қағидаларымен реттелген. Директорлар кеңесімен бекітілген, ҚМГ-дағы корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жан-жақты жоспарды орындау шеңберінде, 2019-2020 жылдары еншілес ұйымдардың Директорлар кеңесінің / Қадағалау кеңестерінің іс-әрекетінің тиімділігін жоғарылатуға бағытталған жұмысты жүргізу жоспарланады: ҚМГ-ның еншілес ұйымдарының корпоративтік басқару жүйесін бекіту және ендіру, ҚМГ Директорлар кеңесімен және/немесе ҚМГ Басқарма Төрағасымен ҚМГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарының Директорлар кеңесі / Қадағалау кеңестері мен бірінші басшыларының жыл сайынғы тыңдауларын жүргізу, Компанияның еншілес ұйымдарының Директорлар кеңестерінің / Қадағалау кеңестерінің Корпоративтік хатшыларымен Директорлар кеңесінің іс-әрекеті сұрақтары бойынша өзара әрекеттесуді жүзеге асыру және корпоративтік басқару тәжірибесін жетілдіру.
10	2-бөлімнің 4-тарауының 2-тармағы	Акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы Қорға меншік құқығында немесе сенімді басқару құқығында тиесілі компаниялармен таза пайданы бөлу және дивидендтерді төлеу Қордың дивидендтің саясатына сәйкес жүзеге асырылады.	<b>ішінара сәйкес келеді</b>	ҚМГ-мен таза пайданы бөлу және дивидендтерді төлеу «Самұрық-Қазына» АҚ-ның дивидендтің саясатына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте, 2017 жылы тәуелсіз консультант - «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-мен өткізілген, ҚМГ-нің корпоративтік басқаруының тәуелсіз диагностикасы нәтижелері бойынша өзіндік дивидендтік саясатты әзірлеу қажеттілігіне қатысты ұсыныс берілді. Директорлар кеңесімен бекітілген, 2019-2020 жылдарға арналған ҚМГ-дағы корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жан-жақты жоспарға сәйкес, тиісті іс-шара 2020 жылы іске асырылатын болады.

№	КОДЕКСКЕ СІЛТЕМЕ	КОДЕКСТІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ	СӘЙКЕСТІК ДӘРЕЖЕСІ	ТҮСІНДІРМЕЛЕР
<b>ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАН</b>				
11	2-бөлімнің 5-тарауының 6-тармағы	Қорға және Ұйымдарға Директорлар кеңесінің іс-әрекетінің үздіксіздігін және құрамының үдемелі жаңартылуын қолдау үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығы жоспарларының болуын қамтамасыз ету қажет.	ішінара сәйкес келеді	Директорлар кеңесінің ағымдық құрамындағы біліктер мен тәжірибені сәйкестендіру мақсатында және ҚМГ-нің Директорлар кеңесіне кандидаттар үшін біліктер, білімдер мен тәжірибе бейінін анықтау мақсатында, ҚМГ Директорлар кеңесінің тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің отырысында Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктері мен құзыреттіліктерінің матрицасы бекітілді (30.05.2018 жылғы хаттама №5/2018). Аталмыш Біліктері мен құзыреттіліктер матрицасы ҚМГ Директорлар кеңесінің талап етілетін біліктер, тәжірибе мен құзыреттіліктер бөлігіндегі теңгерімделген құрамын қамтамасыз етуге септігін тигізетін болады. 2019 жылы Сабақтастық жоспары туралы сұрақты ҚМГ Директорлар кеңесінің тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің отырысында қарастыру және де талқылау нәтижелері бойынша тиісінше сұрақты ҚМГ Директорлар кеңесінің қарастыруына шығару жоспарланған."
12	2-бөлімнің 5-тарауының 7-тармағы	Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітеді.	ішінара сәйкес келеді	ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелеріне арналған кәсіби даму бағдарламасын* әзірлеу және бекіту бойынша іс-шараларды іске асыру ҚМГ Директорлар кеңесінің 2019 жылға арналған Жұмыс жоспарында, сондай-ақ ҚМГ Директорлар кеңесімен бекітілген, 2019-2020 жылдарға арналған ҚМГ-дағы корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жан-жақты жоспармен қарастырылған.
13	2-бөлімнің 5-тарауының 12-тармағы	Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жылдың басына дейін бекітілетін жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі, ол қарастырылатын сұрақтардың тізбесін және күндері көрсетілген отырыстарды өткізу графигін қамтиды.	ішінара сәйкес келеді	ҚМГ Директорлар кеңесінің 2018 жылдағы отырыстары Директорлар кеңесінің бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді, ол өзгелермен қатар, сұрақтар тізбесін және отырыстарды өткізу күндерін қамтиды. ҚМГ Директорлар кеңесінің 2018 жылға арналған жұмыс жоспары сәйкесінше күнтізбелік жылдың басына дейін бекітілмеген. ҚМГ Директорлар кеңесінің 2018 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы шешімді ҚМГ Директорлар кеңесі 2018 жылдың 25 қаңтарында қабылдады (хаттама №1/2018).
14	2-бөлімнің 5-тарауының 12-тармағы	Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің ұсынылатын кезеңділігі жылына 8-12 отырысты құрайды.	ішінара сәйкес келеді	2018 жылы Директорлар кеңесінің 20 отырысы өткізілді. Оның ішінде: - Директорлар кеңесі мүшелерінің жеке қатысуымен өткізілген кезекті ашық отырыстар - 6; - конференц-байланыс арқылы өткізілген кезекті отырыстар - 5; - конференц-байланыс арқылы өткізілген кезектен тыс отырыстар - 8; - Директорлар кеңесінің Стратегия және орнықты даму бойынша отырысы - 1. Директорлар кеңесінің іс-әрекетін бағалауды ескере отырып, корпоративтік басқарудың диагностикасы нәтижелері бойынша тәуелсіз консультант Компанияның ашық отырыстардың санын азайту бөлігінде жұмыс қарқынын оңтайландыруды қолға алғандығын атап өтеді. Сонымен бірге Директорлар кеңесі отырыстарының қазіргі жиілігі тәуелсіз директорларға Компанияның іс-әрекеті туралы өзекті ақпаратты алуға және Атқарушы органға консультациялар беруге мүмкіндік беретіндей белгіленгендігі атап өтілді.
15	2-бөлімнің 5-тарауының 10-тармағы	Ұйымның Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақыны белгілеу Қормен әзірленетін әдіснамаға сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте Ұйым үшін аталған тұлғаның Директорлар кеңесінің құрамында болуынан күтілетін оң табыс назарға алынуы тиіс.	ішінара сәйкес келеді	2018 жылы ҚМГ Директорлар кеңесімен 20 отырыс өткізілді. Оның ішінде 11 - Директорлар кеңесінің кезекті отырыстары, 8 - конференц-байланыс арқылы өткізілген кезектен тыс отырыстар (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефонмен кеңесу» режимінде бірауқыттағы аңгімесі) және 1 - Стратегия және орнықты даму сұрақтарын талқылауға арналған Стратегиялық сессия. Директорлар кеңесі отырыстарының күнтізбелік сұрақтардың барынша көп саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жеке қатысуы болжамданатын, бірлесіп қатысу түріндегі ашық отырыстарында қарастырылатындай жоспарланды. Осыған байланысты, 2018 жылы Директорлар кеңесінің бірлесіп қатысу түріндегі ашық кезекті отырыстарының күнтізбелік сұрақтардың барынша көп саны конференц-байланыс арқылы өткізілген отырыстарының күнтізбеліктерінен гөрі көбірек сұрақтарды қамтыған. ҚМГ Директорлар кеңесінің бірлесіп қатысу түріндегі кезекті ашық отырыстарының күнтізбеліктері 20-дан 43 сұраққа дейін қамтыды. Кезектен тыс отырыстарда ҚМГ Директорлар кеңесі есептік кезеңде 1-ден 4 сұраққа дейін қарастырған. Сонымен бірге, 2018 жылы Директорлар кеңесімен қарастырылған сұрақтар санының әрқелкі бөлінуі кезектен тыс отырыстарды шақырумен түсіндіріледі, оларды өткізу қажеттілігі оларда қарастырылған сұрақтардың сипатымен шартталды. Бұл сұрақтар дереу шешім қабылдауды талап еткен мәселелер болатын - ҚМГ-нің ірі мұнай-газ жобаларындағы үлестерін басқару шеңберіндегі ҚМГ-ның міндеттемелері, еурооблигацияларды орналастыру шеңберінде банктердің ковенанттарын басқару сұрақтары.
16	2-бөлімнің 5-тарауының 13-тармағы	Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері жыл сайынғы негізде Ұйымның Директорлар кеңесімен бекітілген құрылымдалған үдерісінің шеңберінде бағалануы тиіс. Аталмыш үдеріс Қордың әдіснамасына сай болуы тиіс. Бұл ретте үш жылда кемінде бір рет бағалау тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.	ішінара сәйкес келеді	«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі (хаттама № 35/16) шешімімен «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру қағидалары бекітілді, олар өзгелермен қатар, Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгілеу тәртібін де қарастырады. Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері, компанияның іс-әрекет ауқымы, ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттері назарға алынады. Сыйақы тәуелсіз директорларға төленеді. «Самұрық-Қазына» АҚ-тың Ұйымдардың Директорлар кеңесінің құрамындағы өкілдеріне сыйақы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімі негізінде анықталады. ҚМГ-нің еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесіне (Қадағалау кеңестеріне) қатысты сәйкесінше құжатты ендіру жұмысы 2019 жылға жоспарланған.
17	2-бөлімнің 5-тарауының 14-тармағы	Директорлар кеңесін, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелерін бағалау, Директорлар кеңесінің мүшелеріне кері байланысты ұсыну және жақсартулар бойынша кейінгі шараларды әзірлеу Директорлар кеңесі төрағасының жетекшілігімен жүзеге асырылады. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің жеке отырысында талқыланады, оның нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі үшін жалпы және оның мүшелерінің әрқайсысы үшін жеке-жеке даму бағдарламасы әзірленеді.	ішінара сәйкес келеді	ҚМГ Директорлар кеңесінің 4.10.2018 жылғы (хаттама №14/2018) шешімімен ҚМГ-нің Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Комитеттерінің, Төрағасының, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Корпоративтік хатшысының іс-әрекетін бағалау туралы ереже бекітілді. Аталмыш құжат «Самұрық-Қазына» АҚ-тың тиісті әдістемелік ұсыныстарын ескере отырып әзірленді. 2018 жылы тәуелсіз консультант - «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-мен ҚМГ-нің корпоративтік басқаруының диагностикасын өткізуіне байланысты, Директорлар кеңесінің іс-әрекетін жеке бағалау жүргізілмеді.
18	2-бөлімнің 5-тарауының 12-тармағы	Директорлар кеңесіне бұрын қабылданған шешімдердің ревизиясын жүргізу ұсынылады. Шешімнің өзі де, оны қабылдау үдерісі де талдануы тиіс. Директорлар кеңесінің өз іс-әрекетін бағалауды жүргізу кезінде бұрын қабылданған шешімдердің ревизиясын жүргізу ұсынылады.	ішінара сәйкес келеді	2018 жылы тәуелсіз консультант - «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-мен ҚМГ-нің корпоративтік басқаруының диагностикасы өткізілді, оның шеңберінде Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің де іс-әрекеті бағаланды. Аталған диагностиканың нәтижелері бойынша ҚМГ-нің Директорлар кеңесімен 2019-2020 жылдарға арналған ҚМГ-дегі корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жан-жақты жоспар бекітілді, ол Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің іс-әрекетін әріқарайда жақсарту бойынша бірқатар іс-шаралар қамтылған. Диагностика нәтижелері Директорлар кеңесінің 6.02.2019 жылғы (хаттама №1/2019) отырысында қарастырылды.
19	2-бөлімнің 5-тарауының 15-тармағы	Корпоративтік хатшыға қатысты ұйымда лауазымға енгізу және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасы әзірленеді.	ішінара сәйкес келеді	Директорлар кеңесінің бұрын қабылданған шешімдерінің ревизиясын 2017 және 2018 жылдары ҚМГ-ның корпоративтік басқару деңгейінің диагностикасын жүргізу кезінде, оның ішінде Директорлар кеңесінің іс-әрекетін бағалау шеңберінде тәуелсіз консультант жүзеге асырған. Сәйкесінше талдау жүргізілді. Осыған ұқсас іс-шаралардың жүргізілуі 2019 жылы ҚМГ Директорлар кеңесінің іс-әрекетін бағалау үдерісі шеңберінде жоспарланады.
20	пункт 15 главы 5 раздела 2	В отношении корпоративного секретаря в организации разрабатывается программа введения в должность и планирования преемственности.	частично соответствует	Корпоративтік хатшының Сабақтастық жоспарын әзірлеу және бекіту бойынша іс-шараларды іске асыру 2019 жылы 2019-2020 жылдарға арналған ҚМГ-дегі корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жан-жақты жоспарды орындау шеңберінде қарастырылады. Осындай сабақтастықты жоспарлау Компанияның Директорлар кеңесінің іс-әрекеті туралы білімдердің үздіксіздігін қамтамасыз етуі тиіс.
<b>ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ</b>				
21	2-бөлімнің 6-тарауының 7-тармағы	Директорлар кеңесі аудит жөніндегі Комитетпен бірлесіп, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне жыл сайынғы бағалау жүргізуге жауапты болады.	ішінара сәйкес келеді	2018 жылы тәуелсіз консультант - «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-мен «Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит» компонентімен қоса, 5 компонент бойынша ҚМГ-нің корпоративтік басқару деңгейінің диагностикасы өткізілді.

\* Осы Есепті бекіту сәтінде ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелеріне арналған Кәсіби даму бағдарламасы бекітілген болатын (Директорлар кеңесінің 7.03.2019 шешімі, №3/2019 хаттама)

Д. Шарипов  
"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ  
Корпоративтік хатшысы





# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



«Эрнст энд Янг» ЖШС  
Әл-Фараби д-лы, 77/7  
«Есентай Тауэр» ғимараты  
Алматы қ., 050060  
Қазақстан Республикасы  
Тел.: +7 727 258 5960  
Факс: +7 727 258 5961  
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»  
пр. Аль-Фараби, 77/7  
здание «Есентай Тауэр»  
г. Алматы, 050060  
Республика Казахстан  
Тел.: +7 727 258 5960  
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP  
Al-Farabi ave., 77/7  
Esentai Tower  
Almaty, 050060  
Republic of Kazakhstan  
Tel.: +7 727 258 5960  
Fax: +7 727 258 5961

### Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясы) АҚ акционерлеріне және басшылығына

#### Пікір

Біз «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясы) АҚ мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – Топ) шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік. Ол 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жай-күйі бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептен, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептен және аталған күнде аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен, сондай-ақ есептік саясаттың негізгі ережелеріне шағын шолу жасалған ескертпелерден тұрады.

Біздің пікірімізше, қоса келтірілетін шоғырландырылған қаржылық есептілік Топтың 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жай-күйі бойынша қаржылық жағдайының барлық елеулі аспектілерін шынайы бейнелейді, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес, оның қаржылық нәтижелерін және аталған күнде аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражаттарының қозғалысын сипаттайды.

#### Пікір білдірудің негізі

Біз Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттарға сай біздің міндеттеріміз әріқарай біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» тарауында бейнеленген. Біз бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне («БХЭСК кодексі») сәйкес Топқа қатысты тәуелсізбіз, және де біз БХЭСК кодексіне сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біз анықтаған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті әрі тиісті негіз болып табылады деп ойлаймыз.

#### Аудиттің түйінді сұрақтары

Аудиттің түйінді сұрақтары бұл біздің кәсіби пайымдауымызға сай ағымдық кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша елеулі болған сұрақтар. Бұл сұрақтар жалпы алғанда шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті мәнмәнінде және осы шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды, және де біз осы сұрақтар бойынша жеке пікір білдірмейміз. Төменде көрсетілген сұрақтардың әрқайсысына қатысты, біздің аудитіміздің барысында тиісті сұрақ қалай қарастырылғандығы жайлы біздің сипаттамамыз осы мәнмәнінде келтіріледі.



Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» тарауында бейнеленген міндеттерді, оның ішінде осы сұрақтарға қатысты міндеттерімізді орындадық. Сәйкесінше, біздің аудит шоғырландырылған қаржылық есептілікті едәуір бұрмалау тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындауды қамтиды. Біздің аудиторлық рәсімдер, оның ішінде төменде көрсетілген сұрақтарды қарастыру барысында орындалған рәсімдер қоса келтірілетін шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің аудиторлық пікірімізді білдіруге негіз болып табылады.

#### Аудиттің түйінді сұрағы

#### Тиісінше түйінді сұрақ біздің аудитіміздің барысында қалай қарастырылды

##### Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы

Біздің ойымызша, аталмыш сұрақ ұзақ мерзімді активтердің, солардың ішінде өндіру, барлау және бағалау, қайта өңдеу активтерінің және мұнай-газ өндіруші және қайта өңдеуші бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларға салынған инвестициялардың қалдықтарының маңыздылығына, шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты, құнсыздануды талдаудың негізінде жатқан болжаулардың, сондай-ақ басшылықтың пайымдаулары мен бағалауларының субъективтілігінің жоғары деңгейіне байланысты біздің аудиторлық тексерісіміздегі аса маңызды сұрақтардың бірі деп санаймыз. Сонымен қатар, мұнай бағаларының және теңгенің тұрақсыздығы, инфляцияның өсуі мен қарыздар құнының артуы және болашақ экономикалық өсімге қатысты анықсыздық Топтың іс-әрекетінің келешегіне әсер етеді әрі әлеуетті түрде Топ активтерінің құнсыздануына әкелуі мүмкін.

Елеулі болжаулар дисконттау мөлшерлемелерін, мұнай мен мұнай өнімдерінің болжамды бағаларын және инфляция мен валюта айырбастау бағамдарының болжамды мөлшерлемелерін қамтиды. Елеулі бағалаулар өндіру жоспарын, болашақ күрделі шығындарды және игеру мен өндіруге қолжетімді мұнай-газ қорларын қамтиды. Ұзақ мерзімді активтер мен құнсыздануға орындалған тесттер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 4-ші Ескертпесінде келтірілген.

Біз құнсыздану талдауын тестілеу және өтелетін құнды есептеу үшін басшылықпен дайындалған бағалау сұрақтары бойынша біздің мамандарымызды жұмылдырдық. Біз басшылықтың болжамдары негізінде жатқан болжауларды талдадық. Өтелетін құн есептеуінде пайдаланылған, мұнай мен мұнай өнімдерінің бағаларын қолжетімді нарықтық болжамдармен салыстырдық.

Біз дисконттау мөлшерлемелері мен ұзақ мерзімді өсім мөлшерлемелерін нарықтың жалпы көрсеткіштерімен және өзге де қолжетімді мәліметтермен салыстырдық. Құнсыздану модельдерінің математикалық дәлдігін бағалап, құнсыздану тесттері нәтижелерінің болжаулардың өзгеруіне сезімталдығын талдадық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте құнсыздану тесттері туралы ашып жариялаулардың талдауын жүргіздік.



### **Міндеттемелер бойынша белгіленген көрсеткіштерді сақтау**

Несиелік келісімдердің шарттарына сәйкес, Топ қаржылық және қаржылық емес шектеуші шарттарды сақтауы тиіс. Сауда, түсім немесе пайда көлемдеріне тәуелді көрсеткіштер бұзылуы мүмкін болуының үлкен ықтималдығы бар, әсіресе мұнай бағаларының тұрақсыздығы мен одан жоғары пайдаланушылық шығындар әсер ететін еншілес ұйымдарда, сондықтан аудит барысында біз осы сұраққа ерекше назар аудардық. Көрсеткіштердің бұзылуы қаржыландырудың тапшылығына әкелуі мүмкін. Кросс-дефолт туралы ережелер Топтың несиелік келісімдері бойынша әрекет етеді. Несиелік келісімдер бойынша шектеуші шарттарды сақтау аудит үшін барынша маңызды болып табылады, өйткені шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылатын іс-әрекеттің үздіксіздігі туралы болжауға, сондай-ақ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте есептелетін пайыздар бойынша міндеттемелерді жіктеуге үлкен әсер етеді.

Көрсеткіштер бойынша талаптарды сақтау туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 18-ші Ескертпесінде ашып көрсетілген.

### **Топтың 2018 жылғы Жылдық есебіне қосылған өзге ақпарат**

Өзге ақпарат Топтың 2018 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпаратты қамтиды, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілікті және ол бойынша біздің аудиторлық есебімізді қамтымайды. Өзге ақпарат үшін басшылық жауапты болады. Топтың 2018 жылғы Жылдық есебі, болжам бойынша, бізге осы аудиторлық есеп шығарылған соң ұсынылатын болады. Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз өзге ақпаратқа таралмайды, және де біз аталмыш ақпаратқа қатысты қандай да бір түрде сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Біз несиелік келісімдердің шарттарын зерттеп, қаржылық және қаржылық емес шектеуші шарттардың, мерзімнен бұрын өтеу талабының шарттарына және дефолт оқиғаларына талдау жүргіздік. Біз қаржылық көрсеткіштерді сақтауға қатысты банктерден келетін дәлелдеулердің болуын тексердік. Қаржылық көрсеткіштерді есептеуде пайдаланылатын деректерді қаржылық есептілікпен салыстырдық. Біз міндеттемелер бойынша белгіленген көрсеткіштерді сақтаудың есептеулерінің математикалық дәлдігін тексердік.

Біз Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде міндеттемелер бойынша белгіленген көрсеткіштерді сақтау туралы ашып жариялаулардың талдауын жүргіздік.



Біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуімізге байланысты, міндетіміз – жоғарыда көрсетілген өзге ақпарат бізге ұсынылған кезде онымен танысу әрі өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында анықталған білімдеріміздің арасында елеулі сәйкессіздіктер бар-жоғын және өзге ақпарат басқа да елеулі бұрмалаулардың қамтуын-қамтымауын қарастыру.

### **Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі**

Басшылық аталған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес дайындалуына және шынайы ұсынылуына және де алақол әрекеттердің не қателіктердің салдарынан елеулі бұрмалануларды қамтымайтын шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз іс-әрекетін үздіксіз жалғастыру қабілеттілігін бағалауға, сәйкесінше жағдайларда іс-әрекеттің үздіксіздігіне жататын мәліметтерді ашып жариялауға және, басшылықтың Топты жабу, оның іс-әрекетін тоқтату ниеті бар кездегі немесе оның сондай әрекеттерге шынайы баламасы жоқ болуы кезіндегі жағдайлардан басқа, іс-әрекеттің үздіксіздігі туралы болжаудың негізіндегі есептілікті құрастыруға жауапты болады.

Аудит жөніндегі комитет Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау үдерісін қадағалауға жауапты болады.

### **Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі**

Біздің мақсаттарымыз – жалпы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің алақол әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан елеулі бұрмалауларды қамтымайтындығына сенімді болу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығару. Саналы сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін сипаттайды, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сай жүргізілген аудиттің бар болатын бұрмалауды әрқашан анықтайтындығына кепілдік бере алмайды. Бұрмалаулар алақол әрекеттердің не қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және, егер олар жеке-жеке немесе кешенді түрде осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде пайдаланушылармен қабылданатын экономикалық шешімдерге әсер етуі мүмкін деп дәлелді түрде болжанса, елеулі болып саналады.



Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде, біз кәсіби пайымдауды қолданып, бүкіл аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесілерді орындаймыз:

- алақол әрекеттердің не қателіктердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануының тәуекелдерін анықтап бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлеп жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті әрі тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді анықтаймыз. Қателіктердің нәтижесіндегі елеулі бұрамалауды анықтамау тәуекелінен гөрі, алақол әрекеттердің нәтижесіндегі елеулі бұрамалауды анықтамау тәуекелі жоғары болады, өйткені алақол әрекеттер сөз келісу, жалған жасау, қасақана өткізу, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс әрекет етуді қамтуы мүмкін;
- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жайттарға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінуге қол жеткіземіз;
- қолданылатын есептік саясаттың тиісті сипатын және басшылықпен анықталған бухгалтерлік бағалаулар мен сәйкесінше ақпаратты ашып жариялаудың негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың іс-әрекеттің үздіксіздігі туралы болжауды қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және анықталған аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз іс-әрекетін үздіксіз жалғастыру қабілеттігіне деген едәуір күмәндерді туғызуы мүмкін оқиғалармен немесе шарттармен байланысты елеулі анықсыздық бар-жоқтығы туралы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі анықсыздықтың бар болуы туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты сәйкесінше ашып жариялауға назар аудартуымыз тиіс, немесе, егер сондай ақпаратты ашып жариялау тиісті түрде болмаса, пікірімізді өзгертуіміз тиіс. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда, болашақ оқиғалар немесе шарттар Топтың өз іс-әрекетін үздіксіз жалғастыру қабілеттігін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- жалпы шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынуды, оның құрылымы мен мазмұнын, соның ішінде ақпаратты ашып жариялауды бағалаймыз, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды шынайы ұсынуды қамтамасыз ететіндей ұсына алатындығын бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін, Топ ішінде ұйымдардың қаржылық ақпаратына және шаруашылық қызметіне қатысты тиісті түрдегі жеткілікті аудиторлық дәлелдерді анықтаймыз. Біз Топтың аудитін жалпы басқару, бақылау және жүргізу үшін жауаптымыз. Біз біздің аудиторлық пікіріміз үшін жеке-дара жауапты болып табыламыз.




Біз Аудит жөніндегі комитетпен ақпараттық тұрғыда өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз, өзгелермен қатар, аудиттің жоспарлы көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудиттің нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде, егер біз аудит барысында сондайларды анықтайтын болсақ, ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты оның ақпарына жеткіземіз. Сонымен бірге, біз Аудит жөніндегі комитетке біздің тәуелсіздікке қатысты барлық сәйкесінше этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы және аудитордың тәуелсіздігіне әсер етуші деп дәлелді түрде санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар туралы, ал қажетті жағдайларда – тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еткендігіміз жайлы өтініш тапсырамыз.

Аудит жөніндегі комитеттің ақпарына жеткізген сұрақтардың ішінен біз ағымдық кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған, демек, аудиттің түйінді сұрақтары болып табылатын сұрақтарды айқындаймыз. Осы сұрақтар туралы ақпаратты ашып жариялау заңмен не нормативтік актімен тыйым салынған жағдайлардан басқа немесе аса сирек жағдайларда біз қандай да бір сұрақ туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс, өйткені сондай ақпаратты хабарлаудан болатын теріс салдарлар гөрі, оны хабарлаудан болуы мүмкін пайдадан асып түсетіндігі болжанады деген тұжырымға келген жағдайлардан басқа, біз осы сұрақтарды аудиторлық есебімізде сипаттаймыз.

Нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудитті жүргізуге жауапты әріптес — Гүлмира Тұрмағамбетова.

ООО «Эрнст энд Янг»



Гүлмира Тұрмағамбетова  
Аудитор/Бас директор  
«Эрнст энд Янг» ЖШС

Аудитордың біліктілік куәлігі 1998 жылғы 21 ақпандағы №0000374



Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға рұқсат беретін мемлекеттік лицензия сериясы МФЮ-2 №0000003, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен 15 шілде 2005 жылы берілген.

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
Әл-Фараби даңғ., 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

12 наурыз 2019 жыл

# ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

## ҚАРЖЫЛЫҚ КҮЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Еск.	31 желтоқсанына	
		2018 жылдың	2017 жылдың (қайта есептелген)*
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар	7	4 515 169 879	4 080 164 484
Барлау және бағалау бойынша активтер	8	189 799 553	253 326 100
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	9	24 187 775	27 423 225
Материалдық емес активтер	10	173 077 337	185 205 427
Ұзақ мерзімді банк салымдары	11	52 296 877	48 523 034
Бірлескен кәсіпорындарға және қауымдастырылған компанияларға инвестициялар	12	4 895 444 182	3 823 629 586
Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер	30	97 881 412	98 680 503
Өтеуге жататын ҚҚС		113 073 093	96 666 045
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар		27 176 258	124 906 942
Займдар және байланысқан тараптардың дебиторлық берешегі	15	638 527 897	672 448 689
Өзге қаржылық активтер		4 752 591	4 161 312
Өзге ұзақ мерзімді активтер		16 941 980	17 401 423
		<b>10 748 328 834</b>	<b>9 432 536 770</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>			
Тауарлық-материалдық қорлар	13	312 298 668	250 368 907
Өтеуге жататын ҚҚС		66 522 257	69 605 981
Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем		53 142 708	36 134 973
Саудалық дебиторлық берешек	14	493 977 474	467 867 255
Қысқа мерзімді банк салымдары	11	386 459 273	1 638 940 642
Займдар және байланысқан тараптардың дебиторлық берешегі	15	148 615 167	169 501 500
Өзге ағымдағы активтер	14	204 722 719	196 110 129
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	16	1 539 452 842	1 263 987 456
		<b>3 205 191 108</b>	<b>4 092 516 843</b>
Сатуға арналған болып жіктелген активтер	5	61 759 624	24 904 588
		<b>3 266 950 732</b>	<b>4 117 421 431</b>
<b>ЖАЛПЫ АКТИВТЕР</b>		<b>14 015 279 566</b>	<b>13 549 958 201</b>

## ҚАРЖЫЛЫҚ КҮЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

Мың теңгемен	Еск.	31 желтоқсанына	
		2018 жылдың	2017 жылдың (қайта есептелген)*
<b>КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
<b>КАПИТАЛ</b>			
Жарғылық капитал	17	916 540 545	709 344 505
Қосымша төленген капитал	17	40 794 146	243 876 410
Өзге капитал		83 185	83 185
Есептіліктің валютасын қайта есептеуден шыққан резерв		1 764 108 464	1 295 091 189
Бөлінбеген пайда		4 341 062 348	3 665 191 668
<b>Бас компанияның акционерлеріне жататын</b>		<b>7 062 588 688</b>	<b>5 913 586 957</b>
<b>Бақыланбайтын қатысу үлесі</b>	17	<b>80 479 625</b>	<b>870 017 901</b>
<b>Жалпы капитал</b>		<b>7 143 068 313</b>	<b>6 783 604 858</b>
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Займдар	18	3 822 647 614	3 417 111 859
Резервтер	20	229 797 170	203 774 487
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер	30	479 597 579	380 738 225
Қаржылық кепілдіктер		11 501 379	10 767 166
Мұнай жеткізу келісімшарттары бойынша алдын-ала төлем	19	480 250 001	581 577 501
Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер		40 261 965	46 426 823
		<b>5 064 055 708</b>	<b>4 640 396 061</b>
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>			
Займдар	18	330 590 078	884 140 278
Резервтер	20	98 470 933	78 812 199
Төленуге тиісті табыс салығы		13 271 808	10 081 239
Саудалық кредиторлық берешек	21	632 739 333	513 851 048
Төленуге тиісті өзге салықтар	22	105 026 042	101 198 347
Қаржылық кепілдіктер		1 831 135	1 170 697
Мұнай жеткізу келісімшарттары бойынша алдын-ала төлем	19	384 200 000	332 330 000
Өзге ағымдағы міндеттемелер	21	236 987 600	202 444 812
		<b>1 803 116 929</b>	<b>2 124 028 620</b>
Сатуға арналған болып жіктелген активтерге қатысты міндеттемелер	5	5 038 616	1 928 662
<b>Жалпы міндеттемелер</b>		<b>6 872 211 253</b>	<b>6 766 353 343</b>
<b>ЖАЛПЫ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		<b>14 015 279 566</b>	<b>13 549 958 201</b>
<b>Бір акцияның теңгерімдік құны</b>	17	<b>11 424</b>	<b>11 195</b>

\* Бұл бағанда келтірілген кейбір сомалар 2017 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетпелерді сипаттайды, олар туралы ақпарат 5-ескертпеде келтірілген.

## ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Еск.	31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін	
		2018 жылдың	2017 жылдың (қайта есептелген)*
Сатылған өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен түсім	23	6 988 964 296	4 793 762 540
Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	24	5 353 492 461	3 704 456 783
<b>Жалпы пайда</b>		<b>1 635 471 835</b>	<b>1 089 305 757</b>
Жалпы және әкімшілік шығыстар	25	247 127 562	200 433 904
Тасымалдау және сату шығыстары	26	659 447 128	440 568 108
Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің құнсыздануы	27	165 522 259	24 659 554
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және инвестициялық жылжымайтын мүліктің есептен шығуынан болған залал, нетто		3 516 894	3 814 867
Өзге операциялық кіріс		23 034 658	20 164 501
Өзге операциялық залал		24 143 678	33 595 412
<b>Операциялық іс-әрекеттен келген кіріс</b>		<b>558 748 972</b>	<b>406 398 413</b>
(Теріс)/оң бағамдық айырма, нетто		38 319 521	67 054 683
Қаржылық кіріс	28	161 026 892	122 573 831
Қаржылық шығыстар	28	427 655 205	306 355 390
Бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануын қалпына келтіру	12	–	14 845 359
Сатуға арналған болып жіктелген активтердің құнсыздануы		168 378	67 594
Еншілес компанияның шығуынан болған пайда	6	18 358 902	–
Бірлескен кәсіпорындардың және қауымдастырылған компаниялардың кірістеріндегі үлес, нетто	29	697 326 157	414 949 811
<b>Табыс салығын есептеуге дейінгі пайда</b>		<b>969 317 819</b>	<b>719 399 113</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	30	279 259 657	190 284 988
<b>Жалғасатын іс-әрекеттен түсетін жыл ішіндегі кіріс</b>		<b>690 058 162</b>	<b>529 114 125</b>
<b>Аяқталған іс-әрекет</b>			
Аяқталған іс-әрекеттен келетін салық салудан кейінгі пайда/(залал)	5	3 452 792	3 666 118
<b>Жыл ішіндегі пайда</b>		<b>693 510 954</b>	<b>525 448 007</b>
<b>Жыл ішіндегі таза пайда/(залал):</b>			
Бас Компанияның акционерлеріне келетін		695 863 672	443 407 854
Бақыланбайтын қатысу үлесіне келетін		2 352 718	82 040 153
		<b>693 510 954</b>	<b>525 448 007</b>

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП  
(ЖАЛҒАСЫ)

Мың теңгемен	Еск.	31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін	
		2018 жылдың	2017 жылдың (қайта есептелген)*
<b>Өзге жиынтық кіріс</b>			
Келесі кезеңдерде пайданың немесе залалдың құрамында қайта жіктелуге тиісті, өзге жиынтық кіріс/(залал):			
Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болатын бағамдық айырма		479 195 360	75 011 198
Шығу тобының жинақталған бағамдық айырмасы		475 673	423 776
<b>Келесі кезеңдерде пайданың немесе залалдың құрамында қайта жіктелуге тиісті, таза өзге жиынтық кіріс/(залал)</b>		<b>478 719 687</b>	<b>75 434 974</b>
Келесі кезеңдерде пайданың немесе залалдың құрамында қайта жіктелуге тиісті емес, өзге жиынтық залал:			
Топтық белгіленген төлемдерімен бірге жоспарлар бойынша актуарлық залалдарды қайта бағалау		3 658 106	1 148 036
Бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдерімен бірге жоспарлар бойынша актуарлық залалдарды қайта бағалау		159 594	173 333
Мерзімі ұзартылған салықтық активтерді есептен шығару		–	150 746
Жиынтық залал компоненттерінің салықтық табысы		85 489	8 642
<b>Келесі кезеңдерде пайданың немесе залалдың құрамында қайта жіктелуге тиісті емес, таза өзге жиынтық залал</b>		<b>3 903 189</b>	<b>1 463 473</b>
<b>Жыл ішіндегі өзге жиынтық кіріс/(залал)</b>		<b>474 816 498</b>	<b>76 898 447</b>
<b>Табыс салығы шегерілген, жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс</b>		<b>1 168 327 452</b>	<b>448 549 560</b>
<b>Жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс:</b>			
Бас Компанияның акционерлеріне келетін		1 161 006 802	366 948 405
Бақыланбайтын қатысу үлесіне келетін		7 320 650	81 601 155
		<b>1 168 327 452</b>	<b>448 549 560</b>

\* Бұл бағанда келтірілген кейбір сомалар 2017 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетпелерді сипаттайды, олар туралы ақпарат 5-ескертепде келтірілген.

## АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін	
	2018 жылдың	2017 жылдың (қайта есептелген)*
<b>Операциялық іс-әрекеттен түскен ақшалай ағындар</b>		
Сатып алушылардан түскен түсулер	7 619 487 095	5 634 357 593
Жеткізушілерге төлемдер	5 097 946 002	3 715 959 005
Өзге салықтар және төлемдер	1 257 586 494	914 413 795
Төленген табыс салығы	186 199 158	112 604 740
Алынған сыйақы	134 364 944	104 803 503
Төленген сыйақы	248 341 171	216 639 835
Жұмыскерлерге төлемдер	387 218 685	369 717 122
Салықтық органдардың салықтарды қайтаруы	29 875 789	79 392 887
Әлеуметтік төлемдер және зейнетақылық жарналар	52 368 596	51 613 541
Өзге төлемдер	100 077 386	37 717 403
<b>Операциялық іс-әрекеттен түскен ақшалай ағындардың таза түсулері</b>	<b>453 990 336</b>	<b>399 888 542</b>
<b>Инвестициялық іс-әрекеттен түскен ақшалай ағындар</b>		
Банктерде салымдарды таза орналастыру	1 295 272 246	457 272 356
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау және бағалау бойынша активтерді сатып алу	430 306 245	464 352 881
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау және бағалау бойынша активтерді сатудан түскен ақшалай қаражаттардың түсулері	8 710 820	1 408 198
Еншілес ұйымның шығуынан болған ақшалай қаражаттардың түсулері (Ескертпе 6)	18 111 600	9 151 261
Сатып алынған еншілес ұйымның ақшалай қаражаттары	-	180 678
Бірлескен кәсіпорындардан және қауымдастырылған компаниялардан алынған дивидендтер	160.060.909	271.782.500
Бірлескен кәсіпорындарды сатып алу және оларға салынған салымдар	1 467 361	2 625
Бірлескен кәсіпорындарды сатудан түскен түсулер (Ескертпе 5)	2 000 000	-
Бірлескен кәсіпорындарға салынған салымдардың қайтарылуы	93 072 267	1 714 856
Байланысқан тараптарға берілген займдар	64 716 059	184 707 890
Байланысқан тараптардан займдардың қайтарылуы	40 983 976	455 324
Қарыздық қағаздар бойынша түсулер/(сатып алу)	243 942	332 401
Бірлескен кәсіпорынның қатысушысынан алуға арналған вексель (Ескертпе 31)	29 174 223	-
<b>Инвестициялық іс-әрекеттегі ақшалай қаражаттардың таза түсулері/(пайдалану)</b>	<b>1 151 140 318</b>	<b>821 975 336</b>

## АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

Мың теңгемен	31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін	
	2018 жылдың	2017 жылдың (қайта есептелген)*
<b>Қаржылық іс-әрекеттен түскен ақшалай ағындар</b>		
Займдар бойынша түсулер (Ескертпе 18)	1 249 906 641	1 508 170 132
Займдарды өтеу (Ескертпе 18)	2 069 977 321	689 074 491
Самұрық-Қазынаға және ҚР Ұлттық банкіне төленген дивидендтер (Ескертпе 17)	36 273 040	45 877 517
Бақыланбайтын қатысу үлесіне төленген дивидендтер (Ескертпе 17)	6 389 605	12 415 761
Еншілес компанияның өзіндік акцияларын төлеп алуы (Ескертпе 17)	642 524 031	-
Акцияларды шығару (Ескертпе 17)	7	1
<b>Қаржылық іс-әрекеттегі ақшалай қаражаттардың таза (пайдалану)/түсулері</b>	<b>1 505 257 349</b>	<b>760 802 364</b>
Ақшалай қаражаттарға және олардың баламаларына айырбастау бағамдарының әсер етуі	179 467 721	22 436 734
Қүтілетін несиелік залалдардың келетін резервтегі өзгеріс	97 970	-
<b>Ақшалай қаражаттардағы және олардың баламаларындағы таза өзгеріс</b>	<b>279 243 056</b>	<b>361 152 304</b>
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары, жылдың басында	1 266 604 815	905 452 511
<b>Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары, жылдың аяғында</b>	<b>1 545 847 871</b>	<b>1 266 604 815</b>

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен			Бас Компанияның акционерлеріне келетін					
	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Өзге капитал	Есептіліктің валютасын қайта есептеуден шыққан резерв	Бөлінбеген пайда	Жалпы	Бақыланбайтын қатысу үлесі	Жалпы
<b>2016 жылдың 31 желтоқсанына (қайта есептелген) (Ескертпе 5)</b>	696 376 625	243 655 405	222 074	1 370 264 462	3 322 319 176	5 632 837 742	801 560 097	6 434 397 839
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	443 407 854	443 407 854	82 040 153	525 448 007
Өзге жиынтық кіріс	-	-	-	75 173 273	1 286 176	76 459 449	438 998	76 898 447
<b>Жыл ішіндегі жиынтық кірістің жалпы сомасы</b>	-	-	-	75 173 273	442 121 678	366 948 405	81 601 155	448 549 560
Жарғылық капиталға салым	12 967 880	221 005	-	-	-	13 188 885	-	13 188 885
Дивидендтер	-	-	-	-	45 878 887	45 878 887	13 269 562	59 148 449
САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНАНЫҢ БӨЛІП ТАРАТУЛАРЫ	-	-	-	-	23 634 306	23 634 306	-	23 634 306
Самұрық-Қазынамен операциялар (Ескертпе 17)	-	-	-	-	29 735 993	29 735 993	-	29 735 993
Акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша опциондарды орындау	-	-	130 900	-	-	130 900	130 900	-
Акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша опциондарды шығарып алу	-	-	7 989	-	-	7 989	4 689	12 678
<b>2017 жылдың 31 желтоқсанына (қайта есептелген)</b>	709 344 505	243 876 410	83 185	1 295 091 189	3 665 191 668	5 913 586 957	870 017 901	6 783 604 858
<b>2017 жылдың 31 желтоқсанына (қайта есептелген) (Ескертпе 5)</b>	709 344 505	243 876 410	83 185	1 295 091 189	3 665 191 668	5 913 586 957	870 017 901	6 783 604 858
Есеп саясатындағы өзгеріс(Ескертпе 3)	-	-	-	-	12 391 462	12 391 462	6 195	12 397 657
<b>2018 жылдың 1 қаңтарына (қайта есептелген)</b>	709 344 505	243 876 410	83 185	1 295 091 189	3 652 800 206	5 901 195 495	870 011 706	6 771 207 201
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	695 863 672	695 863 672	2 352 718	693 510 954
Өзге жиынтық кіріс	-	-	-	469 017 275	3 874 145	465 143 130	9 673 368	474 816 498
<b>Жыл ішіндегі жиынтық кірістің жалпы сомасы</b>	-	-	-	469 017 275	691 989 527	1 161 006 802	7 320 650	1 168 327 452
Жарғылық капиталға салым (Ескертпе 17)	207 196 040	203 082 264	-	-	-	4 113 776	-	4 113 776
Дивидендтер (Ескертпе 17)	-	-	-	-	36 271 669	36 271 669	6 200 599	42 472 268
Самұрық-Қазынаның бөлулері (Ескертпе 17)	-	-	-	-	27 383 179	27 383 179	-	27 383 179
Самұрық-Қазынамен операциялар (Ескертпе 17)	-	-	-	-	88 545 678	88 545 678	-	88 545 678
Еншілес компанияны сатып алу	-	-	-	-	-	-	345 040	345 040
Еншілес компанияның өзіндік акцияларын төлеп алу (Ескертпе 17)	-	-	-	-	148 473 141	148 473 141	790 997 172	642 524 031
<b>2018 жылдың 31 желтоқсанына</b>	916 540 545	40 794 146	83 185	1 764 108 464	4 341 062 348	7 062 588 688	80 479 625	7 143 068 313



Шоғырландырылған қаржылық есепке ескертпелер



# ТЕРМИНДЕР, АББРЕВИАТУРАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚМГ, ҚМГ ҰК «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ

<b>АГҚ</b>	«Азия газ құбыры» ЖШС
<b>АГТКС</b>	Автомобиль газ толтыру компрессорлық станциясы
<b>АҚС</b>	Автожанармай құю станциясы
<b>АМӨЗ</b>	Атырау мұнай өңдеу зауыты
<b>АҚ</b>	Акционерлік қоғам
<b>м.б.барр.</b>	мұнай баламасының баррелі
<b>ЖІӨ</b>	Жалпы ішкі өнім
<b>БШГҚ</b>	«Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС
<b>ЖДҚ</b>	Жаһандық депозитарлық қолхат
<b>ЖМБ</b>	Жаһандық Метан Бастамасы
<b>ҚГЖ</b>	Қабаттың гидравликалық жарылуы
<b>ГТІ</b>	Геологиялық-техникалық іс-шаралар
<b>ЕТҰ</b>	Еншілес тәуелді ұйым
<b>ИОА</b>	«Интергаз Орталық Азия» АҚ
<b>ҚБТУ</b>	Қазақстан-Британ Техникалық Университеті
<b>КМГИ</b>	KPMG International компаниялар тобы
<b>КТКФ</b>	«Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС»
<b>ҚХР</b>	Қытай Халық Республикасы
<b>ҚНҚ</b>	Қызметтің негізгі көрсеткіші
<b>ҚПО</b>	«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б. В.»
<b>КТҚС</b>	Каспий теңізінің қазақстандық секторы
<b>ҚТГ</b>	«ҚазТрансГаз» АҚ
<b>ҚТГА</b>	«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ
<b>КҚК</b>	Каспий құбыр желісі консорциумы
<b>ҚТО</b>	«ҚазТрансОйл» АҚ
<b>ҚМГ КО</b>	«ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ корпоративтік орталығы»
<b>ҚЕХС</b>	Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары
<b>ӨТ БҒЗИ</b>	Өндіру технологиясы және бұрғылау ғылыми-зерттеу институты
<b>МГӨБ</b>	Мұнай-газ өндіру басқармасы
<b>НКОК</b>	Норт Каспиан Оперейтинг Компаниясы
<b>МӨЗ</b>	Мұнай өңдеу зауыты
<b>БҰҰ</b>	Біріккен Ұлттар Ұйымы
<b>МӘЕҰ</b>	Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы
<b>ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ</b>	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау

<b>ЕҚОҚ</b>	Еңбек және қоршаған ортаны қорғау
<b>БКЖ</b>	Болашақ кеңейту жобасы
<b>ПКОП</b>	ПетроҚазақстан Ойл Продактс, Шымкент мұнай өңдеу зауыты
<b>ҚББ</b>	Қауіпсіздік бойынша бақылаулар
<b>ІМГ</b>	Ілеспе мұнай газ
<b>ПМХЗ</b>	Павлодар мұнай-химия зауыты
<b>СҚБЖ</b>	Сағалық қысымды басқару жобасы
<b>РМУ</b>	Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті
<b>ЖГҚ</b>	Жерасты газ қоймалары
<b>ҚР</b>	Қазақстан Республикасы
<b>ДК</b>	Директорлар Кеңесі
<b>ЖҚҚ</b>	Жеке қорғану құралдары
<b>СКЖ</b>	Солтүстік Каспий Жобасы
<b>ТҚК және Ж</b>	Техникалық қызмет көрсету және жөндеу
<b>ЖШС</b>	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
<b>ТҚӨМ</b>	Тасымалдау, қайта өңдеу, маркетинг
<b>ТШО</b>	«Теңізшевройл» ЖШС
<b>КШ</b>	Көмірсутек шикізаты
<b>УММТУ</b>	Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университеті
<b>ОЭО</b>	Орталық электрсорғыны орнату
<b>СОСО</b>	Компания иеленеді-компания басқарады
<b>СОДО</b>	Компания иеленеді – көшбасшы басқарады
<b>ДОДО</b>	көшбасшы иеленеді-көшбасшы басқарады
<b>ЕБИТДА</b>	Earnings before Interest, Taxation, Depreciation & Amortisation – проценттерді, пайдаға салынатын салықты, тозуды және амортизацияны шегергенге дейінгі пайда
<b>EIA</b>	Energy Information Administration, энергия және энергетика туралы ақпаратты жинауға, талдауға және таратуға жауапты АҚШ Федералдық статистикалық жүйесінің құрамындағы тәуелсіз агенттік
<b>GGFR</b>	Global Gas Flaring Reduction Partnership, Газ жағуды қысқарту бойынша Жаһандық серіктестік
<b>HR</b>	Кадр қызметі

## БАЙЛАНЫС КӨЗДЕРІ

### ИНВЕТОРЛАРМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

Телефон: +7 7172 78 63 43  
E-mail: ir@kmg.kz

### БАҚ-ПЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

Телефон: +7 (7172) 78 62 77, 78 62 42  
E-mail: press@kmg.kz

### ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

Телефон: +7 (7172) 78 61 92  
E-mail: hse@kmg.kz

### ҚМГ ЖӘНЕ ЕТҰ ЗАҢНАМАСЫ ЖӘНЕ ІШКІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРЫН БҰЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

Телефон доверия: +7 (7172) 78 65 65  
E-mail: doverie@kmg.kz  
Құпиялыққа кепілдік беріледі

### «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғ., 19  
Телефон: + 7 (7172) 78 61 01 (қабылдау бөлімі)  
Факс: + 7 (7172) 78 60 00  
Веб-сайт: www.kmg.kz

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІН БҰЗУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫ МЕН ДАУЛЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ШЕШУГЕ ЖӘРДЕМДЕСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША

Телефон: +7 (7172) 78 65 60  
E-mail: ombudsman@kmg.kz

### «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ

Бастамашылық ақпарат беру саясатына сәйкес, Сіз кез келген болған немесе болжанған ұрлану, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық әрекеттері және бизнесті жүргізудің базалық қағидаттарының немесе «Самұрық-Қазына» АҚ Кодексінің басқа да бұзушылықтары туралы хабарлай аласыз.

Телефон: 8 800 080 19 94  
E-mail: sk.hotline@deloitte.kz

18

**ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП**